

**КАСПИЙ ҚОҒАМДЫҚ УНИВЕРСИТЕТИ**

**Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасы**



**Әлімқұлова С.Б.**

**МӘДЕНИЕТТАНУ**

**Дәрістер курсы**

**Алматы 2010**

Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасының отырысында  
талқыланды

Оқу-әдістемелік кеңесінде бекітілді

Құрастырушы:  
Әлімқұлова Салтанат Бектемір қызы  
сеньор-лектор

**Әлімқұлова С.Б.** Мәдениеттану: Дәрістер курсы. –  
Алматы: КҚУ ҒБО, 2010. – 212 б.

© Әлімқұлова С.Б

© Каспий қоғамдық  
университеті, 2010

© Рәсімдеу КҚУ ҒБО

## МАЗМҰНЫ

*бет*

№1 дәріс.....	4
№2 дәріс.....	17
№3-4 дәріс.....	23
№5- 6дәріс.....	53
№7-8дәріс.....	78
№9 дәріс.....	90
№10 дәріс.....	95
№ 11 дәріс.....	102
№12 дәріс.....	106
№13 дәріс.....	113
№14 дәріс.....	118
№15 дәріс.....	122
№16 дәріс.....	127
№17-18 дәріс.....	139
№19-20 дәріс.....	146
№21-22 дәріс.....	161
№23-24 дәріс.....	166
№25-26 дәріс.....	177
№27-28 дәріс.....	181
№29-30 дәріс.....	188
Глоссарий.....	196

## **1 дәріс. МӘДЕНИЕТТАНУДЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ МЕН ДАМУЫ**

1. Мәдениеттану: пәні, мақсаты және қазіргі заманғығылымдар жүйесіндегі мәдениеттанудың орны.
2. Мәдениет ұғымының тарихи қалыптасуы.
3. Мәдениеттің негізгі анықтамалары.

Мәдениеттану жеке пән ретінде XIX ғасырдың соңғы ширегінде қалыптаса бастады, сондықтан да оны әлі де болса буыны бекімеген жас ғылымдар саласына жатқызамыз. Мәдениеттану – мәдениет туралы ғылым, сонымен қатар философиялық ілім, өйткені ол философияның басты саласы, мәдениет философиясын қамтиды. Мәдениеттану қоғамда болып жатқан түрлі процестерді (материалдық, әлеуметтік, саяси, адамгершілік, көркемдік т.б.) барынша қамтып, мәдениет дамуының жалпы заңдылықтарын, оның өмір сүруінің принциптерін және бір-біріне этно-әлеуметтік, саяси-моральдық, ғылыми, көркемдік және тарихи сипаттамаларымен, жағдайларымен ерекшеленетін түрлі мәдениет түрлерінің өзара байланыстарымен, тәуелділіктерімен зерттейді.

Мәдениеттану пәні сонымен қатар жергілікті және аймақтық мәдениеттердің сапалы ерекшеліктерін, олардың өзара байланыстары мен мәдениеттің басқа түрлерімен мирасқорлығын, қарым-қатынасын зерттей отырып, адамзат баласының біртұтас мәдени даму процесінің жалпы заңдылықтарын анықтайды. Демек, мәдениеттану пәні түрлі қоғамдар барысындағы мәдени өмірді жан-жақты қамти отырып, ондағы басты мәдени процестерге ғылыми тұрғыдан талдау жасайды. Мәдениеттануды тек қана гуманитарлық ғылымдар саласына ғана емес, жалпы теориялық пәндер қатарына да жатқызуға болады. Өйткені бұл пән адамзат баласының мәдени өміріндегі толып жатқан құбылыстарды жүйелі түрде қарастырады. Ал мәдени процестердің мәнін ашып көрсетуде түрлі ғылым салаларының өкілдерінің, атап айтқанда этнографтардың, әдебиетшілердің, социологтардың, психологтардың, тарихшылардың, демографтардың және т.б. ат салысатынын

ескерсек, мәдениеттанумен барлық ғылым саласының айналысатындығын айқын аңғаруға болады. Шындығында да, мәдениеттануға осы уақытқа дейін түрлі ғылым салалары, атап айтқанда, антропология, психология, тарих, педагогика зор ықпал етті. Енді осы аталған ғылым салаларының мәдениеттануға қалайша ықпал ететіндігін қарастырып көрейік. Антропологияның басты бағытының бірі — қоғаммен адамды салыстырмалы тұрғыдан зерттеу. Осы тұрғыдан алып қарағанда, «антропология» мәдениет деген ұғымның мағынасын анықтауда үш жағдайға назар аударады.

### **Мәдениет ұғымының тарихи қалыптасуы**

«Мәдениет дегеніміз не?» — деген сұраққа жауап беру үшін бұл сөздің этимологиясына, яғни осы бір күрделі ұғымды білдіретін сөздің шығу тегіне тоқталуды жөн көрдік. Қазақ тіліне бұл термин арабтың «маданият» — қала, қалалық деген сөзінен енген. Бұл ортағасырлардағы мұсылман мәдениетінің өркендеу кезеңінде қалыптасқан түсінікпен байланысты. Мәдениетке берілген көптеген анықтамаларды альтернативтік (қарсы қоюшылық) деп атауға болады. Бұл жерде алдымен көзге түсетіні – мәдениет пен табиғатты «культура» мен «натураны» қарсы қоюшылық. Көне заманда «культура» деген ұғым «жерді өңдеу» деген мағынаны берген. Кейінірек, дәлірек айтқанда, Цицеронның еңбектерінде (б.э.д. 45 ж.) бұл сөздің мағынасы тереңдеп, «жанды жетілдіру» деген ұғымды білдірді. Уақыт өткен сайын еуропалық тілдерде мәдениет сөзі «білім беру», «даму», «қабілеттілік», «құрметтеу» сияқты мағыналарға ие бола бастады.

Мәдениет – халықтың мыңдаған жылдар бойындағы шығармашылығы, онда қауым мен жеке адамның рухани ізденісі, халықтың даналығы мен адамгершілік нышандары жинақталады. Адамзаттың рухы мен келбеті, оның ерік бостандығы мен тарихи зейін-есі, философиялық жүйелері мен рәміз-таңбалық өсиеттері, орны толмайтын шығандары мен өмірлік сабақтары, діні мен тілі, ділі мен мұраты – осының бәрі мәдениетпен біте қайнасқан.

Мәдениет ұғымын жан-жақты зерттейтін тағы бір бағыт белгілі әдебиет зерттеушісі және эстетик М.М.Бахтиннің есімімен

байланысты. М.М.Бахтиннің пікірі бойынша, мәдениет текст аумағында шектелмей, негізінен диалог түрінде болады. Бұл жерде әңгіме өзіңнен басқаны, ал басқадан өзінді тауып алу туралы. Мәдениет ілімі таза объектілік сипаттамадан арылып, субъектіні өзіне қосып алады, яғни мәдениеттер байланыстылығы жөніндегі теория болуы керек. Мәдениет өзі туралы жарияланған жағдайда басқа мәдениеттермен қоянқолтық араласып кетеді, мәдениеттер сұхбаттасуы жүріп жатады.

Сұхбаттасу (диалог) осында әр түрлі мәдени туындылардың бір-бірімен бәсекесі мағынасында қолданылып отыр. Жалпы адамдық мәдениеттің түбінде мағыналық қайшылықтардың дамуы жатыр. Мәдениеттің осы қайшылықтығын М.М.Бахтин эстетикалық әрекеттегі автор шындығының кейіпкер шындығымен сәйкес келмейтіндігі арқылы суреттеп береді.

Сонымен, біз мәдениетке берілген кейбір анықтама-түсініктерге қысқаша тоқталып өттік. Әрине, бұл жерде міне, мына анықтама ұғымды толық жеткізіді деген үзілді-кесілді ойдан аулақпыз. Көпмағыналылық ұғым бейнелейтін феноменнің жан-жақтылығын, маңыздылығын және әмбебаптылығын көрсетеді.

### **Мәдениеттің негізгі анықтамалары**

Мәдениетке берілген көптеген анықтамаларды альтернативтік (қарсы қоюшылық) деп атауға болады. Бұл жерде алдымен көзге түсетіні, мәдениет пен табиғатты, культура мен натураны қарсы қоюшылық. Мәдениет ұғымына берілген анықтамалардың келесі тобын қарым-қатынастық бағыт деп атайық. Адамдық арақатынастың бәрі белгілі бір мәдени деңгейден басталады, ал осы сыртқы ортаны өзгертуге бағытталған мақсатқа сәйкес предметтік әрекеттің нәтижелері адамдық мәндік күштердің заттандырылған көріністері болып табылатын мәдениет туындыларында (материалдық немесе рухани) жүзеге асады, басқаша сөзбен айтқанда, мәдениет дегеніміз адамның өзін, қоғамды әлеуметтік қатынастарды жасау процесі (В.М. Межуев, Л.Н.Коган, Н.С.Злобин және т.б.).

Мәдениетке арналған көптеген шығармаларда, ресми құжаттарда ол құндылықтар дүниесімен байланыстырылады.

Мысалы, Қазақстан Республикасының мәдени-әлеуметтік даму бағдарламасында мәдениет арқылы адам құндылықтарды айырып, олардың ішінен тандау жүргізеді деп атап көрсетілген. Құндылықтар дүниесі адам әлемі (микрокосм) мен қоршаған ортаның (макркосм) байланысын білдіреді. Адамдық әрекет шеңберінен қамтылған бейтарап заттар белгілі бір қоғамдық функцияларға: пайдалыға, қажеттіге, әдеміге, ыңғайлыға, т.б. айналып, біздің тіршілігіміздің тіректері болады.

Біз-дүниені жай ғана пайымдаушы жан емес, оны өз қажеттіктерімізге байланысты өзгертуші тұлғамыз. Құндылықтарды зерттейтін ілімді аксиология деп атайды, бұл тараптан мәдениеттануды аксиологиялық пән деп бағалаймыз. Мәдениет құндылықтарының иерархиялық жүйесін анықтау – кез келген гуманистік ғылым үшін жауапты міндет. Мыаслы, гуманизмді принцип ретінде алған ілімдер үшін әлемдегі негізгі құндылық-мемлекет те, партия да, жалпы қоғам да емес, нақты адамның өзі. Өмірді ең жоғары игілік деп есептеу, күштемеу этикасы міне, бұлар қазір қалыптаса бастаған болашақ мәдениеттің негізгі белгілері.

Қазіргі батыстық мәдениеттанудағы белді ілімнің бірі-мәдениеттің рәміздік (символдық) теориясы. Белгілі философ Эрнст Кассирердің пікірі бойынша, адамды ақылды жан (*Homo sapiens*) деп түсінудің, ағартушылық идеясының өзіндік мүмкіндіктері таусылғандықтан, ол рәміздік жан (*Homo symbolikas*) тәрізді ұғынуға ауысты. Адам тек өзін қоршаған физикалық-биологиялық дүниеде емес, сонымен бірге таңбалар әлемінде өмір сүреді. Тіл, сана, миф, өнер, дін – бұлардың бәрін шартты түрде біздің шындықпен қарым-қатынастарымыздың таңбалық универсумы деп атауға болады. Адам қоршаған ортаға бейімделудің жаңа түрін ашты. Оның сезім мүшелері мен ақыл – парасатының арасында үшінші буын – рәміздер мен таңбалар тұр. Мысалы, қазақ мәдениетінің архетипінің бірі түрік мәдениетін ұғынудың жолы – тәңірілік рәміздер мен Орхон-Енисей таңбаларын меңгеру.

XX ғасырда мәдениеттануда тағы бір бағыт-структурализм қалыптасты. Оның негізін салушы В.Я.Пропп және К.Леви-Стресс ертегілер мен мифтердің құрылымын зерттеу нәтижесінде нақтылы тарихи-мәдени жүйелерге қатысты талай терең пікір айтқан. Бұл жерде әлеуметтік қатынастар негізінен адамдық қарым-қатынас түрлерімен байланыстырылады.

Структуралық мәдениеттануда текст герменевтикасына (түсіндірмесіне) басты назар аударылды. Автор мен текст арасындағы байланыс интуитивтік сипатта болып, тексттің өзі мәдениеттің белсенді субъектісіне айналады. Бұл жерде Ю.М.Лотманның қолданатын текст-код терминінің ұтымды жақтары көп. Мифологиялық бағыттағы мәдениеттің айқын белгісі деп тіл мен текстердің арасындағы пайда болатын аралық буындық текст-кодты алуға болады. Бұл текстті идеалды үлгі ретінде түсінуге және айқындауға мүмкіндік береді. Автордың рухани мәлідемесі түріндегі текст мәдениет тексті болып шығады.

Структуралық мәдениеттануда көптеген жетістіктермен қоса сынаржақтылық және жасандылық бар. Ол мәдениеттер диалогын, олардың қарым-қатынас процесін қатынастың тілдік жасанды формулаларымен шектейді.

Қазіргі заманғы сөздіктерде мәдениетке төмендегідей анықтамалар берілген:

а) мәдениет – белгілі бір халықтың қол жеткен табыстары мен шығармашылығының жиынтығы;

ә) мәдениет – адамзат қауымының белгілі бір тарихи кеңістіктегі қызметі мен өзіндік ерекшеліктері (палеолит мәдениеті, критмикен мәдениеті, қазақ мәдениеті ж.т.б.);

б) мәдениет – адамдық өрекеттің белгілі бір саласының жетілу деңгейі (сөйлеу мәдениеті, еңбек мәдениеті, құқық мәдениеті ж.т.б.);

в) агро-мәдениет (дәнді өсімдіктер мәдениеті, цитрустық мәдениет ж.т.б.).

Жоғарыда атап көрсеткеніміздей бұл терминнің алғашқы мағынасы жер-анамен, оны өңдеп-баптаумен тығыз байланысты болды. Демек «мәдениет» ұғымы жерді жырту, бау-бақшаны өңдеу, яғни өсімдіктер және жануарлар дүниесімен, дәлірек айтқанда, егіншілік пен ауыл шаруашылығымен тығыз байланыста қарастырылды. Оған қоса бізге үйреншікті болып кеткен «мәдениет» ұғымының тәрбие мен біліммен байланыстылығының тамыры да сонау көне заманда жатыр. Білімсіз және тәрбиесіз адам еш уақытта мәдениетті бола алмайтыны ақиқат, ендеше білім мен тәрбие барлық халықтар мәдениетінің қайнар бұлағы болып табылады. Сонымен бірге мәдениет сөзі «құрмет тұту, сыйлау, құрметтеу, табынушылық» деген мағыналарға да ие. Осылардың



ішіндегі ең бастысы – дінге табынушылық. Көне замандағы адамдар әруақта да құдайлар қоршауында болды, олардың санасынан тәңірі берік орын алды. Үйде де, түзде де құдайлар адамдармен бірге болды, оларды жебеп, қорғап отырды. Құдайлар қалаларда тұрды, қала заңдары мен қала азаматтарын бәле-жаладан қорғады.

Осыған дейін қарастырылған анықтамалардан бір түйінді ой айтуға болады: мәдениет – адам әлемі. Мәдениет көріністерінде адамдық парасат, оқыл-ой, ізгілік пен әдемілік заттандырылып, игіліктер дүниесі құралған. Сонымен бірге мәдениет адамды тұлға деңгейіне көтеретін негізгі құрал.

Әл-Фараби айтқандай, адам – «хайуани мадани», яғни мәдениетті жан. Адам – табиғат туындысы және ол үшін табиғи орта мәңгілік қажеттілік болып қалады. Мәдениет адамнан табиғатты бөліп алады деген пікір қанша рет айтылса да, адамның табиғи шығармашылықтың ең жоғары үлгісі екендігіне күмән жоқ. И. Гердердің тілімен айтқанда, адам – табиғаттың бірінші азаттық алған пендесі.

Ғасырлар – адамның мәдени дамуының куәсі. Бірақ осы алға қарай жылжу Жер-Анаға әр уақытта жайлы бола бермеді. Адам қоршаған ортаны өзіне ыңғайлы тұраққа айналдыруға тырысты, алайда осы белсенділік көп жағдайда табиғатты күйзелтіп, құлдыратып жіберді.

Мәдениет пен табиғатты қарама-қарсы қоюдың бір түрі адамның табиғи антимәдениеттілігі жөніндегі ілімдер еді (киниктер, Ницше). Контрмәдениет атты XX ғасыр туындығы бұқаралық мәдениеттегі руханилықтың затқа, тауарға айтуына қарсы қозғалыс сипатында болды. Мәдениет пен табиғатты ұштастыруға тырысатын ілім – мәдени антропология. Оның негізін салушылардың бірі – Э. Уилсон.

Әрине аталған ілімдер табиғи-биологиялық заңдылықтарды тым әсірелеп жібереді, әйткенмен оның қисыны бар сияқты. Өйткені, XX ғасыр мәдениет пен табиғат дилеммасының адам тағдыры үшін қауіпті екендігін көрсетіп, заман талабына сәйкес экологиялық мәдениет ілімін тудырды. Адамдық шовинизмді тежейтін бұл ілімнің негізі есебінде мынадай идеяларды атап өткен жөн:

ә) академик В.И. Вернадский дін Ноосфера (парасатты орта) туралы ілімі;

- а) Рим клубының экологиялық тұжырымдары;
- б) Тейяр де Шарденнің адам жөніндегі гуманистік эволюциялық теориясы;
- в) Л.Н. Толстой, М. Ганди, А. Швейцер, Э. Фромм т.б. дамытқан гуманистік этика т.б.

Тағы айта кететін жайт, осы экология мәселелеріне байланысты Шығыс пен Батыстың арасындағы айырмашылық туралы. Интровертивтік Шығыс мәдениеті табиғатқа жақын, ол үстемдік етуге шақырған жоқ.

Сонымен, мәдениет адам мен табиғатті бөліп тұрған «қытай қорғаны» емес, керісінше, олардың арасындағы нәзік үндестік және рухани қыл-көпір. Осы үндестікті (гармонияны) одан әрі жетілдіру – адамзаттың алдындағы келелі міндет.

Адам және мәдениет мәселесін тереңдете түсетін тағы бір жайт адамның қабілеттілігіне, жан-жақтылығына, шексіздігіне байланысты. Американдық ғалым К. Погшер айтқандай, адам бірдей үш дүниеге: физикалық, ментальдық (психикалық) және идеалдыққа жатады. Сонда мәдениет осылардың қайсысымен көбірек анықталады деген заңды сұрақ туады. Егер біз мәдениетті тек материалдық және рухани бөліктерге бөлудің қарадүрсін шеңберінен шыға алсақ, онда мәдениеттің өзінің ішкі мағынасында идеалды екендігіне көзіміз жетеді. Себебі, адамды қоршаған заттар, дүние – бұл мәдениеттің сыртқы көрінісі ғана, оның мәні – руханилықты адам әрекетінің нәтижесінде заттандыруда жатыр. Мәдениеттің ішкі мәні қоғамдағы өмір сүріп жатқан адамдардың өзіндік санасында, парасаттылық сезімдерінде, рухани ізденістерінде айқындалады.

Ж. П. Сартрлық көсемсөзді қайталасақ, адам әлемге еркін жіберілген, ол еріктілік жазасына кесілген. Осы сипатта мәдениеттің құпиясы – адамдағы «Мендік». Одан сыртқа ерекше бір нұр – азаттық, жауапгершілік, адамгершілік сәулесі нұр шашып тұр. Мәдениетте адам ғажап биік деңгейге көтеріледі. Мәдениет дегеніміз менің өмірім, менен бөлген, мен өлгеннен кейін де тірі болатын менің шығармашылығым.

Енді мәдениеттің қоғамда атқаратын қызметтерін талқылайық. Алдымен қоғам және мәдениет ұғымдарында қаншама ұқсастық, үндестік болғанымен, олардың арасындағы мағыналық, айырмашылықты естен шығармаған жөн.

Қоғам — әлемнің бір бөлігі, белгілі бір мақсаттарды іске асыру жолында әрекет етіп жатқан субъектілердің (тұлғалардың, топтардың, этностардың, мемлекеттердің) байланыс нысандары. Яғни, қоғам ұғымындағы негізгі мәселе – адам және оның ұйымдасу нысандары, бұл ретте қоғамды зерттейтін басты ілімді әлеуметтану деп атайды.

Полис дегеніміз – шағын ғана халқы бар қала, ал қала тұрғындары сол қаланың азаматтары болып саналады. Олар өз қаласының заңына бағынды, қаланы сыртқы жаулардан қорғады, қажетті азаматтық міндеттері мен борыштарын (халық жиналыстарын өткізуге, сот орындары мен қаланың басқа да мекемелерінің жұмыстарына және т.б. қатысу) мүлтіксіз орындап отырды. Мқндай қалаларда мәдениет әрі тәрбие беруді, әрі дінге табынушылықты, әрі жер өңдеуді де білдірген. Дәл осындай үйлесімділік көне полистерде қала азаматтарының азамат болып қалыптасуына ерекше ықпал жасады. *Гректер бұл процесті «пайдейя» (бала) деген ұғым арқылы берген. Бұл термин тәрбиелеу, оқыту деген ұғыммен қатар, білім беру, білімділік, ағартушылық, мәдениет деген мағыналарға да ие болған.* Бұл жағдайда тәрбие мен білімнің жәй ғана байланыстары жайындағы идеяны аңғаруға болады. Гректер сонау көне заманның өзінде-ақ өмірге икемді, қабілетті, жан-жақты қалыптасқан азаматтарды тәрбиелеуге бағытталған сирек кездесетін білім беру жүйесін жасады. Адамға деген мұндай қамқорлықта сөзсіз гуманистік құндылық бар, оның негізінде мәдени процестердің мақсаты үшін күресетін адам идеалы жатыр. Бұл жөнінде В. Йегер былай деп тамаша айтып кеткен болатын: *«Грек мәдениетінің идеяларынсыз ертедегі дүние тарихи кезең болып өмір сүре алмас еді де, ал Батыс Еуропалық мәдениет дүниеге келмеген болар еді»* (Г.В. Драч. Культурология. Ростов-на-Дону, 1995, с. 26). Грекияда негізінен мәдениеттің аристократиялық (аксүйектік) түрі кеңінен таралған, ал оның негізінде терең генеалогиялық дәстүрлер) жатыр. Ақсүйектік қасиеттермен қатар, «адамзаттық» қасиеттерге де ерекше көңіл бөлінді. Басты мақсатқа апарар жол – білім жолы болды. Г.Е. Жураковский былай деп жазды: *«Көп жылдық Афин мектептеріңдегі білім берудің түпкі мақсаты — оқушыларға афин қоғамының толық құқылы мүшесі екендігін толық сездіру болып*

табылады» (Г.Е. Жураковский. Очерки по истории античной педагогики. Москва, 1940, с. 42). Балаларды мектепте жазып-сызуға үйретіп, грек әдебиетімен таныстырды. Грамматика мен музыка сабақтары байланыстырылды, өйткені көптеген өлеңдер музыкамен сүйемелдеу арқылы жатталды. 12 жастан бастап ұл балалар палестраға барды, гимнастикамен айналысты. Жастар тыңдаушылар ретінде мемлекеттік істер қаралатын жиналыстарға да қатыса алатын болды. Демек, бұл айтылған жағдайлардың бәрі көне «пайдейяның» гуманитарлық қызметімен қатар, көне мәдениеттің дамуына ықпал жасағандығын көрсетеді. Ерекше атап өтетін бір жай, мұндай білім беру жүйесі белгілі бір талаптар мен ережелерді игерумен ғана шектелмей, жастарды қоғамдық өмірге де дайындады. Демек, грек қоғамының белсенді мүшесі болу, қоғамдық өмірдің сан-саласына араласу белгіленген ережелер талаптарды толық игергенде ғана жүзеге асып отырды, ал бұларды гректер «даналық табыстар» — нома (зандар) деп атады. Демек мәдениеттің мақсаты адам бойында ойлау, пікір айтып пайымдау қабілеті мен эстетикалық сезімді дамыту болды. Бұл жағдайда көне заман адамы өзінің табиғатпен байланысын ешуақытта жоғалтқан емес, ол үшін табиғат ерекше ыстық та, жақын да болды.

Өкінішке орай, грек қоғамының даму барысында, әсіресе эллинизм дәуірінде, көне полистердің өз тәуелсіздіктерін жоғалтуына байланысты грек «пайдейясының» идеалдары бұзыла бастады. Әлеуметтік тұрақсыздық пен бей-берекет саяси уақиғалардың салдарынан мәдениетке нұқсан келді. Білім берудің және тағы да басқа мәдени құндылықтардың дәрежесі түсіп кетті. Бірақ қоғамдағы мұндай өзгерістерге қиындық пен тоқырауларға қарамастан мәдениет өз дамуын тоқтатқан жоқ. Христиандық сана негізінде дамыған ортағасырлық мәдениет пұтқа табынушылықты жоққа шығара отырып, көне мәдениеттің негізгі табыстарын сол қалпында сақтай білді. Ортағасырлық мәдениет politeизмге монотеизмді, натурализмге – руханилықты, геодонизмге (сүйсініп – рақаттану табынушылығы) аскеттік идеалды, дүниені бақылау және логика арқылы тануға Библияға сүйенген және оны шіркеудің белгілі қайраткерлері арқылы түсіндірілетін – кітабі білімді қарама-қарсы қойды. Өзінің жан дүниесіне терең үңілген

ортағасырлық адам өз тұлғасының қайталанбайтындығын, ерекшелігін, тұңғық екендігін байқады. Ал бұл жағдай политеизмнен монотеизмге көшуге толық мүмкіндік берді. Көне заманның адамы өзіне сену қасиетін мәңгілік кеңістік дүниесінен, оның ішінде ең бірінші кезекте табиғаттан алды. Ол құпиялы аспан мен жұлдыздар әлемі, таулар мен өзендер, ал құдайлар болса табиғаттың бөлшегі ғана. Ортағасырларда мәдениетті түсінуде келелі өзгерістер байқалды. Рационалдық ізденісті адамгершілікке, адамның жан-жақты жетілуіне апарар жол деп қарастыратын мәдениеттің көне түсінігі тұйыққа тірелді. Адамның заттық-аспандық дүниеден, оның тіршілік отанына басқа да дүниелердің, атап айтқанда, ерекше ләззат алар рухани дүниенің бар екендігі айқындалды. Адам өзін қоршаған ортада, кеңістікте адамзаттың ақыл-ойынан тәуелсіз заңдылықтардың, ережелердің бар екенін аңғара отырып, онда жоғарғы «ақыл – ой» мен ең жоғарғы әділеттіліктік әрекет ететіндігін сезіне білді. Мәдениет тағы да адамның өз мүмкіндіктерін «жетілдіру», оның ішінде ақыл-ойды, ақыл-ой болғанда «табиғи» бұзылмаған және сеніммен толықтырылған ақыл-ойды «жетілдіру» тұрғысынан адамзат баласының алдында тұрған келелі мәселе дәрежесіне көтеріп, құпия дүниелер есігі айқара ашылды, қоршаған ортаға басқа рационалдылық қана емес екендігі айқындалып, ендігі жерде адам бойындағы жаңа өлшемдер — махаббат, үміт, сенім және т.б. жаңа сатыға көтерілді. Адам өзінің әлсіздігін де сезіне бастады, бірақ ол өзінің дәрменсіздігіне қарамастан алып күш иесі екендігін де таныта білді. Құдай адамды, оның мәңгілік жанын жаратты. Адамның бақыты өзін тануда емес, Құдайды тануда. Адамның бақыты мен бостандығы оның тәуелсіздігінде емес, оның Құдайтағаланың ықпалында болуы мен онымен рухани бірлікте екендігін мойындауында. Міне, сонда ғана адам барлық қиындықтарды жеңе отырып, өз мақсатына жетеді. Міне, осындай сипаттарға ие болған ортағасырлық мәдениетті тәлім-тәрбие, үйлесімділік пен тәртіп өлшемі ретінде емес, шектеушілікті жеңу, адамның үнемі рухани жетілуі мен жан-жақты қалыптасуымен сипатталады.

Жаңа заманда (XVII—XIX ғ.) жоғарыда көрсеткеніміздей, мәдениеттің көптеген теориялары өмірге келді. Жаңа заман

философиясында көне заман мен ортағасырлар мәдениетін нақты түсіну және оған шындық тұрғысынан қарастырғанда, ең озық идеялар Ағартушылық дәуірі — буржуазиялық қайта құруларға, терең саяси әлеуметтік өзгерістерге толы ерекше тарихи және ең рационалды кезең болып саналады. Бұл дәуірдің мәдениет теориясына ерекше үлес қосқан өз ойшыл ғалымдары болды. Олар (Англияда — Толанд, Францияда — Вольтер мен Монтескье, Германияда — Лессинг, Гете, Шиллер және т.б.) дүние мен адамзат жөніндегі ақиқатты айту құқығын діннен тартып алып, адамзаттың ақыл-ойының тәуелсіздігін батыл қорғайды. Адам өзінің табиғи жаратылысынан-ақ мүмкіндіктері мол, ақылды жан және соны тиімді пайдаланудың нәтижесінде адам игілігіне сай қоғам құруға қабілетті. Ал бұл ізгі мұраттың жүзеге аспауына адамның өзі кінәлі, дәлірек айтқанда, оның білімсіздігі мен мәдениетсіздігі, адамзатты ғасырлар бойы қараңғылық түнегінде ұстауы және т.б. мәдениет пен өркениеттің даму барысында басты кедергілер болды. Осы орайда Ағартушылық дәуірі ойшылдарының антиклерикалдық (дінге қарсы) көңіл-күйін аңғару онша қиынға соқпайды. Осындай көңіл-күй табиғат пен адамның осы бір жарық дүниедегі алатын орны туралы мәселені қайта қоюына мүмкіндік берді. Сондықтан да болар, Ағартушылық дәуірінің философиясы мәдениет туралы ілімді дамытуға мүмкіндік беретін категорияларға сүйенді (табиғат, адам, қоғам, таным, ақыл-ой). Сонымен қатар бұл категориялар жалпы философиялық сипатқа ие болды. Олар-ХVIII ғасырдың ағартушыларына тарихи прогресс идеяларын дамытуға және тарихи дамудың мақсаты, қозғаушы күштері және мағынасы жөніндегі сұрақтарды белгілеуге мүмкіндік берді. Әрине бұл сұрақтарға жауап қалыптасқан жалпы философиялық негіздер тұрғысынан берілді. Мысалы: «Мәдениеттің классикалық үлгісі» ұғымы мәдениетті — адамзаттың тарихи дамуының нәтижесі, адамзат баласының саналы және адамгершілік қоғамдық қарым-қатынастарының қол жеткен дәрежесі деп қарастырады. Мәдениетке байланысты қағидаларды сын елегінен өткізе отырып, Ағартушылық кезеңінің ойшылдары жаңа мәдени үлгілері (адам, қоғам, мемлекет, құқық, философия және т.б.) жасауға тырысты және өткен заман мен жаңа заманның мәдени тәжірибесін жаңаша

сын елегінен өзіде отырып қарастырды. Бұл игі мақсатты жүзеге асыруда олардың алдында орасан зор көне және тың материалдар көптеп кездесті. Ортағасырлар мен қайта өрлеу дәуірінен бастап зерттеле бастаған көне заманның тарихи, философиялық, ғылыми және көркем әдебиетінен басқа, олардың назарынан археологиялық ескерткіштер, халық мәдениетінің шығармалары, саясатшылардың дүние жүзінің әр елдері жөніндегі суреттемелері, түрлі тілдер жайындағы мәліметтері тыс қалған жоқ. Осыншама бай фактілерді есепке ала отырып, Ағартушылық дәуірінде адамзат мәдениетін тұтастай қабылдауға талпыныс жасалынды. Мәдениеттің мән-мағынасы табиғаттағы дүниежүзілік күштердің (құдайтағаланың құдіретін де ескергенде) батыл іс-әрекетінің нәтижесімен байланыстырылып, мәдениет — адамзат баласының қызметінің жемісі деп есептелді. Бірақ сол кезеңнің өзінде-ақ «табиғат» пен «мәдениеттің» гармониялық бірлігіне шүбә келтіру, оларды бір-біріне қарсы қою сарыны байқала бастады), (әсіресе, Жан Жак Руссоның еңбектерінде). Руссо сол кездің өзінде-ақ ғылым мен өнердің адамдар табиғатын өзгерте алатынына күмән келтірді. Оның бұл көрегендігін бүгінгі күнгі адамзат баласының тағдыры, яғни «прогрестің» кейбір қайғылы іздері, салдарлары айқын көрсетіп отырған сияқты. Руссо ғылым мен өнердің жандануы қоғамдық прогреске нұқсан келтіргендігін дәлелдеуге тырысты. Оның ойынша, ғылым мен өнердің дамуына байланысты адамдардың «табиғи» жағдайы бұзылады, адамгершілік кері кетеді, қоғамдық теңсіздік орын алып, адамның бостандық сезімі аяққа басылады.

Олар: 1) Қоғам мен адамның мәдени қалыптасуы (ағартушылық);

2) Қоғамдық және адамзаттық салт-дәстүрлердің, әдет-ғұрыптардың, қалыптасқан дағдылардың, қоғамдық мекемелердің және т.б. жиынтығы (бірлігі);

3) Белгілі бір қалыптасқан мәдени жүйенің басқа мәдени құндылықтарға қарсылығы. Мәдениетке антропологиялық тұрғыдан берілген бұл анықтаманы мәдениеттану саласындағы көптеген сыншылар «жалпылама» деп есептеп, оның эмпирикалық сипатта екендігін баса көрсетеді. Сонымен қатар олар «әлеуметтік антропология» әлеуметтанудың (социологияның)

негізгі әдістері мен үлгілерін қабылдап, осы ғылымға мүлде бет бұрып кетті деп пайымдап, ал «мәдени антропология» деп аталатын антропологияның басты саласы — психология мен тарихқа ден қойды деп тұжырым жасайды. Әрине, түрлі пәндерге бағдар жасау өзіміз қарастырып отырған антропология саласында ғана емес, жалпы мәдениетті түрлі мағынада түсіндіруге әкеліп соғары сөзсіз. Осы орайда ерекше атап өтетін бір жәйт, ғасырлар бойғы даму жолынан өткен социология да дәл баяғыдай жаратылыстану ғылымдарына сүйенеді, әлеуметтік ғылымды әлеуметтік философияға қарсы қояды. Дүние жүзі халықтары мен этникалық топтарының, тайпаларының мәдени және тұрмыстық ерекшеліктерін, олардың шығу тегі мәселелерін, олардың жер жүзіне таралып қоныстануы мен мәдени тарихы қарым-қатынастарын зерттейтін этнография ғылыми адамзат баласының өткен заман мен бүгінгі таңдағы мәдениеттің мол мұрасын игеруде және оны ғылыми тұрғыдан ашып көрсетуде айрықша роль атқарып отыр. Этнография ғылымы белгілі бір халықтың қай этносқа жататындығына қарамастан, олардың қайсысының болсын материалдық және рухани мәдениет саласындағы жетістіктеріне үлкен құрметпен қарауға үйрете отырып, мәдениеттану ғылымының қалыптасуына өзінің қомақты үлесін қоса білді. Егер антропология мен этнография адамның биологиялық белгілеріне сүйене отырып, мәдениетпен «жаратылыстану ғылымдары» ретінде үйлесімділік тапса, қоғамды жүйелі түрде қарастыратын әлеуметтану (социология) ғылымының биологиямен байланысы жоқ. Социология мемлекет, таптар, топтар, сословие және одан да ұсақ қоғамдық топтарды этникалық белгілеріне қарай емес, олардың қоғамда алатын орны мен атқаратын қызметіне қарай зерттейді. Көп уақытқа дейін КСРО-да социология марксизмге жат ғылым ретінде саналып, тарихи материализмге қарама-қарсы қойылды. Шын мәнісінде, социология мәдениеттанушыларға қоғамның әлеуметтік әр тектілігіне байланысты мәдениеттің материалдық және рухани көріністерін дұрыс түсініп, ой елегінен өткізуге көмектеседі. Пролетарлық мәдениет, аксүйектік мәдениет, сауықтық мәдениет сияқты мәдениеттану пәнінде кездесетін ұғымдар социологиямен тығыз байланысты.



## 2 дәріс. МӘДЕНИЕТ:ҚҰРЛЫМЫ, ҚЫЗМЕТІ

1. Материалды және рухани мәдениет
2. Әлемдік және ұлттық мәдениет
3. Мәдениеттанудың басқа ғылымдармен байланысы (философия, социология, экология, психология, семиотика ж.т.б.)

**Адамды қалыптастыру қызметі.** Бұл – мәдениеттің қоғамдағы басқа қызметтерін бойына жинақтайтын және оның негізгі мазмұнымен тікелей байланысты нышан. Егер біз адамды әлде құдай, әлде табиғат, әлде еңбек жаратты деген пікірталастардан сәл көтерілсек, адам мәдениеті, ал мәдениет адамды қалыптастырғанына көзіміз жетеді. «Жеке адам өзі өмір сүріп жатқан қоғамның туындысы, төл перзенті». Маугли – көркем бейне. Жануарлар арасында кездейсоқ өскен адам мәдениеттік қасиеттерден жұрдай болады.

Адамға ең қиыны – адам болу. Ал оның негізгі шарттарының бірі ретінде ізгілік пен зұлымдық, ақиқат пен жалғандық, әділеттік пен өктемдік, бодандық пен азаттық, сұлулық пен ұсқынсыздық арасындағы адамның таңдауын аламыз. Соның нәтижесінде жеке тұлғада өзіндік сана тұрақталады, ол озық мәдениет үлгілерін өз бойына сіңіреді. Жалпы алғанда, мәдениеттің алға басуы дегеніміз дүниежүзілік тарихтың адам үшін, оның мүдделері мен өзіндік мақсаттары бағытында толыққанды ашылуы болып табылады.

**Жалғастық, мәдениет мұрагерлік қызметі.** Мәдениеттің бұл қызметі бір ұрпақтан екінші ұрпаққа берілетін бүкіл адамдық өмір тәсілдерінің өзіндік ерекшеліктеріне қатысты. Ақпараттық беріліс әлеуметтік жүйеде биологиялық тұқым қуалаушылықтан өзгеше жүреді. Шын мәнісінде қоғамда ұрпақтар жалғастығы мәдени мұраларды игеру, қабылдау және оны шығармашылықпен дамыту арқылы жүзеге асады. Мәдени ақпараттар – салт- дәстүр, әдет-ғұрып, рәсім-рәміз, діл мен тіл, дін және өнер, білім т.б. руханилықтың белгілі бір деңгейін меңгерудің нәтижесінде мәдениет субъектісінің өзіндік санасының жанды буынына айналады.

**Танымдық қызметі.** Мәдениеттің қоғамдағы бұл қызмет – міндетінің сан алуан қыры бар. Бірден біздің назарымызды өзіне

аударатын нәрсе – мәдениет пен білімнің арақатынасы. «Табиғаттан қулығын асырып жіберуге» бағытталған адамдардың білімі, әрине мәдениеттің негізгі құрамдас бөлігіне жатады. Ертедегі гректің «пайдейя», ислам Өркендеуіндегі «мариф», қазіргі өркениеттегі «интеллигенттілік» ұғымдары мәдениет пен білімділіктің іштей туыстығын, үндестігін білдіреді. Осы сипатта, әсіресе зиялылар мәдениетті сақтау және дамыту ісінде үлкен қызмет атқарады. «Бүгінгі күнге лайық адамдық қарым-қатынас орнату – интеллигенцияның басты міндеті. Ал біздің өркениеттілігіміз жаппай компьютерге көшумен сипатталмауы керек, мәдени диалогтың түрін жасап, оны сақтай білу қабілетімізбен көріну керек». Яғни білімділік мәдениеттіліктің маңызды алғы шарты болғанымен, бұл екі ұғымның арасында елеулі айырмашылық, белгілі алшақтық, кейде тіпті қайшылық бар. Ғылымның бет алды дамуы, шектелмеген техникалық әрекет мәдениетке үлкен нұқсан келтіруі мүмкін. Тек жоғары деңгейде мәдениеті бар өркениет ғылым мен техниканың дамуындағы теріс салдарларды бейтараптарында алады. Егер біз ғылым арқылы шындықты ашсақ, өнер арқылы әсемдікке ұмтыламыз, ал моральдық таным арқылы – жақсылық пен жамандықты айырамыз.

**Реттеу қызметі.** Бұрынғы Кеңес Одағында шыққан кітаптарда «мәдениетті ғылыми жолмен басқару» атты сөз тіркесі кең етек алғанды. Бірақ адамның дүниеде өмір сүруі тәсілі ретінде түсіндірілетін мәдениетті басқару мүмкін емес, әйтпегенде адамды тетікке, қуыршаққа айналдырған тоталитарлық айлашарғы үлгілерін көреміз. Айталық, Ертедегі Грекияда ешқандай шенеуліктер адам басына театрлар неше билет сатты деген ақпараттар жинаған жоқ. Солай болса да ол елдегі жоғары мәдениеттің және рухани ізденістің қандай деңгейде болғаны бәрімізге белгілі.

Алайда солай екен-ау деп мәдениетке сыртқы ықпал жасау мүмкіндігін жоққа шығара алмаймыз. Мәдениет – «жабулы қазан емес». Мәдениеттегі реттеушілік әрекеттерінің өзіндік ерекшеліктері бар. Мәдениетте күнделіктен гөрі жоғарыға, идеалдыға, үлгіге көбірек көңіл бөлінеді. Мәдени ұғымдарда нормативтік, ережелік талаптар басымырақ. Мысалы, «мәдениетті

адам» дегенде оның адамдық жан – жақты белгілерді бойына толығырақ, тереңірек дарытқандығын көрсетеді. Ол – білімі ғылым деңгейіне, киімі сол кезде көп тараған сәнге, мінез-құлқы осы қоғамның адамгершілік талаптарына сай адам.

**Коммуникативтік, қарым-қатынастық қызмет.** Бұл мәдениеттің қоғамдағы негізгі қызметтерінің бірі. Адамдардың қарым-қатынасы, мәдениеттер сұхбаттасуы – әлеуметтік шындықтың басым көрінісі. Адам ерекше бір өрісте – қарым – қатынас өрісінде болады. Руханилық пен ізгілік, әдемілік пен жақсылық тербелісі адамды нәзік тормен қоршаған; қоғамдық өмірде тек зат пен тауар ауысуы ғана емес, ең алдымен идеялар, мамандық, шеберлік тәжірибелерімен, сезімдік үлгілерімен ауысуы толастамақ емес. Мәдениет игіліктерін жас нәресте анасының ақ сүтін еміп, оның әлди жырымен сезім дариясына шомылып қана адамдық қасиеттерді бойына сіңіре бастайды.

Ғылымда социализация деп аталатын процесс те мәдени қарым – қатынасқа негізделген. Мәдени қарым – қатынастың түрлері дегенде олардың әмбебаптығына және көпмағыналылығына көңіл бөлу қажет. Мәдени құндылықтарды оларды жасаушылар және тұтынушылар арасындағы қарым-қатынас ретінде алуға болады. Мәдени туынды қаншама асыл болғанымен, егер ол рухани азық ететіндері белгілі бір себептермен жетпей жатса, онда ол мәдени айналыстан шығып қалады. Адам тұрмайтын үй қаңырап бос тұрады, отарба жүрмейтін темір жол – жай темір мен ағаштың үйіндісі, ешкім оқымайтын кітап – шаң басып жатқан қағаз. Мәдени болмыстың тірегі деп қарым-қатынасты айтамыз.

Мәдениеттің қоғамда атқаратын басқа да қызметтері жеткілікті. Зерттеушілер оның аксиологиялық, футурологиялық, герменевтикалық т.б. түрлерін атайды.

*Мәдениеттанудың басқа ғылымдармен байланысы (философия, социология, экология, психология, семиотика ж.т.б.).*

Гуманитарлық танымның объектісі – текст. Мұндағы текст деп отырғанымыз өзінді жеткізудің, көрсетудің бір түрі, өзінді «ойлай білетін субстанция» ретінде табу жолы. Тіпті құдайдың өзі де алғашқы да өзін сөз арқылы табады. «Бастапқыда сөз болған...» Адамның өзін- өзі табу, өзін- өзі басқаға жеткізу құралы ретінде іс-

әрекетті, қылықты да айтуға болады. Іс-әрекет, қылық та өзіндік текст ретінде түсіндіріле алады. «Адам іс-әрекетті потенциалды текст және ол өз уақытының сұхбаттық контексті арқылы ғана түсіндіріледі».

Текст әрқашан біреуге бағышталған әрі сол бағышталғандығымен ғана құнды, бағалы. Текст авторының ішкі дүниесімен қатар өзіндік көзқарасы, дүниетаным шеңбері бар. әлемде бірдей ойлайтын, бірдей түсініп, бірдей ұғынатын екі адамды кездестіре алмайсың. Әлем дегеніміз әрқашан түрлі дауыстар, түрлі түсініктер, түрлі сана-сезімдер полифониясы.

Х.-Г. Гадамер ұғыну мәселесіне келгенде текст, немесе сұрақ көкжиегінің басымдылығына көңіл аударуды талап етеді. Тексті түсіну, сұрақты түсіну дегеніміз зерттеуші мен зерттелушінің көзқарасының біріне-бірінің қосылуын, бірігуін білдіреді. Ал М.Бахтин үшін бірігудің міндетті еместігін көреміз, ең бастысы – тәуелсіз екі көзқарас шеңберінің кездесуі, сұхбаты болса болғаны. Зерттеуші өзінің ізденіс объектісінің қарайтын айнасы, айнадағы бейнесі болып қалмай, текстінің жаңа мәнін туғызатын белсенді қатынасушысы, шығармашыл бастамасы болуы керек.

Мәдениетті рәміздік ойлау түрі арқылы анықтаған Э. Кассирердің, мәдениетті психофизиологиялық деңгейде қарастырған З.Фрейдтің және т.б. концепциялары соның куәсі. XX ғасырдың екінші жартысынан бастап батыс ойшылдарының арасында мәдениетті тілмен теңдестіре қарау әдісі кең етек жайып, олардың барлығы дерлік «тілді адам тіршілігінің негізгі, маңызды анықтаушысы деп бір ауыздан қолдап отыр». Бүгінде тіл негізгі коммуникативтік құрал ғана емес, адамның бүткіл болмысын, адамның мәдениетін аңғартатын әмбебап ұғым. Фрейдизм, феноменология, экзистенциализм, семиология, т.с.с. бір ауыздан мәдениетті тілдік қарым-қатынас саласы ретінде анықтайды. Рухани әлемдегі мұндай өзгерістердің лебі мәдениеттану саласынан да байқалады. Мәдениеттің өзін метатіл ретінде анықтап, оның бойындағы коммуникативтік мүмкіншіліктерді негіздеу барысында лингвистикаға басты назар аудару заңды іс. өйткені, соңғы 50-60 жылдар аралығында қарым-қатынас, коммуникация мәселесін жан- жақты зерттеген бірден – бір сала – осы лингвистика.

Батыс елдерінде мәдени антропология (адам туралы ілім) құрамында қалыптасқан. Мәдениет-ашық жүйе, оның негізгі мақсаты – өзін басқаға жеткізу, ол монологтан гөрі диалогқа-сұхбаттасуға жақын. Сондықтан мәдениет философиясында өзін-өзі тарату (трансляция) мақсаты алдыңғы қатарға шығады және бұл жерде осы мәдениетті тарату құралдары (таңбалар, рәміздер ғибадаттық әдет-ғұрыптар және т.б.) мен оның ішкі мәнмағынасы менталитеті, тілі, діні, санасы және т.б.) бірдей қызмет атқарады. Осы тұрғыдан төмендегідей тұжырым жасауға болады: мәдениет философиясы мәдениетті нақтылы тарихи-әлеуметтік процесс түрінде қарастырады. Бұдан жалпы философиялық ілімдер мен мәдениет тарихы арасында белгілі бір алшақтық туады. Біздің түсінігімізше, мәдениет тарихы мен мәдениет философиясы мүлдем тұтасып кетпеген. Олардың өзіндік ерекшеліктері бар: а) егер философия өз мұратында объективтілікке, жалпыламалыққа, әмбебаптылыққа ұмтылса, мәдениет тарихына типтілік, интровертивтік (ішкілік), субъективтік тән; ә) тарихилық және логикалық ғылыми тәсілдердің ара-қатынасын мәдениет философиясы мен мәдениеттануда салыстырсақ, онда философия негізінен логикалық тәсілге жүгінетінін, ал мәдениеттануда тарихи әдістің басым болатындығын байқаймыз (мәдениет тарихының басты міндеттерінің бірі – тарихи кезеңдер мен өркениет түрлерне көркем бейне беру); осы сипатта мәдениет тарихы Гегель, Гердер, Кант түсінігіндегі тарих философиясына жақын; б) мәдениет философиясымен салыстырғанда мәдениет тарихында аксиологиялық (құндылықтар теориясы), психоллингвистикалық және герменевтикалық (түсіндірмелік) сарындар басым.

Мәдениет философия – мәдениеттің идеясын, мақсаттарын, принциптері мен алғышарттарын зерттейтін, универсалды және барлығын қамтитын феномен ретінде мәдениетті философиялық пайымдауға бағытталған философиялық пән болып табылады. "Культурфилософия" терминін ХІХ ғасырдың басында неміс философы А.Мюллер енгізді. Мәдениет философиясы дербес сала ретінде ХVІІІ ғасырдың аяғында ХІХ ғасырдың басында бөлініп шыға бастағанымен ХХ ғасырда ерекше қарқынды дамыды. ХХ ғасырдың басында культурфилософия мәдениет эволюциясының әртүрлі кезеңдерін зерттеуге бет бұра бастайды.

Осыған байланысты мәдениет феномендерін зерттеуде ерекше тәсілдерді қолданып, онымен айналысатын арнайы ғылым саласын қалыптастыру идеясы пайда болды. Мысалы, жаңа кантшылдар В.Виндельбанд (1848-1915) пен Г.Риккерт (1863-1936) "мәдениет туралы ғылымдар" мен "табиғат туралы ғылымдарды" ажыратуды ұсынды. Осылайша олардың концепциясы мәдениет философиясындағы оппозициялардың бірін – мәдениет пен табиғаттың арақатынасы мәселесін, сондай-ақ мәдениеттің құндылықтық (аксиологиялық) мәнін айқындады.

### **3-4 дәріс. МӘДЕНИЕТ ҚҰРЛЫМЫ: ӨНЕР, ДІН, МОРАЛЬ, ҚҰҚЫҚ, САЯСАТ, ҒЫЛЫМ**

1. Өнер мәдениет феномені ретінде
2. Дін мәдениеттің сакральды формасы ретінде
3. Ізгілік мәдениеттің анықтаушы негізі ретінде
4. Құқық мәдени-әлеуметтік құндылықтар жүйесіндегі орны.  
Құқық және мораль
5. Саяси мәдениет ұғымы. Ғылымның мәдени жүйелі орны

Мәдениеттің өзекті бөлігі – өнер. Таңбалы тастағы кескіндер мен тағы адамдардың ырым-билерінен бастап, Рафаэль мен Микеланджелоның мәңгілік туындыларымен жалғасқан, халықтың шығармашылық рухынан туған талай сұлу дүниелерсіз, өнер әлемісіз, қандай мәдениеттің болсын рухын сезіне алмаймыз. Шынында да, өнер мәдениеттің алтын қазынасы, адамның ұлылығын білдіретін ғажап көріністердің бірі – оның әсемдікке, сұлулыққа ұмтылуы. Мәдениетті бағалаудың, түсінудің, зерттеудің әртүрлілігі сияқты мәдениет әлемі де алуан түрлі. Біз "дәуір мәдениеті", "этнос мәдениеті", "ұлттық мәдениет", "христиандық мәдениет", "мұсылмандық Шығыс мәдениеті", "апполондық мәдениет", "Қытай мәдениеті" және т.б. ұғымдарды көп кездестіреміз. Осыған ұқсас барлық ұғымдар әртүрлі мәдени тұтастықтарды тарихи, немесе әлеуметтік, немесе философиялық көзқарастар тұрғысынан жіктеу нәтижесінде тізбектеледі. Білімнің әрбір гуманитарлық саласы мәдениеттің алуан түрлілігін өз негіздеріне сай белгілі бір классификацияда жіктеуге ұмтылады, мұның ақыры, бүтіндей алғанда, мәдениеттің типологиясына немесе философиясына әкеледі. Мәдениеттің әрбір типологиялық картинасы өзгелерін көлегейлемейді және мүмкін болатын жалғыз типология деп есептелмейді, өйткені объектің өзі, яғни мәдениет – көпқырлы және өз болмысының барлық қырларын толық және жан-жақты қамтуға көнбейді. Мәдениеттің әрбір теориясы, мәдениеттегі универсалдылық пен өзгешеліктің дамуының, өзгерісінің немесе көрінісінің белгілі бір заңдылықтарын зерттеудегі әрбір жаңа тәсіл пәндегі, эмпирикалық материалды таңдаудағы пайымдалу объектінің өз бетінше айқындайды және әрқашанда мәдениеттің жаңа концепциясын тудырады.

**Өнер** адамзаттың өмірқамының ең ертедегі формаларының бірі болып табылады. Алайда бүгінде өмірдің дәстүрлі түсінігі қайта қарастыруды қажет етеді. Өйткені өнер еңбектің, моральдың, діннің қызмет етуін қамтамасыз ететін әрекет түрлерінен жоғары тұрады. Сондықтан да, ең алдымен, өнердің нені білдіретінін ұғынып алу қажет. Профессор Б.Ғ.Нұржанов өзінің еңбегінде өнер терминінің қазіргі тілде екі мағынада – кең және тар мағыналарында қолданылатынын айтады (Культурология: курс лекций. – Алматы, 1994). Өзінің кең мағынасында өнер адамының барлық шығармашылық жасампаз әрекетін білдіреді және бұл мағынада өндіріс те, тіпті дін де өнердің формалары ғана болып табылады. Әсіресе осы мағынасында ол ежелгі грек тілін де көбірек қолданылады: орыстың “искусство” деген термині мен аударылатын “poiesis” сөзі ежелгі гректерде “білім”, “туынды”, “сана” ұғымдарын да білдіреді. Адамның әрекетімен байланысты және осы әрекеттің өнімі болып табылатын барлық нәрселер “poiesisia” – адамзат саласына жатқызылады және ол адамзат жаратпаған табиғи салаға – “Physis’y” қарсы қойылады. Өзінің тар мағынасында өнер әртүрлі формалардағы көркем шығармашылықтың нәтижелері мен процестері (бейнелеу өнері, музыка, поэзия және т.б.) болып табылады. Дәл осы мағынасы қазіргі әлемде негізгі болып табылады және біз де оны осы мәнде қарастырамыз.

Жекелеген ғылымдар және рухани, практикалық әрекеттің салалары әлемнің әртүрлі қырларын игереді, тұлғаның белгілі бір қырларының қалыптасуына жағдай жасайды және соған сәйкес белгілі бір мәдени құндылықтар қалыптастырады. Өнер болса, ол әлемді өзінің тұтастығында қабылдаудың кепілі, адамзаттың өмірлік тәжірибесі мен мәдениетінің тұтастығын сақтаушы. Өнердің бұл бүкіләлемдік-тарихи мақсаты адамзат дамуының барлық этаптары үшін қажеттілігі мен құндылығын қамтамасыз ететін оның полифункционалдылығын (көп қызметтілігін) тудырады. Алайда дамыған қоғамдық жүйелерде көркем шығармашылықтың барлық функцияларының дерлік өз “дублерлары” (қосалқылары) бар: өнер – бұл таным, алайда әлемді танытатын ғылым да бар; өнер-тәрбие, бірақ бұл мәселемен айналысатын педагогика бар: өнер – тіл және ақпарат құралы,



бірақ онымен қатар табиғи тіл мен ақпарат құралдары да өмір сүреді; өнер – әрекет, бірақ еңбек – әлемді өзгертуші адамның әрекеттік мәні көрінісінің ең басты формасы. Алайда өнер адам әрекетінің бірде-бір формасын алмастыра алмайды, өйткені ол әрбір әрекетті ерекше үлгілейді. Бұл ерекшелікті түсінудің кілті ешнәрсені де көшірумен айналыспайтын, көркемдік әрекеттің ерекше прерогативасы болып табылады өнердің эстетикалық және гедонистік функцияларында.

Ерте кездің өзінде-ақ өнердің көңілді көтере отырып, үйрететіндігі белгілі еді. Өнерді қабылдау мен көркем шығармашылық процесі барысында адамның ләззат алуы мен эстетикалық ықпал етуі арқасында оның тәрбиелік әсері де, ақпарат алу да, тану да, тәжірибе алмасу да, әлем жағдайын талдау да, шаттану мен шабыттану да жүзеге асады. Адамның жаратылысы өнердің ерекшелігін анықтайды.

Өнер қоғамдық адамның нақты өмірлік тәжірибесін тереңдету, кеңейту үшін өмірді өз тұтастығында қайта қалыптастырады. Ол – адам өмірқамының бейнелік үлгісі. Өнер тұлғаны өзінің бүкіл көпқырлығында және тұтастығында қайта жаратады, оның өмірлік және көркемдік тәжірибесімен өзара әрекеттесе отырып, адамның әрекеті мен санасының барлық құрылымына әсер етеді. Көркемдік шығармашылықта диалектикалық өзара әрекет барысында бейнелік ойлаудың құрылымын айқындайтын тұлға – ұлт – адамзат сияқты әлеуметтік бастаулар қиылысады.

Өнер өзінің аудиториясына тұлғалық формаға көркемдік идеяларды еге отырып, оқырмандарды, көрермендерді, тыңдармандарды тартады. Және осыдан көркемдік идеялардың инвариантты көпшілігі туындайды: бір ғана көркем идея әркімде әртүрлі қабылданады. Ғылымда идеяларды иеленудің деңгейі ғана әртүрлі. Өнерде болса иеленудің деңгейі де, мазмұны да әртүрлі: көркемдік шығармада берілген әлеуметтік-тарихи тәжірибені адам өзінің индивидуалдық аснасына көшіреді, нәтижесінде көтерілген мәселелер мен нақтылыққа деген оның және тұлғалық қатынасы қалыптасады.

Өнерде тек суреткердің тұлғасы ғана таңбаланбайды. Шығармада адамдардың жалпы бұқарасы үшін маңызды қажетті,

тұрақты нәрселерді бейнелей отырып, ол оған тұлғалық форма береді, яғни әлемді өзі арқылы ашады. Осылайша, суреткер халықты өзінің өмірлік тәжірибесін иеленуге мәжбүрлейді. Өнердің ұлттық ерекшелігі автордың көркемдік ойлауының ерекшелігінен көрінеді. Өнердің төлтумалығын ашудың кілті де осында. Бейнелік (образдық) ойлаудың әртүрлі ұлттық құрылымдарында сезімдер, бояулар, белгілер алмасуының эмоционалдық алгоритмдері де әртүрлі. Өнердегі ұлттық ерекшеліктің дәл анықтамасын Н.В.Гоголь береді: “...нағыз ұлтжандылық сарафаны (алжапқышты) сипаттауда емес, халықтың рухының өзінде. Ақын, тіпті, мүлде бөтен әлемді сипаттаған кезде де ұлтжанды бола алады, ол оған өзінің ұлттық стихиясының, өз халқының көзімен қарайды, өз отандастары қалай сезініп және сөйлейтіндей етіп, сезінеді және сөйлейді (Шығыс жинағы., 1953, т.6. 34-бет).

Ұлттық өмірлік-тарихи және көркем тәжірибе өз қайталануында да қайталанбайды. Ол халықтар біртұтас қоғамдық заңдар бойынша өмір сүріп, жасампаздықпен айналысқандықтан қайталаанады. Ол жалпы заңдардың әрбір халықтың тарихында өзінің индивидуалдық өзгешелігімен көрінгендіктен қайталанбайды. Әрбір халықтың өнері ұлттық пен жалпы адамзаттықтың осы диалектикасын бере алады. Нағыз жоғары өнердегі ұлтжандылықпен тұтастығы арқылы көрінеді. Суреткердің ұлттық алғышартпен сипатталатын санасы белгілі бір әлеуметтік мүдделерге сай сынған күйінде жалпы адамзаттылықты бейнелейді. Бұл ұлы туындылардың өз жаратушыларының тарихи шектеулі шеңберінен тысқа шығып, ғасырлар бойы өз құндылығын сақтауға, өзге құндылықтың бағдардағы жаңа дәуір адамдарының санасына еркін кіруге мүмкіндік береді.

Әлемге деген құндылықты қатынас түрлерінің бірі эстетикалық қатынас болып табылады. Әсемдік пен тұрпайылық, асқақтық пен таяздық, трагедиялық пен комедиялықты өнер мен нақтылықтың қасиеттерін бағалау мен тануды білдіреді. Бұл бағалау құндылықтық мәнге ие эстетикалық қатынастың объектін игерудің жалғыз мүмкін болатын тәсілі болып табылады. Табиғатты эстетикалық игеру процесінде адам табиғи-биологиялық та, әлеуметтік те жан болып есептеледі. Және

табиғатта оған оның физиологиялық өмірқамы үшін қажетті нәрсе ғана бағалы емес, оның әлеуметтік болмысымен байланысты нәрселер де құнды. Өйткені адам табиғатты өз өмірімен, өз қайғысы және қуанышымен пайымдай отырып, оны адамдандырады.

Ақындар, суретшілер, музыканттар, философтар табиғаттан үйлесімділік іздейді. Және үйлесімділіктегі, ырғақтағы, мақсаттылықтағы, заңдылықтың көрінісіндегі эстетикалық құндылықты теріске шығаруға болмайды. Мәселе оның нені білдіретіндігінде. Үйлесімділік – бұл алуан түрліліктің тұтастығы, өзінше құндылық емес, тек адамға қатынасында ғана құндылық. Табиғаттың өзінде үйлесімділік те, ырғақ та, тепе-теңділік те заңды өмір сүреді. Алайда мұның барлығының құндылығы, яғни адам үшін маңыздылығы – бұл адамзат мәдениетінің құбылысы.

Эстетикалық құндылықтардың категориялық талдауын эстетикалықтың мазмұнының өзінен бастаған дұрыс. Эстетикалықтың аксиологиялық түсіндірілуі эстетикалық құндылықтардың нақты формаларын қарастырудың бастапқы позициясы ретінде қызмет атқарады. Эстетикалық – бұл әсемдікке, тұрпайылыққа, асқақтыққа, таяздыққа, трагедиялыққа, комедиялыққа және өзге де өнер мен өмірдің сипаттамаларына тән жалпылықты бйнелейтін эстетиканың ең кең және фундаменталды категориясы.

Эстетикалықтың ең жоғарғы көрінісі өнердің кейпіне енетін әсемдік болып табылады. Демек, әсемдік – бұл “адам” туралы ұғымдардың бірі, өмірдің барлық күрделілігі мен тереңдігін қамтитын оның анықтамаларының бірі. Тек нақты өмірді ғана емес, әсіресе тарихтың өтпелі кезеңдерінде өзі тудырған өмірлік әлемнің шеңберінен тысқа шығып, адамзатты прагматикалық немесе утилитарлық өлшемдерге сыймайтын өзге бағамен бағалайтын рухани өмірді де қамтиды. Әсемдік эстетикалық құндылық ретінде адамзат мәдениетінің тарихында, ең алдымен антикалық философияда терең теориялық тұрғыда талданған еді.

Софистердің бізге дейін жеткен шығармаларының көпшілігі эстетикалық мәселелерге арналған. Мысалы, “Dialexeis” деп аталатын трактатты алуға болады. Бұл шығарманың алты

тарауының екіншісі “сұлулық пен тұрпайылық” мәселесіне арналған: “Әсемдік пен тұрпайылық туралы екі жақты пікірлер айтылады. Біреулер оны өз атаулары көрсетіп тұрғандай әсемдік басқа, тұрпайылық басқа деп тұжырымдайды; келесілері әсемдік те, тұрпайылық та бір деп есептейді. Мен болсам былайша пайымдаймын. Әшекейлермен безену, иіссуларды жағу, алтын заттарды тағу еркек үшін – тұрпайы, ал әйел үшін – әсем. Достарыңа жақсылық жасау – әсем, ал жауларына – тұрпайы. Дұшпаныңнан қашу тұрпайы да, ал аланда жүгіру – әсем. Достарың мен азаматтарды өлтіру – тұрпайы, ал дұшпандарды өлтіру – әдемі. Және барлығы да осылай... Менің ойымша, егер біреу адамдарға барлық тұрпайы нәрселерді бір жерге жинауға бұйрық беріп (әркімнің өз қалауы бойынша) және осы үйіндіден әркім өзінше әсем деп есептейтін нәрселерінді алындар деп бұйырса, онда адамдар бұл дүниеден түк қалдырмай талап әкетер еді, өйткені адамдар әртүрлі ойлайды (Лосев А.Ф. История античной эстетики. Софисты. Сократ. Платон. М., 1974, 16-17 беттер). Бұл мәтін софистердің әсемдіктің салыстырмалы сипатын мойындағанын білдіреді. Әсемдік орынның, уақыттың және мақсаттың шарттарымен байланысты ғана өмір сүреді. Нәрсе бір қатынасында әсем болса, екіншісінде тұрпайы.

Әсемдіктің мәні туралы осыған ұқсас ойлар кейінгі ғасырларда да айтылды. V ғасырда (Византия), XV ғасырда (Испания), XX ғасырда (АҚШ) айтылған бірнеше аксиологиялық пікірлерді келтірейік. Дионисий Ареопагит: “Әсемдік дегеніміз барлық әсемдік сияқты үнемі мәнді, бірдей әсем, сонымен бірге ерекше әсем, пайда болмайтын және жойылмайтын... Өз-өзінде және өз өзімен келісінде ол бүкіл әсемдіктің терең сұлулығын сәулелендіріп тұратын әрқашанда тұтас бейнелі әсемдік”. Леоне Эрео: “Тән үйлесімділігі, адам тәнінің үйлесімділігі немесе өнердегі үйлесімділік әлемдік рухта да үстемдік ететін үйлесімділік пен тұтастықтың бейнесі болып табылады. Бұл үйлесімділік әлемдік рухтың бейнесі, өйткені әлемдік рухтағы реттелген тұтастық пен формалардың тәртібі сияқты бұл да үйлесімді үндестік және тәртіптен құралады, үйлесімді әндегі, насихатты ой-толғау немесе өлеңдердегі дыбыстардың тәртібін

естудің нәтижесінде біздің рухымыз онда бейнеленген әлемдік рухтың үйлесімділігі мен үндестігіне қуанады”. Дж. Сантаяна: “...Сұлулық ... идеалдың көрінісі, құдіретті парасаттың символы болып табылады”.

Жаңа заманда әсемдіктің құндылықтық мәні Гегельдің эстетикалық еңбектерінде қарастырылған. Эстетикалық құбылысты Гегель танымның диалектикалық методы позициясынан қарастырады. Эстетиканың маңызды категориясы – әсемдіктің мәніне берген оның анықтамасы терең диалектикалылығымен ерекшеленеді. Әсемдік идеяның сыртқы болмыспен нақты бірлігінің сезімдік құбылысы ретінде, ұғым мен нақтылықтың, сыртқы форма мен ішкі мазмұнның тұтастығы ретінде көрінеді. Әсемдіктің осы түсіндірмесіне сүйене отырып, Гегель идеал мен оның даму сатылары туралы ілімін дамытады, идея мен оның сыртқы бейнесі арасындағы арақатынасқа байланысты өнер формаларының қалай өзгеретінін көрсетеді. Гегель әсемдіктің мынадай анықтамасын береді: “Әсемдіктің мәніне сәйкес, әсем объектіде оның ұғымы, мақсаты және жанымен қатар, өзгеден емес, оның өзінен туындайтын сыртқы айқындылығы, алуан түрлілігі мен нақтылығы да көрінуі тиіс. Біз жоғарыда айтқандай, әдемі зат нағыз мән мен ұғымның және белгілі сыртқы болмыстың имманентті тұтастығы және келісімі ретінде ғана шынайы... Ұғым мен құбылыс арасындағы келісім олардың толық өзара бір-біріне енуін білдіреді. Сондықтан сыртқы форма мен образ сыртқы материалдан ажыратылған болып қалмайды... оның ұғымына сәйкес нақтылықтың өзіне тән тәнкристалданған форма болып табылады” (Эстетика в 4т. т.1.М.,1968, 123-бет.).

Эстетикалық құндылық ретіндегі әсемдікті философтар ғана емес, көркем сөздің өкілдері де зерттеді. Өнертанымдық әдебиеттерде өнерді түсінудің бастапқы алғышарты ретінде, әдетте, Н.Г. Чернышевскийдің мынадай белгілі түсіндірмесін келтіреді: “Әсемдік бұл өмір... өз ұғымдарымыз бойынша өмірді қалай көрсек, онда ол нәрсе де әдемі; өзінде өмірді көрсететін және бізге өмір туралы ескертетін зат әсем” (Избранные эстетические произведения. М., 1978, 68-бет).

Қанша дегенмен де әсемдіктің аксиологиялық талдануы мәдениеттанымдық және эстетикалық дискурс шеңберінде жемісті нәтижелер береді. Ю. Боров әсемдіктің барлық алуан түрлілігін бірнеше парадигмаларға жіктейді. Бірінші парадигма (Платон, Тертуллиан, Фома Аквинский, Франциск Ассизский, Гегель); әсемдік нақты заттар мен құбылыстардағы таңба немесе құдайдың (немесе абсолюттік идеяның) кепілі. Екінші парадигма: нақтылық эстетикалық тұрғыда бейтарап, оның сұлулығының көзі – индивидтің жанында (Т.Липпм, Ш.Лало, Э.Мейман), ол адамның рухани байлығының нақтылыққа “көшірілуінің” (Н.Гартман), “қарызға берілуінің” (Б.Кроче) нәтижесінде пайда болады: сұлулық субъектінің затты интернационалды (бағытталған, белсенді, “пайымдалған”) қабылдауының нәтижесі (феноменология). Үшінші парадигма (Сократ, Аристотель, Н.Г.Чернышевский): әсемдік өмір қасиеттерінің адаммен, оның практикалық қажеттіліктері, оның идеалдары мен әсем өмір туралы көзқарастарымен немесе сұлулықтың өлшемі ретіндегі арақатынасының нәтижесі. Төртінші парадигма (француз материалистері): әсемдік салмақ, түс, форма және т.б. сияқты табиғат құбылыстарының кәдуілгі қасиеттері болып табылады.

Кез келген құбылыстың әсемдікке ие болуы оның өзінің толық сезімдік-нақты тұтастығында қоғамдық-адами құндылық ретінде көрінуімен, тұлғаның үйлесімді дамуына жағдай жасауымен, адамзаттың барлық жақсы қабілеттері мен күш-жігерінің іске асуына мүмкіндік беруімен, адамның нақты болмыста бекітілуі және оның еркіндігін кеңейтуге ықпал етуімен байланысты болады. Сондықтан сұлулық эстетикалық идеалды бекіте және байыта отырып, адам бойында қуаныш, сүйіспеншілік, еркіндік сезімдерін ұялатады.

Асқақтық – бұл өзінің ерекше мағыналылығымен және құдыреттілігімен өзгешеленген әсемдікті сипаттайтын эстетикалық категория. Сондықтан да кейбір асқақ құбылыстардың формалары өзінің сыртқы ұсқынсыздығына қарамастан шаттанудың, шабыттанудың, ерекше таңданудың қоздырушы сезімдерін оятады. Әлемнің шексіздігі мен мәңгілігі, табиғат пен адамның ішкі күш-қуатының күдіреті, әлемді игерудің шексіз мүмкіндіктері – мұның барлығы асқақтықты (эстетикалық категория ретінде) бейнелейді.

Егер әсемдік пен асқақтық эстетикалық құндылықтардың бейнелері болса, онда тұрпайылық пен таяздық оның антиподтары болып табылады. Тұрпайылық пен таяздық әсемдік пен асқақтыққа қарсы ұғымдар. Аксиологияда, жоғарыда айтылғандай, “құндылық” ұғымының көлеміне қатысты біржақты қалыптасқан пікір жоқ. Кейбір авторлардың пікірінше, құндылықтар тек жағымды белгілермен ғана болмайды, жағымсыз құндылық ретінде оның жағымсыз белгісі де болады. Әрине, құндылықтарды жағымды және жағымсыз деп бөле салуға да болар еді, алайда бұл терминнің қоғамда қалыптасқан дәстүрлі түсінігі “құндылық” ұғымының тек жағымды мағынасын ғана қабылдайды, өйткені құндылық – бұл құны бар, жағымды нәрсе деген сөз. Мұнан шығатын қорытынды: құндылықтың қатынастар шеңберіндегі жағымсыз мағынаға ие заттарды, құбылыстарды, оқиғаларды “антиқұндылық” терминімен белгілеуге болады. Демек, бір-біріне қарсы тұрған әсемдік пен тұрпайылық – бұл эстетикалық құндылық және антиқұндылық.

Жиіркеніштілік – асқақтықтың үнемі сыртқы сұлулығы бола бермейтіні секілді, бұл да кейде сыртқы сұлулығы болатынына қарамастан антиқұндылықты білдіреді. Жиіркеніштілік өте жағымсыз құндылық ретінде сипатталады. Тұрпайылықты ең түркі шегі болып табылады. Бұл адамның еркіне толық бағына қоймаған, олар үшін қауіп-қатер тұрғызатын жағымсыз, құпия, жасырын күштер. Егер адамзат өз қоғамдық қатынастарын игермесе, онда ол үлкен қасіреттердің көзіне айналып кетуі мүмкін. Осындай қаһарлы қатерлерге қатысты барлық құбылыстар – фашизм, тирания, соғыс және т.б. адамдар жиіркенішті қабылдайды. Жиіркеніштілікпен тұрпайылық тығыз байланысты.

Тұрпайылық кері итерсе, әсемдік өзінің бір көрінісімен баурап алады. Тұрпайылық – бұл дисгармония, патология, ішкі байлығы, жарығы, рухы жоқ бос нәрсе, бірақ ол адамзатқа қауіп-қатер төндірмейді, өйткені бұл заттардағы күштерді адамдар игерген.

Трагедиялық пен комедиялық құндылықтар мен антиқұндылықтардың күресі процесінде қалыптасқан күштердің күрделі қиюласуы нәтижесінде пайда болады. Трагедиялық – бұл

өзіне дұшпан күштермен күресте қасіретке немесе өлімге ұшырайтын оқиғаның немесе әлеуметтік қоғамның, құбылыстың, адамның эстетикалық құндылықтарының бекітілуі. Қасіреттің, өлімнің өзі құндылық болып саналмайды, бірақ солар арқылы құндылық бекітіледі. Трагедиялық эмоция – бұл эстетикалық-адамгершілік тұрғыда “тазалайтын”, рухани шынықтыратын, ондағы ашылған сұлулыққа жақындастыратын терең қайғы мен жоғары шаттықтың қосындысы. Трагедияның адамға әсерін кезінде Аристотель “катарсис” – тазалану деп атаған болатын.

Комедиялық та құндылық пен антиқұндылықтың қайшылығының нәтижесі. Өйткені комедиялықтың мәні қайшылықта. Комедиялық қарама-қарсы тұрудың, контрастың, айырылудың нәтижесі, тұрпайылық пен әсемдіктің, жиіркеніштік пен асқақтықтың, жалған мен ақиқаттың, аңғалдық пен ақылдылықтың және т.б. Комедиялық – бұл ақырында антиқұндылық болып шығатын адамдар мен құбылыстардың өзін-өзі айқындап қоюы, оның нағыз құндылықтық мағынасын аңғару. Комедиялықты эстетикалық күйде қабылдау адам бойында күлкі, әжуа туғызады. Адамдар қандай да бір ақымақтықтың мәнін оның шынайы құндылығын бейсаналы түрде салыстыра отырып, өзінің бағалау қабілетіне орай келеке етеді. Комедиялықта ұлтшылдық ерекшелік бар, бірақ сонымен бірге жалпы адамзаттық белгілерді де аңғару қиын емес. Әлеуметтік дамудың жалпы заңдылықтарына орай бір құбылысты барлық халықтар да бірдей күлкіге айналдыра алады.

Сезімдер мәдениетінің саласы ретінде эстетикалық құндылықтар сезімге ісер ете отырып, адамның рухани әлемінің маңызды бөлігіне айналады. Өйткені сезімдер адамның ақыл-ойына ықпал етіп қана қоймай, көбіне оның алғышарты да бола алады. Эстетикалық құндылықтардың жаратылысын қарастыру барысында, оның мынадай көзқарасы қалыптасады. Эстетикалық құндылықтар қоршаған нақтылыққа деген эмоционалды-бағалаушы-сезімдік реакцияны сипаттай отырып, рухани келісімнің бір бөлігін білдіреді. Эмоция – бұл адамды қозғайтын, тоқтататын, рационалды анықтауға бағынбайтын сезімдердің сыртқа шығарылуы.

Өнер өзінің нақты түрлерінде өмір сүреді: әдебиет, театр, живопись (сұңғат), мүсін, би, ән, графика (сызба), сәулет,



қолданбалы және декоративті өнер, цирк, көркем фотография, кино, теледидар. Өнердің түрлерге бөліну принципі – нақтылықтың эстетикалық байлығына сүйенетін, әлемді көркемдік игеру саласындағы адамның қоғамдық практикасы типтерінің алуан түрлілігі. Адамзаттың әлемдік-тарихи практикасының негізінде, адамдардың еңбек әрекеті процесінде адамзат рухының байлығы қалыптасты, адамның эстетикалық сезімдері, оның әуезді құлағы, форманың сұлулығын көретін көзі, сұлулықпен шабыттану қабілеттері дамыды.

Сазгер табиғаттың картинасын естіп қабылдайды, ал суретші сол картинаны дыбыспен емес, көрумен қабылдайды, формалардың сұлулығынан, линиялардың, жарық пен көлеңкенің ойынынан ләззат алады. Тек бір ғана зат – адамға жақын табиғат өмірін суретші де, музыкант та бірдей қабылдағанымен, ол өнердің әрқайсысы бөлек түрлерінде әртүрлі қырымен бейнеленеді. Бірақ, нәтижесінде тек сол нақтылық қана бейнеленеді және қабылданады.

Өнердің дамуы үшін оның әрқайсысының өз ерекшеліктеріне орай бөлінуімен қатар, әрқайсысы өз қайталанбастығымен дараланатын музалардың өзара әрекеті де маңызды ықпал етеді. Өнер түрлерінің бірігуге, қосылуға жақындығына қарамастан, олар осы өздерінің арнайы ерекшеліктерін сақтай отырып, адамзаттың көркемдік мәдениетіне, әлемдік эстетикалық игеруге жаңа, өзгеше үлестерін қосып отырады. Өнердің алуан түрлілігі әлемді өзінің күрделі және бай күйінде эстетикалық тұрғыда игеруге мүмкіндік береді. Басты немесе екінші деңгейдегі өнер түрлері жоқ. Бірақ әрбір түрдің өнердің өзге түрлерімен салыстарғанда әлсіз және басым тұстары бар.

*Қолданбалы өнер.* Көркем шығармашылықтың ең ежелгі және қазіргі күні де дамып отырған түрлерінің бірі – қолданбалы өнер. Ол сұлулық заңдарына сәйкес құрылған тұрмыс жабдықтарында іске асады. Бұл тек пайдалы заттар ғана емес, оның қолданылуын білдіретін көркемдік бейнесі (образы) бар әдемі заттар болып та есептеледі. Бізді қоршаған заттар, біздің тұрмысымызды, күнделікті өмірімізде қажеттіліктерімізді өтейтін заттар өнердің шыңына дейін көтерілуі мүмкін. Қолданбалы өнер өзінің табиғаты жағынан ұлтжанды, ол халықтың әдет-ғұрпынан,

салт-дәстүрінен, наным-сенімдерінен туындап, оның өндірістік әрекетіне, тұрмысына жақын болады. Қолданбалы өнердің туындылары өзінің қайталанбас индивидуалдылығымен ерекше көзге түседі. Бұл оны жаратушы – суретшінің, қолөнершінің бүкіл тұлғасы мен талантын сақтап қалатын уникалды туындылар. Жаңа заманда өндірістің дамуы заводтық тәсілдің енуіне орай туындаған жаратушының индивидуалдылығының белгісін өшіре бастады. Бірақ өнеркәсіпке суретшінің келуімен дизайн дамуы басталды.

*Сәулет өнері* (архитектура). Адам еңбек құралын даярлауды үйренгеннен кейін, енді оның тұрағы үңгір немесе ұя емес, эстетикалық кейіпке келген мақсатты құрылыс болды. Құрылыс сәулет өнеріне айналды. Архитектура (грекше *architekton* – құрылысшы) – адамның тұрғын үйге және қоғамдық орынға деген қажеттілігін өтеуге негізделген ғимараттар мен құрылыстарды салу барысында нақтылықтың сұлулық заңы бойынша қалыптасуы. Сәулет өнері табиғаттан бөлек, стихиялық ортаға қарсы тұратын және адамдарға өздерінің материалдық және рухани қажеттіліктеріне орай адамдарға кеңістікті пайдалануға мүмкіндік беретін тұйық утилитарлы – көркем игерілген әлем. М.В.Ломоносов бұл өнердің ерекшелігін анықтай отырып, былай деп жазды: “Сәулет өнері күш-жігерін жинақтап, зәулім ағаштар мен зіл-батпан тастарды бағындыра отырып, мекен етуге қолайлы, көз тоймайтын әдемі, ұзақ уақытқа шыдайтын берік ғимараттар соғады” (Шығ. тол. жин., Л.,1959,т.8,808-бет.). Сәулет өнерінің арқасында “екінші табиғаттың” құрамдас бөлігі – адам еңбегінің арқасында дүниеге келген және оның өмірі мен әрекеті сонда өтетін материалдық орта пайда болады.

*Живопись* (сұңғат өнері). Живопись өнердің ең ежелгі түрлерінің біріне жатады. Живопись өзінің қазіргі түсінігінде жазудың бір түрі ретінде қарастырылады. Өзінің не істегенін жазуға талпыну, графикалық түрде көрсетуге ұмтылу адамға әуел бастан-ақ тән. Алғашқы қауымдық адамның жартасқа салған суреттері осыны дәлелдейді. “Живописьті өз ерекшелігінде ұғыну үшін, біз оның ең маңызды элементі – түсті назарға алуымыз керек. Живопись түсті жазу немесе жазу мен түстің синтезі болып табылады. Живописьтің толық анықтамасын алу үшін түс пен жазуға сызықты (линияны) қосуымыз керек: живопись – сызуы бар

түсті жазу. Осылайша жазу, түс және сызу жинақталып живописьтің мәнін құрайды” (Нұржанов Б.Ф. Культурология: курс лекции. 77-бет.). Түсті, суретті, коммуникацияны, бояуды пайдалана отырып живопись табиғаттың, адамның өмірі мен әлеуметтік процестер туралы кең көзқарасты білдіріп, нақтылықтың колоритті байлығын, оның кеңістіктілігі мен материалистілігін бейнелейді. Материалдардың (түс пен сызу) белгілі бір бояушы пигменттерді таңдау нәтижесінде олардың қолдану техникасының және оларды байланыстырушыларының (май, желім т.б) жиынтығы живописьтің әртүрлілігін тудырады: майлы живопись, сылақтағы живопись (фреска) және т.б. Көрерменге терең эмоциялық әсерін тигізетін живописьтегі жанрлар (тарихи, тұрмыстық, пейзаж, портрет, натюрморт) мен түрлердің (монументалды-декоративті, станокты живопись немесе картина, икон жазу, панорама және диаграмма) адамдардың рухани мәдениетінің, дүниетанымының қалыптасуына ықпал етеді.

*Мүсін өнері* (скульптура.) Мүсін өнері – құбылыстардың өмірлік бейнесін бере алатын, материалдарда таңбаланатын, әлемді пластикалық образдарда игеретін кеңістіктік-бейнелеуші өнер. Мүсіндік туындыларды мрамор, гранит және басқа тастардан қашайды, ағаштан ойып, саз балшықпен жабыстырады. Жұмсақ материалдар уақытша деп есептеледі, олармен жұмыс барысында онан ары сақталу үшін қоладан, шойыннан құю көзделеді. Адам мүсін өнерінің жалғыз болмағанымен ең басты объекті. Анималистер жанурлардың бейнесін сомдайды. Дөңгелек мүсін адамды қоршаған ортаның бөлшектерін ғана бейнелейді. Мүсіннің барельеф және горельеф сияқты түрлері живопиське, графикаға жақындайды.

*Әдебиет.* Әдебиет әлемді көркем сөзбен игереді. Оның саласына табиғи және қоғамдық құбылыстар, ірі әлеуметтік катаклизмдер, халық бұқарасының қозғалыстары, тұлғаның рухани өмірі, оның сезімдері енеді. Барлық адамзаттық тілмен байланысты және тілге қатысты бар нәрсе адамға тән. Халық тудырған тіл бүкіл тәжірибені өзіне жинақтайды және ойлау формасына айналады. “Тілдер – бұл жылнамалар үзінділерінде сақталмаған тарихи мәліметтердің қоймасы, тілдер – бұл өртенбейтін, жанбайтын, шайылмайтын, идеология ықпалына

берілмейтін архив. Ата-бабалардың сансыз ұрпақ алмасуларынан бізге қалған басты интеллектуалдық мұра” (О.Сүлейменов. Язык письма. Алматы-Рим, 1998, 203-бет.). Тіл қалыптасуының тарихи процесінің өзі әлемді ассоциативті қабылдауға, нақтылықты көркем бейнелеуге дайындады. Әдебиет өзінің әртүрлі жанрларында әрекетті драмалық тұрғыда қайта қалпына келтіру арқылы, оқиғаларды этикалық тұрғыда баяндау арқылы немесе адамның ішкі әлемін лирикалық тұрғыда ашу арқылы осы материалдарды қамтиды.

*Театр.* Театр – әлемді драмалық әрекет арқылы көркемдік тұрғыда игеретін, оны актерлар көрерменнің көз алдында іске асыратын өнер түрі. Театрдың негізі – драматургия. Сонымен қатар ол өз құрамына живописьті, мүсін өнерін, кейде сәулет өнерін (декорация), кейде кино, музыка, би өнерлерін де енгізеді. Театр өнерінің синтетикалықлығы оның ұжымдық сипатымен анықталады: спектакльде драматургтың, суретшінің, сазгердің, актердің шығармашылық күш-жігерлері біріктіріледі. Театрдағы көркемдік бейненің “құрылыс материалы” – тірі адам, актер. Драматург пен режиссердің ойы актер арқылы іске асады. Ол сахнадағы барлық нәрсеге театралдылық береді. Сахнада бөлменің интерьерін, пейзажды, қала көшесінің кейпін дәл беруге болады, алайда, егер актер өзінің сахналық әрекетімен шындықты тірілтпесе, бұл декорацияның бәрі өлі бутафория болып қала береді. Және, керісінше, актер пьесаның іс-әрекетіне сай жағдай мен ортадағы адамның бейнесін дәл, толық бере алса, қоршаған ортаның ең жалпы деген белгілерінің өзі (мысалы, Шекспир театрындағы сияқты, “бақ”, “дала” немесе “сарай” жазулары бар тақтайшаларға дейін) театралдық өмірмен біте қайнасып кетеді. Тетрдың маңыздылығының ерекшелігі, мұнда шығармашылық акт (бейнені сомдау) көрерменнің көз алдында жүзеге асады. Осыған байланысты театр аудиторияға әсер етудің орасан зор мүмкіншілігіне ие болады. Кинода көрермен шығармашылықтың нәтижесін көрсе, ал театрда процестің өзін көрсетеді. Спектакльдің ең басты ерекшелігінің кілті осында. Өйткені театр – бұл ең алдымен актердің көрерменмен тірі байланысы, аудиторияның көз алдындағы шығармашылық.

Эстетикалық мәдениеттің маңызы мен әлеуметтік рөлін қарастырғанда оның жетістіктерін өнер, фольклор, сәулет өнері және т.б. шығармаларының деңгейі мен көлеміне әкеліп тіреу жеткіліксіз болар еді. Бұл жерде мәдениеттің, оның ішінде эстетикалық мәдениеттің маңызды функциялар атқаратындығын естен шығармау керек. Бұл түсінік бізге эстетикалық мәдениетті бүтіндей қабылдаудың бағдарын береді. Мұндай қабылдаудың негізін эстетикалық мәдениет құбылыстары мен айғақтарын “заттандыру мен затсыздандыру” процесінің тұтастығы концепциясы құрайды. Бұл концепцияның қарапайым мәнін эстетикалық сала құбылыстарының деңгейі, саласы ретінде ғана емес, эстетикалық мәдениет дамуының өлшемі болып табылатын берілген қоғамдағы оның сұраныс деңгейі ретінде де көрінеді.

Батыстың және Шығыстың дәстүрлі мәдениеттеріне ұқсамайтын өзге халықтар мен ұлттардың өзіндік эстетикалық мәдениеті мен төлтума дамуы болғандығын ескеру қажет. Мысалы Тынық мұхит аймақтарының социумдары, кейбір солтүстік тайпалар, австралиялық аборигендер және т. б. осыған мысал бола алады. Бұл тұрғыдан алғанда Ю.Бромлейдің өз дәстүрінің тұйықтылығымен, консервативтілігімен, қатандығымен сипатталатын мәдениеттердің ерекшелігі туралы ойы көңілге қонымды. Кез келген сыртқы ықпалға деген тосқауыл, тұрақтылық, қарапайым қайта өндіруге ұмтылу – олардың жалпы ерекшелігі. Мәдениетте үш саланы (немесе қабатты) бөліп алуға болады: материалды, рухани және көркем. Сонымен бірге көркем мәдениет (немесе өнер) өнерге бағытталған бүкіл әрекеттің барлық түрлерін жинақтап, дербес сала қалыптастыру қабілетіне ие. Эстетикалық мәдениет жалпы мәдениет емес, ол ұлтжанды, жалпы универсалды феноменнің модификациясы ғана емес. Қай халық болмасын, өзінің рухани әлемінің байлығына қарамастан өзінің ұлт жанды әлемін сақтайды. Ол белгілі бір кеңістіктік-уақыттық ортада пайда болады, оның мәні мен мүддесін білдіреді. Ол осынысымен құдыретті және сонымен бірге шектеулі. Оның үстіне онда жетістіктер өзекті мәселелермен, мазасызықтармен қатар өмір сүреді. Сондықтан ол өзіндік, өмір сүруге қабілетті өзге көркемдік әлемдермен байланысқа түсуге тәуелді.

Көркем мәдениеттің өзегіне енген адам әрекетінің бір қырын білдіретін мәдениет құбылыстарының жекелеген бөліктерін – мәдениет салалары, ал оларды құрайтын топтарды – мәдениет аймақтары деп атауға болады. Адам әрекетінің негізінде оның қажеттіліктерін жіктеу нәтижесінде пайда болған топтарды-мәдениет түрлері деп атайды. Құрылымдық түзілім ретінде қарастырылатын эстетикалық мәдениет әрекет түрлерінің жүйесі сияқты түрде көрінуі мүмкін, алайда бұл эстетикалық мәдениетті өнерге ғана, көркемдік мәдениетке ғана әкеліп тіреуді білдірмейді. Көркемдік мәдениет эстетикалық мәдениет объективациясының бір түрін ғана білдіреді.

Көркем абстракциядағы адамзаттың алғашқы қадамдары көркемдік бейнелерді “заттандырумен” байланысты болды. Эстетикалық бастаудың бұл көрінісін ерте заманғы фольклормен қатар, тұрмыс жабдықтарынан, киімнен, тұтынатын заттардан және т.б. аңғаруға болады. Көркемдік парасаттың жетілген түрлері кейінірек пайда болады. Және қолданбалы өнердің қарапайым технологиясын игерген дамыған қоғамда ғана әсемдіктің негізі ретіндегі эстетикалық идеал пісіп-жетіледі.

Өнер туындысының жоғары көркемдік белгісі ретінде жаратушының бұл көркем туындыны алуан түрлі әлеуметтік маңызды мазмұнымен толтыруы саналады. “Форма мен мазмұнның тұтастығы осыдан көрінеді. Ертедегі эпостардың өзінде-ақ, гректің “Илиада мен Одиссеясында”, қазақтың “Қобыланды батыры” мен “Алпамысында” жалпы түріктің “Көрұғлысында”, қырғыздың “Манасында” этикалық мән мен мазмұн әсем сұлулық пен күш-жігердің жарқын көркемдік бейнелерімен тұтастықта көрінеді.

Өнер дамуының онан кейінгі жолы жалпылықты біріктірудің жолдары мен құралдарын іздестірумен, нақтылықты индивидуалдық тұрғыда қайта өңдеумен байланысты болды. Біздің ойымызша ұлттық өнердің диалектикасы қоғамдық байланыстар мен процестердің күрделіленуіне, әлеуметтік өзгерістерге орай осыған дейін болған формалар – символдар мен белгілер туралы көзқарастардың күресімен сипатталады. Бұл ғұрыптың поэзия белгілерінің сипатын зерттеген Д.Фрезердің еңбектерінде айқын көрінеді. Кез-келген күнтізбелік немесе отбасылық тұрмыстық

ғұрып фольклорлық күнтізбелік және отбасылық-ғұрыптық поэзия сияқты белгілер мен символдарға толы. Қазіргі халықтық санада ғұрыптың әлеуметтік-практикалық, нақты-экзистенциалды және эстетикалық белгілері арасындағы терең байланыстар жойылған. Алайда ұлттық поэзияның атмосферасын эмоционалды қабылдаумен оңай аулауға болады.

*Эстетика.* Белгілі бір ұлттық эстетикалық мәдениеттің бірте-бірте қалыптасуы ғасырлар бойына созылатын ұзақ процесс. Алайда бұл мәдениеттің қалыптасуы оның көптеген белгісіз жаратушыларының эстетикалық әрекетінің нәтижесі екендігін ескеруіміз қажет. Тұрмысық қатынастың эстетикалық элементтерінің, ұлттық әдет-ғұрыптармен қатар, көркем шығармашылықтың кейбір салаларының негізін қалаушылардың атын біз атай алмаймыз.

Халықтар мен ұлттардың эстетикалық санасы қоғамда қалыптасқан эстетикалық көзқарастардың, арнайы дәстүрлердің негізінде құралады. Жалпы мәдениет сияқты эстетикалық мәдениет те қоғамның белгілі бір тарихи кезеңімен байланыстырылады. Тарихи дамудың әртүрлі кезеңдерінде әрбір ұлт, әлеуметтік топ өзінің эстетикалық мәдениетін, әсемдік туралы өз көзқарасы мен ұғымдарын қалыптастырады.

Адамдардың кейпінде, олардың қатынастарында, киімінде, заттарында, тілі мен өнер туындыларында эстетикалық мәдениеттің ерекшеліктері, принциптері аңғарылады және олардың экономикалық даму деңгейі мен тағы басқа алғы шарттарынан ұлттың тарихи тағдыры туындайды. Сондықтан әрбір халық өз ерекшелігі мен күш-жігеріне орай әлемдік мәдениеттің қазынасына өз үлесін қосады.

Кез келген эстетикалық деталь, белгі, бейне пайда болысымен үнемі жетілу үстінде болады. Эстетикалық көзқарастың түбірлері кейде ұмытылғанымен, ұзақ сұрыптау процесі барысында бұл көзқарас кейде ұлттық эстетикалық сананың бір элементіне айналады. Қ.Ш.Нұрланова былай деп жазады: “Қазақтарда адамның Ғаламмен өзара байланысын сезіну нәресте кезден беріледі, сондықтан бұл дүниетанымдық мәдениет абстракциялық маңыздылық деңгейінде қалып қоймай, әлем мен жанның бірегейлігі сезіміне ауысады және бұл рухани ішкі сезім

терең қанағатшылдыққа толы болады. Әлемге деген бұл қатынастың түбірі тереңде жатқандықтан болмыстың құпиясына, өмірдің құпиясына жақындатады және сондықтан әрбір адам өмірінің мәнділігі өмірдің өзінің сыйы сияқты шексіз. Адам өмірінің өн бойын алып жатқан бұл қатынастар өмірдің барлық алуан түрлі қатынастарына қайталанбас рең бере отырып, әрбір адамның бай рухани өмірін түсінуге септігін тигізеді” (Человек и мир. Казахская национальная идея. – А., 1994, 13-бет.).

Отбасылық және тұрмыстық деңгейдегі оқиғалардың маңыздылығы көбіне эстетикалық құралдар арқылы жеткізілді. Ұлттың эстетикалық мәдениетке тән символдар, белгілер, атрибуттар жүйесі бірте-бірте қалыптасты және оның мағынасы әркімге де түсінікті болды. “Жаңа ошақ құруға арналған некелесу ғұрпы ең алдымен, жаңа отбасын құру үшін айдан және жұлдыздардан рұқсат сұрайды. Кейінірек нәресте дүниеге келгеннен кейін жас ананы жалаң аяқ жер бастырып, жерден қолдау сұрайды. Жас отау үшін бұл ғұрыптың маңыздылығы әлемнің мазмұндық бейнесін ашатын этикалық мәнділігімен қатар, қасиетті сандық белгілермен ерекшеленетін әлемнің әсемдігімен де сипатталады: вертикальдық деңгей (жоғары әлем, орта әлем, төменгі әлем) және горизонтальды деңгей (төрт қиырлы шартарап) жеті санын құрайды” (Человек и мир, 20-бет.).

Әртүрлі ұлттық ортада эстетикалық көзқарастар үнемі біртекті болған жоқ, әлеуметтік сатының төменгідегі және жоғарыдағы өкілдерінің арасында айырмашылық болды. Алайда, (зерттеушілердің - этнографтардың, тарихшылардың және өнертанушылардың байқағанындай) жоғары әлеуметтік ортада қалыптасқан эстетикалық көзқарастар бірте-бірте халық арасына сіңеді. Ғұрыптың, стильдің, қатынастың, жүріс-тұрыстың эстетикалық қасиеттерін бағалаудың өлшемі, оның сұрыпталуы олардың әлеуметтік қажеттілігіне, моральдық-этикалық көзқарастардың даму деңгейіне және т.б. сай келуіне байланысты болды.

Эстетикалық мәдениет белгілі бір талғамдардың, нормалардың, идеалдардың ұрпақтан ұрпаққа беріліп (дәстүр, тәрбие, өнер арқылы) сақталуын және олардың өзгеруі барысында жаңа идеалдардың, нормалардың, талғамдардың қалыптасуын қамтамасыз етеді. Ұлттық эстетикалық мәдениеттің белгілі бір



элементтерінің қалыптасуы мен көрінуі процесін қарапайымдандыруға болмайды. Эстетикалық дәстүрлердің, жүріс-тұрыс нормаларының бастауы кездейсоқтықтан басталмайды. Автор өз қиялымен қанша безендіргенімен шығарманың мазмұны объективті нақтылықтың бейнесі болып табылады, өйткені қанша бай қиял, қанша бай елес болғанымен, ол бәрібір өзінің пішінімен тірі өмірдің формаларын еске түсіреді.

Адам әрекетінің саналылығымен ерекшеленетіні белгілі. Өйткені әрекет басталмай тұрып-ақ оның қалаулы нәтижелерінің картинасы субъекттің санасында туады, қалыптасады және нақтыланады. Мұнда алдын-ала жинақталған тәжірибе, элеуметтік-психологиялық стереотип үлкен рөл атқарады. Ол бір жағынан шешімдер мен іс-әрекеттің тиімділігіне сілтесе, екінші жағынан сәтсіз қадамдар мен қимылдардан сақтайды; бұл тұрғыда жағымсыз тәжірибенің де пайдасы жағымды тәжірибеден бір де кем емес.

Эстетикалық дәстүрлерді, оның ішінде жүріс-тұрыс нормаларын да практикалық тәжірибе теріске шығара алады. Мысалы, мұсылмандықтың қалыптасуы екіжақты процесті туғызды: мұсылмандыққа дейін болған жүріс-тұрыс нормаларының бір бөлігі сәйкес символикаға еніп, діни қолдауға ие болса, ал қалғандары бастапқыда қайшылықты қатынас тудырып, бірте-бірте жойылды.

Эстетикалық мәдениеттің пайда болу себептерін терең әрі толық айқындамай оның мәнін ұғыну мүмкін емес. Бұл феномен кездейсоқ құбылыс па, әлде қажеттілік пе? Ағартушыларда, мысалы И.Кантта оның жауабы мынадай: адам бойындағы эстетикалық мәдениетке, эстетикалық қабылдаудың дамуына деген қажеттілік оның (адамның) жаратылу актінің өзінде-ақ жүзеге асады.

Адамзат дамуының бастапқы кезеңдерінде әлемді эстетикалық игеру адам әрекетінің утилитарлық қызметімен тікелей байланысты болғандығын еске түсірейік. Адам санасының, шығармашылықтың мүмкіндіктері мен құралдарының шектеулігі бұл әрекет түрінен тысқа шығып кетуге мүмкіндік бермеді. Көптеген зерттеушілердің, антропологтардың, этнографтардың, мәдениет тарихшыларының, әсіресе Л.Морганның еңбектерінде ерте қауымдастықтарда өмірқамына деген қажеттілік нақты

өмірлік мақсаттарға рационалды жолмен жетудің жолдары мен құралдарын іздестіруге мәжбүр етті. Жоғарыда қойылған сұрақтың жауабы осыдан келіп шығады. Әрекеттің мақсатына жетудің жолы неғұрлым қарапайым болған сайын, оны ұрпақтарға тәжірибе тасымалының басым тәсіліне айналдыруға мүмкіндігі көбейе түсті.

Мұнан ары қарай адам жеткілікті шектеулі ізденістердің мүмкіндік шеңберінен асып түсудің жолдары мен құралдарын іздестіруге ұмтылды. Функционалды сәйкестіктен құралдарды немесе жабдықтарды, заттарды пайдалануды жеңілдетуге ұмтылды. Осылайша алғашқы қауымдық технология пайда болды. Адамның жасаған өнімдері жетіле түсті. Ол кездегі шеберліктің деңгейіне қарағанда бұл жетістіктерге жету үшін ғасырларға созылған уақыт кетті. Бұл функционалды жетістікті қажеттілікті өтеудің жаңа тәсілдерімен біріктірудің мүмкіншілігіне орай алғашқы қауымдық дизайн пайда болды. Дайындаушының шеберлігі алғашқы қауымдық қолөнердің өзге өнімдері арасында үстемдікке ие болды. Алайда шеберлік – бұл әлі де өнер емес еді.

Халықтардың эстетикалық дамуы адамзаттың қалыптасуы мен дамуы процесінде ғасырлар бойы жүзеге асты. Өзінің эстетикалық дамуы барысында адамзат қоршаған табиғатты бастапқы сезімдік қабылдаудан әсемдіктің қазіргі түсінігіне дейінгі үлкен жолынан өтті. Адамның қалыптастырған заттай құндылықтар әлемінде бастапқыда тұрпайы, кейінірек мазмұнды эстетикалық көзқарастар пайда болады. Еңбек өнімдері ерте кезден-ақ адам бойында эстетикалық сезім тудырды, өйткені оларда адамның бүкіл қоғамдық мәні, қабілеті мен шеберлігі бейнеленетін еді. Процесс барысында субъекттің өзі де өзгереді: оның қабілеттері дамыды, қажеттіліктердің көлемі мен құрамы, оның санасының деңгейі өзгерді. Әдебиеттерде қажеттілік пен әрекеттің байланысы мен өзара байланыстары туралы кеңінен қарастырылса, бұл диалектиканы эстетикалық мәдениеттің дамуына да қолдануға болады.

Әлемді эстетикалық игерудің ең жоғарғы және күрделі формасы өнер болып табылады. Онда қоғамды ғана емес, оның танымын да игерудің шексіз мүмкіндіктері бар, сонымен қатар этикалық, эстетикалық, моральдық, философиялық және өзге принциптер орын алады. Мұндай мазмұнға дизайн да, эстетикалық әрекеттің өзге түрлері де ие бола алмайды.

Өнердегі субъектің нақтылығы интеллектуалды тұрғыда күрделі, эмоционалдық тұрғыда толық және руханилықтың деңгейімен тығыз байланысты. Онда ұлттық сананың, ұлттық төлтумалылықтың элементтері өте нәзік көрінеді және көбіне оны анықтау қиынға соғады. Өнердің эстетикалық табиғатында ұлтжандылық көрінісінің орасан зор мүмкіндіктері бар. Эстетикалық мәдениеттің мазмұны кең және алуан түрлі. Форма мен мазмұнның байланысы, олардың органикалық тұтастығы мәдениеттің өмір сүруі мен дамуының негізгі анықтаушы шарты болып табылады. Өнерде бұл байланыс айқын көрінеді. Өнерге қатысты оның формасы бейнелі (обазды) деген тұжырым мойындалған. Алайда бейнелік форма тек өнерге ғана тән бе? Эстетикалық мәдениеттің өзге түрлеріне қатысы жоқ па?

Өнерде образ өзінің жеке қасиетінде көпшіліктің белгісі мен сапасын білдіреді. Ал біздің тұрмыстық қарым-қатынаста, “имидж” шеңберінде бұл қандай орын алады? Эстетикалық бағдардағы ғұрып та берілген “имиджде” “тәрбиелі адамның” жүріс-тұрысында барлық тартымды нәселерді, жүріс-тұрыс белгілерін бойына жинақтайды емес пе? Дәстүрлі қауымдастықтардағы “топтық бақылау” да индивидуумының жүріс-тұрыс қалпы қарым-қатынас дәстүрінің қалыптастырған “имиджіне” идеалды сәйкес келуін қатаң бағалайды. Бір ұлттық мәдениеттегі қарым-қатынас және жүріс-тұрыс нормасын өзге ұлттық мәдениеттің қабылдамауы мүмкін. Өнермен салыстырғанда тұрмыстық қарым-қатынас дәстүрдің сақталуымен сипатталады. Ол ғасырлар бойы сақталуы мүмкін. Алайда эстетикалық мәдениеттің бұл саласы әлеуметтік процестің жеделдеуіне сай адам болмысында, іске асып жатқан өзгерістерге бейім келеді. Мысалы, өмір темпінің жеделдеуі, бос уақыттың азаюы тұрмыстық ғұрыптардың бірте-бірте жоғалуына, оның формальдылығының қысқаруына әкеледі.

**Құқық.** Құқық философиясы құқықтың мәні, оның мағынасы мен ұғымы, оның әлемдегі орны, оның құндылықтары мен маңызы, оның адам, қоғам және мемлекет өміріндегі және халық пен адамзат тағдырындағы ролін зерттеумен айналысады. Өзінің саналы жаратылысы бойынша адам белгілі дәрежеде пайымдалған және зерделенген (сана арқылы) әлемде өмір сүреді

әрі әрекет етеді, және бұл адам болмысының фундаменталды (іргелі) қасиеттерінің, әлемдегі бағдары мен әрекетінің қатарына жатады. Болмыстың адамзаттық тәсілі өз құрамына зерделеуді, пайымдауды, бұл болмысты, өзіңді және бүкіл әлемді, әлемдегі өзіңді, өзіндегі әлемді түсінуді енгізеді.

Мұндай принцип адамның құқық әлемімен өзара қатынастарында да орын алады. Ол құқықтық мәліметтерді өз ақыл-ойының-теориялық, кәдуілгі, философиялық ақыл-ойының тұрғысында бағалайды, сынайды, тексереді, күмән келтіреді. Бұл позитивті құқықты ақылдылық, әділеттілік, шынайылық, ақиқаттылық және т.б. тұрғысынан сынауды білдіреді. Және де ол позитивті құқыққа қатынасында өзге өлшемге де ие болады. Бұл өлшем биліктің немесе оның өкімдерімен емес, адамның қоғамдық болмысының іргелі қасиеттері мен мәселелері, табиғат пен құқықтың мәнін тану қажеттілігі, оның адамның бірлескен өмірдегі алатын орны мен маңызды сияқты нәрселер арқылы анықталады.

Ақыл-ойдың мақсаты - ақиқат және құқық философиясы да құқық туралы ақиқатты іздеумен айналысады. Құқық философиясының пәндік аймағы – құқық пен заңның айырмашылығы және арақатынасы мәселесі. Бастапқыда “құқық философиясы” термині (сонымен бірге құқық философиясының концепциясы да) заңгерлік ғылымда пайда болды. Оның авторы, құқықтың тарихи мектебінің негізін қалаушы, неміс заңгері Г.Гуго болып табылады. Гугоның пайымдауына юриспруденция (заңгерлік) үш бөліктен тұрады: заңгерлік догматика, құқық философиясы және тарихы. Бұл жағдайда құқық тарихы құқықтың заң шығарушылық нәтижесінде емес, тарихилықтың нәтижесінде қалыптасуы туралы тұжырымды ұстанады.

Құқық философиясы пәні мен міндетінің гегельдік түсіндірілуі құқық пен заңның бұрынғы табиғи-құқықтық концепцияларына да, табиғи құқықтың антирационалистік сыналуына да (Гуго және құқықтық тарихи мектебінің өкілдері) және құқықтық рационалистік тәртібіне де қарсы шықты.

Құқық философиясының пәндік сипатын заңгерлік және философиялық ғылымдарда анықтау мәселелерін қойған Гуго мен Гегельдің XIX-XX ғасырлардың философиялық-құқықтық зерттеулерінде онан әрі дамыды. Философиялық ілімдердің

өздерімен қатар, құқықтың философиялық түсіндірмелері де бүкіл заң ғылымына, ондағы философиялық-құқықтық тәсілдер мен концепцияларға әлі күнге дейін ықпалын тигізіп келеді. Сонымен қатар, юриспруденцияның өзі, құқық туралы, оның қалыптасу, жетілу және дамуының мәселелері туралы заңгерлік-теориялық концепциялар да құқықтық тақырыптың философиялық зерттелуіне үлкен әсерін тигізді. Философия немесе заң ғылымдарының жүйесінде болсын құқыққа деген барлық философиялық тәсілдерде осындай өзара ықпал және өзара әрекет байқалады. XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап және XX ғасырда құқық философиясы заңгерлік пән ретінде негізінен заң факультеттерінде оқытылғанымен оның дамуы үнемі философиялық оймен байланыста болып қала береді.

Ерекше пән ретіндегі құқық философиясында (табиғат философиясы, дін философиясы, мораль философиясы және т.б. сияқты) танымдық мүдде мен зерттеушілік назар құқық саласындағы белгілі бір философиялық концепциясының танымдық мүмкіндіктері мен потенциалдық мүмкіндіктерін ашып көрсетуге бағытталады. Мұнда белгілі бір концепцияны берілген объектінің ерекшеліктеріне, методологиялық және аксиологиялық тұрғыда бұл концепцияның тілінде объектіні пайымдауға, түсіндіруге және игеруге сәйкес қолдана отырып, оның мазмұндық нақтылануына үлкен көңіл бөлнеді.

Ал заңгерлік тұрғыда дайындалған құқық философиясының концепцияларында жоғарыдағы саламен салыстырғанда әдетте, зерттеудің құқықтық мотивтері, бағыттары мен бағдарлары басым болады. Және бұл жағдайда философиялық талдаудың аймағына көбіне дәстүрлі юриспруденцияның нақты сұрақтары кіреді. Алайда ең бастысы, әрине, тақырыптар мен мәселелердің қайсысын таңдау емес, қазіргі философиялық және құқықтық ойдың жалпы контекстінде нақтыландыру ағымында оларды құқық философиясы тұрғысынан түсіндіру мен пайымдау болып табылады.

**Адам құқықтары** – туылу кезінен пайда болатын тұлғаның ажырағысыз құқықтары мен бостандықтары. Адам құқықтары жаратылыс және кез келген өзге құқықтың негізгі түсінігі болып табылады. Олар азаматтық құқықтар мен саяси бостандықтарды,

экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтарды, сондай-ақ қауымдар құқықтарын (балалар, әйелдер, ұлттық азшылықтар, халықтар және т.б.) қамтиды. Адам құқықтары дегеніміз индивидтің өз қалауы бойынша әрекет ету мүмкіндігін (адам құқықтарының бұл бөлігін бостандықтар деп атайды) немесе белгілі бір игіліктерді иемдену мүмкіндігін (бұл адам құқықтарының өзі болып табылады) қамтамасыз ететін адамдар мен мемлекет қарым-қатынастарының нормалары, қағидалары.

Адам құқықтары адамдар қызметінің ұзақ қайталанған актілерінен қайталанып отырған байланыстар мен қатынастар нысандарынан қалыптасқан. Осылардың нәтижесінде адамдардың қарым-қатынастарын тәртіпке келтіре алатын белгілі бір тұрақты нормалар, эталондар, құндылықтар пайда болған. Әрбір адам белгілі бір материалдық және рухани игіліктерді иемденуге талаптанады, ал оларды иемденуге қоғам мен мемлекет көмектесуі керек және осы игіліктер көлемі тарихи тұрғыдан әрқашанда қоғамның сыныптық құрылымындағы, материалдық өндіріс жүйесіндегі индивидтің жағдайымен белгіленіп отырады. Индивидке берілетін осы игіліктерді адам құқықтары деп атауға болады.

Адам құқықтары мәселесі әрқашанда қоғамдағы адам орнын белгілейтін құқықтарды иемдену үшін, олардың көлемін кеңейту үшін жүргізілетін сыныптық шайқастар мәселесі болған. Тарих көрсететіндей әр ұрпақ адам құқықтарын қайта қорғауға мәжбүр болады, адам құқықтары мен бостандықтарын қорғау және қолдау үшін күш қажет болмайтындай жағдай адамзатқа кездескен емес. Әр ұрпақ адам құқықтары мен бостандықтары сияқты ұлы құндылықты қорғауға байланысты тарихтың шақыратын мәңгілік жекпе-жек шайқасына шығады.

Адам құқықтары ең жоғары мәдени құндылықтардың бірі, өйткені олар барлық қоғамдық даму процестерінің ортасына түлғаны қояды, оның еркіндігі мен тең құқықтығын белгілейді.

Адам құндылығының идеясы ежелгі қоғамда айтылған еді және, егер басында бастапқы негіз ретінде полис қарастырылған болса, эллинизм дәуірінен бастап ол индивидке ауды. Феодализмде діни сана адам даралығынан басым түссе, жаңа дәуірде мәдениет адамды қайтадан барлық заттың өлшегішіне айналдырды.

Адам құқықтарының бүгінгі түсінігі либерализмнен бастау алады, ал оның көрнекті өкілдері Локк, Гроций, Монтескье, Джефферсон, Смит, Милль және т.б. болған. Осы ғұламалар адамның өмір сүруге, қауіпсіздікке, еркіндікке, езушілікке қарсы қарсылық көрсетуге және т.б. іргелі құқықтарын мемлекеттен тәуелсіз және онымен қорғалуға тиісті адам жүріс-тұрысының табиғи, ажырағысыз және қасиетті нормалары ретінде негіздеген еді. Бұл жағдайда адам құқықтарының табиғи, жаратылыс сипаты дегеніміз олардың адам туылғанынан пайда болуы, адам құқықтарының ажырамасыздығын және оларсыз индивидті қоғам мүшесі, нағыз әлеуметтік субъекті қылатын ерекше адамдық қасиеттерден айырылу қатері пайда болатын олардың индивидке тірі жан ретінде тән болуы, ал адам құқықтарының қасиеттілігін оларды ең жоғары құндылықты мәртебе ретінде қарастырғандықтан сыйлау, құрметтеу және оларға табыну деп түсінуімізге болады.

Алғашқы рет адам құқықтарының либералды концепциясы өзінің құқықтық бекітілуін 1789 жылғы американдық құқықтар жөніндегі Биллге негіз болған 1776 жылғы тәуелсіздік Декларациясында көрініс тапты. Сәл кешірек адамның негіз қалаушы құқықтары 1789 жылғы адам мен азамат құқықтарының франциялық Декларациясында бекітілді.

Адам құқықтары категориясы – индивидтің құндылығы жөнінде, тұлға еркіндігін қамтамасыз ететін құқық пен оның негізінде құрылған тәртіп жөнінде көзқарастарды қалыптастырған жоғары гуманистік мәдениетті туындатқан христиан дініне негізделген европалық өркениеттің даму нәтижесі екенін айтып кеткеніміз жөн.

Сонымен қатар, өзге де, батыстық емес қоғамдарда адам құқықтары жөніндегі идеялардың бастамалары қалаптасқан. Мысалы, қазақ даласында белгілі бір көшпенді демократия болған, оның негізгі белгілері – индивидтің қатал жауыздық (деспоттық) ережелермен езіліп байланбауы, әйел адамның белгілі бір дәрежедегі еркіндігі және теңдігі, ежелгі және орта заманның отырыңқы егіншілік өркениеттеріне тән билікке құл ретінде тізе бұгушіліктің болмауы.

Қазақ хандарының билігі ешқашанда қатал жауызды, (деспоттық) болмаған, ал көшпенді тайпалар жүз немесе ру басшылығымен келіспеушілік болған жағдайда әрқашанда басқа жерлерге қоныс аудару мүмкіндігіне ие болған. Адам құқықтары Тәуке ханның Жеті Жарғы деп аталған заңдарында реттелген, онда индивидтің жеке (азаматтық) және экономикалық құқықтары көрініс тапқан. Қоғамның кейбір мүшелеріне берілген саяси құқықтар ханды сайлау институттарынан көрініс табады.

Билер институтының маңызы зор болған, олар жеке және ұжымдық дауларды шешу бойынша сот-әкімшілік қызметті атқарған еді және бұл институттың демократиялық сипатын би атағы тұлғаның тек халық арасындағы беделі негізінде берілетіндігінен көруге болады. Тарихтағы Әбілхайыр ханды өлтіргені үшін Барақ сұлтанды билердің соттау фактісі ақсүйектердің сотталудан иммунитеті болмағанын көрсетеді. Қазақ жерін патшалық режим отарлағаннан кейін адам құқықтары мен бостандықтарын қорғаудың дәстүрлі құрылымдары бірте-бірте жойылды.

**Дін.** Сонымен қатар, егер индуизм өркениеті туралы айтатын болсақ, оның негізіндегі барлық қоғамдық өмірді егжей-тегжейлі реттейтін ережелер жүйесін құрайтын индуизм діні белгілі бір жүріс-тұрыс және өмір сүру қалпын белгілеп, әдет-ғұрыптар мен дәстүрлерді саналы түрде бағалауға мүмкіндік бермейтін. Басқа да әлеуметтік себептермен бірге (экономикалық және ұлттық шашырандылық, қауымдардың тұйық оңашалануы) бұл – қауымның, "кастаның" шартсыз билігін көріп отырған адамның мақрұм қалуына үлкен әсер жасады.

Ислам негізінде діні жатқан мұсылман өркениетінде тұлғаның жүріс-тұрысын реттеудің мақсаты – "діндарлар" мүддесін, жалпы ислам мүддесін қамтамасыз ету. Өзін осыған қарсы қойған адам ислам дінінен жаңылған болып саналып, ауыр жазаланған. Мұсылмандық құқық діни сипатқа ие болғандықтан оның нормаларын сақтау "діндарлар" үшін діни міндет болып табылады. Мұсылмандық құқық мұсылмандардың тек сыртқы жүріс-тұрысын ғана емес, оның негізіндегі ішкі себептерді де егжей-тегжейлі реттеуге бағытталған. Бұл болса ислам ережелеріне сүйенген қауымға индивидтің өз еркі бойынша,



саналы түрде бағынуын белгілейді және сол кезде бұл "мемлекетке сенушілік" болып та табылады. Ислам мәдениеті бойынша индивидтің билікке деген талаптары ретінде адам құқықтары идеясын қалыптастыру діни ережелерінің мызғымастығына қол сұғушылық болып табылар еді.

Дін туралы осылай қысқаша кіріспеден соң, типология мәселесіне тікелей көшейік. Жалпы діндерді алғашқы-қауымдық, политеистік (көпқұндылық), монотеистік (бірқұдайлық), этностық және дүниежүзілік деп жіктеу белгілі. Бұл типологияның танымал екендігі даусыз. Э. Фроммның пікірі бойынша, діни жүйелер авторитарлық және гуманистік болып екіге бөлінеді. Бұл жерде мәселе адамды әлемнің төріне немесе пұшпағына орналастыру туралы болып отыр.

Соңғы жылдары көптеген мәдениеттанулық типология дінді мәдениеттерді бір өркениет жүйесіне біріктіретін белгі ретінде қарастырады: исламдық, конфуцийлік, христиандық батыс, православиелік, индуистік, синтоистік, иудаистік. Жоғарыда келтірілген Н.Данилевскийдің, К.Ясперстің, А.Тойнбидің, О.Шпенглердің тарихи-мәдени типтерінде діни ерекшеліктер бітім құрастырушы фактор сапасында алынады. Сонымен қатар діни сенім – нанымдардың рухани мәдениетке тигізетін әсері бойынша, олардың қоғамдық өмірде алатын орны негізінде фанатиптік, фундаменталистік, толеранттық, диалогтық ағымдарды атап өтуге болады. Тікелей мағынасында алғанда, атеизмнің өзін теріс таңбалы дінге жатқызудың негізі бар. Бұл сипаттан адамның рухани болмысының – діннің антиподтарына пендешілік, күнәһарлық, азғындық, айуандық, тоғышарлық – яғни, руханисыздықтың әр түрлі көріністері жатады. Халық түсінігінде адам әрі пенде, әрі періште деген ұғым бар. Оның періштелігі ізгілік пен адамгершілікке қалтқысыз сенуге байланысты. Адамды құдайдан қадірлемейтін тұлға (субъект) кісілік қасиеттерінен айырылып, дүниежүзілік әдебиеттегі типтік бейнелер-Шариковқа, Швондерге, мәңгүртке, Гобсекке ж.т.б. айналады.

Діннің мәдени типологиясы этностық мәдениет пен өркениеттің арақатынасын айқындаумен байланысты. Өркениеттің қалыптасуының маңызды заңдылығы-ортақ діни және менталитет жүйесінің ұлттық шеңберден шығып, рухани тұтастықты

тұрақтандырумен айқындалады. Дүниежүзілік тарихта таза гомогендік үлкен өркениетті кездестіре алмайсыз. Батыстық өркениетті айтпағанның өзінде, қытайлық және үнділік өркениеттер әр түрлі этникалық топтардың араласуы нәтижесінде қалыптасқан және дін олардағы негізгі жүйе құрастырушы күш болды. Бұл принцип, әсіресе, дүниежүзілік діндерге тән.

Алайда, үлкен өркениеттің (суперцивилизация) діни жүйесіне қосылған этностардың рулық-тайпалық сенім-нанымдары түгелдей ассимиляцияға ұшырап, жоғалып кетпейді. Олар салт-дәстүр деңгейіне ұяланып және бұл бастаудан нәр алып, өзі қабылдаған немесе күшпен танылған әмбебапты діни жүйеге ұлттық мәдениет тонын кигізеді. Өркениеттік ортақ, дін, әсіресе, мәдени туыстығы шамалы, империялық зорлықпен енгізілген ұлттық мәдениеттерге синкреттік (қосынды) сипатта болады. Мысалы, сахалар, алтайлықтар, долғандар, чуваштар, т.б.орыстық қысыммен проваславиелік дінді қабылдағанмен, олардың рухани және материалды мәдениетінде бұрынғы салт-дәстүр мен ескі сенім-нанымдар терең орын алған. Батыс миссионерлері Гаити аралында әр жерден құрастырылған негрлерді қаншама христиан қылса да, олардың генотиптік (ата-тектік) сенім-нанымдары әлі күнге дейін анық байқалады.

Алайда, ислам және түрік халықтарының ескі діндері туралы жоғарыда келтірілген нұсқаны сол күйінде қолдануға болмайды. Себебі исламның ошағы-арабтық мәдениеттің өзі афроазиялық номадалық ареалда қалыптасты. Сондықтан бұл синкреттіктің өзіндік ерекшеліктері бар.

Бұл мәселенің типологиялық жақтарын зерттеусіз қазақтың төлтума мәдениетін түсіну күрделі. Оған көз жеткізу үшін қазіргі ғылыми және бұқаралық әдебиеттегі анықтамалар мен пікірлерге назар аударсақ жеткілікті. Ең жиі кездесетін көзқарас және оны білдіретін сөзтіркестер: «қазақтар исламды формалды түрде кейін қабылдаған, ол ұлттық мәдениетке теріс әсерін тигізген» (миссионерлік көзқарас), «қазақтардың дәстүрлі мәдениетінде исламнан гөрі шаманизмнің, зороастризмнің, тәңірілік діннің ықпалы басым, сондықтан соңғыларды қайтадан жандандыру қажет» (реставраторлық пікір), «оңтүстіктегі қазақтарда мұсылмандық менталитет басым болса, басқа аймақтарда ислам

онша тарамаған, олардың кейбіреулері, тіпті, буддалық, христиандық – несториандық, мәжусилік сенімдегі болғандардың ұрпақтары» (ажыратушылық көзқарас), қазақтар ислам дінін Орта Азия және Еділ бойы халықтарының ықпалымен қабылдаған (сыртқы әсер ілімі), «қазақтардың діні көне мифологиялық және салттық (ритуалдық) деңгейден шықпаған» (мифтік – салттық көзқарас). Әрине, пікірлердің сан алуандығы бұл мәселенің күрделілігін білдіреді. Бірақ, типологиялық-жүйелілік зерттеу тәсілі ойдың анықтылығы мен тұрақты бітімдерге келуді талап етеді. Бұл-дұрыс ойлаудың негізгі заңдарынан туатын талап. Диалектик боламыз деп кесімді пікірлерге жоламау да сыңар-жақтылықтың бір түріне жатады.

Қазақ мәдениетінің кеңістік пен уақытты меңгеру бітімдеріне, оның автохтондығы мен гомогендігіне, сұхбаттық ареалына, архетиптері мен хронотоптарына, шаруашылық-мәдени және әлеуметтік типтеріне сүйене отырып, төмендегідей дүниетанымдық діни типтерді атап өтуге болады: а) генотиптік діндер жүйесі; ә) сырттан қабылданған, «кірме» діни жүйелер; б) ислам. Олардың үлес салмағы тарихи жағдайлар мен уақыт кезеңдерінде әр түрлі болады. Мына бір кестеге назар аударайық.

Қазақ мәдениетіндегі сенім-наным жүйелері ресми атеизм жағдайында да жеткілікті зерттелген. Өйткені салт-дәстүрді қарастыру сол ескі діни түсініктерсіз мүмкін емес еді. Жоғарыдағы кестеге көңіл бөлсек генотеистік нанымдардың көне тарихта басым болғанын байқаймыз.

Тарихи жадыға тиеселі адамзат тарихының өн бойына көз жүгіртер болсақ, онда діндарлықтың адамзат тарихың басынан аяғына дейін толық қамтып жатқандығын көреміз. Қаншама рет діннің ақыры келді деген сөз айтылса да ол қазірдің өзіне әлемдік өмірдің негізгі қалыптастырушы факторларының бірі болып табылады. Діннің халықтар өмірдегі алатын орнының зорлығы соншалықты діндерің, дәстүрін түсінбей жатып сол діндерді ұстанатын халықтардың мәдениеті туралы толық көзқарас қалыптастыру мүмкін емес. Дінді сипаттау оңай жұмыс емес. Біздің ойымызша, діннің анықтауыш қызметі оның әлеуметтілікті қалыптастыруында, яғни адамдар қарым-қатынасын реттеуде болса керек. Өйткені тіпті «религия», сөзінің этимологиялық

бастапқы мәнің өзі де «біріктіру», «байланыстыру», «қатынасты қалыптастыру» дегенді білдіреді. Дін адамдардың бірлестігін және ұйымдастығын қалыптастырушы идеологиялық механизм. Діннің мазмұны әлеуметтік мәні бар негізгі құндылықтарды қасиетті деп танудан тұрады.

Гуманитарлық ілімдердің негізгі тәсілі – түсінудің, ұғынудың сұхбаттылығы қазіргі герменетикада өзінің жалғасын тауып отыр. Алдымызда жатқан, бізге берілген тексті түсінудің, ұғынудың қажеттілігі бізге, интерпретаторға, талдаушыға, осы текст сұрақ қояды дегенді білдіреді. Сондықтан ұғыну интерпретаторға қойылған сұрақпен тікелей байланыста жүріп отырады. Тексті түсіну әлгі қойылған сұрақты түсіну.

## 5-6 дәріс. МӘДЕНИЕТ ПЕН ӨРКЕНИЕТ. МӘДЕНИ ТАРИХИ ТИПОЛОГЯЛАР

1. Мәдениет адамзат іс-әрекетінің нәтижесі ретінде
2. Өркениеттің мәдени тарихи түрлері
3. Өркениет феномені О.Шпенглер, Ж.Ж. Руссо, А.Тойнби, Н.Я. Данилевский, П.А.Сорокин және т.б. еңбектерінде
4. Мәдениеттанудағы теориялармен концепциялар

Мәдениет ұғымы тереңірек түсіну үшін, оған мағыналық жақындығы бар кейбір басқа ұғымдармен арақатынасын қарастырып өтейік. Осы сипатта бізді зердемізге бірінші түсетін ұғым – өркениет. Өркениет (цивилизация) семантикалық жағынан алғанда (латын тілінің – «CIVILIS» сөзі) азаматтық дегенді білдіреді. Римдіктер бұл ұғымды «варварлықтар» деп өздері атаған, басқа халықтар мен мемлекеттерден айырмашылықтарын керсету мақсатында қолданған. Яғни, «өркениет» олардың түсініктері бойынша азаматтық қоғамы, қалалық мәдениеті, заңға негізделген басқару тәртібі бар Рим империясының даму дәрежесін білдіреді.

Ғасырлар бойы қалыптасқан осы екі ұғымның мағыналарын төмендегідей топтастыруға мүмкіндік бар:

1. Мәдениет пен өркениет бар. Олар синонимдер (И. Гердер, Э.Б. Тайлор).

2. Өркениет – мәдениеттің ақыры, оның кәрілік шағы, руханилықтың антиподы (Ж.Ж. Руссо, Ш. Фурье, О. Шпенглер).

3. Өркениет – мәдениетінің прогресі, болашаққа бой сермеуі, қоғамның парасатылық деңгейі (Ф. Вольтер, Д. Белл).

4. Өркениет – халық пен варварлықтан кейінгі тарихи-мәдени саты (Л.Морган).

5. Өркениет – этностар мен мемлекеттерге тән мәдениеттің оқшау түрі (А. Тойнби, Н.Я. Данилевский және т.б.).

6. Өркениет мәдениеттің техникалық даму деңгейі, оның материалдық жағы.

Бұдан көрініміз, мәдениет пен өркениет бір-бірімен байланысты ұғымдар екен. Мәдениеттанушы Г. Чайлдтың пікірінше, өркениетке еңбектің қоғамдық жолмен бөлінуі, қалалардың пайда болуы, жазбаша мәдениеттің дамуы, қолөнер мен сауданың өркендеуі, азаматтық қоғам мен мемлекетін орнауы қажет.

Мәдениеттану саласындағы ғылыми зерттеу жұмыстарында түрлі әлеуметтік топтарға жататын адамдардың қызметі мен іс әрекеті заңдылықтарын зерттейтін әлеуметтік социологияның мәліметтерінің алатын орыны ерекше, өйткені олардың мәдени іс-әрекет көріністері белгілі бір психологиялық сарынға байланысты болғандықтан, мәдениет саласындағы зерттеу жұмыстарында бұл факторларды ескермеске болмайды. Мысалы: жер мен табиғатқа ерекше сезіммен қарайтын ауыл психологиясының өзіндік ерекшеліктерін білмей және байыбына бармай тұрып, – «шаруа мәдениеті» жайында толық түсінік ала алмаймыз.

Ұлттық мәдениеттің ойдағыдай зерттелуі этникалық немесе ұлттық психологияның мәліметтеріне де тығыз байланысты болып келеді. Нақты тарихи тәжірибе негізінде әрбір нәсілдің, тайпалар мен халықтардың психикалық өмір салтының ерекшеліктерін байқай отырып, «этнопсихология» рухтың не белгілі бір ұлттың қайталанбайтын өзіндік қасиеттері жөніндегі Гегельдің, Гумбольдтың және олардың ізбасарларының философиялық қағидаларына барып тірелді.

Кейде мәдениеттану саласында қанша теория болса, соншама мәдениеттанушылар бар деген пікір де айтылып қалады. Шындығында да, теориялар санының көп болуы, мәдениетке де көзқарастардың саналуан болуымен оның әр тұрғыдан қарастырылуына әкеліп соқты. Мысалы: Мәдениетті «семиотикалық» тұрғыдан қарастыру бар. Бұл ағымның басты өкілі Ю. Лотман және мәдениетті «әдебиеттік» (С.С. Аверинцев), «тарихи» (Л.Н. Баткин), «методологиялық» (А. Кробер, К. Клохкон), «антропологиялық» (М. Мид) және тағы басқа тұрғыдан пайымдаулар бар. Әрине, олардың «мәдениет» мәселесіне байланысты пікірлерінің, түсініктерінің, айырмашылықтары бар екендігі даусыз және оны ешкім жоққа да шығара алмайды, бірақ олар бірін-бірі жақсы түсінеді, мәдениеттануға тікелей байланысты ортақ мәселелер көтереді. Ендеше, бұл пәнді терең зерттеуге құлшынушылық, мәдениетке байланысты түрлі көзқарастар жүйесінің қалыптасуы сөзсіз қуантарлық жағдай, ол гуманитарлық ғылыми пәннің туып келе жатқандығының белгісі деп санауымыз керек. Шындығына келсек, әрбір ғылым салаларының өкілдері мәдениетті өз мамандықтары тұрғысынан

қарастырады. Бірақ бұл ғылымдар бір-бірімен тығыз байланысты болғандықтан бірінсіз-бірі өмір сүре алмайды. Олай болса әдебиетші тек таза әдебиетші болып қалмайды, өйткені ол мәдениеттануды, тарихты, психологияны игергенде ғана нағыз әдебиетші бола алады. Өз кезегінде тарихшы да, психолог та, социолог та сол сияқты. Мәдениеттің әртүрлі тұрғыдан қарастырылуы, мәдениет мәселесіне деген үлкен қызығушылықтан туса керек. Оған дәлел ретінде 1964 жылына қарай батыс әдебиетінде мәдениетке 257 анықтама берілгендігі жөнінде Американдық мәдениеттанушылары А. Кребер мен К. Клохконның мәліметтерін келтірсек те жеткілікті сияқты. Ал одан кейін қаншама уақыт өткендігін және дүниедегі болып жатқан мәдени өзгерістерді есепке алсақ, мәдениет ұғымының шеңбері бұрынғыдан да кеңейе түседі. Әрине, әкімшілік-әміршілдік жүйе жағдайында мәдениеттану пәні біздің елімізде жүйелі түрде оқытылмады. Гуманитарлық ғылымдар саласында да өзінің нақты орнын таба алмады. Осы орайда көптеген ғалымдар ұлттық мәдениеттің тоқырауын Ұлы Қазан революциясымен де байланыстырады. Шындығында да экономикалық және саяси берекесіздіктің басты себебі – мәдениетсіз саясаттың салдары болып саналады. Ендеше тәуелсіздікке енді ғана қолы жеткен Қазақстан Республикасының алдында тұрған басты мақсат – халықтың рухани байлығы – мәдениетті қалпына келтіру, ал мәдени өркендеусіз еліміз өркениетті елдердің қатарына еш уақытта қосыла алмайтыны ақиқат. Бұл мақсатты жүзеге асыруда мәдениеттану пәнінің қосар үлесі қомақты болмақ. Әрине, мәдениеттану гуманитарлық ғылымдардың ықпалымен дамуда, бірақ соған қарамастан ол жеке пән болып қалыптасу процесін бастан кешіруде. Оған дәлел ретінде қазіргі мәдениеттанудың біртіндеп философияның әкелік қамқорлығынан шығып, өзіндік бағыт алуын айтсақ та жеткілікті сияқты. Мәдениеттанушы ең бірінші кезекте мәдени қызметтің нәтижелерімен (мәдени шығармашылықтың нәтижелері, музыка, кескіндеме туындылары және т.б.) санасса да, оның басты мақсаты – тереңде жатыр, дәлірек айтқанда, мәдениеттің рухын игеру болып табылады. Бұл жағдайда мәдениетті игерудің екінші – «коммуникативтік» жағы кепіл шығады. Ол білім беру мен тәрбиенің, адамның

адамгершілік тұрғыдағы қарым-қатынастарының дәрежесіне байланысты болып келеді. Ең соңында мәдениеттің негізі, оның түйіні мен маңызы туралы мәселе келіп туындайды. Ғалымдар оны тілмен де, рәміздік жүйесін қабылдаған ұлттың психологиялық түрмен және сакрализация тәсілімен және т.б. байланыстырады. Қалай болғанда да дүниенің тұтастығы, қоғамның интеграциялық негізі және этностың рухани кеңістік – мәдени дәстүрлердің дамуында ең басты факторлар болып қала береді. Мәдениеттану ғылыми пән дәрежесіне жету мақсатында, сөзсіз мәдениет археологиясына сүйенеді, оның генезисін, өмір сүруі мен дамуының құпияларын ашып, мәдени мұрагерліктің тәсілдерін жетілдіреді. Бұл жұмыс үш дәрежеде жүзеге асырылады: 1) Мәдениетті, оның базистік негіздерін сақтау; 2) Мәдениетті жаңғырту, мәдениеттің дамуына жаңаша ықпал ету; 3) Мәдениетті трансляциялау немесе мәдениет әлемін халықтың игілігіне айналдыру. Бұл үш дәреженің арқасында мәдениеттің сандық-салалық (ғылым, техника, өнер, философия, экономика т.б.) сапалық сипатын тереңірек ашып көрсетумен қатар, мәдениеттің құрылымын, тұтастығын, даму заңдылықтарын ашып көрсетуге мүмкіндік аламыз. Осы айтылғандар ғылыми пән ретінде мәдениеттану пәні жөнінде және оның алдында тұрған міндеттер жайында кейбір қорытындылар жасауға мүмкіндік береді. Біздің ойымызша, мәдениеттану пәнінің басты мәселесі – адамзаттың ерекше өмір сүру тәсілі ретінде мәдениеттің қалыптасып дамуы, оның генезисі болып табылады. Мәдениеттанушылардың бұл орайдағы басты мақсаты – дүниежүзілік және ұлттық деңгейдегі тарихи-мәдени процестерді тарихи шындық тұрғысынан түсіндіріп қана қоймай, оларды болжай, әрі басқара білу. Ең бастысы – мәдениеттану ғылыми мәдениеттің қайнар бұлағынан сусындай білуі қажет. Адамзат баласы өз шешімін таппаған көптеген мәселелерге белшесінен батуы қазіргі заманғы мәдениеттің көп жағдайларда өз бастауын ұмыта бастағандығынан да болуы керек. Ендеше адамзаттың мәдени жаңғыруына бұл мәдениеттану пәнінің қосар үлесі де қомақты екендігін ескерсек, әлі де болса буыны бекімеген бұл жас ғылым саласының болашағы зор болатындығына күмән келтіруге болмас.



Мәдениеттің ұлттық сипатап қарастырғанда, бірнеше елеулі түсініктерге тоқтала кету қажет, олардың ішіндегі маңыздылары: мәдени әрекет, мәдени орта, мәдени істер мен қажеттіліктер және мәдени ұйымдар мен ұжымдар. Бұлардың арасында ең түбегейлісі – мәдени әрекет. Әрекеттену – жалпы адам мен қоғамның өмір сүру тәсілі, тіршіліктің тірегі. Мәдени әрекет деп, әдетте, мәдениет игіліктерін ендіруге, таратуға, тұтынуға бағытталған мақсатқа сәйкес әлеуметтік іс-қимылдарды атайды. Мәдени игіліктерді толассыз жасау нәтижесінде адам өзінің де мәдени деңгейін көтереді.

Осы әрекеттің қайнары, түпкі қозғаушы күші ретінде ғылым адамның талап-мұқтаждарын, мәдени қажеттіліктерді бөліп қарастырады. Осылардың қатарына біз мынандай адамдық қажеттіліктерді жатқызамыз: өмірдің мәні мен мағынасын іздеу, өмірден өз орнын табуға ұмтылу, шығармашылыққа талпыныс, альтруизм, гумандылық және тағы басқалары.

Мәдени орта ұғымы мәдениеттің коммуникациялық (қатынастық) табиғатымен тығыз байланысты. Мәдени орта заттық материалдық, әлеуметтік ұйымдар мен ұжымдардан, рухани қызмет орындарынан тұрады. Оларға техника мен құрал-жабдықтардың даму деңгейі, тұрмыстық мәдени дәрежесі, адамдардың білімділігі, кәсіптік шеберлігі, рухани мәдениеті сақтау және насихаттау ұйымдары (мұрағаттар, мұражайлар, кітапханалар, клубтар және тағы басқалар) жатады.

Қайсыбір ұлттық мәдениетті алсақ та, ондағы салт-дәстүрлер жүйесіне бірден назарымыз ауады. «Салт-дәстүр, – дейді белгілі философ Гердер, – тіл мен мәдениет бастауларының анасы» (И.Г. Гердер. Идеи философии истории человечества. – Москва, 1977, 252 с.). Мәдениет өзінің кең мағынасында бір ұрпақтың келесі ұрпаққа жолдаған өмір сүру тәсілі болғандықтан, осы жалнастықты, мұрагерлікті жүзеге асыратын салт-дәстүрлер жүйесі мәдениет өзегін құрастырады. Әсіресе, жазу-сызу болмаған ерте заманда мәдениет ырымдар мен сәуегейлікке, сезімнанымдарға, дәстүрлі түсініктерге иек артқан. Ал салт-дәстүрлерге Ғұзыхан Ақпанбет мынандай баға береді: «Олар – терең философиялық ойдың, ғасырлар бойы жинақталған тәжірибенің сұрыпталған тұжырымы, негізгі нәрі, қысқа да көркем бейнесі». (Қазақтың дүниетанымы. – Алматы, 1993, 36-бет).

Ғасырлар бойы күнделікті тәжірибе негізінде сұрыпталған жазу-сызу мен азаматтық қоғам әлі жоқ кезде қалыптасқан салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптар мәдени мирасқорлықтың жалғыз мүмкіндігі болды. Ескі ырымдар мен әдет-ғұрыптардан надаңдық, анайылықты емес, қазіргі ұлттық мәдениеттердің архетипін аңғарған жөн.

Кез келген ұлттық мәдениеттің негізі мен дінін, ондағы адамгершілік қасиеттер мен дүниетанымды ұғыну үшін мәдениеттің тағы бір түп-тамыры дінге жүгіну қажет. Тотали-тарлық жүйе ұлттық мәдениеттерді құрту мақсатында, дінді «апиын» деген марксизм қағидасын басшылыққа алып, ешқандай қасиетті тірліктері жоқ, шалақ белсенді мәңгірттерді тәрбиелеуге тырысты.

Ал шындығында Ренессанс («ренессанс» – француз сөзі – қайта жаңғыру) мәдени дамуда орасан зор роль атқарды. Дінге дейінгі дүниетаным ретіндегі мифте табиғат қасиетті күштерге баланса, ұлттық немесе дүниежүзілік діндерде адам мен қоғамның құдіреттілігіне басты назар аударылады. Осының нәтижесінде өркениет қалыптасады. Жалпы алғанда, дінтанусыз мәдениеттану жоқ.

Мәдениеттің теориялық картиналарының көптігі бұл феноменді пайымдаудың мүмкін болатын барлық варианттарын түгеспейді. Ғылымда танымал және белсенді түрде түсіндірілетін олардың кейбіріне тоқтала кетейік. Және де бұлар әртүрлі ғылыми теориялардың кесінділері негізінде мәдениет философиясындағы принциптер мен тәсілдердің көптігі мәселесін айқындап та көрсетеді.

*Ф.Ницше* мәдениеттегі дионистік және аполлондық бастаулар туралы. Неміс философы **Фридрих Ницше** (1844-1900) "өмір философиясының" негізін қалаушы ретінде белгілі. Ф.Ницше мәдениет типологиясының толық картинасын беруді арнайы мақсат етіп тұтпағанымен, оның "өмір философиясына" сәйкес, философиялық шығармалырының бүкіл контекстінен ("Трагедияның музыка рухынан пайда болуы", "Мезгілсіз пайымдаулар", "Заратустра осылай деген", "Антихристианин және т.б.") батыстық мәдениет генезисінің өзіндік концепциясы өз-өзінен туындайды. Ол батыстық мәдениеттің қайнар көздерін антикалық заманнан шығара отырып, оның кезеңдерін – христиандықты, қайта өрлеуді, жаңа заманда өзінше пайымдайды.

Ф.Ницше мәдениетті адамзаттың өзін-өзі іске асыруының тәсілі ретінде қарастырып, онда физикалық тұрғыда әлсіз "зоологиялық түрдің" (адамның) аман қалу барысында қалыптасқан басты қасиеттері ретінде интеллект пен қиялды бөліп көрсетеді. Ницшенің түсінігінше, мәдениет "билікке деген ерік", "өмірге деген ерік" принциптерімен өлшенеді. Адам болмыстың қасіретінен жоғары тұрып, жоғары адамға айналуы тиіс. Жоғары адам идеясы өмірдің неғұрлым жетілген формаларын құру үшін адамзат табиғатының көптеген қасиеттерін игеру қажеттілігіне меңзейді. Жоғары адам өміріндегі барлық өзіне қарсы кеселді, жалғандықты, дұшпандықты жоя алады, тобырдың моралынан азат бола отырып ол өзінің әрекеті үшін жауапкершілікті мойнына алады. Жоғары адам өмірінің өрлеуімен сипатталатын трагедиялық дәуірдің туындысы, оның энергиясы екі бастаумен толтырылған: дионистік және аполлондық. Мұндай нағыз мәдениетті Ницше Сократқа дейінгі Грециядан табады, онда болмыстың тұтастығының, өмірдің толықтығының символдары – Аполлон мен Дионис энергияларының, бұл екі бастаудың теңдігі мойындалған болатын. Бұл екі түпкі бастау антикалық мәдениеттің ғарышын қалыптастырды, ол кейінірек бүкіл батыстық сананы қамтыды, бірақ өзінің бұрмаланған формасында. Бұл бұрмалау Ф.Ницшенің пікірінше, батыстық мәдениетті дағдарысқа әкелді, "құндылықтардың барлығын қайта бағалау" ахуалын орнатқан, "құдайдың өлімі" коцепциясын жарияланған "европалық нигилизмге" ұласты.

Ф.Ницшенің түсіндірмелерінде Аполлон мен Дионистің мифологиялық бейнелері культурфилософиялық мәнге ие болады. Ежелгі грек мифологиясының кейіпкерлері Аполлон мен Дионистің әртүрлі қасиеттерді білдіргені белгілі. Платон, мысалы, Аполлонның бейнесін өзінің атқарған негізгі мифологиялық функцияларына қарай (садақ атқыш, көріпкел, адамзаттық және ғарыштық үйлесімділіктің сақтаушысы) пайымдады. Аполлон Герместен кифараны алып, музыканың қамқоршысы атанды. Кейіннен пластикалық өнердің үйлесімділігін білдірді. Оның бейнесіндегі рационалдық пен стихиялық күштің бірігуі оның Диониспен арасындағы қарама-қайшылыққа қарамастан байланыстың болғандығын дәлелдейді. Өз кезегінде Дионис те

Аполлонмен қатар тұтылған тәңірдің бірі. Парнаста әрбір екі жыл сайын Дионистің құрметіне орталар ұйымдастырылып тұрды. Ницше аполлондық бастауды пластикалық өнермен, ал Дионисті музыкамен байланыстырады. Аполлон мен Дионистің бәсекелестігін келісімге келтіріген Эсхил мен ежелгі грек трагедиясы болды, кейінірек оны ақылға табынушылық басып тастады. Сократ, Платоннан басталған әлемді өз заңдары бойынша рационалды түрде тәртіпке келтіруге тырысқан философиялық және мәдени дәстүр жоғары адамның трагедиялық дүниетанымын бұрмалайды. Бұл дәстүрді Ф.Ницше "әлемге жала жабу" деп атайды. Өйткені ол өмірден барлық "ақылға тән емес" нәрселерді алып тастайды. Бұл батыстық мәдениеттің дионистік бастауды "ақылмен", "ақиқатпен", "Құдаймен" басып тастау арқылы, яғни жоғары аполлонизм жолымен жүргендігін көрсетеді. Осылайша, адамзаттың табиғи қалпы, философтың пікірінше, христиандық жағынан бұрмалауға ұшырады, адам болмысының нағыз көздері Құдайдың көлеңкесінде жасырын қалды. Ал кейінірек, жаңа заманда Құдай бейнесі әлемді заңды тәртіпке келтіруге тырысқан интеллекттің, ғылыми ақиқаттың бейнесімен алмасты. Өмір интеллект ойынының ережелерімен реттелетін болды, онда өзін-өзі анықтауға орын қалмады, тіршілік апофеозы қалыптасты. Мұның бәрі адамды өмір сүрудің көзі – өмірден арасын алшақтатты. Ф.Ницше өмірмен көбірек байланысты иллюзияның түрі ретінде – өнердің рөлін ерекше бағалайды: "мәдениет – бұл бейберекетсіз хаостың сыртындағы жұқа ғана алманың қабықшасы". Ол адамзатты күйреуден сақтауы тиіс және еркіндік пен шығармашылықты бағалайтын адамгершілікті және дені сау адамды қалыптастыруы қажет. Бұл құрамында дионистік (өмірлік күштердің еркін ойыны) және аполлондық (өлшемділік, шектеулік) бастаулар өз тұтастығы мен тепе-тең қайшылығында көрінетін өнер болуы керек.

**М.Вебердің** "идеалды типі" әлеуметтік-мәдени теорияның методологиясы ретінде. Макс Вебер (1864-1920) – XIX ғ. аяғы мен XX ғ. басындағы ең ірі әлеуметтанушылардың бірі. М.Вебердің айналысқан ғылыми салалары өте кең: ол антикалық заман, ортағасырлар мен жаңа заманның діні мен өнері, құқығы мен шаруашылығының тарихын зерттеді. Урбанизация мәселесіне

байланысты антикалық және ортағасырлық қалалардың тарихымен айналысты. Мәдениет туралы ғылымның жалпы маңыздылығы М.Вебер зерттеулерінің негізгі тақырыбына айналды. Оның логикалық-методологиялық қондырғылары өз құрамында мәдениет саласын да кіргізетін әлеуметтік ғылымдардың таным принциптерін жасақтауға үлкен ықпал етті. Ол барлық таным ғылымның мүдделері мен құндылықтарына байланысты деп есептеді. Сондықтан ол әрбір нақты жағдайдағы эмпирикалық объекті зерттеудің тәсілі мен таңдауын анықтайтын "танымдық мүдде" ұғымын енгізеді. Сонымен қатар әлемді көрудің мәдени-тарихи тәсілін анықтайтын "құндылықтың идеясы" ұғымын да енгізді, өйткені біз мәдени жан болғандықтан оны бағаламай, оған мән бермей әлемді зерттей алмаймыз. Таным барысында қай құндылықтың анықтаушы болатыны ғалымның өзіндік шешімінің нәтижесі емес, уақыт рухының, мәдениет рухының өнімі. Вебер құндылықты белгілі бір тарихи дәуірдің қондырғысы ретінде, оған тән "мүдденің бағыты" ретінде түсіндіреді. Зерттеудің бағыты мен мақсатын анықтайтын идеялар мен мүдделер уақыт ағымында өзгереді, мәдениет туралы ғылымдарда келтіретін ұғымдарда, яғни "идеалды типтерде" бейнеленеді. Идеалды тип теориялық конструкциялар түрінде көрінетін "дәуірдің мүдделері" болып табылады.

Идеалды тип эмпирикалық нақтылықтан алынбайды, теориялық схема ретінде құрастырылады және сонан кейін ғана эмпирикалық материалмен сәйкестендіріледі. "Идеалды типтер өткір және біржақты құрастырылған сайын, олар, демек, бұл мағынада әлемнен алшақтай түседі... соғұрлым олар терминологиялық және классификациялық тұрғыда да, эвристикалық тұрғыда да өз мақсатын жақсы орындайды", – деп жазады М.Вебер. Сонымен қатар идеалды тип нақтылықтың өзінде типологиялықты бекіту принципіне құрастырылады. Бұл белгілі бір тұтастық ретіндегі нақтылықтың өзінде алуан түрлілік бейберекетсіз емес, әлі бекітілмеген, болжамданған өзінің ұйымы бар. Сондықтан "идеалды тип" – бұл мақсат емес, таным құралы, М.Вебердің әлеуметтануында әртүрлі идеалдық типтерді, яғни үстемдіктің (билік формасы, басқару), әлеуметтік әрекеттің, діннің типологиясын табуға болады.

Мәдениеттаным үшін оның дін немесе діни өмір типологиясы қызығушылық тудырады. Бұл мәселеге оның "Протестант этикасы және капитализм рухы", "Дін социологиясы" еңбектері арналған. Ғалым өзінің жұмыстарын дамыған қоғамдарға тән діндарлықтың формаларын зерттеуге арнайды, негізгі назарды әлемдік діндерге аударады: буддизм, иудаизм, зороастризм, христиан, ислам, яғни өзіндік санасы жетілген тұлғаның, интеллектуалдық дамудың, әлеуметтіліктің жоғары деңгейі байқалатын қоғамдардың діндері. Діни өмірдің әртүрлі формаларының материалдары негізінде М.Вебер қандай әлеуметтік жағдайларда, әлеуметтік топтар мен кәсіби топтарда діннің ғұрыптық-табынушылық, аскеттік-әрекеттік, мистикалық-пайымдық және интеллектуалды-догматтық сәттері басым болатынын бақылайды. Магиялық элементтер егінші халықтардың (әсіресе шаруаларда) дінінде көп ұшырасады, тағдырға, жазмышқа сену жауынгер халықтардың (әскерилердің) дініне тән; қала халқының (қолөнершілер еңбек процесін рационалды ұйымдастыруға бағынышты) рационалды сипатта болады.

Әлемдік діндер тек бір халықтың немесе топтың ішінде ғана таралмайтындықтан жоғарыда көрсетілген сәттердің әртүрлі қосындылары кездесіп отырады. Вебер қытай мәдениетінде орасан зор рөл атқарған конфуцийшілдікті талдай отырып, діндарлықтың индивидуалды типін былайша сипаттайды. Конфуцийшілдік өте нақтылы, буддизмге немесе христиандыққа тән о дүниеге деген қызығушылық оған мүлде жат. Конфуцийшілдік этиканың маңызды игіліктері – ұзақ өмір, денсаулық, байлық, яғни бұл дүниедегі берекелі өмір. "Ресми конфуцийшілдікте батыстық мағынадағы индивидуалды жалбарыну жоқ. Ол тек ғұрыптық формаларды ғана біледі." Құдайдандаушылық, аяугершілік идеялары қытай рухына жат. "Буддизм сияқты конфуцийшілдік те этикалық ілім болды. Алайда өзінің ішкі әлемдік этикасына сай ол буддизмге қарама-қарсы. Буддизмге қарағанда конфуцийшілдіктің онан да үлкен айырмашылығы сыртқы әлемге, оның тәртіптері мен шарттарына бейімделуінен көрінеді". Конфуцийшілдіктің ақыл-ойы, – деп жазады М.Вебер, – тәртіптің рационализмі болды. Қатар, тәртіп және үйлесімділік сияқты конфуциандық этиканың негізгі принциптері мемлекеттік жағдайға да, адамзат жанының

жағдайына да бірдей қолданылады. Конфуциандық этиканың ерекшелігі оның рационалистіне қарамастан зұлым күштерге үстемдік ететін магияға қарсы келеді. Вебер конфуцийшілдіктегі екі бастауды көрсетеді: этикалық-рационалдық және иррационалдық-магиялық. Рационализмнің бұл типінің батыстық типтен айырмашылығы оның магиямен және дәстүршілдікпен бірігуінде болды және сондықтан, мұнда шаруашылық жүргізудің, басқарудың батыстық формалары, табиғат пен адамға деген абстрактілі-формальды қатынас қалыптаса алмайды.

М.Вебер діндерді олардың әлемге деген әртүрлі қатынастарының негізінде де жіктейді. Егер конфуцийшілдік әлемнің өмір сүруін мойындаса, ал буддизм оны теріске шығарады. Кейбір діндер әлемді оның жетілдіру мен түзетулері жағдайында қабылдайды. Олардың қатарына зороастризм, христиандық және ислам жатады. Әлемнің қабылдануы және қай мөлшерде қабылдануына қарай діни этиканың саясатқа қатынасы бағынышты. Әлемді теріске шығаратын діндердің әдетте саяси белсенділігі төмен. Әлем толық қабылданатын жерлерде діни көзқарастар саясат саласымен толық келісімге келеді.

М.Вебердің классификациясы мен салыстыру методы типология жасауға, яғни әлеуметтік-мәдени тұтастықтарды, мәдениеттің "идеалды типтерін" құруға толық мүмкіндік береді. Бұл жерде зерттеушінің танымдық дәрежесіне орай эмпирикалық әлемнің барлық алуан түрлілігінің типологиялық ерекшеліктерін анықтауға қажетті параметрлерін, кілтін табу маңызды. М.Вебер мұндай параметрлердің қатарына дәуірдің мүддесін, мәдениеттің құндылықтарын, формальды рационалдандыруды және т.б. жатқызады.

*П.Сорокиннің* әлеуметтанымдық концепциясы. Питирим Сорокин (1889-1968) орыс және американдық әлеуметтанымдық мектептерінің негізін қалаушы. Ол әлемнің барлық тілдеріне дерлік аударылған елуге жуық кітаптардың авторы. Ол өзінің макросоциологиясының шеңберінде өркениеттердің рационалды теориясының негізін қалады. Және бұл концепция, ең алдымен мәдениет типологиясы (өркениет) тұрғысынан қызық. Бұл концепция оның "Әлеуметтік және мәдени динамика", "Біздің дәуірдің дағдарысы" деген еңбектерінде айқын сипатталып, онда батыстық мәдениеттің дағдарыстық дхуалын суреттейді.

Оның пікірінше "қазіргі дағдарыс экстраординарлық сипатқа ие. Бұл тек экономикалық немесе саяси оқиқылықтар емес, дағдарыс бүкіл батыстық мәдениет пен қоғамды, оның барлық басты институттарын бір мезгілде қамтып отыр. Бұл өнер мен ғылымның, философия мен діннің, құқық пен моральдың, өмір тәртібі мен әдеттердің дағдарысы. Бұл – неке мен отбасы формаларына дейінгі әлеуметтік, саяси және экономикалық ұйымдардың формаларының дағдарысы... бұл – батыстық қоғамға тән ойлау тәртібі мен жүріс-тұрыс қалпының, бүкіл өмірдің дағдарысы. Егер дәлірек айтсақ бұл дағдарыс соңғы төрт жүз жылғы батыстық мәдениет пен қоғамның негізін құрайтын формалардың күйреуімен сипатталады". М.Вебермен келісе отырып ол "мәдениет бір-бірімен ешқандай байланыссыз, қатар өмір сүретін алуан түрлі құбылыстардың жиынтығы ғана емес, бүкіл құрамдас бөліктерінің өз бойы жалғыз негіз құраушы принциппен қамтылған және жалғыз әрі басты құндылықты білдіретін тұтастық немесе индивидуалдық болып табылады. Дәл осы құндылық барлық мәдениеттің негізі және ірге тасы қызметін атқарады", – деп есептейді. Сондықтан құрамдас құндылықтың біреуі өзгерген жағдайда, қалған өзгелері де осындай өзгерістерге ұшырайды. Мәдени типтердің құндылықтары қатарына ғалым мыналарды жатқызады: өнер мен ғылымның, философия мен діннің, этика мен құқықтың басым қасиеттері, әлеуметтік, экономикалық және саяси ұйымдардың, әдет-ғұрыптардың өмір тәртібі мен ойлаудың (менталитеттің) негізгі формалары.

П.Сорокин мәдениеттің үш типін бөліп көрсетеді: идеационалды, идеалистік және сезімдік. Жалғыз нақтылық пен құндылық ретінде Құдайдың сезімнен тыс және ақылдан тыс екендігі туралы принципке негізделген мәдениеттің унификациялық жүйесін ол идеационалдық деп атайды. Бұл типке брахмандық Үндінің, буддистік, лаоистік мәдениеттерді, б.з.д. VIII-VI ғасырлардағы грек мәдениетін және Батыстың ортағасырлық мәдениетін жатқызады. П.Сорокиннің пікірінше, "ортағасырлық Батыс мәдениеті әртүрлі мәдени нақтылықтардың, құбылыстардың және құндылықтардың жиынтығы емес, барлық бөліктері объективті нақтылық пен маңыздылықтың тек бір ғана жоғары принципін білдірген жалғыз тұтастық болды: Құдайдың мәңгілігі, шексіздігі, ақылдан, сезімнен тыс екендігі, әлем және адамды жаратқан құдіреттілігі, әділдігі, әдемілігі".



Идеалистік мәдениеттің негізгі принципі объективті нақтылық және оның мәнін сезімталдықпен байланыстыру арқылы сипатталады. "Біздің тек көретініміз, еститініміз, иісін сезетініміз, сезім органдары арқылы қабылдайтынымыз ғана нақтылыққа және мәнділікке ие болады". Осы сезімдік нақтылықтан тыс ештеңе де жоқ, біз сезіне алмайтын нәрсенің болуы мүмкін, бірақ ол нақты еместің, өмір сүрмейтіннің эквиваленті. Мәдениеттің күйреп бара жатқан идеационалдық және туындап келе жатқан идеалистік типтерінің принциптерінің қосылуы, П.Сорокиннің пікірінше, Батыста XIII-XIV ғасырларда жүзеге асты және мынадай жаңа принципті қалыптастырды: объективті нақтылық жартылай сезімнен тыс және жартылай сезімтал. Мұндай идеалистік мәдени жүйе б.з.д. V ғасырда Грецияда өмір сүрді. Бұл мәдениет жартылай сезіммен, жартылай ақылмен қабылданатын шексіздікті нағыз шынайы нақтылық және құндылық ретінде бекітіп, идеализмнің негізгі тұжырымдарын орнықтырды. Бұл мәдениет идеационалды және сезімдік типтердің арасында орналасады, өйткені, оның құндылықтары аспанға да, жерге де бірдей тиесілі. Алайда бірте-бірте идеационалды мәдениет күйзеліске ұшырап, ал идеалистік тип өзінің қарқынын күшейтті. Осылайша XVI ғасырдан бастап жаңа принцип (әлемнің сезімділігі) үстемдік ете бастады, сонымен бірге, оған негізделген жаңа мәдениет, яғни объективті нақтылық пен оның мәні сенсорлы (сезімді) деген принципке негізделген жаңа сезімдік мәдениет қалыптасты. Соңғы төрт жүз жыл бойы мәдениеттің осы типі басым болды, алайда онда идеационалды мәдениеттің де элементтері кездесті. Кез-келген мәдениет тек бір ғана принципке негізделген абсолютті таза күйінде өмір сүрмейді, онда бір жетекші принцип қана басым болуы мүмкін. Батыстық мәдениеттің сезімдік типі XX ғасырда күйрей бастады, ол өзінің жаратушы потенциалын тауысты. Оның орнына енді мәдени принциптердің кезекті интеграциясы келеді. Және жаңа интегралды мәдениет жаңа шығармашылық дәуірге түседі. П.Сорокиннің пайымдауынша бұл барлық типтерді (идеационалды, идеалистік, сезімдік), мысыр, вавилон, грек-рим, үнді, қытай және т.б. мәдениеттерінің тарихынан кездестіруге болады.

*Р.Гвардини*дің мәдениет теориясы: әлем картинасы мен болмысты сезіну. Роман Гвардини (1186-1968) – немістің католиктік философы және теологы. Өмірді католицизм тұрғысынан түсіндіреді. Өмірдің басты қасиеті "бір-бірін үнемі өзара теріске шығаратын және бір мезгілде бірігетін" қарама-қайшылықтар деп есептейді. Оның "Жаңа заманның ақыры" деп аталатын еңбегі адамның әлем туралы көзқарасы мен болмысты сезінуімен байланысты әлем картинасының өзгерісі туралы мәселе контекстіндегі мәдени-тарихи дәуірлерді айыру тұрғысынан ерекше қызығушылық туғызады. Бұл мәдени-тарихи тұтастықтардың өзіндік типологиясын білдіреді. Автор батыстық (христиандық) тарихтың дәстүрлі жіктелуін білдіретін мәдени-тарихи дәуірлерді қарастырады: антикалық заман, ортағасырлар, жаңа заман. "Белгілі дәуірдің адамы әлемді қалай көре алады және өз болмысын қалай сезінеді?" – деген сұраққа жауап бере отырып, өзінің батыстық мәдениет типологиясы концепциясын ұсынады.

Антикалық адам әлемнің негізінен шығып кетпейді, бұл әлемнен тыс жерде оның сүйенер тірегі жоқ, – деп жазады Р.Гвардини. Антикалық адам оның сыртынан қарауға ұмтылмайды да. Өзінің бүкіл сезімдерімен, көзқарастарымен және іс-әрекеттерімен ол әлемде өмір сүреді, ол әлемді іштей ғана пайымдайды. Әлем әркімнің және барлығының өз орны бар бүтіндік ретінде құрастырылмайды, сондықтан да өмір еркін болып қала береді. Бұл антикалық философияда, ғылымда, дінде, саяси өмірде аңғарылады. Антикалық адамға әлем күдіретті болып көрінеді: ол ішкі қайнар көзден туындайды. Ол тағдыр белгілеген жолмен қозғалады, алайда мұның барлығы да тағы әлемнің өзіне тиесілі. "Күдіреттілік әлемнің әуел бастапқы және құпия стихиясын құрайды. Адам оның ішінде өмір сүреді, ал ол адамның ішінде өмір сүреді. Мұны сезіну мен мойындау – бұл діни дүниетанымның мәні". Тіпті мифологиялық негізден ажырап, философиялық мотивтермен байланысқанда да діни сезім еркіндігін сақтайды. Бұл әлемнің шекараларына дейін белгіленген мүмкіншілікті пайдаланатын барлық көзқарасты қолдайтын антикалық ғылымнан көрінеді. Антикалық замандағы ғылым – бұл білімдердің тек жиынтығы ғана емес, мүмкін болатын позициялар мен дүниетанымның типологиясы. Мұндай картинаны антикалық

заманның саяси өмірінен де байқауға болады. Р.Гвардинидің ойынша, гректер шамасы жетпегеннен Элладаны біріктіре алмады деу дұрыс емес, тарихи өмір сүрудің жалғасы, жалғыз мүмкіндігі осында екенін біле тұра, олардың біріккісі келмейді: жартылай тағы – македондықтар келіп тұтастықты орнатқанға дейін олар бір-бірімен қырқисуды жөн санады. Антикалық дәуірде болмыстың толық және жалпы қамтитын құрылысын құрастыруға ұмтылған талпынысты Гвардини Рим мемлекетінен көреді. Алайда римдіктердің рухани үрдісі реалистігі сондай, теория мен метафизикаға ешқандай бейімі жоқ, өзінің саясаттағы қаталдығына қарамастан өмірге соншалық ашық-жарқын, сондықтан мұнда да антикалық еркіндік пен қозғалыс сақталады, – Р. Гвардини осындай шешімге тоқталады.

Р.Гвардини үшін ортағасырлар адамның әлемге деген қатынасы түбірлі өзгерген кезең: енді Құдай әлемнен жоғары тұрады, өйткені, әлемді Құдай жаратқан. Ол әлемге тиесілі емес, ол әлемнің тәуелсіз билеушісі. Және адам болмысы жаңа негіз табады: жаңа сүйену тірегі – аян, жаңа еркіндік ашылады. Діни философ ретінде Р.Гвардини ортағасырларды адамзат тарихының ең жоғарғы дәуірі ретінде бағалайды, өйткені мұнда адамзаттың өмір сүруі мен оның нағыз шынайы пайымдалуы толық сәйкестікте жүзеге асты. Оның есептеуінше ортағасырлық адамның танымға деген құмарлығы ерекше, ол болмыстың рухани конструкциясын шығару үшін ақиқаттың тұңғығына шомады. Бұл дәуірдің адамы үшін ақиқат күдіреттілік беделінде – інжіл мен шіркеу ілімінде және табиғилық беделінде – антикалық еңбектерде жасырынған. Ортағасырлардағы адам әлемді образдар түрінде символикалық түрінде ұғынады. Болмыстың тұтастығын сезіне отырып, ортағасырлық адам Құдайдың беделін тұсау ретінде емес, абсолюттікпен байланыс ретінде және жердегі сүйеніш тірегі ретінде қабылдайды.

Философтың пікірінше, жаңа заманның картинасы XVIII ғасырдан бастап қалыптасады. Бұл адам өмірі мен шығармашылық әрекетінің әртүлі саласынан өзін көрсетеді. Мысалы, ғылым осыған дейін дінмен анықталатын өмір мен әрекеттің тұтастығы түрінде өмір сүріп келген мәдениеттің дербес аймағы ретінде бөлектеніп шығады. Саясат саласында жеке нормалар туралы

көзқарас қалыптасады. Макиавелли саясаттың жаңа нормалық сипатын жариялайды: мемлекеттің күші мен қуатына жету саясаткерлерді азаматтық еркіндік пен моральдық принциптеріне қайшы келетін құралдарға жүгінуге мәжбүр етеді. "Томас Гоббс мемлекет теориясын жариялайды, онда ол адам өмірінің толық билеушісі мен төрешісі, ал адам өмірі барлығының-барлығына қарсы күресі ретінде түсіндіріледі". Бұл көзқарастар ұлттық мемлекеттердің бірте-бірте пайда болу жағдайында дүниеге келеді.

Жаңа заман адамының көзқарасында әлем өзінің бұрынғы шекараларынан шығып, кеңі бастайды. Джордано Бруноның Жер Күнді айналады деген жаңалығының негізінде әлем мен оның санының шексіздігі туралы жаңа көзқарас қалыптасып, Жер енді әлемнің орталығы болудан қалды. Әлемнің жаңа картинасы "табиғилық" деп түсіндірілетін нақтылыққа бағытталады. Енді Библиядағы уақыттың басы мен ақыры туралы, яғни әлемнің болмысы туралы эсхатологиялық ілімге күмән келтіріледі. Осыған байланысты өте ертеде пайда болып және өте алысқа кететін тарихи процесс туралы түсінік қалыптасады. Р.Гвардинидің айтуынша пайда болған әлемнің шексіз байланысы, "бір жағынан еркіндік пен кеңістікті берсе, екінші жағынан – адамзаттың өмір сүруінің объективті тіреуінен айырады. Адам қозғалыс үшін кеңістік алғанымен, үйсіз қалады".

Әлемнің мұндай картинасында адамның концепциясы да өзгереді: ол жаңа жерлер мен әлемді қорықпай аша отырып, өзін олардың қожайынымын деп жариялайды. Адам өз-өзі үшін ерекше қызығушылықтың объектісіне айналды. Ол адамшылықта индивидуалдылықты, ерекшелікті көргісі келеді, оның үстіне тұлға – "ғұлама мен өмір құндылығының өлшеміне айналады", ол оның формальды көрінісі "субъект" ұғымы болып табылады. Өз кезегінде әлем жаратылыс болудан қалып, "табиғатқа" айналады, ал адам "жаратушы" болып шығады.

Сонымен қатар Р.Гвардини діни философ ретінде Жаңа заманның картинасында осал идеялар мен адасушылықтарды тауып, олар әлемнің бұл картинасының күйреуіне және бұл дәуірдің өзінің жойылуына әкеледі деп есептейді.

Қазіргі заманғы тенденцияны ол өзгермелі дүниетаныммен байланыстырады: "адам әлемді өз-өзінен бар, сенімді, жылы ұя

ретінде сезінуден қалды. Әлем бөтен нәрсеге айналды және өзінің бұл жаңа сапасында ол жаңа діни мәнге ие болды”. Бұл жаңа діндарлық әлемнің ортасындағы адамның жалғыздық сезімінен туындайды, адамзаттың соңғы жиекке жетуін сезінуден және онда жоғалып кетпес үшін батыл болып, жауапкершілікті өз қолына алуды сезінуден келіп шығады.

Ф.Ницшенің, М.Вебердің, П.Сорокиннің және Р.Гвардинидің жоғарыда қарстырылған концепциялары мәдениет теориясы мәселесіне қатысты әртүрлі тәсілдерді білдіреді. Бұл концепциялардың әрқайсысы мәдениет сияқты күрделі феноменнің алуан түрлі картинасы туралы көзқарасты әртүрлі ғылыми және дүниетанымдық позициялар тұрғысынан береді.

Мәдениеттің алуан түрлі типтері туралы мәселе мәдениеттің тарихи формаларын зерттеу қырынан кең қарастырылды. Мұнда екі тенденция байқалады: антитарихилық және тарихилық. Біріншісіне, тұтас тарихи процесс ретіндегі “әлемдік мәдениет” ұғымын теріске шығаратын оқшау мәдени тұтастықтар (типтер) теориясы жатады. Екіншісіне, керісінше, әлемдік мәдени-тарихи дамудың тұтастығын бекітетін, оның кезеңдері мәдени-тарихи типтер болды деп есептейтін концепциялар жатады.

*Н.Данилевскийдің, О.Шпенглердің, А.Тойнбидің* оқшау мәдениет және өркениет теориялары. Орыс философы Н.Данилевский (1822-1885) өзінің “Ресей және Европа” деген еңбегінде тарихтың ерте, ортағасырлық және жаңа деп бөлінуін, сондай-ақ европалық өркениетті жалпыәлемдік өркениетпен біріктіруді қате деп есептеді. Ежелгі дүниенің ақыры мен ортағасырлардың басталуын байланыстырып тұрған Рим империясының құлауының Европа үшін ғана маңызы болды, ал өзге мәдениеттер үшін, мысалы Қытай немесе Үндістан үшін оның ешқандай маңызы болған жоқ. Өйткені мәдени-тарихи типтер ерекшеленген және бір-бірімен оқшау, тұйық; олар пайда болып, өздерінің ғана формалары мен құндылықтарын дамытады. Ол адамзатты үш топқа бөледі: а) ұлы өркениеттерді немесе мәдени-тарихи типтерді қалыптастырған жаратушы халықтар; ә) ұлы өркениеттерді құрмаған, бірақ күйзелістегі өркениеттің жойылуына жағдай жасаған (мысалы, ғұндар) жағымсыз жаратушылар; б) шығармашылық рухы ерте (этнографиялық)

кезден дамымай қалған халықтар. Тек аз ғана халықтар “мәдени-тарихи тип” бола алады. Мәдениет пен органикалық өмір формалары арасын салыстыра отырып ол осы оқшау мәдени-тарихи типтер туылғаннан өлгенге дейінгі барлық кезеңдерден өтеді деген қорытындыға келді. Мәдени-тарихи типтер этнографиялық жағдайдан мемлекеттік, ал одан кейін өркениетке дейін ұзақ эволюциядан өтеді. Н.Данилевский олардың дамуының кейбір заңдылықтарын атап өтеді:

1. Бір тілдік топқа жататын халық мәдени-тарихи типті білдіреді, егер ол тарихи дамуға қабілетті болса және балалық шақтан өтсе.

2. Мәдениеттің пайда болып, дамуы үшін халық саяси тәуелсіздікке қол жеткізуі тиіс.

3. Бір мәдени-тарихи типтің өркениеттік бастауы өзге типтегі халықтарға беріле алмайды. Мысалы, ағылшындар еуропалық өркениетті Үндістанға көшіруге тырысқанмен, онан түк шықпады. Сонымен қатар бір өркениеттің жекелеген белгілері мен элементтері өзгелеріне отарлау арқылы сінуі мүмкін (ағылшындар өз өркениетін Солтүстік Америкаға және Австралияға көшірді); егу арқылы, яғни белгілі бір нәрсені өзге денеге егу (мысалы, мысыр денесіндегі эллинистік Александрия); өзара ұрықтандыру арқылы, бұл жағдайда бір өркениеттің құндылығын егер ол ұқсас болса, екіншісі пайдалана алады.

Мәдени-тарихи типтер діни, эстетикалық, саяси және әлеуметтік-экономикалық белгілерімен ерекшеленеді және осы аталған әрекет салаларының барлығында жасампаз бола бермейді. Мысалы, грек өркениеті эстетикада жетістікке жетсе, семиттіктер – дінде, ал, римдіктер – құқық пен саяси ұйымдастыру салаларында жетістіктерге жетті. Ол он мәдени-тарихи типтерді бөліп көрсетеді: мысырлық, қытайлық, ассирия-вавилон-финикиялық, халдейлік немесе ертесемиттік, үнділік, ирандық, еврейлік, гректік-римдік, жаңа семиттік немесе арабтық, германоромандық немесе еуропалық. Мексикандық және перуандық өркениеттер өз дамуын толық аяқтай алмай, зорлықтың нәтижесінде күйреді. Н.Данилевский орыс халқынан ерекше айқын көрінетін славяндық мәдени-тарихи типтің үлкен болашағын болжап үміт артты және бұл тип төрт салада өз шығармашылығының гүлдену кезеңіне енді деп есептеді: діни, ғылыми, саяси-экономикалық және эстетикалық.

*Освальд Шпенглер* (1880-1936) өзінің “Европаның дағдарысы” еңбегінде адамзат ұғымын өткір сынға алып, “әлемдік тарих” идеясына қарсы шықты. Шпенглердің пікірінше, мәдениеттер ішкі герметикалығымен ерекшеленіп, бір-бірін өзара бөтенсінеді. Ол үшін “адамзат” – бос дыбыс, өйткені, халықтар әртүрлі уақыттағы кеңістікте өмір сүреді. Әрбір мәдениеттің өзіндік арнайы сауыт сияқты табиғаты бар, оған өзге мәдениеттің адамы ене алмайды. Сондықтан әлемдік тарих – батыстық рационализмнің ойлап шығарған қиялы.

Европалық рационализмді “өмір философиясы” тұрғысынан сынап отырып, ол өзінің мәдениет мифологиясы концепциясын ұсынады. Оның мәнісі, О.Шпенглер жануарлар мен өсімдіктер өмірі және адам өмірі арасында салыстыру (аналогия) жүргізіп, тарихты биологияландырады. Туылу, өсу, қартаю және жойылу – міне, тек өсімдіктер мен жануарларға ғана емес, саналы адамға да, оның шығармашылық күш-жігерімен құрылған мәдени ағзаларға да бұйырған үлес осы. “Өмірдің тамырының соғуы” пайда болу, даму және құлдырау кезеңдерін бастан өткізетін жекелеген оқшау тұйық мәдениеттердің құрылуына әкеледі. Ол осындай сегіз мәдениетті жариялайды: мысырлық, үнділік, вавилондық, қытайлық, аполлондық (грек-рим), “магиялық” (византиялық-арабтық), “фаустық” (батысевропалық) және майя. Әрбір мәдениет, Шпенглердің ойынша, өз “әлеміне” сәйкес ерекше “жанға” ие болады. Әрбір мәдениет туылысымен-ақ тағдырдың тәлкегімен өлімге бас тігеді. Жазмыш оған ақыры трагедиялық финалға жеткізетін мыңжылдық эволюция өлшеп береді.

Шпенглер өзінің мифологиялық концепциясында әрбір мәдениеттің негізгі символын – “прафеноменін” табу қажет, тек сол арқылы ғана оның “жанын” түсінуге болады деп есептеді. Ол ең басты назарды үш мәдениетке – греко-рим, батысевропалық және византиялық-араб мәдениеттеріне аударады. Олардың әрқайсысының “прафеномен” немесе базистік символ арқылы ашылатын өз “жандары” бар. Греко-рим мәдениетінің “аполлондық жаны” сезімдік тән (дене) символы арқылы ашылады. Батыстық мәдениеттің “фаустық” жаны шексіз кеңістік пен уақыт символында, ал “магиялық жан” – жан мен тәнді қарсы қою арқылы ашылады.

Мәдениет “жанның” пайда болуымен туылады және “жан” өз күшін сарқығанда өледі. Құлдыраушы мәдениет міндетті түрде өркениетке айналады. Мысалы “фаустық” мәдениет күйзеліс үстінде, яғни XIX ғасырда өркениет сатысына өткен ол өзінің машиналы кейіпінде адам тағдырларын тобырымен және бүкіл батыс әлеміндегі өмірдің өзін майдалап тастауда. Сондықтан да оның өзінің оқшау мәдениеттердің морфологиялық концепциясын жария еткен екі томдық еңбегі “Ервопаның дағдарысы” деп аталады.

*А.Дж. Тойнби* (1899-1975) – ағылшын философы және тарихшы. Ол оқшау өркениеттер концепциясын адамзат тарихының тұтастығы идеясымен келістіруге тырысады. О.Шпенглермен салыстырғанда ол жалпыәлемдік-тарихи процестің мәнін теріске шығармайды, бірақ жекелеген оқшау өркениеттердің өмір сүруін де мойындайды. Олардың типологиясын зерттеу бұл өркениеттердің қалыптасуы мен өмір сүруінің ішкі заңдылықтарын анықтауға негізделуі тиіс. Оның концепциясындағы тарихи процестің бөлінуінің негізгі бірлігі мәдениет емес, өркениет болып табылады. Ол оны қоғамдық дамуға ықпал ететіндей шығармашылық элитасы (зиялысы) бар қоғамның жағдайы ретінде түсінеді. Б.з.д. III мыңжылдықта қалыптасқан алғашқы өркениеттер технология саласындағы секірісті ғана білдірмейді, құрамында шығармашылық элитаның “өркениетті” тобы бар таптық қоғамның құрылуын білдіреді. Өркениеттің өсуі оның прогрессивті және қорытушы түрде өзіндік ішкі сара жолды анықтауымен сипатталады, яғни діни сана мен мәдениеттің неғұрлым жоғары және күрделі формаларына өтуді білдіреді. Ғалым “жоғары” діндер қатарына мыналарды жатқызады: зороастризм, иудаизм, буддизм, христиандық және ислам.

Оқшау өркениеттердің типологиясының өлшемінің негізінде антропологиялық сипаттама жатқызылады. А.Тойнбидің пікірінше “мәңгі адамның” төрт универсалды белгілері болады: сана және өзіндік сана, өз еркін білдіруге деген адами қабілет, қайырымдылық пен зұлымдықты ажырата білу, сана.

А.Тойнбидің тұжырымдауынша оқшау өркениеттер – бұл әлеуметтік және табиғи органың талабына деген жауап: табиғи-географиялық орта адамзат қауымдастығынан үнемі “жауап” талап етеді, ал тарихи көршілер тарапынан төнген қауіп, діни кемсітушілік және т.б. әлеуметтік тұрғыдағы “талап” болып табылады.



Өркениеттің тоқырауын Тойнби өзінің өткен жетістіктерін көшірумен ғана айналысып шығармашылық шарасыз күй кешкен шығармашылық элитаның өз күшін саркумен байланыстырады. Бұл қоғамның барлық жағдайына зиянды әсерін тигізеді. Мұның нәтижесінде өркениет өзінің ішкі бірлігі мен өзіндік бағыт таңдау қабілетінен айрылды. Өркениеттің құлдырау фазасы үш кезеңнен тұрады: өркениеттің тоқырауы, бұзылуы, жойылуы. Тоқырау мен жойылудың арасы ғасырларға, тіпті мыңжылдықтарға созылуы мүмкін. Мысалы, мысырлық өркениетте тоқырау б.з.д. XVI ғасырда орын алса, ал оның жойылуы б.з. V ғасырына сәйкес келеді. Екі мың жыл бойы ол “өмірдің тас болып қалған өлімі” формасында өмір сүрді. Тоқыраудан кейін де ұзақ өмір сүретін өркениеттерді белгілеу үшін А.Тойнби осы “тас болып қалған” өркениет терминін қолданады. Мысыр екі мың жылға қатып қалса, ал Қытай мың жылға тас болып қалған. Бұл өзге өркениеттерде де кездеседі.

А.Тойнби тарихта типологиялық тұрғыда ажыратылатын отыз алты өркениет бар деп есептейді. Ол өркениеттерді дамуы “толық іске асқан” және “іске аспаған” (мысалы, христиандық несториандық, христиандық монофизиттік, христиандық қиырбатыстық және т.б.) деп бөледі. Дамуы толық іске асқан өркениеттердің өзі тәуелсіз және сателлиттер деп бөлінеді. Тәуелсіздердің өзі мынадай өркениеттерге бөлінеді: өзгелермен байланысты емес (орта американдық, андтық); өзгелерден туындамайтын (шумер-аккад, мысыр, эгей және т.б.); өзгелерден туындайтын (сириялық, африкандық, православиелік-христиандық және т.б.). Өркениеттердің көпшілігі адамзаттық прогрестің, әлемдік тарихтың біртұтас ағынына қосылып кетеді (Бүкіләлемдік тарих және мәдениет И. Гердер, К. Ясперс).

Неміс философы *Иоганн Готфрид Гердер* (1744-1803) өзінің “Адамзат тарихы философиясының идеялары” деген еңбегінде тарих та табиғат сияқты қатаң заңдарға бағына отырып, белгілі бір тарихи жағдайлармен дамиды деген концепцияны ұсынды. Тарихтағы прогресс заңы табиғаттың прогресс заңына негізделген. Бұл еңбекте адамзат тегінің тарихы біздің планетаның тарихынан басталады. Гердер оның шығу тегі мен ғалам жүйесіндегі орнын сипаттайды. Әлем белгілі бір сатылардан өтетін үнемі даму үстіндегі бүтіндік, тұтастық күйінде көрінеді.

“1. Материяның ұйымдасуы – жылу, от, жарық, ауа, су, жер, тозаң, ғалам, электр және магнит күштері. 2. Қозғалыс, тартылыс және тебелістің барлық заңдары бойынша Жердің ұйымдасуы. 3. Тірі емес заттардың – тас, тұз, т.б. ұйымдасуы. 4. Өсімдіктердің – тамыр, жапырақ, гүл, күштердің ұйымдасуы. 5. Жануарлар: денелер, сезімдер. 6. Адамдар – зерде, ақыл-ой. 7. Әлемдік жан: барлығы”. Гердер үшін бұл схема үздіксіз жетілуші “дамудың тізбегін” білдіреді.

И. Гердердің еңбегінде негізгі орынды қоғамдық дамудың заңдары мәселесі алады. Қоғамдық дамудың себептерін ол ішкі және сыртқы факторлардың өзара әрекетінен көруге тырысты. Сыртқы факторлар – бұл адамдар өмірінің барлық жағдайларының жиынтығы (географиялық, табиғи). Қоғамдық дамудың басты стилі ретінде ол ішкі факторларды, органикалық күштерді атайды. “Адам қоғам үшін туылған” деген Гердердің афоризмінде қоғам – адамзаттық индивидтердің органикалық тұтастығы, онсыз адам ешкім емес деген ой түйінделген. Философ басты рөлді қоғамның күшіне бергендіктен ол өз назарын, ең алдымен, адамдарды қоғамға біріктіретін құралдарға аударады. Бұл құрал ретінде ол мәдениетті таниды. Мәдениет – бұл адамдар әрекетінің өнімі және сонымен бірге оның стимулы. Бұл ең алдымен тілге қатысты. Гердер үшін тіл ақыл-ойдың жай ғана құралы емес, “адамдардың ұлы ұйымдастырушысы” да. Адамдардың қарым-қатынасы мен оның дамуының маңызды құралы ретінде ол ғылымды, қолөнерді, өнерді атайды. Мәдениеттің маңызды элементтері қатарына сондай-ақ өзі “басқару” деген терминмен белгіленген қоғамдық институттар – отбасы, әртүлі көсемдер мен басқарушылар, соттар жатқызылады.

И. Гердер мәдениеттің теоретигі ғана емес, оның алғашқы тарихшыларының да бірі. Ол адамзаттың мәдени дамуында өткен жолды жалпы түрде шолуға талпыныс жасады. Оның пікірінше, адамзат тегі Азияда пайда болды. Мұнда ең ежелгі тілдер мен жазуларды аңғаруға болады. Азия – егіншілік пен мал шаруашылығының, ежелгі өнер мен ғылымның отаны. Гердер Азия халықтарына құрметін көрсете отырып, мәдениет тарихында европоцентризмнен бас тартты. XVIII ғасырда ғылым әлі көптеген халықтардың мәдениеті мен тарихын толық тани алмағандықтан,

ол өз кітабының кейбір бөлімдерін Қытайдың, Үндістанның, Үндіқытайдың, Кореяның, Жапонияның мәдениетінің тарихына арнайды: адамзаттың мәдениеті дамуындағы ежелгі Мысыр мен Қос өзен халықтарының рөліне жалпы сипаттама береді. Бұл халықтардағы мал шаруашылығы мен егіншіліктің, сауда мен қолөнердің, ирригациялық (суғару) жүйелерін құрудың, металлургияның жоғары дамығандығын ескертеді. Финикиялықтар алғаш рет алфавит қалыптастырып, әйнекті, металды оюды алғаш ойлап тапты. Ежелгі грек мәдениетіне талдау жасай отырып, өнерге үлкен көңіл бөледі.

Гердер грек тарихының негізгі кезеңдерін бөліп көрсетті: рулық мәдениеттің қалыптасуы, аристократиялық монархиялар (Спарта) мен демократиялық қалалық республикаларға (Афины) көшу, “Перикл ғасыры” – афины мәдениетінің гүлденуі, Афинаның құлауы және Македон монархиясының орнауы.

Гердердің пікірінше, ортағасырлар адамзаттың мәдени дамуындағы қажетті және маңызды кезең болды. Ол бұл кезеңдегі әлемдік мәдениеттің жетістігі шығыс халықтарының, оның ішінде рухани мәдениеті мұсылман дінімен анықталатын арабтардың табыстарын қоспаса, толық болмас еді деп есептейді. Арабтардың Кіші Азияны, Мысырды, Персияны жаулап алуы әлемдік мәдениет үшін прогрессивті нәтижелер берді. Арабтың ғалымдары антикалық ғылыми дәстүрдің мұрасын қабылдап алып, онан әрі европалық ғылымға ықпал етті. Европа арабтардан фарфор, қағаз, оқ дәрі, магниттік бағыттағыш (теңізде жүзу ісіне орасан зор ықпалын тигізген) сияқты нәрселерді білді. И.Гердер адамзат мәдениетінің дамуын XIV ғасырдың соңына дейін ғана қарастырды.

Алайда бұл оның әлемдік ғылымға қосқан үлесін кемітпейді. Оның мәдениет концепциясы мәдениет теориясы мен тарихтың кейінгі дамуына үлкен ықпалын тигізді. Оның гуманизмінің философиялық негізі – адамзат прогресі туралы ілімі болды. Қоғамның жоғары өрлеуін ол гумандылық деп атайды. Және адамзаттың бүкіл тарихы – оның өзі “абыройды, ақыл-ойды, еркіндікті, жоғары ұмтылыстар мен мақсатты, күш пен денсаулықты тәрбиелеу” деп түсінген гумандылыққа тезірек жетуге ұмтылған жарыс.

Неміс философы *Карл Ясперс* (1888-1969) өзінің бірқатар жұмыстарында (“Уақыттың рухани ахуалы”, “Тарихтың бастаулары мен оның мақсаты”) әлемдік мәдени-тарихи процестің өзіндік интерпретациясын (түсіндірмесін) баяндады. Оқшау мәдениеттер мен өркениеттер теориясын салыстырғанда, Ясперс адамзаттың шығу тегі мен даму жолы біртұтас деп тұжырымдайды. Тарихтың шынайы мәні – адамда адамзаттылықтың қалыптасуы, өйткені “тарихи мүмкіндіктердің шегі адам болмысының тұңғығында орналасқан”. Және адамның әлемде толық аяқталуы мүмкін емес, “себебі, адам үнемі өзінің шегінен шығуға ұмтылатын жан болып табылады”. Ол адамның нақтылығы ретіндегі тарих көп жағдайда рухани факторлармен анықталады деп сенеді. Философ христиандық ілімнің түрі өзгерген картинасы болып табылатын тарихтың линиялық схемасына назар аударады. Алайда Ясперс бұл схемаға өзінің философиялық және дүниетанымдық қондырғыларымен байланысты өзгерістер енгізеді. Оның пікірінше, “Әлемдік тарихтың белдеуі” тек Христің пайда болуымен анықталмауы тиіс, өйткені ол тек христиандар үшін ғана маңызды және бүкіл адамзатты қамти алмайды. Бірақ ол христиандықтан да, исламнан да тарихи дәстүрлері тереңде әрі ертеректе жатқан философиялық жалпы адамзаттық сенімді жариялайды. Философиялық сенімнің пайда болу уақыты ғана “әлемдік тарихтың белдеуі”, “белдеулі дәуір” болып табылады. Бұл уақыт қазіргі адамның типін қалыптастырған рухани дәстүрлердің Қытайда, Үндістанда, Персияда, Палестина мен Ежелгі Грецияда бір мезгілде, яғни б.з.д. 800-200 жылдар аралығындағы пайда болу кезеңі. “Белдеулік дәуір” – ғұрыптық табынушылыққа тән мифологиялық сана мен пұтқа табынушылықтың орнына жаңа әлемдік діндер мен философияның келген уақыты. Бұл дәуір адамның әлемге және өзіне деген жаңа қатынасын қалыптастырды: өзінің өткіншілігін, өз өмірінің жұтандығын сезіну, трагедиялық күнә алдындағы шарасыздық. Бұл әсіресе грек трагедиялары мен ертееврей пайғамбарларының уағыздарынан айқын көрінеді. “Адамзат болмысының бұл жалпы өзгерісін рухтану деп атауға болады... адам енді өзіне тұйықталмайды. Адам өз-өзін қаперіне алмайды, сондықтан жаңа шексіз мүмкіндіктер үшін ашық”, – деп тұжырымдайды К. Ясперс.

Рухтың осы оянуымен ол осы уақытқа дейін окшау өзара байланыссыз мәдениеттерге бөлініп келген адамзаттың жалпы тарихын осы кезден бастап санауды ұсынады. Демек, халықтар арасындағы нағыз байланыс рулық та, табиғи да емес, рухани байланыс болып табылады.

Осылайша, Ясперс бүкіл тарихи прогресті тарихқа дейін және бүкіләлемдік тарих деп бөледі. Ол әлемдік тарихтың схемасы мынадай төрт кезеңнен көрінеді: тарихқа дейін, ерте мәдениеттер, “белдеулік уақыт” кезеңі және техника ғасыры. Тарихқа дейінгі кезең – “прометей дәуірі” – адамның қалыптасу кезеңі: тілдің, еңбек құралдарының пайда болуы, отты пайдалануды үйрену. Онан кейін “жүздеген мыңжылдықтарға созылған тарихқа дейінгі кезеңнің қараңғы тұңғиығынан” б.з.д. 5 мыңжылдықтан бастап, Мессопатамияда, Мысырда, Инд және Хуанхэ аңғарларында ерте заманның ұлы мәдениеттері пайда болады. “Белдеулік уақыт” – тарихтағы шалт бұрылыс. “Белдеулік дәуірдің” негізін даярлаған ежелгі заманның ұлы мәдениеттері жойылады. Жаңа дәуір тарихи тұрғыда барлығын қамтиды. Бұл дәуірдің идеясын қабылдамаған халықтар, К.Ясперстің пікірінше, тарихтан тыс, табиғи өмір сүру деңгейінде қалып қояды. “Белдеулік дәуір” – әлемдік тарихтың өзінің тарихқа дейінгі өткеніне және жалпыәлемдік мәдениеттің болашақ дамуына жол сілтейтін өзіндік нүкте. Ясперс адамзат тарихтың нағыз негізін тудыруға қабілетті жаңа “белдеулік уақытқа” келуі де мүмкін деген болжам айтады.

## 7-8 дәріс. АЛҒАШҚЫ ҚАУЫМДЫҚ МӘДЕНИЕТ

1. Алғашқы қауымдық мәдениеттің рухани материалдық негіздері (киім деференциясы)
2. Мәдениеттің қалыптасуы: еңбек құралдарының, табу, ойынның пайда болуы
3. Ежелгі адам санасының синкреттілігі.
4. Діннің пайда болу мәселесі. Діни наным-сенімдердің ежелгі формалары (анимизм, фетишизм, тотемизм, шаманизм, магия ж.т.б.)
5. Әлемдік діндер эволюциясы

Алғашқы қауымдық құрылыс мәдениеті қашан және қай жерде пайда болды? Бұл сұрақтарға нақты жауап беру оңайлыққа соқпайды, өйткені адамның қалыптасу процесінің тарихы тереңде, сонау көне заманда жатыр. Ақиқатқа жүгінсек, қазіргі антропология ғылымының өзі де адамзат баласының қалыптасып, дамуына байланысты туындайтын көкейтесті мәселелерге егжей-тегжейлі жауап бере алмайды. Алғашқы қауымдық құрылыс адам баласының өсіп дамуындағы, адамдық жолға түсе бастауының ең алғашқы кезеңі болды және оның жүздеген мыңжылдықтарға созылғаны ақиқат. Оған басты дәлел ретінде адамдардың ең алғашқы еңбек құралдарының пайда болғанына 2,5 млн. жылға жуық уақыт өткендігін айтсақ та жеткілікті.

Дүние жүзінде жүргізіліп жатқан археологиялық жұмыстардың нәтижесінде алғашқы адамдардың қоныстары ашылып, олардың тастан жасалған құрал-саймандары көптеп табылуда. Олай болса, археология ғылымының ғылыми зерттеулерінің дәл осы тас құралдардан басталуы да тегіннен-тегін емес сияқты. Ғалымдардың пікірінше, алғашқы қауымдық құрылыс үш дәуірге бөлінеді. Олар: *тас дәуірі, қола дәуірі және темір дәуірі*. Тас дәуірінің өзі дүниежүзілік ғылымда бірнеше кезеңдерге бөлінеді. Көне тас дәуірі (палеолит) «Палеолит» термині гректің «палайос» – көне, «литос» – тас деген сөздерінен алынған, орта тас дәуірі (мезолит), жаңа тас дәуірі (неолит). Археология ғылымы саласындағы мұндай ғылыми тұжырым XIX ғасырда қалыптасқан. Тас дәуірі бұдан 2,5-2,6 млн. жылдай бұрын басталып, б.з.б. екі мыңыншы жылдықтың басына дейін созылған.

Өз кезегінде тас дәуірінің өзі үш кезеңге бөлінеді: бірінші тас дәуірінің ең алғашқы кезеңі – б.з.б 1-2млн. жыл мен б.з.б. 140 мыңыншы жылдар арасын қамтыса, ал екінші – көне тас дәуірінің орта кезеңі б.з.б. 140 мыңыншы жылдан б.з.б. 40 мыңыншы жылдар, ал үшінші кезеңі – көне тас ғасырының соңғы кезеңі – бұл б.з.б. 400 мыңыншы жылдан – 10 мыңыншы жылдың арасын қамтиды.

Алғашқы қауымдық құрылыстың екінші және үшінші кезеңдері – қола ғасыры – б.з.б. екінші және бірінші мыңжылдықтардың басын қамтыса, темір дәуірі шамамен б.з.б. бір мыңжылдықтың ортасынан басталады. Алғашқы қауымдық құрылыс өнерінің бастапқы кезеңінің басты ерекшелігі – синкретизм (гректің «қосылу» деген сөзінен шыққан) болды. Алғашқы адамдардың өзін қоршаған дүниені танып-білуі стихиялық жағдайда және олар табиғат күштерінің алдында өте дәрменсіз болды. Тағылық жағдайында өмір сүрген маймыл тәріздес адамдар – пикантроптар, синантроптар және т.б. жануарлар дүниесінен біртіндеп бөлініп шыға бастайды. Сөйтіп олар үшін тіршіліктің жаңа кезеңі басталды. Ертедегі адамдар тобыры біріге жүріп, өздеріне баспана, мекен-жай үшін үңгірлерді, апандарды жануарлардан тартып ала бастайды. Олар табиғаттың дайын өнімдерін теріп жеп, аңшылықпен айналысты. Бұл кезеңде адам құрғақ ағаштың үйкелеу, немесе бұрғылау арқылы от алуды үйренді және жыртқыш аңдардан қорғана алатындай дәрежеге жетті. Өнердің түрлі салалары бұл тұста қалыптаса қоймаса да, алғашқы адамдар бұл жарық дүниеден өз орнын тауып, өзін орнықтыруға барынша талпыныс жасады.

Осындай тарихи сындарлы кезеңде орта тас дәуірінің тұрғындары – неандертальдықтардың адамдық бет-нышандары қалыптаса бастаған болатын. Адамдар бір-бірімен ыммен түсінісу қабілетіне ие болды, көне тас ғасырына қарағанда тас құрлдардың сапасы да жақсара бастады. Бұдан байқалатыны адам баласының жетілуі, ойлау санасының дамуы, еңбек процесіне деген қабілетінің біртіндеп өсуі болып табылады. Табиғат құбылыстарымен тікелей байланысты туындаған саналы түбегейлі өзгерістер өмірлік тәжірибеге тікелей байланысты болды. Киім-кешек тігуді үйрену мен үңгірлерді пана ету, мамонт, үңгір

аюлары сияқты ірі аңдарды аулау – осы сындарлы кезеңнің басты табиғи жетістіктері болды. Ең бастысы – неандертальдықтар өздерін қоршаған дүние туралы ұғымдарын ыммен ғана емес, көркем тәсілдермен де білдіруге алғашқы талпыныстар жасады. Оған дәлел – біздің ата-бабаларымыздың алғашқы көркемдік тәжірибелерінің өте сирек кездесетін іздері ғана. Олар бар болғаны сүйектегі ою-өрнектер, тастағы бейнелер, қызыл минералдың (охра) түрлі-түсті дақтары. Уақыт өткен сайын олар өлген адамдарды көме бастады (бұрын өлген адамдарды лақтырып жіберетін немесе жеп қоятын). Дәл осы тұста алғашқы адамдардың діни наным-сенімдері қалыптаса бастады және соған байланысты салт-жоралар өмірге келді. Өздерінің мекен-жайына айналған үңгірлерге неандертальдықтар өлтірілген аңдардың сүйектерін жинаған және тастарды үйіп-төге берген. Бұл жабайы музей-қоймалар неге қажет болды екен? Ғалымдардың пікірінше, осы іс-әрекеттері арқылы алғашқы адамдар қауіп-қатерге толы аңшылықтан кейінгі алған әсерлері мен ішкі жансезімдерін осылай білдірген және соған байланысты салт-жоралар жасаған.

Палеолит кейін мезолит (орта тас дәуірі) және неолит (жаңа тас ғасыры) дәуірі кезеңдері басталады. Бұл дәуірлер бірнеше мыңдаған жылдарға созылады. Осы орайда алғашқы қауымдық құрылыс дәуірінің хронологиясын нақты жылмен белгілеп беру мүмкін еместігін, сондықтан да бұл дәуірлердің ұзақтығын шамамен алатындығымызды ескерте кеткенді жөн көрдік, өйткені алғашқы адамдарда жазу-сызу болған жоқ, ең алғашқылары тіпті бір-бірімен тілдесе де алмады. Тілдің кейінгі палеолит дәуірінде шығуы ешбір күмән туғызбайды. Тіл шыққанға дейін адамзат баласының ұзақ дәуірі үнсіздік жағдайында өтті. Одан қалғаны бар болғаны – тастар мен сүйектер, күл мен жартастардағы түрлі бейнелер ғана. Сағымдай бұлдыраған сол бір кезеңді (алғашқы қауымдық құрылысты) «тарихқа дейінгі кезең» деп атайтынымыз да сондықтан болар.

Өздеріңіз байқап отырғандай, ерте палеолит пен алғашқы қауымдық құрылыстың кейінгі кезеңдерінің уақыт алшақтығы мен қатар олардың сол дәуірлер тынысына байланысты өзіндік айтарлықтай айырмашылықтары да бар. Олай дейтініміз, уақыт өлшемі адамдардың қалыптасу процесі мен өмір-тіршілігіне



тікелей әсер етті. Сондықтан да болар, кейінгі палеолит дәуіріндегі адамзат мәдениеті, оның ішінде материалдық және рухани мәдениет жайында ауыз толтырып айтуға болатын сияқты. Олай болса, кейінгі палеолиттің тас ғасыры дәуірінде алатын орны ерекше болса керек.

Біріншіден, көне және орта палеолит дәуірлерінде алғашқы адамдардың биологиялық эволюциясы аяқталып «нағыз адам» қалыптасты. Екіншіден, тастан және т.б. жасалған түрлі құралдар көбейіп қана қоймай, сапалық өзгерістерге де ұшырады. Үшіншіден, кейінгі палеолит дәуірінің ең басты жаңалығы – экzogания болды да, ендігі жерде неке қарым-қатынастарынан ең жақын туысқандар – ата-аналары мен балалары, туған ағалары мен қарындастары шығарылып тасталды. Инцестке (қан араласу деген сөз) тыйым салу неке қарым-қатынастарының қоғамдық тұрғынан тәртіпке келтірудің бастамасы болды. Осындай түбегейлі қоғамдық-әлеуметтік өзгерістердің нәтижесінде ру және жанұя пайда болды.

Биологиялық-эволюциялық дамудың орнына тарихи-әлеуметтік дамудың келуі азғантай тарихи кезеңнің өзінде-ақ өз жемісін бере бастады. Бұл өзгерістердің басты нәтижесі – «мәдениет» деп аталатын дүниежүзілік тарихи құбылыс болып табылады. Оған еңбек құралдары, тұрғын үйлер мен тұрмыстық құрал-жабдықтар, тіл, дін, өнер, білім, адам бойындағы ізгілік қасиеттер және т.б. жатты. Антропогенездің (адамның пайда болуы) басында мәдениеттің жекелеген элементтері жөнінде ғана айтуға болса (мысалы: еңбек құралдары), ендігі жерде мәдениеттің толып жатқан басқа салалары жайында да нақты деректер келтіруге болады.

Кейінгі палеолиттің мәдениеті жөніндегі алғашқы ғылыми мәліметтер Францияның оңтүстігі мен Испанияның солтүстігінде жүргізілген археологиялық қазба жұмыстарының қорытындыларына байланысты негізделген. Ауа райы мен ланд-шафттың өзгергеніне қарамастан, Еуропаның бұл бұрышы адамдардың өмір сүруіне өте қолайлы болған. Сондықтан да болар, бұл өңірді мыңдаған жылдар бойы көптеген халықтар мекендеген. Бұл құпия жерлерді ғылыми тұрғыдан зерттеуде өткен ғасырдан бастап француз және испан археологтары үлкен белсенділік көрсетті.

1879 ж. испан археологы М. Саутуола Аль-тамир үңгірінен кейінгі палеолит дәуірінің алғашқы кескіндеме ескерткіштерін тапты. 1895 ж. Францияда Анри Брейль (1877 – 1961 ж.) Везера жазығындағы Ле-Комбателъ үңгірінен мамонттың, бизонның (тағы өгіздің), аюдың, жылқының жүзге тарта бейнелерін тауып, мол олжаға кенелді. Бір ғажабы, бұл бейнелердің арасынан адам бейнелері де кездескен. Дәл осы жылы Ле-Комбателъден жақын арадан археолог Пестрони Фон де Гом үңгірін тұтастай (сурет галереясын) ашып, мол олжаға кенелді. Оның ішінде жабайы жылқының – 40, мамонттың – 40, бұғының – 17 суреті бейнеленген. Бірақ ғалымдар арнайы үлкейткіш құралдардың көмегімен мамонттың азу тісінің кесілген жерін зерттеп қараған кезде, оның да Мезинск ескерткіштеріне ұқсас иректелген әшекейлі сызықтардан тұратындығын анықтаған. Демек, Мезинск әшекейінің негізі – табиғаттың өзінен туындаған әшекейлер болып табылады. Мезинск қонысының бір үйінен мамонттың сүйегінен жасалған музыкалық аспап табылған. Ол ритмдік шу тудыратын дыбыстарға арналған.

Кейінгі палеолиттің басты дәуірлері олжа табылған қоныстардың атымен аталады. Енді кейінгі палеолит дәуірі мәдениетінің әр кезеңдерде қандай өзгерістерге ұшырағандығын қысқаша қарастырып көрейік.

1. Перигорд кезі (35-20 мың жыл). Орта палеолиттен кейін іле-шала басталған бұл дәуірдің басты ескерткіштері мынандай: шеттері өңделген шақпақ тас құралдары, сүйектен жасалған біздер, найзаның ұштары және т.б. Бастапқы Перигорд кезеңінде салынған бейнелер кездеспейді, бірақ оның есесіне әсемдік заттар және бояу түрлері кеңінен таралған. Кейінгі Перигорд кезеңінде тасқа қашалып жасалған аңдар мен адамдардың бейнелері кездесе бастайды.

2. Ориньяк кезі (30-19 мың жыл). Бұл дәуірде адамдар мекендеген үңгірлердің қабырғаларынан саусақтарын кең жайып, оны бояумен айналдыра жүргізіп, шеңбермен қоршаған қолдардың таңбаларын кездестіреміз. Демек, алғашқы қауым адамы өз ізін таста қалдыруға, өзін мәңгі, әрі көрнекі етіп көрсетуге, өзінің өмір сүргендігін болашақ ұрпаққа жеткізгісі келген сияқты. Палеолит дәуірінің үңгірлерінен ерінге жағатын қызылбояулар салынған

ыдыстар табылған. Қауым адамдары гримге қажетті бет бояуларының 17 түрін білген және оларды түрлі діни мейрамдарда пайдаланатын болған. Ориньяк дәуірі адамдарының көркемдік тәжірибесі онша бай емес, бірақ соған қарамастан олар бейнелеу өнерінің қыр-сырын игеруге талпыныстар жасады. Жұмсақ тастан және пілдің азу тістерінен жасалған әйел мүсіндері пайда бола бастады. Бейнелеу өнерінің бұл алғашқы туындылары «Венералар» деп аталды. Ол кезде әйел қауымның бүкіл тұрмыс-тіршілігін басқарған және туыстық жағын да әйелдер айқындайтын матриархаттың, яғни ана тегінің үстем кезі болатын. Әмірші ана ұрпақтың есен-саулығы мен оның өмір тіршілігінің сарқылмас қайнар көзі болып саналады. Палеолит әйелдерінің («Венераларының») 150-ден астам мүсіндер дүние жүзінің әр елдерінде. Соған қарағанда алғашқы қауым суретшілері әйел денесінің сұлулығы мен сымбаты, нәзіктігі мен табиғилығынан гөрі ұрпақты көбейтер қасиеті – әйелдің салмақты күшін, алар орнын басымырақ көрсеткісі келген сияқты.

Эрмитажда мамонттың азу тісінен жасалған осындай мүсіндер қойылған: олардың жасалғанына 40-30 мың жыл өткен. Олардың ішінде табылған жердің атымен «Костенков (немесе Воронеж) Венерасы» – деп аталатын мүсін өзіңнің пластикалық әсерлілігімен, жеке мүшелерінің ұстамдылығымен таң қалдырады. Бұл өнер туындылары – аналық негізді әйел қасиетін мадақтайтын алғашқы қауым мүсіншілерінің бізге белгілі болған алғашқы нұсқалары болғанымен де, олар кейінгі заманда дүниеге келген атақты Венералар меи Мадонналардың бастапқы бейнелері болғандықтан аса құнды мәдени ескерткіштер болып саналады.

Солютре кезі (18-15 мың жыл). Мұздақтардың уақытша шегінуі палеолит адамдардың өміріне де айтарлықтай өзгерістер енгізді. Кремнийді өңдеудің ең жоғары тәсілі игеріліп, одан найзаның ұштары, пышақ, қанжар және т.б. жасала бастады. Кремнийден жасалған қырғағыштар, түйреуіштер, тескіштер, аса таяқтар, түрлі мүсіндер пайда болып, тіпті кремнийдің көмегімен сүйек пен тастан жасалған бұйымдар безендіріле бастады.

Мадлен кезі (15-8 мың жыл бұрын). Бұл дәуірде алғашқы адамдар қатал табиғат қыспағында өмір сүрді. Мадлендіктер үңгірлерде тұрды, мамонт, солтүстік бұғылар сияқты аңдарды

аулап, керек етті. Тас өңдеушілікпен шұғылдану біртіндеп жоғала бастады да, оның есесіне сүйектен жасалған құрал-саймандар, тұрмыс қажеттілігіне пайдаланылатын түрлі заттар көбейе бастады. Кремнийден жасалған заттардың саласы да жақсара бастады. Дөңгелек, бұрандалы және діни белгілердің пайда болуы адамның өзін қоршаған заттар жөніндегі ұғымының кеңіп, оны бейнелей бастайтындай дәрежеге жеткендігін айқын көрсетті.

***Діннің пайда болу мәселесі. Діни наным-сенімдердің ежелгі формалары (анимизм, фетишизм, тотемизм, шаманизм, магия ж.т.б.)***

Мәдениеттегі діннің рөлін әрбір мәдениеттің жүйе құрастырушы факторы деп анықтауға болады.

Дін – қоғамдық құбылыстардың ішіндегі ең күрделісі. Діннің мән-мағынасын қаншама ғұламалар ашып көрсетуге талпынған болатын. Дін жөнінде жазылған мақалалар, ғылыми еңбектер саны некен-саяқ. Дегенмен «діннің бастауы мен түндық терең мәні ел көзінен тасада қалып қойды». Қорқыныш-үрей де, сүйіспеншілік те, ата-бабаларды қастерлеу де және т.с.с. да діни сенімнің өз алдына жеке тұрған бастауы бола алмасы анық. Дінге нақты және бір мағыналы анықтама берем деу өте қиын. Егер «религия» – (дін) терминіне келер болсақ, латын тілінен дәлме-дәл аударғанда «байлау», «екінші қайта оралу» дегенді білдіретін көрінеді.

Цицерон шығармаларында «религия» сөзі халықтың тұрпайы соқыр сеніміне қарсы қойылған ұғым ретінде пайдаланылады.

Сенім – діннің негізін қалаушы фактор, оның субстанциясы. Сенім қарым-қатынас, байланыс сынды ұғымдармен астарлас жатыр. «Мен құдайға сенемін» деп айту үшін адам өзін сол құдаймен байланыста сезінуі қажет, оған бүкіл жан-тәнімен бет бұруы керек. Сенім белгілі бір мағынада өзін-өзі тәрк етуді, өзін құрбандыққа шалуды білдірері де анық. Құрбандық деп қандай да болмасын тілек үшін белгілі бір құн төлеу қажеттілігін сезінуден туындаған дүниені, айтады. Адам әлеуметінің ең көне рәсімі – құрбандық шалу рәсімі.

Құрбандық не мақсатпен шалынады, оның мәні неде және т.б. деген көптеген сұрақтар туады. Бірақ бұл жерде дінді анықтаудағы қиыншылықтар сияқты көп бөгетке тап боламыз. Бірақ осында көпшілікке белгілі, қалыптасып қалған көзқарас та жоқ емес – ол бойынша діни наным-сенімдердің қоғамды реттеушілік функциясы алдыңғы қатарға шығарылған. Басқа сөзбен айтар болсақ, ол көзқарас діннің де, сенімнің де қоғам-тудырушы рөлін анықтағысы келетіндігі айғақ.

Адам ұжымдары қақтығыссыз өмір сүре алмайды. Адамдардың алғашқы бірлестіктері зорлық-зомбылықсыз, «бәрінің бәріне соғысынсыз» (Т. Гоббс) болып көрген де емес. Бастарын біріктіре тұра, бір-бірімен қауымдаса тұра адамдар бөлінісіп, ыдырасып та үлгереді. Мұндай қиын-қыстау кезеңде адамдардың жағымсыз қасиеттерін – қанды жауыздық «құмарлығын» өзіндік бір жолға салып, оның қарқынын басатын бірден-бір құрал ретінде құрбан шалу қарастырылады. Яғни діннің бір негізгі көршісі болып табылатын құрбан шалу әрекеті қоғамды дезинтеграция, бытыраңқылықтан сақтайтын механизм болып табылды. Сол сияқты діннің өзінің бойынан да осы қасиетті кездестіреді яғни дін де адамдар арасындағы қиратушы зорлық-зомбылық күштеріне кері әрекет етіп, әлемге тыныштық, келісім, жақсылық әкелуді мақсат тұтады.

Адамдар бүкіл адамзат тарихы барысында өмірден тұрақтылық, өзгерместік, мәңгілік пен қасиетті іздеп келеді. Өртүрлі діндер осы ізденістердің жауабы деп түсінсек те болғандай. Дін адам Жанынан туындайтын дүние, ол өзінің мазмұнның көп түрлі нәрседен жинақтайтын болғандықтан өз ретінде адам өмірінің көптеген салаларын тәртіптеуші нормативті құрылым болып табылады.

Дін адам жан-дүниесінің талап-талпыныстары мен арман-мақсаттарының тоғысу нүктесі бейнесінде адам өмірінің толыққандылығын танытатын категория ретінде де қарастырылады.

Дін деп адамдардың қасиетті байланысты іздеу және табу барысында қол жеткізетін бірлестігінің тұрақтылығын қамтамасыз ететін методологиялық механизмді атайды.

Діннің негізінде рәсім түр. Рәсім деп жеке тұлғаның әлеуметтік іс-әрекетін қатал қадағалаушы ережелер жиынтығын айтады. Өкімет пен азаматтық қоғам институттары пайда болмай ұрпақ рәсім адамдар арасындағы қарым-қатынастарды реттеп, қоғамдық тәртіпті сақтауға болысқан.

Дамыған діндердің ортақ мүддесі – қақтығыссыз, кикілжіңсіз өмір сүру. Бір құдайға табынушы діндердің алғашқысы – иудаизмнің өзіне қауымдастар арасындағы жанжалды бүкіл көпшілік алдында ортақтаса шешу принципі қабыл алынған болатын. Діни бірлестік бұл жерде қауым арасында үйлесімді тіршілік етуді көздейтін және бейбіт-тыныш өмір сүрудің кепілдігі бола алатын дәрежеде көрсетілген. Дін – бейбіт өмірдің субстанциясы. Дін арқылы көпшілік арасында кең танымал бейбітсүйгіштік идеясы тарайды.

Жалпы қайдай да болмасын қауымның тұрақты әрі үзіліссіз, ұдайы дамуының және қызмет етуінің түпкі себебі сол қауым мүшелерінің әлеуметіне лайық, мақсат-мүделлі іс-әрекетіне көп байланысты екендігі кімге де болса түсінікті нәрсе. Адамның жалған өмірінің шеңберінен тысқары орналасқан қандай да бір түпнегіздер табу – діннің болмыс етуінің алғы шарты. Қоғамдағы адамның алдында көптеген өмірлік маңызы бар сұрақтар туары рас, ал енді оның шешімін құдайға деген сенімсіз, дінсіз табу қиынға соғады, әлде тіпті де мүмкін емес деуге болады. Ол мәселелер мәңгілік мәселелер және де ол адам болмыс-бітімінің айрықша ерекшелігін құрастырады да. Сондықтан да діннің қай кезеңінде болмасын, қандай қоғам типінде болмасын алар рөлі ерекше.

Бастапқыда дін өкіметпен, мемлекетпен тығыз байланыста өмір сүрді. Мысалы, қола дәуіріндегі көптеген мәдениеттерде саяси және рәсімдік немесе діни қызметтерді бөліп жару өте қиын болатын. Көне шығыс өркениеттерінде діни ұйымдар мемлекеттік басқару ісіне тікелей араласатын еді. Бұндай күйді біз орта ғасырлық Еуропа тарихынан да кездестіреміз. Еуропада тек Жаңа Дәуірдегі ірі рухани төңкерілістен кейін ғана жағдай мүлдем басқаша болып өзгереді. Қайта Өрлеу кезеңінен басталған өзгерістер нәтижесінде еуропалық қоғамдық-мәдени өмір шіркеу қарамағынан, оның қатал бақылауынан бірте-бірте босана бастайды. Бұл процесс реформация нәтижесінде жылдамдап, қарқын алады.

Мәдениеттің зайырлылық принципіне өтуі саяси-қоғамдық және экономикалық құндылықтардың пайдалану аясының кенеюімен, ғылыми зерттеулер мен техникалық шығармашылықтың қарқынды дамуымен етене байланысты жүріп отырды. Қоғамның, жеке адамның дін ықпалынан айырылуы шіркеудің өкіметтен, мемлекеттен шеттеуіне, соның нәтижесінде оның саяси құрылымдар қатарынан жеке бастың еншілігіне қарай ығысуына, яғни мемлекеттен азаматтық қоғам аясына ауысуына әкеліп соқты.

Батыс адамзаты өкімет билігінің заңға негізделген легалды түріне көшкен сәтте Шығыста әлі де болса сакралды (қасиетті) және профанды (қарапайым күнделікті), діни және зайырлы бастамалардың біте қайнасып жатуы көзге ұрады. Соның айғағы ретінде исламдық әлем мен қытайдың ұлы мәдениеттерін мысал ете кетуге болады.

Христиан және буддизм дінімен салыстырғанда дүние жүзілік діндердің тағы бірі – ислам адамдардың күнделікті тіршіліктегі көп араласады. Сондықтан болар исламда дін мен саясаттың, діни ұйымдар мен мемлекеттік органдардың байланысы тамырын тереңге жайған.

Ислам мен оның өкімет билігі құрылымдарымен ара қатынасын байыптау Қазақстандағы дін мен азаматтық қоғам мәселесін қарастырғанда қажет болады. Қазақстан Республикасының ата заңы – Конституциясы бойынша дін мемлекеттен алшақ бөлінген, ол дегеніміз жоғарыда аталғандардың әрқайсысы өз алдына өзінің қызметтерін атқарады әрі бір-біріне кедергі етпейді деген сөз. Біздің республикамыздың азаматтарының қандай дінді ұстанам деуі, яғни, ар-ождан еріктілігі Қазақстан Республикасының Конституциясының, Азаматтық Кодексіне, «Қазақстан Республикасының діни бірлестіктер және дін тұту еркіндігі туралы» Заңдарына негізделеді.

Қазақстан Республикасында заң жүзінде бекітілген шіркеу-мешіттің мемлекеттен бөлінуі діннің мемлекетке ешбір етер ықпалы жоқ дегенді білдірмесе керек. Қандай да болмасын мемлекет азаматтардан тұрады, ал олардың өзіндік наным-сенімдері, соның ішінде діни наным-сенімдері бар болатын болса, онда мемлекет те өзін толығымен діннің ықпалынан тысқарымын деп сезіне алмайды. Діни факторды ескермей маңызды әлеуметтік

процестерді қарастыру және олардың мәселелі тұстарын шешу мүмкін емес екендігін бүгінде елдің бәрі мойындайды. Дін елдің бәріне, көпшілікке түсінікті түрде адамзат тарихының мәні мен ерекшелігі туралы сұрақ қояды, адамшылық идеясын алға тартады, адамгершілікті тұлға, ар-ождан, ұят туралы қозғалыстарды қалыптастырады. Ол тек адамның сыртқы қылығы мен іс-әрекетін ғана реттеп, бағыттап қоймайды, сонымен қатар ішкі дүниесін жасайды, адамның Мейірімділік, Махаббат және Шындыққа деген сенімі мен үмітін қалыптастырады.

Қазіргі таңда әлемде бар діндердің қайсысымен болсын әлсіз байланысқан адам бүгінгі таңда әбіржу үстінде – ол не өзінің заң беруші ақыл-ойына, не ұлы пайғамбарлар мен адамзаттың ұлы ұстаздарына сенуі керек. Біздің замандас жоғарыда аталғандардың қайсысын тандап алғанына қарамастан діни қажеттіліктің өзектілігі азаймайды, кемімейді. Діни қажеттіліктер әсіресе қоғамдық қарым-қатынастардың күрт өзгерісіне ұшыраған, түбегейлі жаңашыл бағыт ұстанған қиын-қыстау өтпелі кезеңдерінде өте маңызды болары сөзсіз, өйткені дәл сондай шақтарда жеке тұлғаның өзінің болашағына деген үміті жоғалып, өзіне деген сенімінің азаятындығы белгілі. Сондықтан болар, КСРО-ның ыдырауы, яғни алғы шептегі қоғамдық мұрат – «коммунистік бақытты болашақтың» жүзеге аспай қалуының нәтижесінде адамдардың көпшілігі әр түрлі діни конфессияларға, бірлестіктерге бет бұрды.

Қазірде Батыста болсын, Шығыстың көптеген зайырлы мемлекеттерінде болсын, солардың арасында бізде де дін азаматтық қоғамның біріктіруші-бақылау механизмі ретінде қарастырылады. Азаматтық қоғамдағы діннің негізгі қызметі оның мәдени-әлеуметтік жүйенің бірлігін сақтап қалушы күш болып табылатындығында. Көптеген діни бірлестіктер өздерінің діни насихатын шаруашылық қызметімен қоса ала жүреді, нәтижесінде республика территориясында кіші жекеменшік ұжымдар мен фирмалар пайда болып, экономиканың дамуына және жаңа жұмыс орындарының пайда болуына әсерін тигізеді. Шіркеулер мен мешіттер қаражаттан тапшылық көретін кем-тарларға, кәрі-



құрталдарға, жалғызіліктілерге және т.с.с. қайырымдылық көрсетуді де ұмытпайды. Діни ұйымдардың бүкіл қаржы-қайрат, іс-әрекеттері бейбітшілік, төзімділік және сүйіспеншілік мұраттарын өмірге енгізу үшін бағышталған.

Бәрімізге белгілі бір жай – зорлық-зомбылықтың алдын алу, болдырмау басталып кеткен, орын алған зорлық-зомбылықты тоқтатудан гөрі әлдеқайда оңайға соғады. Себебі зорлық-зомбылық көзі адамның жаратылыс табиғатымен, инстинктерімен байланысты болғандықтан ол көбінде иррационалдық, соқырсезімділікке жақын түр.

## 9 дәріс. ЕЖЕЛГІ МЕСОПОТАМИ ЖЕРІНДЕГІ МӘДЕНИЕТ

1. Ежелгі өркениеттердің пайда болу алғы шарттары
2. Қалалардың, мемлекеттің, жеке меншіктің, жазудың, азаматтық қоғамның алғашқы нұсқаларының пайда болуы
3. Шумер өркениеті және оның өзге өркениеттерге ықпалы

### Ежелгі Месопотамияның (Қос өзен) мәдениеті

ХІХ ғ.соңғы ширегінде Тигр және Ефрат (Қос өзен) өзендерінің бойында жүргізілген археологиялық қазба жұмыстарының нәтижесінде ежелгі ескі қалалардың орны ашылып, әлемге «Шумер өркениеті» деген жаңа мәдениет белгілі болды. Қос өзен бойында Шумер, Аккад, Вавилон, Ассирия, Иран сияқты түрлі мемлекеттік құрылымдар тарих сахнасында бірінен кейін бірі алмасып тұрды, түрлі халықтар өзара сауда-саттық жасаумен қатар, өзара әскери қақтығыстарға да жиі барып тұрды, соның салдарынан қалалар мен әсем ғимараттар күл-талқан болып қирады. Бірақ мұндай қақтығысқа қарамастан бұл мемлекеттердің мәдени гүлдену процесі тоқтап қалған жоқ.

Оған дәлел, Қос өзеннің ең көне мәдениеті Шумер-аккад мәдениеті. В.В.Струве, В.И.Авуев, В.А. Тураев, Б.И.Грозный сияқты аса көрнекті шығыстанушы ғалымдардың пікірінше, шумерлер бүкіл Вавилон мәдениетінің негізін қалаушылар болып саналады. Ал шумерліктердің өздері, олардың ата-бабаларын Қос өзен өңіріне сонау таудың ар жағынан, солтүстіктен, яғни солтүстік –шығыстан келген.

Ғалымдардың айтуынша, бұл келгендер «тау тұрғындары», «малшы көшпелілер» болып есептелсе керек. Шумердің 3100-2800 жылдардағы халқы туралы белгілі ғалым Л.Вулли: «Дәл осы кезеңде бұлардың халқының басым көпшілігі келімсектерден құрылғаны анық. Әр түрлі себептермен келген олар бұл елдегі халықтардың игере алмай отырған биік мәдениетін өркендетуге белгілі дәрежеде әсер еткен болса керек», – деп жазды.

Шумер мемлекетінің мәдени жетістіктері орасан зор болды. Адамзат тарихындағы алғашқы «алтын ғасыр туралы» поэмасы шумер елінің топырағында жарық көрді, шумерліктер

алғашқы элегияларды жазды, дүние жүзінде бірінші рет кітапханалық каталогтар жасауды игерді. Осы орайда ғалымдар «Месопотамия – архивтер отаны» деп тегіннен-тегін атамағанын атап өткіміз келеді, өйткені мұнда мемлекеттік архивтермен қатар жеке адамдардың да архивтері болған. Сонымен қатар шумерліктер – ең көне медициналық еңбектердің, дәрі-дәрмек рецептері жинақтарының авторлары, диқаншының тұңғыш күнтізбесін жасаған да осы шумерліктер.

Өз заманында іргелі мемлекет құрған шумерлер айналасы тас дуалды әдемі қалалар салудың тамаша үлгісін көрсете білді. Қалада патша сарайы, дін ордалары, қалалық әкімшілік, шеберхана, мектеп, базар, тұрғын үйлер тәртіппен түзіліп, шаһардың сәулетіне сәулет қосты.

Дүние жүзіндегі алғашқы жазуды ойлап табу да осы дарынды халықтың үлесіне тиген. Шумерлер сына жазуын ойлап табумен қатар, оның жетілген оқулықтарын, грамматикасын жасады. Шумер елінде мектептер мәдениет пен білім ошағына айналды. Бір таңқаларлық жағдай дінтану оқу бағдарламаларына енгізілмеген. Оқушылар негізгі пәндер – шумер тілі мен әдебиетімен қатар, математика, астрономия, грамматика сияқты ғылым салаларын оқумен шұғылданған.

Мектептерде шәкірттердің білімін сараптайтын сынақ жүйесі болды, медицина, сот істері бір ізге қойылды, сәлемхат жазба түріндегі елшілік қарым-қатынас, келісім шарттарға ерекше мән берілді, қазыналық кіріс-шығыс есебі мұқият жүргізілді. Әдебиет пен өнер өркен жайды. Адамзат қауымының тұңғыш әдебиет үлгісі, сына жазу арқылы бізге келіп жеткен даңқты «Гильгамеш туралы аңыз» қасиетті шумер елінде дүниеге келді. Бұл тамаша дастанда адам өмірінің мәні мен маңызы туралы мәселе көтеріліп, өлім мен өмірдің арақатынасы жайында фәлсәфалық толғаулар айтылды.

Шумер мәдениетін зерттеген шетел ғалымдарының айтуынша, шумер мемлекетінің бірнеше қалалары болған. Солардың ішінде Ур-Уч қаласы негізгі бас шаһар болып саналады. Сондай-ақ шумерлердің Ларса, Лагаш, Умма, Аратта, Шуруппак сияқты бір-біріне жапсарлас орналасқан қалалары да болған.

Қос өзеннің байырғы тұрғындары – шумерлердің діни наным-сенімдері де, мифологиясы да жан-жақты дамыған. Өз құдайларын «Ан-Ки» деп білген. «Аны» – аспан, «Киі» – жер, демек олар көк иесіне «Ан» деген, ал жер иесіне «Ки» деген атақ берген. Шумерлер адамзат тағдырын шешетін 50-ден астам құдай бар деп есептеген. Олардың біразының аты белгілі: Ан, Ан-Ки, Ан-Лил, Ереш-кигал, Инанна, Нурур-Саг, Мама, Мами, Уту, Марту, Ие, Мардук, Шамаш және т.б.

Қазіргі заман мәдениетінде шумер-вавилондық математика мен астрономия өз ізін қалдырды. Оған дәлел ретінде күні бүгінге дейін шеңберді 360 градусқа, сағатты 60 минутқа, ал минутты секундқа бөлген шумерлік есептеу жүйесін қолданатынымызды айтсақ та жеткілікті сияқты.

Шумер – Аккад өркениетінің тікелей мұрагері ежелгі Вавилон болды. Б.з.д. 2 мыңжылдықтың ортасында Хаммурапи патшаның тұсында Вавилон қаласы бүкіл Шумер және Аккад облыстарын өзінің қол астына біріктірді. Хаммурапидың кезінде екі метрлік тас дінгекке сыналап жазылған атақты заңдар жинағы өмірге келді. Хаммурапи заңдарында Қос өзен алқабының ежелгі тұрғындарының шаруашылық өмірі, салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары және дүниетанымы кеңінен көрініс тапты. Бір кездерде қуатты Вавилон патшалығы мен және ұлы Ассирия державасы туралы деректер өткен ғасырға дейін тек Библиядан, сондай-ақ Геродоттың және тағы да басқа көне заман авторларының еңбектерінен ғана белгілі болатын. Ал Мосулдағы француз консулы Поль Эмиль Ботта Қос өзен бойында таңқаларлық археологиялық жаңалық ашып, осы бір ұлы мәдениеттің көмескі жақтарын айқындауға жол салып берді.

Қос өзен бойының байырғы тұрғындары суға және аспанға табынған. Суға табынушылық, бір жағынан ол құнарлық, береке көзі болғандықтан болса, екінші жағынан бұл өңірді талай рет ойрандаған мейірімсіз жауыздық күші болғандықтан қалыптасса керек.

Б.з.д. 5 ғ. Вавилонда астрологиялық мектептер болған, ал жұлдыздардың өзара қашықтығын көрсететін таблицалар күні бүгінге дейін сақталған.

Вавилон абыздарының ілімі бойынша адамдар құдайға құлшылық ету үшін балшықтан жаратылған. Вавилондықтар көп құдайларға табынған, солардың ішіндегі ең бастылары: Шамаш-Күн құдайы, Син-Ай құдайы, Адад-Жауыншашын құдайы, Нергал-Өлім құдайы, Ирра-Соғыс құдайы, Вильги-От құдайы. Вавилонның дінін, мәдениеті мен өнерін қабылдап, оны одан әрі дамытты. Ғалымдар Ассирия патшасы Ашшурбанипал сарайының қирандыларынан бірнеше ондаған мың сына жазу тексті, соның ішінде вавилон әдебиетінің аса құнды шығармалары бар кітапхана тапты. Шығыс елдерінің ішіндегі ең әйгілі, ең бай бұл кітапханада вавилондық әдеби шығармалармен қатар, заңдар жинағы, тарихи туындылар мен ғылыми еңбектер де жинақталған.

Ассирияның алдыңғы Азиядағы үстемдігі тым ұзаққа созылған жоқ, б.з.д. 6 ғ. Вавилон мен Ассирияның орнын қуатты Иран империясы басты. Осылай алдыңғы Азияда өз үстемдігін басқа да елдерге орнатқан жаңа мемлекет орнықты. Оның құрамына Вавилон мен Ассирия, Кіші Азия мен Египет, Мидия, Армения, Сирия және Орта Азия да енген болатын. Өзі бағындырған халықтардың мәдениетінен сусындаған Иран мәдениеті негізінен Шумер өркениетінің әсерімен қалыптасқан. Олай болса «Иран шумерлік мәдениетінің екінші үйі болып табылады» деген А. Тойнбидің пікіріне қосылмасқа шарамыз жоқ. Иран мәдениетінің шарықтаған кезеңі – Ахменидтер династиясының үстемділігімен тұспа-тұс келеді.

Ахменидтік иран өнері, ғалымдардың пікірінше, нағыз сарайлық өнер болды.

Иран өркениетінің тірегі – зороастризм діні болды. Ол мемлекеттік дін болғандықтан мемлекет тарапынан үлкен қолдау тапты. Зороастризм тек қана діни наным-сенім жүйесі ғана емес, сонымен қатар философиялық, дүниетанымдық жүйе болып табылады.

Зороастризмнің қасиетті кітабы – әдеби және мәдени жәдігер «Авеста». «Киелі Авеста кітабы» ежелгі мәдениеттен хабардар етіп, қана қоймай, сол дәуірдегі заман оқиғаларынан терең мағлұматтар беріп, көне тарих беттерінен сыр шертеді және ежелгі Иран тілдерінің ең ежелгі, ең құнды ескерткіштерінің бірі болып саналады.

Зороастризм бойынша, әлемде бір-біріне қарама-қарсы екі негіздің – жақсылық пен ізгіліктің құдайы, нұрдың, өмірді ақиқаттың рәмізі Ахура – Мазда мен зұлымдықтық белгісі, қараңғылық пен өлім таңбасы Анхра-Майньюдің арасында толастамайтын күрес жүріп жатады. Өз қарсыласына қарсы күресте Ахура-Мазда адамды жаратады.

Бұл діннің аңыздары болашақ жайындағы күрделі ілімі де уағыздайды. Олардың болжамынша, дүниежүзілік тарих 12 мың жылға созылады, оның үш мың жылы «Алтын ғасыр кезеңі».

Иран өркениетінің тағы бір жетістігі – ондағы ескі парсылық сына жазуы. Вавилондық сына жазуда 300 таңба болса, парсыларда бар – жоғы 43 таңба қалған.

Б.з.д. 4ғ. Иранда Сасанидтер династиясы үстемдік етті. Олар өздерінің ата-тегін құдайлармен байланыстырды, табиғат күштеріне сыйынды, отқа, суға табынды. Өкінішке орай, Сасанидтер династиясының көптеген мәдени мұралары әр түрлі тарихи жағдайларға байланысты құрып кетті. Гүлденген Сасанидтер мәдениетінен қалғаны – патша сарайлары мен сәулетті храмдардың үйінділері, ондаған алтын, күміс ыдыстар, парсы кілемдері мен жібектің қалдықтары ғана. Сөйтіп, адамзат мәдениетінің ең құнарлы бастамаларының бірі болған бұл мемлекет те құлады. Б.з.б. 4ғ. Александр Македонский жаулап алғаннан кейін Иран дәл Египет сияқты эллинистік мәдениетінің арнасына қосылды.

## 10 дәріс. ЕЖЕЛГІ ЕГИПЕТ МӘДЕНИЕТІ

1. Ежелгі Египет материалды және рухани мәдениетінің ерекшеліктері (наным-сенімдері, жазуы, менталитеті)
2. Египет мәдениетінің әлемдік өркениеттегі орны

Египеттіктер табиғаттың жыл сайын жаңаратындығы аңғарған, өйткені Ніл өзені тасығанда жерлерді құнарландырады, сөйтіп төңірекке өмір мен береке туғызады, ал тартылғанда құрғақшылық келеді, бірақ бұл ажал емес, өйткені – одан кейігі де жыл сайын Ніл қайтадан тасып отырады. Табиғатта болып жатқан осы сияқты құбылыстардың негізінде «өлген адам тіріледі» деген діни ілім пайда болды. Бұл ілім діни және мәдени салада ғана емес, сонымен қатар саяси, экономикалық, саяси өмірде де үлкен роль атқарады. Тереңірек ойлап қарасақ, бұл ілімнің өмірге келуі ажалға деген табанды қарсылықтан туған. Жыл сайын буырқанып таситын Ніл өзені сияқты адам жаны да денеге қайтып оралады деген діни түсінік адамдар санасында берік орнықты. Олар қазірді адамның уақытша баспанасы деп санады. Ендігі жерде мәңгілік өмірді қамтамасыз ету мәселесі тұрды. Ол үшін адамның денесін сақтап, тірлікте оған қажет болғанның бәрімен қабірде де қамтамасыз ету керек, демек денені бальзамдап, оны мумияға айналдыру, не болмаса өлген адамның денесіне ұқсас етіп, оның мүсінін жасау қажеттігі туды. Сондықтан да, ежелгі Египетте мүсіншіні «санх», яғни «өмірді жасаушы» деп атады. Мүсіншілер өлген адамның бейнесін жасауды тіршілікті қайта жандандыру деп санап, бұл кәсіптерін ерекше мақтан етті.

Шындығында да, өнердің бұл саласы адамдар түсінігінде сиқырлы күшке айналды. Аруаққа табыну, суретші санасына «егер дене сақталса немесе толық бейнеленсе, өлген адамның жаны оған қайтып оралады» деген түсінікті сіңірді. Өмірдің табиғи ағысын бұзушылық болып көрінген ажалды тоқтатып, жеңіл шығуға болады деген құштарлық, өлімді жеңуге болады деген үміт осы аруаққа табынуды туғызып, ежелгі Египет өнерінің барлық салаларына өз таңбасын салды.

Адамдар санасында қалыптасқан аруаққа табыну – перғауындарды «құдай» деп танумен тығыз ұштасты. Ал құдай –

патшалардың (перғауындардың) құрметіне пирамидалар (мазарлар) салына бастады. Өз кезегінде Египеттің жоғары әміршісі – құдай саналған перғауын өзінің құрметіне салынған мазардың әрі асқак, әрі берік етіп салынуына ерекше мән берді. Сән-салтанатпен салынатын мұндай пирамидалар қыруар қаржыны ғана емес, ұзаққа созылған ауыр да, азапты еңбекті қажет етті.

Осы бір азапты еңбек қасіретті өмір Египет құлдарының үлесіне тиген болатын.

Пирамидалар перғауындар мен ең атақты адамдар үшін ғана салынды. Египет абыздарының қағидаларына сүйенсек, патшалар мен вельможаларға ғана емес, кез келген адам жерлеуге байланысты бүкіл салт-жоралар толық орындалған жағдайда мәңгілік өмірлік күш – «Ка-ға» (мәңгілік өмір) ие болады. Бірақ қаржыны көп қажет ететіндіктен кедей адамдардың денелері бальзамдалмады, оларды матаға орап, көпшілік зираттарының шетіне көме салды. Демек, пирамидалардың салынуы – көне Египет қоғамындағы адамдар арасындағы иектен тыс теңсіздіктің кеңінен орын алғандығын байқатады.

Б.з.б. III-II ғ. құдай – патшаларға арналған құрылыстар – пирамидалар мен храмдар негізінен тастан жасалды. Пирамидалар салу мемлекеттің экономикасын әлсіретіп, қазынаны тауысты, әсіресе халық тарапынан көп шығын мен жұмыс күшін қажет етті. Сондықтан да, пирамидалар салу – халық қайыршылығының басты себепкері болды. Ал егер пирамидалар салуға жұмсалған қыруар қаржы мен египет халқының табанды еңбегін халық игілігіне жұмсағанда (жолдар салғанда және т.б.). Египет сөзсіз экономикасы жоғары дамыған өркениетті елге айналған болар еді деген ой еріксіз келеді.

«Күдіретті құдай» – фараондардың о дүниеге барғанда жанға сая, басқа баспана болатын мәңгілік ғұмырдағы үйлері – пирамидалар көргенді де, көрмегенді де таң қалдыратын дәуір ескерткіштері. «Әлемнің жеті кереметі» аталған өнер туындыларының бірінен саналады. Ерекше атап өтетін бір жай, Египет сәулетшілері өз есімдерін өздері жасаған ескерткіштерге тасқа қажап жазған, демек олар өз еңбегінің нарқын түсіне білген, сондықтан да өз даңқын шығаруға, оны болашақ ұрпаққа мұра етуге арланмаған. Дұрыс та, әділ шешім, өйткені ежелгі заманды



былай қойғанда, осыдан небәрі бірнеше ғасыр бұрын ғана салынған феодалдық Еуропаның соборлары мен сарайларын, шіркеулері мен князь үйлерін және тағы да басқа тамаша ғимараттарды салған сәулетшілердің есімдері ілуде бірі болмаса, көпшілігі осы уақытқа дейін белгісіз күйінде қалды. Ал, бүгінгі ұрпақ осыдан бес мың жылдай бұрын тұрғызылған Египеттің ең көне пирамидасы – перғауын Джосердің пирамидасын жасаушының аты-жөнін білуі – осы ащы шындықтың айғағы болса керек. Оның сәулетшісі – Имхотептің ғалымдық, дәрігерлік, философиялық еңбектері өз заманында аса жоғары бағаланған. Ол сонымен қатар ұрпақтар есінде ұлы балгер, сиқыршы ретінде де қалған, өйткені ғылым дамуының сонау бастауы кезеңінде ғұмыр кешкен ғалымдардың өмірі міндетті түрде балгерлікпен астасып жатқан. Имхотеп тіптен екі рет құдай деп танылған. Арада екі жарым мың жыл өткенде гректер оған «медицинаның құдайы» ретінде табынған. Оның мүсіні, сірә, ғалымдарға орнатылған алғашқы мүсін болуы да ғажап емес. Оның мүсіндері сақталынбаған, бірақ Мемфисте Имхотептің құрметіне орнатылған ғибадатхана бар.

Джосер пирамидасы көп сатылы құрылыс, ол ұзыннан-ұзақ басқыш тәрізді аспанға өрлей береді. Бұл пирамиданың биіктігі – 60 м. болса, одан кейінгі салынған пирамидалар одан да биік, одан да аумақты. «Сонда осындай алып құрылыстарды салу неге қажет болды екен?» – деген ойға еріксіз келесіз. Біздің ойымызша, жиналған байлықты қоғам өзінің билеп-төстеушілері арқылы аспан меп жер үстіндегі өктемдігін жүзеге асыру ісіне жұмсаудан басқа амал таппады. Сонымен бірге жұмыр басты пенденің ой-қиялы өзіне табындырып қою үшін тірі құдай – перғауын о дүниеден тыныш орын алмақ та болған шығар. Басқаны былай қойғанда, пирамидалардың өте биік етіп салынуы – өзін құдаймен қатар қойған тәкаппар да, мансапқор перғауынның қарапайым халықтан артықшылығын көрсету мақсатынан да туған сияқты. Әйтеуір, қалай болғанда да Египет (Мысыр) мәдениетінің бастауында салынған бұл пирамидалар өз еліндегі ғана емес, бүкіл дүние жүзіндегі ең құдіретті ғимарат болып қала береді.

Адамзат баласын таң қалдырған талай мәдени мұралар күлге айналып, гүлденген қалалар жермен-жексен болды,

мейірімсіз де қатал уақыттың сынына шыдай алмаған кереметтер («Әлемнің жеті кереметі») бірінен соң бірі жоғала бастады. Ал бүгінгі күнге кереметтердің ең көнесі осы Мысыр пирамидалары ғана жетіп отыр, ендеше көне тарихтың куәгері болған бұл тамаша ғимараттар әлі де талай ұрпақтардың қызықтай берер аса құнды мәдени ескерткіші ретінде қала бермек.

Б.з.б. бір мың жылдықтың басына қарай пирамидалар салынуы тоқтатылды. Пирамидалар ендігі жерде тастан емес, шикі кесектен тұрғызыла бастады, ал мұның өзі бұрынғыдай қымбатқа түспейтін болды. Перғауын бұрынғысынша құдай саналғандықтан олардың құрметіне сансыз мүсіндер орнатыла бастады, демек перғауындарға құдай есебінде табыну көне Египеттің діни наным-сенімдеріне басты орын алды. Египетте құдайлар өте көп болған, тіпті әрбір қаланың бірнеше құдайы болған. Ең күдіретті құдай, яғни құдайлардың құдайы – Күн құдайы «Ра» болды. Одан кейінгі басты орынға – өлім құдайы «Осирис» шықты. Египеттіктер өздері о дүниеге аттанғаннан кейін Осирис жер асты патшалығының құдайы болатындығына кәміл сенген. Құнарлы жер мен аналықтың құдайы Осирисің әрі қарындасы, әрі әйелі – Исида болды. Ай құдайы екінші жағынан жазу құдайы да болып саналса, ал Маат – шындық пен тәртіптің құдайына айналды.

Көне Египетте кеңінен орын алған мұндай көп құдайға табынушылық мемлекетті орталықтандыру ісіне нұқсан келтіріп, басқарушы өкіметті одан әрі әлсірете түсті, тіпті мұндай жағдайда басып алған тайпаларды бағыныштылықта ұстаудың өзі қиындыққа соқты. Міне, осындай сындарлы кезеңде тарих сахнасына діни реформатор перғауын Аменхотеп (б.з.д. 1419-1400 ж. аралығында билік жүргізген) шықты. Оның басты мақсаты – бір құдайға табынуды жүзеге асыру болды, сөйтіп адамзат тарихында тұңғыш рет көп құдайға табынушылықтан бір құдайға табынушылыққа көшуге маңызды қадам жасалды. Ол жаңа мемлекеттік діни наным-сенім еңгізіп, жалғыз құдай «Атон» деген ат берілген Күн шарын жариялады. Осы күннен бастап көп құдайға табынушылық жойылып, осыған байланысты олардың ғибадатханалары жабылып, олардың иелігіндегі дүние-мүліктер тәркіленді. Бұл шынайы тарихи төңкеріс кезеңінде перғауын IV Аменхотеп өз атын құдай атына сәйкестендіріп «Эхнатон» деп («Атан рухы»

деген мағына береді) өзгертіп, Египеттің астанасын ежелгі Фивыдан өзі салдырған «Атоп көкжиегі» деген мағынаны білдіретін Ахетотон қаласына көшірді (бұл қаланың орнында қазіргі уақытта Амарн атты шағын қыстақ тұр, сондықтан да Египет тарихының Эхнатолға байланысты барлық кезеңі «Амарндық» деп аталады).

Эхнатонның жүргізе бастаған реформаларының абыздар тарапынан жойқын қарсылыққа ұшырап, өмірінің, қысқа болуына қарамастан сол дәуірдің мәдениетінің даму барысына, оның болашағына өз әсерін тигізбей қойған жоқ. Ең бастысы – өнер саласында патша бейнесін барынша дәріптеуден бас тартушылық пен канондар мен стильден гөрі мәдени туындылардың ішкі мазмұнына мән беру құбылысының алғашқы нышандары белгілі бола бастады. Атап айтқанда, «Амарн өнері» деген атауға ие болған бұл дәуір мәдениетінде бейнелердің нанымдылығы, жеке бейнелер мен бүкіл композицияның өзара үйлесімділігі, өнер туындыларындағы лирикалық сырластық, сезімдік қасиеттердің пайда болуы – баға жетпес мәнді мәдени құбылыстар болып табылады.

Ойымыз дәлелді болу үшін ата-анасының алдында жұмсақ жастыққа отырып, қаннен-қаперсіз ойынға кіріскен Эхнатонның қыздары – кіп-кішкентай жалаңаш ханшалар бейнеленген суретті алайық. Рахат та, бейғам өмірдің құшағындағы осы бір бейкүнә сәбилердің шаттық өмірін бейнелейтін бұл сурет шын мәнісінде Египеттің асқаралы өнеріндегі бұрын кездеспеген жайлар болатын.

Не болмаса Эхнатонның әйелі Нефертитидің портретін көз алдыңызға елестетіңізші. Ғажайып та, сымбатты бұл бейненің даңқы бүгінгі заманға дейін жетіп отырған жоқ па? Әйелге тән нәзіктік пен сұлулық, тек әйел атаулыға тән аналық, пәк сезім мен ішкі жан тебіренісі, ой тереңдігі мен табиғи тәкаппарлығы ғажайып бейнеден ап-айқын боп көрініп тұрғанын қалайша мойындамасқа! Ендеше, Нефертити портретінің барлық әйелдердің ішіндегі ең тамашасы деген атаққа ие болуы да – осы бір ерекше қасиеттердің құдіретті бейне бойынан табылуы болса керек.

Бұл дәуірден кейінгі кезендерде де Египет өнері өз дамуында айта қаларлықтай табыстарға жетті. 1922 ж. дүние жүзін

таң қалдырған тамаша жаңалық, яғни баға жетпес көркем өнер қазынасы сақталған перғауын Тутанхамонның мұхият жасырылынған қабірі табылды. Бұл тамаша табыс – ағылшын археологы Г. Картердің «Патшалар алқабындағы» ұзақ жылдар бойы жүргізген еңбегінің жемісі болатын. Эхнатонның мұрагері болған бұл перғауын небәрі 20 жасқа жетпей дүние салған, бірақ ол өз заманында ерекше атаққа ие бола алмаса да, осы бір сәнді дүниелері арқылы біздің заманымызда ерекше даңққа бөленді. Олай болатын себебі Египеттің бүкіл патшаларының қабірлерінің ішінде тек қана Тутанхамонның қабірі ғана тонаушылар қолына түспей, барлық қазынасымен сақталып қалған.

Египет мәдениеті – сан-салалы мәдениет. Солардың бірі – біздің заманымызға келіп жеткен Египеттің ең көне жазу текстері. Олар – құдайларға құлшылық ету мен шаруашылықты жүргізуге байланысты жазбалар. Б.з.б. екі мыңыншы жылдыққа жататын ең көне әдеби мұралардың кейбіреулері сақталып қалған, бірақ ғалымдардың пікірінше, бұлардан да көне әдеби мұралар болғандығы ақиқат. Өкінішке орай, олар біздің заманымызға дейін келіп жетпеген. Египеттің көркем әдебиетінің түрлі жанрлары болған. Олар: патшалар мен ұлы даналардың өз балаларына арналған нақыл сөздері, түрлі тақырыптарды қамтитын әңгімелер және т.б. Көне Египет әдебиетінің тамаша туындыларының бірі – «Өмірден түңілген адамның өз жанымен сұхбаты» деп аталады. Өмірден қатты түңілген бұл адам өлімге бет бұрады. Бірақ оның жаны бұл әрекетке барынша қарсылық жасап, бұл өмірдің қызығы мен рахатын көруге кеңес беріп, оны өлімнен сақтандырады.

Иероглифтер – көне Мысыр мәдениетінің ажырамас бөлігі болып табылады, өйткені бұл өлкеде салынған қай ғимаратты алсаң да, олар иероглифтерге бай болып келеді. Кейіннен, көне мысырлық иероглифтік жазу буындық жүйеге көшті (қытайлықтар болса мұндай өзгерістерге ұшырамай өз жазба дәстүрлерін сақтап қалған).

Ерекше атап өтетін бір жайт, Египет жерінде салынған ғибадатханалардың алдына сфинкстер тұрғызылды. Тастан қажалып жасалған сфинкстердің денесі арыстан, ал басы адам бейнесінде болды. Сфинкс – Египет әміршісінің құдіреті мен күшінің оның даналығы мен жұмбақтығының жаршысы болды. Ең

алып сфинкс б.з.б үшінші мыңжылдықта салынған. Ол осы уақытқа дейін Хефрен пирамидасын күзетіп тұр. Тұтастай алынған жартастан жасалған бұл сфинкстің басы адамның басынан отыз есе үлкен, ұзындығы 57 метрге жетеді.

Ғылым саласында да көне Египет айта қаларлықтай жетістіктерге жетті. Тамаша ғимараттардың, әсіресе пирамидалардың салынуына қарап математика, геометрия сияқты ғылым салаларының қаншалықты сатыға көтерілгендігін айқын аңғаруға болатын сияқты. Б.з.б XXI ғ. аяғы мен XIX ғ. басында шардың жоғарғы жағы үлкен дәлдікпен есептеліп шығарылды. Адамзат тарихындағы ең көне сағаттар – су және күн сағаттарын алғаш жасаушылар да осы мысырлықтар болатын. Астрономия ғылымымен қатар, медицина ғылымы да өз дамуында тамаша табыстарға жетті. Адам организміндегі мидың атқаратын қызметі анықталды, сонымен қатар әртүрлі ауруларға байланысты көз, тіс және т.б. дәрігерлері пайда болды.

Б.з.б. екінші ғасырдың аяғы бір мыңыншы жылдықтың басынан бастап Египет мәдениетіне Криттің, Сирияның, Қосөзен бойындағы құл иленуші мемлекеттердің мәдениеті өз әсерін тигізе бастады. Б.з.б. VI ғ. Египетті парсылар жаулап, ал олардың үстемдігі б.з.б. 405 ж. дейін созылды. Одан кейін де Египет мемлекетінің тәуелсіздігі ұзаққа созылған жоқ, біздің з.б. 332 ж. македондықтар Египетті өздеріне бағынышты етумен қатар, Александр Македонскийдің (б.з.б. 356-323 ж.) құрметіне Александрия қаласының негізін қалады. Египет абыздары Македонскийді құшақ жая қарсы алып, оны «Құдайдың ұлы» деп жариялады. Осы бір тарихи кезінде Египет гректер мен египеттік құдайлардың басты қасиеттерін бойына жинақтаған жаңа Сарапис құдайының бейнесін қалыптастырды, оған халық болып табыну басталды. Ал Александрия қаласы болса Шығыс әлемі мен грек халқының мәдени орталығына айналады, сөйтіп Египетте эллиндік мәдениет кеңінен қанат жайды. Атақты сәулетші Дейнократтың жобасы бойынша салынған Александрия қаласының ұзыннан-ұзақ көшелері, театры, кітапханасы, толып жатқан ғибадатханалары мен бақшалары, моншалары мен түрлі демалыс орындары болды. Мұнда өз дәуірінің талай ғұлама ғалымдары, ақындары, суретшілері еңбек етті. Бұл қалада «Әлемнің жеті кереметінің» бірі – атақты Александрия шырағы салынды.

## 11 дәріс. ЕЖЕЛГІ ШЫҒЫС МӘДЕНИЕТИ

1. Ежелгі Үнді мәдениеті. Арилық мәдениетке дейінгі кезең (Хараппа, Мохенджодадо)
2. Индоеуропалық мәдениеттің әлемдік өркениеттегі орны (Мавтериалды, рухани мәдениетінің ерекшелігі)
3. Үнді мәдениетіндегі дүниеге көз қарас

Біздің жыл санауымыздан үш мың жыл бұрын ежелгі үнді жерінде қауымдық қоғам ыдырап, оның орнына құлдық қоғам қалыптаса бастады. Осыған орай ежелгі үнді қоғамы 4 варнаға (каста) бөлінді. Олар: брахмандар (абыздар), кшатрийлер (әскербасылар), вайшылер (ауқатты шаруалар) және шудралар (құлдар). Әр варна тұйықталған әлеуметтік топ болды да, әрқайсысы қоғамда өзіне тиесілі орын алды және өздеріне ғана тән әстүрлі мамандықтары болды. Мысалы, брахмандардың үлесіне – ой еңбегі, кшатрийларға – әкери қызмет, вайшылерге – ауылшаруашылық, қолөнер кәсібі, сауагерлік тисе, шудраларға – қара жұмыс қана тиді. Ежелгі үнді қоғамының осы даму кезеңіне сай мифологиялық, философиялы көзқарастары да қалыптасты. Олар негізінен үнді мәдениетінің ескерткіші ведаларда (веда б.д.д. 1500 ж.) жинақталған. Ведалар төрт бөлімнен тұрады: 1. Самхит – құдайларға арналған гимндер жинаға; 2. Брахман – самхитті түсіндіретін әртүрлі мифологиялық әңгімелер, ритуалдар т.б.; 3. Араньякта (орман кітабы) – брахманға тән ритуалдың орнына құдайларды іштей сыйлап-құрметтеу, олар туралы ойланып-толғану сияқты көзқарас; 4. Ведалардың ең соңғы сатысы “упанишадта” – дәстүрлі варналарды бір-біріне қарсы қоюдан гөрі, олардың арасындағы айырмашылықты ең жоғары білім арқылы жоққа шығаруға болады деген идея уағыздалады. Упанишадты басты тезісі брахман туралы. Ғарыштың негізінде мәңгі мәнділік – брахман жатыр. Ал одан барлық заттар дамып өскен. Олай болса, брахман – бар әлемнің генетикалық, түпнегіздік бастамасы және олардың соңы. Брахман екі түрлі болады. Біріншісі – қозғалмайды, нақты өмір сүреді, бірақ жойылып кетуі мүмкін, ал екіншісі – жойылмайды, өлмейді, қозғалыста болады және ақиқат. Бірінші брахман көптүрлі болса, екіншісі – жалқы. Кейбір жағдайларды

брахманмен қатар, синоним ретінде, атман ұғымы да қарастырылады. Атманның табиғаты – бір жағынан дене сияқты болса, екінші жағынан рух сияқты. Рухты атман – тіршіліктің негізгі, ал екеуі қосылып, барлық денелердің ішкі бастамасы, негізгі және соңы болады. Атман тек бастама ғана емес, ол – саналы тіршілік иесі, әлемді жаратушы. Брахман және атманмен қатар тұрған ұғымдардың бірі – пуруша және “мен”. Пуруша (еркек) – ол әлем, адам түріндегі әлем. Сондықтан атман бастапқыда пуруша түрінде болып, “мен әлемді жаратамын”, – деп: аспан суын, сәуленің бөлшектерін, өлімді, суды жаратты.

Ведалар негізінде қалыптасқан философиялық ілімдер сол ведалардың беделін мойындау-мойындамауына байланысты әртүрлі бағыттарға бөлінеді: жайнизм, буддизм, даршандар, чарвактар-локаяттар, санкхья т.б.

Ал сансардан азат болу үшін “үш қазынаны” сақтау керек. Олар: дұрыс қылық, шынайы білім, дұрыс сенім. Дұрыс сенім – тиртханкалар деп аталатын 24 әулиенің іс-әрекетіне сену болса, дұрыс қылық – тазалықты, шындықты, сабырлықты, өзіне каталдықты, салмақтылықты т.б.

Жайнизм кейінірек келе дигамбар және шветамбар деген екі сектаға бөлініп кетті. Жайнизмге үндістанда қазірдің өзінде де көптеген адамдар сенеді.

Буддизм. Бұл философиялық ағымның шығу тарихы принцип сиддхарта гаутаманың (б.д.д. 563-83 жж.) Есімімен тығыз байланысты. Буддизм ілімі бойынша, өмір-қасірет. Адам қандай әлеуметтік сатыда тұрса да аурудан, кәріліктен, өлімнен құтыла алмайды. Оған құдайға шалған құрбандық та көмектесе алмайды. Қасіреттен құтылудың бірден-бір жолы – сансардан (жанның бір денеден бір денеге ауысып отыруы) толық азат болу. Ол үшін адам төрт түрлі ақиқатты білуі қажет: 1. өмір - қасірет. өмірге келу, кәрілік, ауру, өлім, жақсы көрген нәрсеннен айрылу, қажетіне жете алмау т.б. – осылардың бәрі - қасірет; 2. Қасіреттің пайда болуы туралы ақиқат; 3. Қасіреттің пайда болу себебі - өмірден ләззат алуға деген құштарлық екенін түсініп аталған құштарлықтардан құтылу арқылы оны жеңуге болатындығына сену; 4. Құштарлықтан құтылу жолдарын білу. Құштарлықтан құтылу оңай емес, ол үшін сегіз әдептілік қағиданы бұлжытпай орындау арқылы жанды

таза ұстауға тырысу қажет. Олар: 1. Дұрыс жол – төрт ақиқатты дұрыс түсіну; 2. Дұрыс шешім – төрт ақиқатқа өз өмірін айтпау біреуді босқа жамандау, балағат сөз айтпау; 4. Дұрыс іс-әрекет – ешқандай тіршілік иесіне жамандық жасамау, ұрлық-қарлықтан қашық болу; 5. Дұрыс күш жасамау – құмарлықпен, жаман оймен күресу; 7. Дұрыс ой бағыты – бұл дүниенің жалған, алдамшы, уақытша екенін түсіну; 8. Дұрыс жинақтала білу – өз дененді сезінуден, ойлаудан, түйсінуден арылу.

Дұрыс жинақтала білудің өзі төрт сатыдан тұрады: 1. Ойды 4 ақиқатқа түсініп, пайымдауға бағыштау; 2. Осы төрт ақиқатқа сену. Ол біздің жанымыздың тыныштықта және қуанышта болуына мүмкіндік береді; 3. Қуаныш-қайғыдан, өз дененді сезінуден арылу; 4. Толық сабырлық және талғаусыздық жағдайға жету. Соңғы сатыны будда “нирвана” деп атайды. Нирвана - қайта тірілуден құтқару. Нирвана мокшаның өзгерген түрі. Тек нирвананың мокшадан айырмашылығы, мокша жанды қасіреттен о дүниеде азат етсе, нирвана – бұл дүниеде азат етеді. Нирвана жағдайына жеткен адамды архат (қадірлі, құрметті, сыйлы адам) деп атайды. Нирвана, архат жағдайына жеткен адамды брахман деуге де болады. Олай болса, нирвана – ең жоғары ләззат. Кейін келе, нирвана ұғымы адамның бойынан бүкіл әлемдік көрініске ауысады. Әлемдегі нирвана мәңгі, оны ешкім дүниеге әкелмейді және пайда болуының себебі жоқ. Әлемдік нирвананы сезім мүшелері арқылы қабылдау мүмкін емес, оны тек ғана дұрыс жолмен жүрген, ақыл-ойы таза, күнделікті қызықтан алшақ адам танып-біле алады.

Біздің дәуірімізге дейінгі III ғасырда индияның ресми идеологиясы болды. Кейінірек келе, ол дінге айналып, екі ағымға бөлініп кетті. Хинаяна – “кіші шеңбер” деп аталатын ағым алғашқы буддизмге жақынырақ болса, махаяна – “үлкен шеңбер” деп аталатын ағым – архаттан гөрі “бодхисатваны” пір тұтады. “бодхисатва” – архатқа жетпеген бірақ толық білімге жетуге талпынып жүрген адам. Ол білгір адамнан гөрі дін уағыздаушы адамға көбірек ұқсайды. Өзінің ерлігімен, батырлығымен ол тек өзін ғана құтқармайды, өз күшімен нирванаға жете алмайтындардың бәрін құтқарады. Сөйтіп, нирвана өзінің бұрынғы мағынасынан айрылып, “жұмақ” ұғымға пара-пар ұғымға айналды.



Буддизмге сенушілер Үндістанның өзінен гөрі одан тыс мемлекеттерде көп кездеседі (қытай, жапония, бирма, цейлон т.б.). Ал үндістанның өзінде буддизмнің орнын брахманизм басады да, буддизмдегі будда вишну құдайдың бір көрінісі болып қалады.

## 12 дәріс. ЕЖЕЛГІ ҚЫТАЙ МӘДЕНИЕТІ

1. Қытай жеріндегі өркениеттер
2. Қытай мәдениетінің архетиптері: инь және янь, дао, конфуциандық
3. Қытай өркениетінің материалды мәдениеттегі жетістіктері

Жер бетіндегі алғашқы мемлекеттердің бірі – ежелгі Қытай елінің тұрғындары – ерекше материалдық және рухани мәдениетті жасаушылар болды. Олар өмірді – құдайдың табиғаттан тыс күштерінің сыйы екендігіне кәміл сеніп, дүниедегінің бәрі де ұдайы қозғалыста болады және жарық пен қараңғылық атты бір-біріне қарама-қарсы екі космостық күштердің өзара қақтығысының нәтижесінде әлем ұдайы өзгерістерге ұшырап отырады деп санады. Көне заманда қытайлықтар жер жүзіндегі басқа да халықтар сияқты табиғат күштеріне, яғни жердің, күннің, айдың, таулырдың, өзендердің, желдің, жаңбырдың және т.б. рухына табынды және олардың құрметіне құрбандықтар шала отырып, халықтың қажеттілігіне байланысты игі өтініштер жасады. Солардың ішінде барлық рухтар мен о дүниедегі адамдардың жандарын өз ырықанда ұстайтын «жоғарғы құдай» ерекше бағланды.

Кейіннен қоғамдық өмірде болған өзгерістерге байланысты патша билігін дәріптеушілік пайда болды. Патша «аспанның ұлы» деп танылып, ол – құдайдың жер бетіндегі өкілі ретінде мойындалды. Б.з.б. XII ғ. бастап-ақ бұрын тек қана «жоғарғы құдайды» белгілеуге арналған иероглифтермен жаңа патшаларды да белгілей бастады. Ерекше атап өтетін бір жайт, Қытайда атабаба рухына табынуға үлкен мән берген. Бұл дәстүрлі наным-сенімнің негізінде адам өлгеннен кейін де оның жаны өмір сүруін жалғастыра береді, тіпті ол тірілердің істеріне араласа береді деген ұғым жатыр. Қытайлықтардың бұл қағидаларға кәміл сенгендігі соншалық, олар өлген уақытта адамдар мен құлиеленушілердің қызметшілерін, құлдарын, тіршілікте пайдаланған заттарын қоса көмдірген.

Б.з.б. бір мыңжылдықтың ортасында Қытай елінде кейіннен философиялық жүйеге айналған үш басты идеологиялық бағыт қалыптасты. Олар: даосизм, Конфуций ілімі және

Үндістанда пайда болып, кейіннен Қытайға кеңінен тараған – буддизм. Бұл ілімдердің Қытай мәдениетінде алатын орны зор және осы заманға дейін қытайлықтардың қоғамдық өмірінің барлық жақтарына өз ықпалын сақтауда.

Бұл ілімдердің бірі «даосизм». Оның негізін қалаушы б.з.б. VI ғ. өмір сүрген «Дао және дэ» кітаптарының авторы, ұлы кемеңгер ойшыл Лао-Цзы. Даосизмнің негізгі философиялық категориясы – «дао» – заң. Даосизм бойынша, бүкіл дүние жүзі бір ғана заңдылыққа – «даоға» бағындырылған. «Дао» табиғаттағы құбылыстар мен заттардың сан алуандығын қамтамасыз етеді, олай болса нақты өмір-табиғат «құдайдың» немесе табиғаттан тыс күштердің еркіне емес, «даоға» байланысты өмір сүреді. «Даосизм» адам заттардың табиғи реттілігін ешуақытта да бұза алмайды, сондықтан да кезкелген адам қоғамдағы оқиғалардың барысына сырттай қараумен ғана қанағаттану керек және «даоға» жетуге тырысушылық – адамның тағдыры, «жазмышы болып саналады» деп санады. Демек, даосизмнің жолын қушылар батыл іс-қимылдан бас тартуды уағыздап, «әрекетсіздік» теориясын ұсынды. бұл теория – даосизмнің басты қағидасына айналды. Олар «ең ақылгөйлік жол – әрекетсіздік күрессіз жол» деп пайымдады.

Кейіннен «мәңгілік өмір» жайындағы даосистік шамандықпен, сиқыршылықпен, астрология және деменологиямен ұштасып кетті. Діни даосизмнің үстемдік еткен кезеңінде мәңгілік өмір сүретін даосистік әулиелер жөнінде түрлі аңыздар таралып.

Ежелгі қытай мемлекеті – шын мәніндегі шығыстық деспотия болатын. Мемлекет басшысы – әрі монах, әрі жрец және жалғыз ғана жер иесі болды. Әртүрлі рангтағы аристократия мемлекеттік қызметте болды. Олардан кейін әлеуметтік сатыда – рубасылары, отбасы (семья) басылары тұрды. Ал құлдар болса, олар жануарлар сияқты әлеуметтік сатыдан тыс қалды.

Заң болған жоқ сондықтан әлеуметтік сатыда жоғары тұрғындардың өктемдігінен ешкім тыс қала алмады. Бірақ мемлекет басшысының (ван) алдына әртүрлі әлеуметтік сатылардың бәрі тең болды. Халық арасындағы қарым-қатынас күрделі, шым-шытырақ ритуалдарға негізделді.

Мысалы, тірілердің өлгендерге, олардың рухына, табиғат құбылыстарына, жерге және аспанға деген қарым-қатынас негізіне

қалыптасқан діни көзқарас, әдет-ғұрып, дәстүрлермен тығыз байланыстағы ритуалдар, жоғары әлеуметтік сатыда тұрғындар мен төменгі сатыдағылардың арақатынасын нақтылап, айқындайды, т.б.

Қытайлардың сол кездегі дүниетанымдық көзқарастары “бес кітап” (у цзин) аталатын кітаптарда шоғырланған. Бұл кітаптар өздерін білімді санайтын әр адамның көзқарастарын қалыптастыруда үлкен рөл атқарды.

Ежелгі қытайда ғылымның да кейбір салалары пайда бола бастады. Мысалы: математика астрономия, медицина. Осы ғылымдар саласындағы жетістіктер негізінде ай мен күннің тұтылу мезгілін анықтады, астрономиялық құбылыстар мен тұтылу мезгілін анықтады, астрономиялық құбылыстар мен жердегі құбылыстардың байланысын айқындауға, күнтізбе (календарь), уақыт есептеу т.б. Тәсілін ойлап, табуа мүмкіндік туды. Бірақ, ғылым әлі де болса әлжуаз қалыпта еді. Бұл жағдай философиялық ілімдердің деңгейіне әсер етпей қойған жоқ.

Біздің дәуірімізге дейінгі үшінші ғасырдың аяғында пайда болған ежелгі қытай философиясы кейінірек негізгі алты философиялық бағытқа – мектептарға бөлінді. Олар: конфуцийшылдық, моизм, заң мектебі (легистер), даосизм, тұрпайы философтар (натурфилософия) және атаулар мектебі. Біз бұл аталған философиялық мектептердің ішіндегі ең көрнектілері – конфуцийшылдық, даосизм және легистерге ғана қысқаша тоқталамыз.

Конфуцийшылдық. Бұл философиялық ағымның пайда болуы және қалыптасуы, осы ағымның негізін қалаушы кун-фуцзы, оның ізбасарлары мэн-цзы және сюнь-цзының есімдерімен тығыз байланысты.

Кун-фу-цзы (б.д.д. 551-479 жж.) Кедейленген ақсүйек әскербасы отбасында дүниеге келген. Ата-анасынан ерте айырылған ол тек 15 жасында ғана білімге құштарлық танытады, ал 50 жасында өз мектебін қалыптастырады. Оның көптеген ізбасарлары болған. Олар ұстазының және өздерінің ой-пікірлерін, қағидалары мен тұжырымдарын жинақтап, “Әңгімелер мен пікірлер” (“лунь юй”) деген конфуцийшылдық ілімнің негізгі шығармасын дүниеге келтірді. Қытайлықтардың көптеген ұрпақтары бұл кітапты үлгі тұтып, басшылыққа алған.

Кун-фу-цзының ілімінше, ең жоғары жаратушы күш – аспан ол жерде әділеттілік болуын қадағалап отырады. Ал қоғамдағы теңсіздік, әртүрлі сатыдағы топтардың болуы ол – әділеттілік. Олай болса, аспан (көк) осы теңсіздікті қорғайды. Кун-фу-цзы өзінің ілімін аспан денелерінің заңдылықтарын немесе, бабалар рухын зерттеуге арнамайды. “Өмірді” не екенін білмей жатып өлімнің, рухтың не екенін қайдан білеміз”, – деуінің өзі осыған айғақ.

Керісінше, оның қарастыратын негізгі мәселесі – адамдар арасынағы қарым-қатынас, тәрбие мәселері. Осыған орай ол мынадай ұғымдарға көбірек көңіл бөледі. Олар: “тең орта”, “адамгершілік” және “өзара сүйіспеншілік”. Осы үш ұғым бірігіп, “дао” (дұрыс жол) құрайды. Әр адам осы даоның жолымен өмір сүруі қажет.

“Тең орта” – адамдардың сабырсыздық пен сақтықтың арасындағы іс-әрекеті. Өмірде мұндай “органы” ұстап, іс-әрекет жасау оңай емес, себебі, адамдардың көпшілігі сабырсыздық көрсетсе, бір тобы тым сақ келеді.

Ал адамгершіліктің негізгі – “жэнь” – “ата-анасын құрметтеу және үлкен ағаларын сыйлау”, жалпы алғанда, үлкендерді сыйлау. Кімде кім шын жүректен адамгершілікке ұмтылса, ол еш уақытта жамандық жасамайды. Ал “өзара сүйіспеншілік” арқылы қарым-қатынас, конфуцийшылдық әдептілік туралы ілімінің негізгі өзекті ұғымы. Бұл әдептілік қағидасы, бір сөзбен айтқанда: “Өзің қаламайтын нәрсені басқа біреуге жасама”, – дегенге сайып келеді. Аталған әдептілік қағидаларын “текті адамдар” (цзюнь-цзы) ғана басшылыққа алып, іс-әрекет жасайды.

Конфуцийшылдар өздерінің шығармаларының көбіне осы “текті адамдарға” қарапайым адамдары қарсы қояды. “текті адам” – заң мен парызды басшылыққа алса, қарапайым адам қалай тиімді орналасып, пайда тапсам деп ойлайды; “текті адамға” үлкен маңызды шаруалар тапсыруға болса, қарапайым адамға оңдай тапсырма бере алмайсың, оларға тек қана ұсақ-түйек тапсыруға болады; “текті адам” басқалармен келісімді жағдайда өмір сүрсе де, оларды артынан ермейді, өзінің жолын ұстайды, ал қарапайым адам жұртпен келісімді өмір сүрмесе де, солардың айтқанын істеп, артында жүруге дайын тұрады т.б.

“Текті адам” тек қана этикалық ұғым емес, ол саяси ұғым да. Ол халықты басқарады. Ал басқарудың негізгі қайнар көзі – басшының өз басының әдептілік қасиеттерін өзінен төмен тұрғандарға мысал ретінде көрсету. Егер басшылар “дао” жолымен жүрсе, онда халық оларға қарсы келмейді.

Кун-фу-цзы барлық нәрсе өзгерісте болады, уақыт тоқтамай өтіп жатады десе де, қоғамдық өмірге келгенде, ондағы қалыптасқан жағдайлар қаз-қалпына дамуы керек деп есептейді. Сондықтан, билеуші – билеуші, шенеулік – шенеулік, әке – әке, ал бала – бала болып, аттарына байланысты емес, шын мәнінде қалулары керек. Ал оларда күтпеген жерде кездейсоқ өзгеріс бола қалса, ол тез арада өз қалпына келуі керек. Билеуші – әке, халқы – оның балалары. Осы тұрғыдан мемлекет басқарылуы керек. Демек, “білу дегеніміз – табиғатты емес, адамдарды танып-білу”, – деп есептейді. Кейбір адамдарға “туа біткен білім” тән болғандықтан, олар басқалардан жоғарырақ тұрады. Олардан кейін білімді оқу арқылы алғандар тұрады. Оқу, білу таңдамалы түрде болуы керек. Оқығанда тек өмірде керекті, ең дұрыс деген қағидаларды білу керек, қалғандарынан аулақ болу қажет. Білу дегеніміз – тек қана өзіміз білмейтінді үйреніп, білу емес, сонымен қатар зерттеп отырған мәселелерді жан-жақты қарастыру тәсілі.

Мэн-цзы – (б.д.д. 372-289 жж.) – кун-фу-цзының ілімін әрі қарай жалғастыра отырып, аспан (көк) – объективтік қажеттілік, тағдыр ретінде жақсылықты қорғайды дей отырып, аспанның еркі – адамдардың жігер-еркі арқылы көрінеді деген пікір айтады. Осыдан келіп, ол: “адамның табиғаты тек жақсылықтан жаратылған”. Олай болса, ван (билеуші) халықты өз баласындай сүйсе, халық оны әкесінен жақсы көруі керек, – деген тұжырым жасайды.

Сюнь-цзы (б.д.д. 313-белгісіз) аспан мен жерді барлық денелердің шығу тегі ретінде мойындаса да, тағдырды аспанның жігер-еркі ретінде мойындамайды. Оның пікірінше, аспанды қастерлеп, ол туралы ойланып отырғаннан гөрі, керекті заттарды көбейтіп, аспанның өзін бағындырған дұрыс.

Әлем өзінің табиғи заңдылықтарымен өмір сүреді, оны зерттеп, сырын ұқса, өз қажетіңе жаратуға болады. Олай болса, бақытты немесе бақытсыз, бай немесе қайыршы болу адамдардың

өзіне байланысты. Жалпы адамдар табиғатынан зұлым, қызғаншақ, дүниеқоңыз болып туады. Тәрбие арқылы адамдарды адамгершілікке баулып оның табиғатын өзгертуге болады. Ал адамдар өз тарапынан өзін өзі жетілдіруге құлшынуы тиіс.

Конфуцийшылдық б.д.д. I ғ. Мемлекеттік ілімге, ал IX ғасырдан бастап қытайдағы негізгі діни көзқарасқа айналды.

Легистер (заңгерлер) – негізгі өкілдер: шан ян (б.д.д IV ғ.), Хань-фэй-цзы (шамамен б.д.д. III ғ.). Легистер конфуцийшылдардың мемлекетті әдептілікке негізделген заңдары жүзеге асыру арқылы басқару керек деген пікірлеріне қарсы болып, керісінше, мемлекетті тек қана заңға сүйеніп басқаруға болады, себебі, “мейірімділік пен адамгершілік” – қылмысқа апаратын бірден-бір жол, ал шын қайырымдылық өзінің бастамасын жазалаудан алады деп уағыздайды. Сөйтіп, легистер ар-ожданнның орнына қорқынышты дәріптейді. Елде тәртіпсіздік болмас үшін: 1. Мақтаудан жазалау көп болу керек; 2. Аямай жазалау арқылы халық арасында үрей тудыру қажет; 3 Ұсақ қылмыс жасағандарды аямай жазалау керек, сонда олар бір-біріне сенімсіздік тудыру керек; 4. Адамдар арасында бір-біріне сенімсіздік тудыру керек. Осы қағидаларды бұлжытпай орындағанда ғана халық билеушінің айтқанын екі етпей орындайды және керек болса, өлімге де барады.

Конфуцийшылдардың мемлекет – үлкен отбасы, оның басшысы – халықтың әкесі деген ілімінің орнына легистер: мемлекет – өз алдына бір машина сияқты құбылыс, билеуші – өзін ата-баба аруағынан да, халықтан да, аспаннан да жоғары қоятын деспот. Мемлекеттің негізгі мақсаттары: 1. Ұсақ патшалықтарды біріктіріп, аспан аясындағы (қытай) мемлекет құру; 2. Осы мемлекетке басқа халықтарды бағындыру. Осы тұрғыдан өнерге, білімге деген құштарлық теңілуі қажет. Мемлекеттің экономикалық негізгі қолөнер немесе сауда емес, егін шаруашылығы болуы керек.

Мемлекеттегі қызмет орындары адамдардың жұмыс істеу қабілетіне қарай бөлінуі тиіс.

Даосизм (VI-V ғғ. Б.д.д) бұл ілімнің негізін қалаушы б.д.д. VI ғ. өмі сүрген лао-цзы деп есептеледі. Оның негізгі еңбегі – “дао және дә туралы кітап” (“дао дә цин”). Даоизм ілімі “дао”

ұғымына негізделген. Егер басқа қытайлық философиялық ағымдарда “дао” “жол” деген мағына берсе, және ол қытайдың дамуымен әдептілікті жетілудірудегі негізгі ұғым болса, даосизмде “дао” – жалпы дүниетанымдық ұғым. “дао” – алғашқы бастама, алғашқы түпнегіз және қытайдағы, жердегі және Әлемдегі барлық құбылыстардың, денелердің бірлігі, соңғы сатысы, “даоның” алғашқы түпнегіз екенін мынадай сөздерден байқаймыз: “дао-барлық заттардың анасы”, “дао – барлық заттардың түпатаасы”, “даоны аспан аясындағы империяның (қытайдың) анасы деп есептеуге болады” т.б.

Әлемдегі денелерде аспан (ян – еркек) мен-жер (инь - әйел) бастамалары заттардың өмір сүру заңы (цу) арқасында гармониялық бірлікте болады. “Дао” – болмыс заттарды дүниеге келтірсе, “дэ” оларды қоректендіреді. Бұл екеуінсіз (“дао және дэ”) еш нәрсе өмір сүруі мүмкін емес.

Заттардың гармониясы дегеніміз – олардың өздерінде қарама-қарсы жақтардың бір-біріне ауысып отыруы. Мысалы, адам туған кезде әлжуаз, әлсіз болса, өлер алдында қатайып, қайраттанады, сол сияқты басқа денелер де әлсізденіп өмірге келсе, қатайып, кәріленіп бұл өмірден өтеді.

Шынайы дана билеуші даосистердің пікірінше, өзінің қол астындағыларға табиғи жолмен (“дао” жолымен) жүруіне мүмкіндік береді. Ондай билеуші ештеңе араласпайды. Ондай билеушінің бар екенін халық естігені болмаса, онымен тікелей байланыспай әрқайсысы өз жолдарымен жүреді, сондықтан да даосистер дао жолымен жүргендерді заң арқылы шектеуге қарсы болады. Осы тұрғыдан олар конфуцийшылдарға да, легистерге де қарсы болды.

Кейін келе даосизм дінге айналып, өзінің алғашқы кезегі көптеген идеяларынан айрылып қалды.



### 13 дәріс. ЕЖЕЛГІ ГРЕКИЯ МӘДЕНИЕТИ

1. Ежелгі Грек мәдениетінің қалыптасу кезеңдері
2. Классикалық Грециядағы философияның, театрдың, мүсін және басқа да өнер түрлерінің дамуы

Антик дүниесінің өнері деп аталатын ежелгі Грекия мен Рим мәдениетінің әлемдік өркениетте алатын орны ерекше. «Антик – (көне, ежелгі)» деген ұғым. Қайта өрлеу дәуірінде дүниеге келген, бұл терминді итальян ойшыл-гуманистері грек-рим мәдениетіне байланысты қолданған. Бұл атаудың түп-төркіні «ежелгі», «көне», «қадым заман» мағынасын беретін «антиквус» деген латын сөзінен шыққан. Көне мемлекеттердің мол, мәдени мұрасы Еуропаның барлық халықтары өнерінің, көркем әдебиетінің, философиясының, театрының және т.б. дамуына, саяси және құқықтық көзқарастарының қалыптасуына елеулі ықпал жасады. Өмір шындығын нақты бейнелеп, көркемділік пен қарапайымдылық, шыншылдық пен шеберлік қасиеттерімен белгілі болған грек және рим сәулетшілерінің, мүсіншілерінің және кескіндемешілерінің даңқты мәдени туындылары – көне заман тарихы туралы ұғымымызды кеңейтіп қана қоймай, мәдениеттің асқақ үлгісі ретінде күні бүгінге дейін өз мәнін жоймай отыр.

«Көне», «қадым заман» мәдениетінің негізін қалаушылар ежелгі гректер екендігін ешкім жоққа шығара алмайды. Олар өздерін «Эллиндер»; ал өз елдерін «Эллада» деп атаған. Антик дүниесінің мәдениеті біздің заманымыздан бұрын бір мың жылдықтың алғашқы ғасырларында қалыптаса бастаған. Оның он бес ғасырдай уақытын қамтитын ұзақ ғұмыры біздің заманымыздың V-ғасырда Рим империясының құлауымен аяқталды.

Мәдениет тарихының қай кезеңін алсақ та, ол өзінің баға жетпес мәдени құндылықтарымен ерекшеленеді. Сондықтан да болар, ғалымдар көне мәдениеттің ішінде, әсіресе, грек мәдениетіне ерекше мән береді, өйткені ежелгі Грекияның әдебиеті, өнері, философиясы және т.б. ғасырлар бойы Еуропаның барлық елдерінің ақындарына, мүсіншілеріне, суретшілеріне, жазушыларына, композиторларына сарқылмас шалқар шабыт

берді. Шындығын айтсақ, біздің дүниежүзілік мәдениетпен таныстығымыздың өзі де гректердің таңқаларлық мәдени қазынасы мен ұшқыр ақыл-ой иелерімен танысудан басталады. Мұндай ақыл-ой даналығы рухани және саяси-әлеуметтік өмірдің барлық салаларында – поэзияда, саясатта, ғылымда, құқықта, кескіндеме, сәулет, мүсін және т.б. өнер салаларында кеңінен көрініс тапты. Көне мәдениеттің жарқын беттері Эсхил, Софокл, Еврипид, Геродот, Фукидид, Демокрит, Платон, Аристотель сияқты ұлылар есімімен тығыз байланысты болды.

Грекияның көне мәдениетінің тамыры тереңде жатыр, өйткені, оның бастауында б.з.д. III-II мыңжылдықтарда Грекия жері мен Эгей теңізі аралдарын мекендеген тайпалардың өркениеті жатыр. «Эгей» өркениеті мәдениеттің қайнар бұлағы болды, міне сондықтан да грек халқының ежелгі мәдениетінің ең ерте шағы Эгей өнерімен сабақтас. Б.з.д. II-мыңжылдықта Эгей мәдениетінің аса маңызды орталықтары Крит аралы мен Пелопоннес түбегіндегі Микены болғандықтан да Эгей өркениетін Крит-Микены мәдениеті деп атайтын болған. Грек аңыздарына қарағанда Крит – ұлы жебеуші, найзағай тәңірі Зевстің туған жері. Аңыз бойынша гректердің ең басты құдайы Зевс бұқа бейнесіне еніп, Финикия патшайымы, асқан сұлу Еуропаны алып келеді, ал одан аралдың болашақ билеушісі Минос туған. Атақты Геракл өз ерліктерінің бірін дәл осы Крит аралында жасаған, құтырған бұқаға бас үйреткен. Гомер де өз дастандарында бұл арал қалаларының бай екендігін мадақтай көрсетеді. Ал шындыққа белгісіз кейбір аңыздарда Зевс пен Еуропаның баласы Минос ел билеуші патшалардың ішіндегі ең әділеттісі болыпты-мыс дейтін деректер бар. Алайда Критті осындай есімді патша тек мифологиялық шығармаларда ғана емес, грек тарихшыларының еңбектерінде кездесетінін естен шығаруға тағы да болмайды. Крит жайында египеттік текстерде де кейбір деректер ара-тұра кездесіп қалады.

### **Гомер дәуірінің мәдениеті (б.з.д. XI-VIII ғасырлар)**

Ежелгі Грекия мәдениетінің келесі кезеңі ұлы Гомердің атымен – Гомер кезеңі деп аталады. Олай деп аталатын себебі, бұл дәуір жайындағы басты деректердің негізгі көзі – б.з.д. VIII ғ.

Туған «Илиада» мен «Одиссея» дастандары. Соқыр жыршы Гомер, Платонның айтуынша, бүкіл грек елінің тәрбиешісі болды, ейткені, өзінің бүкіл тарихында ежелгі Эллин туындылары осы дастандардан нәр алған. Шындығында да Гомер дастандарының күдіреттілігі де осы бір ұлы адамның дәуір тынысын терең сезінгендігінде болса керек. Грек дастандарының ішінде, әсіресе Гомер эпосы халық аңыздарының негізінде жүйелі түрде баяндалады. Жалпы грек поэзиясына халықтың қиялынан шыққан бейнелерге жан-жақты қасиеттер мен белгілер берілгендіктен болар, оны кейінгі заманда суретшілер мен мүсіншілер өз туындыларында кеңінен пайдаланды. Ежелгі Элланданың ең ұлы мүсіншісі Фидийдің «Илиаданы» оқығанда, «адамдар маған екі есе үлкен көрінеді» деген сөзінің астарында терең мағына жатқан сияқты.

Гомерлік кезеңнің IX-III ғасырда рулық құрылыстың орнына біртіндеп таптық қоғам қалыптаса бастады. Бай зираттардан табылған мол дүниелер де грек дүниесінде әлеуметтік теңсіздіктің үстемдік екендігін дәлелдейді. Жаңа құлиеленушілік қарым-қатынастардың дүниеге келуіне байланысты – грек мифологиясы да жүйелі түрде қалыптаса бастады. Грек халқы да өзін қоршаған табиғаттың тылсын құбылыстарының құпиясын танып-білуге талпыныс жасады, қауіп-қатерлермен өз мүмкіндігінше күресе білді. Бұл өмір үшін болатын табанды да, табысты күрес болатын. Олай болса «күрес бар жерде өлім бар, күрес бар жерде жеңіс бар» деген өмірлік қағиданы ұмытпаған жөн сияқты. «Адам – бар дүниенің өлшемі» деп грек философы Протогор тегіннен-тегін айтпаған болар. Сондықтан да табиғаттың қатерлі күштерін жеңуде адамға тән қасиеттің бәрі бар, бірақ адамнан да гөрі күдіретті құдайлар бейнелерінің көптеп берілуі – грек мифологиясына тән қасиет болып саналады.

Ол бойынша; мына жарық дүниені Олимп тауы шыңын мекендеген мәңгілік құдайлар билейді. Гректердің түсінігінде құдайлардың құдайы – Зевс бастаған даналар тобы, олар әбден жетілген, керемет адамдар сияқты. Құдайлар бейнесінін адамға жақындатылғаны соншалық, олардың бойынан тек адамға ғана тән қасиеттерді молынан табуға болады. Грекия топырағында құдайлар мен халық қаһармандары жайында талай тамаша хи-

каялар өмірге келді. Миф деп аталатын халықтың ауызекі шығармашылығының осы бір түрінде, сонау көне заман жөніндегі естеліктер мен ақындық қиялдың өзара ұштасып жатқандығын аңғаруға болады.

Грек ақындары, философтары, тарихшылары, мүсіншілері мен суретшілері Миф уақиғалары мен олардағы басты кейіпкерлерді өз шығармаларына арқау ете отырып, заман ағымына және онда қалыптасқан көзқарастарға сәйкес жаңа мазмұн, жаңа түр беріп отырды.

Гомер дәуірінен бізге келіп жеткен мәдени ескерткіштер онша көп емес. Солардың ішіндегі біздің заманымызға келіп жеткен бағалы ескерткіштердің қатарына геометриялық ою-өрнектермен әшекейленген құмыралар мен қолдан жасалған мүсіндер жатады. Б.з.д. IX-VIII ғ. құмыраны өрнектеу өнерінің дамуы нәтижесінде керамика бұйымдарын әшекейлеуде геометриялық стиль қалыптасты. Геометриялық стиль керамикасының таңдаулы нұсқалары – б.з.д. VIII ғ. афиналық құмыралар. Құмыраларға салынған суреттердің көркемдігі, композициясының үйлесімділігі бірден көзге түседі. Құмыралардағы суреттер «лак» деп аталатын жылтыр қара бояумен салынған. Геометриялық стиль бойынша салынған жан-жануарлар мен адамдардың пішіндері айшықты ою-өрнектердің ырғағына үлкен шеберлікпен бағындырылған.

Археологиялық қазба жұмыстарының нәтижесінде Дипилон зиратынан табылған әртүрлі пішінді заттар (б.з.д; VIII ғ.) көңіл аударуға тұрарлық. Бұл жерде табылған құмыралардың үлкендігі соншалық, олар адам бойынан да биік етіп жасалған. Мұндай алып құмыралар жаназа салтына арналып жасалған болу керек, өйткені олар аксүйектердің молаларының басында ескерткіш ретінде қойылған. Бұл ыдыстар ғажайып нақыштармен безендірілген. Онда шейіт болғандарды жоқтау көріністері, өлікті жерлеу кезіндегі салттық билер, жекпе-жек сайыстар мен күймелер жарысы және т.б. шынайы бейнеленген. Бұл құмыралардың арасынан құрлық пен теңіздегі шайқастар оқиғаларын баяндайтын тың сюжеттерді: ескекшілері көл зор кемелер бейнелерін де кездестіруге болады.

Бұл кезеңнің мүсін өнеріне тән нәрсе – құдайларға сыйға тартуға арнайы жасалынған қыш немесе қола мүсіншілер. Демек, б.з.д. I – мыңжылдықтың алғашқы ғасырларында өнер саласында көркемдік кәсіп – керамика жетекші орын алды. Қалай болғанда да гомерліктер жасаған өнер туындылары арқылы қауымдық құрылыс мәдениетінен таптық қадамға өту кезеңіндегі өмір шындығын бейнелеудегі алғашқы талпыныстармен қатар, сол кездегі адамдардың дүниетанымынан мағлұмат береді.

Гомер дәуірінде жазу болған жоқ, гректің жазба ескерткіштері негізінен «архаикалық» кезеңде туындаған. Бірақ алфавиттік жазудың алғашқы нышандары осы кездің өзінде-ақ байқала бастаған.

Негізінен, Гомер дәуірінде мәдениет-құлдырау, тоқырау кезеңін басынан кешіргенімен де, дәл осы тұста грек қоғамының дамуына, мәдениеттің гүлденуіне қолайлы алғышарттар жасалғандығын естен шығармауымыз керек.

## 14 дәріс. ЕЖЕЛГІ РИМ МӘДЕНИЕТІ

1. Ежелгі Рим мәдениетінің ерекшеліктері: азаматтық, әскери тәртіп және заңға бағынушылық
2. Құқық, риторика, тарихнама. Жан ұялық қатнастар этикасы
3. Өнер және ғылым ерекшеліктері, техникадағы жетістіктері

### Ежелгі Римнің мәдениеті

Этрустар мәдениеті Апенин түбегіндегі ең көне өркениет болып саналды. Б.з.д. I мыңжылдықта Орталық және Солтүстік Италияның жерінде Этрустық мемлекет-қалалар федерациясы құрылды. Этрустардың шыққан тегі мен олардың тіл құпиясы осы уақытқа дейін толық ашылған жоқ. Көптеген ғалымдардың пікірінше, олар Италияға Кіші Азиядан, б.з.д. IX-VIII ғасырда келген және олардың мәдениеті итальян топырағында гүлдену шегіне жеткен. Этрустар егіншілікті жетік меңгерген. Оған дәлел ретінде олардың жасанды суландыру жүйесіне кеңінен пайдалануы мен батпақты жерлерді құрғатып құнарлы жерге айналдыруын айтсақ та жеткілікті сияқты. Грек аңыздарында этрустардан шыққан ержүрек теңіз қарақшылары туралы айтылады. Б.з.д. VIII-VI ғ. Этрурия ықпалы Жерорта теңізі өңірінің бүкіл батыс жартысына тарады. Этрустар салған жолдар, көпірлер және қазған каналдар құрылыс техникасының жоғары дамығандығын көрсетті. Олар туралы Рим тарихшылары таңырқай жазған.

Б.з.д. VI ғ. Этрурияның 12 ірі қаласын біріктірген одақ қалыптасты. Бұл федерацияның діни орталығы Вольсини қаласы болды. Б.з.д. VI ғ. бастап этрустер өркениетіне Италияның оңтүстігіндегі грек отарлары арқылы эллиндік мәдениеттің ықпалы тие бастады. Олар грек алфавитін пайдаланатын болды, тіпті алтын теңгелер де грек үлгісі бойынша құйылды. Ең бастысы – ежелгі Элладаның өнері, дәлірек айтқанда театр өнері, мүсін өнері және т.б. ерекше әсер етті. Этрустар гректер сияқты 12 құдайға табынды және олардың мифологиялық ұғымдарын қабылдады. Бірақ олардың діни көзқарастарында, наным-сенімдерінде өзіндік ерекшеліктер де байқалады. Өйткені, этрустардың дінінде табиғат

құбылыстарына қарап, құстардың ұшқаны мен құрбандыққа шалынған малдардың ішек-қарны, сүйектері арқылы бал ашу кеңінен тарады. Этрустар құдайлар үштігін – Юпитерді, Юнонаны және Минерваны бас құдайлар деп ерекше бағалап, олардың құрметіне үш храм салғыздырды.

Этрустардың әлем туралы, дүниенің жаратылуы туралы түсініктері вавилондықтарға өте ұқсас болды, ал мұның өзі оларды шығыс елдері мәдениетімен де жақындастыра түсті.

Грек суретшісі мен рим суретшісінің қоғамдық жағдайында жер мен көктей айырмашылық болды. Грек суретшісі құл иеленушілік демократия жағдайында еркін болды, өйткені, ол бірінші жағынан өзі мекендейтін мемлекет-қаланың полис мүддесін көздейтін болса, екінші жағынан өз елінің еркін азаматы екендігін сезіне білді, сөйтіп суретшілік өнер оларды биік мұраттарға жетеледі. Ал Рим суретшілеріне келсек, олар азаматтық құқығы болмағандықтан саяси оқиғалардан шалғай болды, оның үстіне олар көп жағдайларда еркіндік алған бұрынғы құл немесе ата тегі грек құл саналатындағы адамдар болатын. Міне, сондықтан да болар, римдік суретшілер мен мүсіншілердің сенімдері көп сақталмаған. Өнер туындыларына тұтынушылық тұрғыдан қарау мүсіншіні берілген тапсырманы мұқият орындаушыға және жай ғана көшірмесіге айналдырды, Демек, олар кәсіби шебер болғанымен, нағыз дарын иелері дәрежесіне көтеріле алмады. Бірақ Рим мәдениетінің дамуындағы мұндай келеңсіз жағдайлар заман ағысында өз шешімін тапты, соның нәтижесінде мәдениет пен өнердің дамуы жаңа арнаға түсті.

Римдіктердің табиғи шығармашылық даналықтары сәулет өнері ескерткіш байқалады. Рим сәулетшілері ғимараттарының өзіндік ерекшелігі, олардың мемлекет қажеттілігін ескеріп салынуы болатын. Сондай таңғажайып ескерткіштердің бірі Римді оңтүстік Италия қалаларымен жалғастыратын ең атақты, ең ежелгі жол – Аппий жолы болып саналады. Мұның құрылысын б.з.д. 312 ж. Аппий Клавдий қолға алған болатын. Бұл жол талай тарихи уақиғалардың куәгері, өйткені осы жолдың бойында б.з.д. 71 ж. Спартак көтерілісіне қатысқан құлдар асып өлтірілген.

Б.з.д. III-II ғ. аралығында Рим құрылысшылары сәулет өнерінде берік те су өткізбейтін бетонды алғаш рет пайдаланды. Бұл жаңалықтың арқасында ірі ғимараттар мен күмбезді шатырлар салуға мүмкіндік туды.

Республика дәуіріндегі Рим сәулет өнерінің дамуына б.з.д. I ғасырда өмір сүрген әрі инженер, әрі сәулетші Витрубийдің «Сәулет өнері туралы он кітап» деп аталатын трактатының ықпалы орасан зор болды. Бұл ғылыми еңбек сол замандағы құрылыс тәжірибесінің нағыз энциклопедиясы болатын. Ол ғимараттар салудағы басты талаптарға: ғимараттың пайдалылығына, оның беріктігі мен әсемдігіне ғылыми тұрғыдан ерекше мән берген. Витрубийдің бұл еңбегі Рим заманында кең тарап, ал қайта өрлеу дәуірінде шынайы даңққа бөленді.

Рим республикасы дәуірінде сәулет өнерімен қатар ежелгі дүние өнерінде ерекше орын алған реалистік мүсіндік портретте дамыды. Грек шеберлерінің қолынан шыққан портреттермен салыстырғанда римдік мүсіндік портреттер бірден көзге түседі, өйткені римдік суретшілер ұлы адамдардың бейнелерін салған уақытта, басқа азаматтарға үлгі боларлықтай асқан сұлу, жан-жақты жетілген, кемел адамның бейнесін жасауға тырысты. Осындай шығармашылық ізденістің нәтижесінде портреттердің эмоционалдығы айқындалып, әсерлігі күнігейді, яғни оларды айрықша даралал көрсетуге тырысушылық байқалды.

Римдік портретте – Римдің тарихы жатыр, шарықтау кезеңі мен қайғылы ажалы жатыр. Өйткені, Рим императорларының арасында ізгілігімен, даналығымен аты шыққан аса ірі мемлекет қайраткерлерімен қатар, атакқұмарлар, ойына келгенін істейтін қанышер-деспоттары да болды. Осы орайда портреттің дамуына б.з.д. I ғасырда римдік чиновниктерге өз мүсіндерін қоғамдық орындарға қоюға берілген құқық едәуір ықпал жасады.

Рим әдебиетіне келетін болсақ, бұл салада грек әдебиетінің ықпалы зор болды. Алғашқы кезде гректер-рим жазушылары болды, тіпті алғашқы әдеби шығармалардың өздері де грек тілінен латыншаға аударылған. Алғашқы рим ақыны Ливий Андрониктің ұлты грек болған, ол кейіннен ұлы Гомердің «Одиссеясын» ғана емес, атап айтқанда, Софоклмен Еврипидтің шығармаларын және тағы да басқа грек трагедиялары мен комедияларын латын тіліне аударды. Ал шын римдік жазушы б.з.д. III ғ. аяғы мен II ғ. басында өмір сүрген Плавт болды. Оның «Тұтқындар», «Үш бақыр» және т.б. комедияларында Рим империясының тіршілік-тынысы



барыпша қамтылды. Одан кейінірек комедия жанрымен айналысқан – Теренций (б.з.д. 125-159 ж.) грек авторларының, әсіресе Менандрдың шығармаларын латын тілінде қайталап беруден аса алған жоқ. Ал рим трагедиясына келсек, ол нақты өмір шындығынан алшақтау болды және грек трагедияларына еліктеушілік сезіліп тұрды.

Бұл дәуірдің ең дарынды жазушылары, прозаның шеберлері Варрон мен Цицерон болды.

## **15 дәріс. ОРТА ҒАСЫРЛЫҚ ХРИСТИАНДЫҚ МӘДЕНИЕТ**

1. Орта ғасыр мәдениетінің қалыптасуы. Орта ғасырлық адам менталитетінің ерекшелігі
2. Ресми-шіркеулік мәдениет және бұқаралық күлкі-карнавалдық мәдениет. Рыцарлық мәдениет
3. Орта ғасырлық христиандық мәдениет. Білім және білім беру. Инквизиция

### **Орта ғасыр және Ренессанс кезеңдерінің мәдениеті**

Мыңжылдық «Орта ғасырлар» дәуірі негізінен үш кезеңнен тұрады. Бірінші, «Бастапқы Орта ғасырлар кезеңі» – дәуір бастауынан басталып – X-XI ғасырға дейін созылады; екінші, Жоғарғы (классикалық) кезең – XI ғ. мен XIV ғ.; ал үшінші, «Кейінгі орта ғасырлар кезеңі» – XIV ғ. және XV ғ. аралықтарын қамтиды.

Бастапқы орта ғасырлар кезеңі – Еуропада буырқанған, әрі мәнді процестерге толы сындарлы кезең болды. Бұл тарихи өзгерістер, ең бірінші кезекте біздің заманымыздың екінші ғасырынан бастап-ақ Рим империясын шапқыншылық әрекеттерімен мазалай бастаған варварлардың («варда» – сақал деген сөзінен шыққан) жойқын шапқыншылықтарымен тығыз байланысты болды. Бұл қақтығыстар Рим империясының 476 ж. құлауымен аяқталды. Варварлардың жеңісі римдік региондарды жай ғана жеңу емес еді. Ендігі жерде тарихтың жаңа беті басталып, көне қоғамдағы абыржушылық пен бей-берекетсіздік одан әрі күшейе түсті.

Жаңа батыс еуропалықтар Рим империясының мемлекеттік дініне айналған христиан дінін қабылдады. Сөйтіп, Рим империясының барлық жерінде қалыптасқан пұтқа табынушылықты жаңа дін біртіндеп ығыстыра бастады және бұл процесс Рим империясы құлағаннан кейін де толастамады. Бұл жағдай – Батыс Еуропадағы Бастапқы орта ғасырлар кезеңінің бет-бейнесін айқындаған маңызды тарихи процесс болды.

Осы бір тарихи кезеңдегі ерекше жағдай – бұрынғы Рим

империясының территориясында «варварлардың» жаңа мемлекеттік құрылымдарының қалыптасуы болып табылады. Шындығына келетін болсақ, сансыз гот, франк және т.б. тайпаларды «тағылар» деп айтуға да болмайтын сияқты, өйткені дәл осы кезеңде олардың көпшілігінде мемлекеттік құрылыс белгілері айқындалған болатын. Олар сонымен қатар әскери демократия принциптерін жетік меңгерді, егіншілікпен, қол өнермен, металлургиямен шұғылданды. Тайпа көсемдері өздерін корольдер, герцогтер және т.б. деп жариялады. Мысалы, франктердің королі Ұлы Карл 800 жылы бүкіл батыс еуропалық елдердің императоры деп жарияланды. Қазіргі Францияны, Германияны, Бельгияны, Голландияны, Солтүстік Италияны, Солтүстік Испанияны өзіне қосып орта ғасырлық бірінші зор империя құрған Ұлы Карлдың тарихи күресінде адам қаны кеп төгілді. Ұлы Карл билік құрған кезеңді кейде «королингтік қайта дәуірлеу кезеңі» деп те атайды. Мұндай атақтың берілуінің себебі, Карл империясының ежелгі Рим мәдениетін жандандыруға бағытталған шараларынан болса керек. Ерекше атап өтетін бір жәйт, Ұлы Карл ағарту ісінің қажеттілігін түсінген және оны дұрыс жолға қоюға тырысқан көрнекті тұлға болған. Ол өзі бас болып негізін қалаған мектепте оның ұлдарымен бірге ақсүйек балалары түрлі ғылым салаларын, оның ішінде риториканы, поэзияны, диалектиканы, астрономияны және т.б. оқып үйренді.

Кейіннен, яғни 900 жылы қасиетті Рим империясының сансыз графтықтарға, герцогтықтарға, епископтықтарға, аббатықтарға бөлініп кетті де, қоғамда бей-берекетсіздік туды. Олардың билеушілері өздерін тәуелсіз қожайындар санап, императорларға да, корольдерге де бағынуды қажет деп санамады. Бірақ, елдің бірлігіне нұқсан келтіретін мұндай келеңсіз көріністерге қарамастан, мемлекеттік құрылымдардың қалыптасу процестері одан кейінгі кезеңдерде де тоқтамады. Әрине, ғасырлар бойы талай аласапыранды басынан кешірген, тонаушылық деп басқшышылық орын алған мұндай мемлекетте экономикалық және мәдени дамуға нұқсан келетінін ешкім де жоққа шығара алмас. Ал бұл жағдайлар, өкінішке орай, Бастапқы Орта ғасырлар кезеңінің өзіне тән ерекшелігі болды.

Шіркеуімен тығыз байланысты болды, өйткені мемлекет

дінге арқа сүйеді. Өз кезегінде христиан шіркеуі де өз ұйымдарын нығайтып, христиан дінін жан-жақты жетілдіре берді. Ежелгі Римнің және бұрынғы варварлық тайпалардың мәдени-көркемдік дәстүрлерін дамытып, жетілдірудің арқасында романдық және одан кейін жасампаз готикалық стильдер қалыптасты. Сөйтіп, өнердің театр, музыка, әдебиет, сәулет өнері, кескіндеме, мүсін өнері сияқты салалары жаңа түр, жаңа мазмұнға ие болды. Дәл осы кезеңде француздардың алғашқы ұлы поэтикалық шығармасы – «Роланд туралы жыр (XII ғ.)» шығарылды. Дүниежүзілік әдебиеттің асыл мұрасына айналған бұл тамаша туындыда рыцарлық ерліктер барынша мадақталып, монархқа вассалдық дәрілтелді. Батыс еуропалық ғалымдардың ежелгі гректер мен эллиндік философтардың, әсіресе Аристотельдің ғылыми еңбектері мен танысуы – ғылым жолындағы табанды ізденістердің бастамасы болды, Соның нәтижесінде орта ғасырлық философиялық ұлы жүйе – схоластика пайда болды.

Кейінгі орта ғасырлар дәуірінде классикалық кезеңнен басталған еуропалық мәдениеттің қалыптасу процесі одан әрі жалғасты, бірақ оның даму барысында толып жатқан қиындықтар мен кедергілер кездесіп отырды. Тек XIV–XV ғасырлардың аралығында ғана Батыс Еуропа бірнеше апатты аштық жылдарын бастан кешірді. Бубондық сүзек («Қара өлім») сияқты эпидемиялардың салдарынан халық жаппай қырғынға ұшырап отырды, ал мұндай қасіретті жағдайлар өз кезегінде мәдениеттің дамуына өз әсерін тигізбей қойған жоқ. Ұзаққа созылған жүз жылдық соғыста халық әбден титықтап, мәдениеттің дамуы тежелді. Бірақ, дәл осындай сындарлы кезеңде де қалалар өркендеп, ауыл шаруашылығы мен сауда, қолөнер ұдайы даму үстінде болды. Рухани өмірдің жандануына, ғылымның, өнердің, философияның және т.б. жаңа арнамен дамуына қолайлы жағдайлар туды. Мұндай алға басушылықтық көптеген көріністері, әсіресе Италияда байқалды. Сондықтан да болар, Италия ұлы мәдени төңкеріс – Ренессанс мәдениетінің орталығы болды.

*Христиандың сана — ортағасырлық, діннің (менталитеттің) негізі*

Ортағасырлық мәдениеттің басты ерекшелігі – мәдениеттің діннің ықпалында болуында, яғни христиан діні мен христиан

шіркеуінің қоғамда ерекше рөл атқаруында. Рим империясы құлағаннан кейінгі мәдениеттің жаппай құлдырау процесі етек алған жағдайда, діни шіркеулер Еуропа елдері үшін жалғыз әлеуметтік институт болып қалды. Христиан шіркеулері үстемдік етуші саяси институт болуымен қатар, адамдар санасына да мейлінше ықпал етті. Өмірдің қиын жағдайында қоршаған дүние туралы білімнің шектеулі болуы, тіпті оған қол жете бермейтіндей жағдай орын алған кезде христиан діні – халыққа дүние жөнінде, онда үстемдік ететін күштер мен заңдар жайында біртұтас білімдер жүйесін ұсынды. Бұл тарихи дәуірде шіркеу соборларында христиандық діни-уағыздардың басты қағидалары – сенім-белгілері қабылдана бастады. Бұл қағидаларды барлық христиандар орындауға міндетті деп жарияланды. Христиандық ілімнің негізі – Иссус Христостың тірілгеніне, о дүниедегілердің тірілетініне, құдіретті «Үштіктің» бар екендігіне кәміл сену болып саналды. «Үштік» ұғымы құдайдай дәріптелді. Ол өзінің үш бейнесінде де біртұтас: өйткені дүниені жаратушы: құдай-әке, құдай-бала, қасиетті Рух және күнәларды өтеуші Иссус Христос – әрі мәңгілік, әрі бір-біріне тең. Христиан діні адам өзінің табиғатынан-ақ өлсіз және күнә жасауға бейім тұрады, міне сондықтан да оны шіркеудің көмегімен ғана құтқарып қалуға болады деп үйретті. Шіркеудің қоғамдағы ықпалы әр елде әртүрлі болғанымен тұтастай алғанда өте күшті болды. Жалпы алғанда, ортағасырлар дәуіріндегі еуропалық қоғамның бүкіл мәдени өмірі христиан дінімен тығыз байланысты болған, ал мұндай жағдай, яғни діннің дәл осындай биік дәрежеге көтерілуі ежелгі дүниеде де болмаған еді. Ендігі жерде дін тек қана философия ғана емес, саяси доктринаға, құқықтар жүйесіне, моральдік ілімге айналды. Алғашқы кезде рұқсат етілген, кейіннен император Константиннің билігі кезінде (285-337 ж.) бүкіл Рим империясының мемлекеттік діні – деп танылған христиан діні жалпы христиандық мәдениет пен өнер саласына жаңа леп, жаңа мазмұн әкелді. Христиан дінінің кеңінен таралуына астананың Римнен Византия қаласына көшірілуі де әсерін тигізбей қалған жоқ. Бірақ, империяның Шығыс және Батыс болып екіге бөлінуі христиандық мәдениеттің өзіндік сипат алуына әкеліп соқты. Біртұтас Рим империясы екіге бөлінгеннен кейін оның шығысында гүлдену басталды да, ал

батысы тоқырауға ұшырады және көп ұзамай-ақ варварлар шапқыншылығына ұшырады да, аз тәуелсіздігін жоғалтты. Көшпелі бұл тайпалардың ұлттық өнері өзінің сипаты жағынан ою-өрнекті, әшекейлі болып келді. Тек, 756 ж. Мыртық Пипин варварлардың қоныс аударуын тоқтата алды.

Алайда, XIII ғ. гүлденудің шарықтау шегіне жеткен готикалық өнер біртіндеп өзінің айқыңдығы мен жеткен жетістіктерінен айырыла бастады. Орта ғасырлар заманының соңғы кезеңде готикалық өнер тоқырауға ұшырады да, дін үстемдік еткен осы бір тарихи кезеңнің дәстүрлерінде тәрбиеленген дарынды шеберлердің ең соңғы дүниелері қоштасу белгісіндей болып қала берді. Мұндай эволюциялық құбылыс, готикалық өнердің отаны болған Францияда ғана емес, бүкіл Еуропалық өнерге тән заңды құбылыс болды. Қорыта келгенде айтарымыз, орта ғасырлық мәдениет – халықтық сипатта болды, халықтың ой-арманын нақты бейнелеуге тырысты. Мәдениет дамуының шарықтау шегіне жетіп отырған бүгінгі заманымызда өнерді бағалаушылардың бір кезде ұмыт қалған орта ғасырлық мәдениетті жан-жақты әсемдік қалпында түсінуге ұмтылуы, өткен замандардағы өнер ұлылығын қастерлеп, табынумен қатар оған ерекше мән-мағына беруі – дәуір тынысынан туған замана талабы.

## 16 дәріс. ОРТА ҒАСЫРЛЫҚ МҰСЫЛМАН МӘДЕНИЕТІ

1. Орта ғасырлық мұсылман мәдениеті
2. Ортағасырлық қазақ мәдениеті

Орта ғасырлық шығыста VIII-IX ғасырларды батыс еуропаның мәдениеттік даму деңгейі төмен дәрежеде қалып қойған кезде араб тілді философия, араб мәдениеті кең өркен жайды. Бұл арабтардың ұлттық сана-сезімінің оянуы, мәдениетінің кең өркен жаюы, жалпы VII ғасырда арабстанда жаңа ислам дінінің пайда болуымен де байланысты болды. Олар VII ғасырдың екінші жартысында ислам туының астында үлкен бір орталыққа айналды. Араб халифаты VIII ғасырдың бірінші жартысында тіпті бұрынғы рим империясынан да асып түскені бізге тарихтан белгілі. Оның құрамына арабстаннан басқа иран, армения, индияның солтүстік-батысы, сирия, египет, палестина, бүкіл солтүстік африка жағалауы және пирней түбегі кірді. Атлантикадан қытайға дейінгі сауда жалпы арабтардың қолында болды, араб тілі гибралтардан инд өзеніне дейінгі жерде ортақ тілге айналды. Араб халифатының қол өнері, шаруашылығы, атап айтқанда суармалы жерді пайдалану мәдениеті мен техникасы, саудасы мен өндірісі еуропаға қарағанда анағұрлым жоғары дәрежеде еді. Осы себептердің бәрі жиналып келіп, орта ғасырлық ғылым мен философияның күрт дамып өркен жаюына игі ықпал жасады.

Алайда, араб мәдениеті араб халифаты сияқты көпұлтты болды. Оның көркеюіне, дамуына арабтармен бірге түріктер де, берберлер де (мавр), парсылар мен египеттіктер де атсалысты. Екінші жағынан араб тілінің негізінде ежелгі шығыс мәдениеті мен антикалық мәдениет ұштастрыла дамытылды, өзіндік дәстүрлі жалғасын тапты.

Осыған орай бағдат қаласы үлкен мәдени, рухани ортылыққа айналды. Мұнда Платонның, Аристотельдің, Гиппократ мен Галеннің, Эвклид, Архимед және Птоломейдің шығармалары араб тіліне аударылап, басылып, мұсылман әлеміне кеңінен танымал болды. Ал X ғасырда екінші орталық Пирней түбегіндегі Кордова қаласына ойыса бастап, XVI ғасырда мәдени

даму өзінің шарықтау биігіне көтеріліп, шегіне жетті. Аристотелизм ағымының ықпалы философия саласында өте күшті болды. Сөйтіп мұсылман перипатизмінің негізгі қаланды. Ол негізінен екі бағытқа бөлінген еді. Біріншісі, Аль-кинди, Әл-фараби және ибн Синаның (авиценна) атымен айланысты шығыстық аристотелизм. Екіншісі, ибн Туфейл және ибн Рушдтың (аверроэс) атымен байланысты испан аристотелизмі. Алғашқы кезде арабтар аристотель философиясының неоплатониктер бұрмаланған нұсқасымен танысқанды. Кейіннен, аристотельдің түпнұсқа еңбектері араб тіліне тікелей аударылап, зерттеу объектісіне айналған кезде ғана ол бұрмалаушылықтардың ықпалы жойылды. Сөйтіп араб мұсылман әлемі платон және аристотель еңбектерімен тікелей танысуға мүмкіндік алды.

Мұсылмандық шығыс перипатизмнің алғашқы бастаушы өкілдерінің бірі аристотелизм іліміне алғаш жол ашқан ғұлама философ әл-Кинди (шамамен 800-870 ж) “араб философы” деген құрметті атаққа ие болды. Ол өзінің трактаттарында табиғат құбылыстарын детерменистік тұрғыдан түсіндіруге баса назар аударды. Ол жан-жақты терең білімді, геометрия, астрономия, оптика, медицина, музыка ғылымдарымен шұғылданған ойшыл адам. Философиялық шығармалары логика мен таным теориясына байланысты жазылған. Әл-киндинің философия және жаратылыстану ғылымдары саласындағы көптеген жаңа тұжырымдары мен қағидалары келешек ғылым үшін де жетекшілік рөл атқарды. Атап айтқанда, оның септілік байланысы, танымның үш сатысы туралы ілімі араб философиясы үшін сараптаудың үлгісі есепті болды. Әл-киндинің пайымдауынша танымның бірінші сатысына – логика мен математика, екінші сатысына – жаратылыстану ғылымдары, үшінші сатысына – философияны жатқызады. Демек, философияның нақтылы ғылымдарға өте жақын екендігін, олармен тығыз байланыста болып, арқа сүйетіндігін көре біліп, дұрыс айтқан.

Әл-фараби (870-950жж). Тарихымыздағы ұлы тұлғалардың бірі, ислам дүниесінің ең ірі, атағы әлемге жайылған ғұлама философы, аристотельден кейінгі “екінші ұстаз” атанған Әбу насыр әл-фараби қазақ жерінде, отырар қаласында дүниеге келген.

Ұлы жерлесіміз әл-фарабидің түркі тайпасының дәулетті



бір ортасынан шыққаны бізге мәлім, бұған дәлел оның толық аты-жөнінде “тархан” деген атаудың болуы. Әл- фараби 870 жылы Сыр бойындағы Арыс өзенінің сырға барып құятын жеріндегі фараб қаласында дүниеге келді. Фарабидің толық аты-жөні Әбу насыр мухаммед ибн ұзлағ ибн тархан әл-фараби, яғни әкесі ұзлағ, арғы атасы тархан. Туған жері – қазақтың ежелгі қаласы отырарды арабтар барба –фараб деп атап кеткен, осыдан барып ол Әбу насыр фараби, яғни фарабтан шыққан Әбунасыр атанған. Бұл қаланың орны – қазіргі отырар ауданы, оңтүстік қазақстан облысы аумағында. Сол тұста өмір сүрген зерттеушілердің қалдырған нұсқаларына қарағанда, отырар қаласы IX ғасырда тарихи қатынастар мен сауда жолдарының торабындағы аса ірі мәдениет аралығы болған. Отырарға орта ғасыр ғалымдарының көп назар аударғанын біз тарихтан жақсы білеміз. Ғалымдардың айтуына, отырар қаласы орналасқан аса құнарлы алқапта қазақ халқының арғы ата-бабалары, қырдағы көшпелілер мен қала тұрғындары жиі қарым-қатынас, тығыз байланыс жасап отырған.

Кеңінен мәлім екі дерек бар: 1218 жылы монғолдар қаланы қиратты, бұл “Отырар апаты” деп аталды; онан соң 1405 жылғы ақпанда мұнда Әмір-темір қайтыс болды. Отырар жайында біздің қолымызда Ибн хаукальдің, Абу Фиданың, қытай деректемелерінің мәліметтері бар. Отырар жөнінде птоломейде де айтылған. Отрардағы кітапхана, ел аузындағы аңызға қарағанда, кітабының саны жағынан атақты александрия кітапханасынан соң екінші орында болған.

Бірақ отырар қазақстандағы бірден-бір мәдени орталық еместі. Зерттеушілердің қажырлы еңбегі арқасында республиканың археологиялық картасы басқа да мәдени орталықтармен (Тараз, Сауран, Сығанақ, Түркістан, Мерке, Исфиджаб және басқа қалалар) толықтырылды. Демек, осы аумақты мекендеген тайпаларды” сонау арғы заманда қалыптасқан өскелең өнері, ғылыми, түркі тілдес жазуы болған. Міне, сондықтан да қазақ топырағынан шыққан ғалымдар Әбу-насыр Әл-Фараби, исхақ Әл-Отрари, Исмаил Әл-Шаухари, Жемал Әл-Түркістан, Әл-Сығнаки, Әл-Қыпшақи, Қадырғали Жалаири және басқалар жазған еңбектердің белгілі бір мәдени негізде дүниеге келуі әбден табиғи нәрсе. Осынау саңлақтардың ішінде жалпы

әлемге әйгілі алып тұлға - Әл-Фарабидің орны ерекше.

Әл-Фарабидің Аристотельдің, Платонның, ерте дүниедегі грецияның басқа да философтарының шығармаларымен түпнұсқасынан танысканы жөнінде деректер бар. Білімге, ізденуге деген құштарлықтың жетелеуімен ол жас шағында, дүниедегі құбылыс біткеннің бәрі кісіге сірә ғажап, әрі таңсық көрінетін кезде саяхат жасап, сол замандағы мәдени әлемнің көптеген орталықтары: Хорасанда, Бағдадта, Дамаскіде (Шам), Алеппода, Каирда (Мысыр) болған. Өз өмірінің көп жылдарын ол араб халифатының саяси және мәдени орталығы болған бағдадта өткізді. Мұнда ол өз білімін әбден тиянақты еңгеріп, толықтырады. Көрнекті ғалымдармен байланыс жасайды, сөйтіп өзінің білімдарлығы, ақылының алғырлығы және асқан байсалдылығы арқасында көп ұзамай олардың арасында үлкен абырой-беделге ие болады. Бірақ өресі тайыз кертартпа хадисшілер оны жек көріп, күндей бастаған, әсіресе, олар Әл-Фарабидің бүкіл ойының негізгі мәніне қарсы шыққан, өйткені оның дүниеге көзқарасы шынайы болмысты танып білге, адам бақытын соңында Әл-Фараби лажсыздан бағдадтан кетеді. Өзінің “Фусул Ал-Мадани” (мемлекет қайраткерлерінің накыл сөздері) деген соңғы шығарасында ол: адам ғылымға өркен жайған елде тұруға тиіс дейді. Әл-Фараби өмірін александриялық (мысырлық) ғалымдар, яғни бір кезде александриядан ығыстырылған несторианшыл христиандар тұратын дамаскіде өткізеді. Мұнда ол солтүстік Сирияның жетекші саяси қайраткері Сейд Ад-дуаль Хамданиге аса қадірлі болды. Әл-Фараби 950 жылы 80 жасынды қайтыс болды. Біздің заманға Әл-Фарабидің тек негізгі шығармалары ғана келіп жетті. Ол шығармалар ежелден бері-ақ жұртшылыққа танымал болып, философиялық және ғылыми ойдың одан кейінгі дамуына тигізген әсері орасан зор.

“Мұсылман ренессансы” деген атауға ие болған сол заманға тән белгілі оның шығармалрынан белгілі бір дәрежеде өз орнын алды. Әл-Фарабидің шығармаларында антик заманындағы дәстүрдің және “бірінші ұстаз” деп шығыста аталып кеткен аристотельдің тарихтың барысында қалдырған әсері, неоплатонизмнің, несторианшылдықтың әсері және исламның әсерімен аристотель идеяларының өзгеруі айқын көрінеді. Әл-

Фарабидің Аристотельге бас игені сөзсіз. Сол сияқты ол Аристотель идеяларының ең жақсылары мен бағаларын әрдайым таңдап ала бермейтіні де даусыз. Бірақ біз үшін ерекше бағалы жағы сол, ол аристотель ілімінің формальдық жағымен ғана шектелмейді, ол диалектика элементтеріне, мәселені қарама-қарсы қоюына белгілі дәрежеде көңіл бөледі, сыртқы дүние мен сезім мүшелері арқылы жүзеге асатын байланыс таным логикасының іргетасы болып табылатынын дәлелдейді.

Фараби Аристотельдің, Әл-Киндидің ізін қуып, философия мен ғылымның барлық салалары бойынша үлкен жетістіктерге жетеді. Мәселен, Фараби шығармаларының санын неміс ғалымы Ш.Штейшнейдер 117 еңбек десе, түрік ғалымы А. Атеш 160, ал тәжік ғалымы Б. Ғафуров 200 трактат деп көрсетеді. Фараби философия саласы бойынша грек ойшылы Аристотельдің “Категориялар”, “Метафизика”, “Герменвтика” мен “Софистикасына” түсініктемелер жазды. Ол еңбектері күні бүгінге дейін де мән-маңызын жоғалтқан жоқ. Сөйтіп, Фараби шығыс пен батыстың ғылымы мен ежелгі мәдениетін таныстыруда үлкен рөл атқарды. Сондықтан да XI ғасырда өмір сүрген Фарабидің ізін қуушы атақты Ибн-Сина (980 – 1037) тек Әбу Насыр түсіндірмелері арқылы ғана Аристотель еңбектерінің ойын ұғып, қуанғанынан қайыршыларға садақа үлестіргені жайлы жазған екен. Анығырақ айтсақ, Аристотель шығармалары сол кездің өзінде-ақ араб тіліне аударылып үлгергенді. Араб шығысында Аристотельдің кейбір құнды ойлары бұрмаланып көрсетілді. Бірақ көп еңбектері тәржімаланбағандықтан ұлы грек философының ойын түсіну қиын болды. Сондықтан да көп тілдерді жетік білген ұлы ғалым жерлесіміз Аристотель шығармаларына араб тілінде түсіндірме жазуды ұйғарды. Сөйтіп, ол ұлы философтың мұраларын жаңсақ пікірлерден тазартып, өз қалпында дұрыс түсіндіре біліп, өзінің бірінші ұстазға деген ғылым саласындағы үлкен адамгершілік, азаматтық іс-әрекетін таныта білді. Сондықтан да шығыс философтары оны “Ал Муаллим Ас-Сани” - екінші ұстаз деп атаған. Фараби Аристотельдің философиясына түсініктемелер жаза отырып, өз тарапынан да “ғылымдардың шығуы”, “ғылымдар энциклопедиясы немесе тізбесі”, “ізгі қала тұрғындарының көзқарасы”, “музыканың үлкен кітабы”,

“философияны аңсап үйрену үшін алдын ала не білу қажеттігі жайлы”, “ақылдың мәні туралы”, “Әлеуметтік этикалық трактаттар”, “философиялық трактаттар”, т.б. Саяқты көптеген философиялық еңбектер жазған. Фараби ғылымының философиялық-логикалық іргетасын дұрыстап қайта қалап шықты. Ол музыка жайлы күрделі зерттеулер жүргізді. Фарабидің метафизика, тіл ғылымы, логика, психология, география, этика, т.б. Ғылымдар жайлы жазған еңбектерінің мәні ерекше зор. Тарихқа неғұрлым терең үңілген сайын біз жеке ұрпақтардың, тайпалар мен ұлттардың мәдениеті мүлде оқшау дамиды деген теорияның негізсіздігін соғұрлым айқын көріп отырмыз. Дүние жүзі мәдениетінің дамуында із қалдырған сол көрнекті қайраткерлер, шындығында, адамзат мәдениетінің бірлігін паш етіп келеді. Әл-Фараби осындай дүниежүзілік тарихи тұлғалардың санатына қосылады. Ол туған елінің мәдени байлығын, иран, үнді, антика мәдениеттерінің жемістерін бойына дарытты. Сондықтан да ол тайыз ұғымдар мен соқыр сенімдерден жоғары көтеріле біліп, өзінің ойлау жүйесін сындарлы да икемді өте білді. Әл-Фараби өз заманындағы өнер-білімнің ең асылын таңдап ала біліп, өз дәуірінің шынайы энциклопедиясын жасап берді. Оның терең мағыналы пікір айтпаған, жете зер салмаған, данышпандық болжам жасамаған бірде-бір ғылым саласы жоқ десек артық айтқандық емес.

Әл-Фарабиді дүниеге танытқан музыка теориясы арналған шығармаларының бірі – “музыканың үлкен кітабы” атты еңбегі. Ғұлама бұл еңбекте математикалық тәсілдер пайдалану арқылы музыкалық дыбыстарды тұңғыш рет қағаз бетіне түсіріп, нотаны алғаш дүниеге келтірді. Ол тек музыка теориясын ғана жазып қоймай, музыкалық аспаптарды да қолан жасап, сол аспаптарда керемет ойнай да білген. Қазақ домбырасын дүниеге келтірген асқан музыкант ұлы бабамыз Әбу Насыр әл-Фараби десек, біз қателеспеген болар едік. Оған бірнеше ғылыми дәлелдер, Фараби жасаған музыкалық аспаптар түрі куә бола алады. Оның шебер орындаушылығы жөнінде шығыс халықтары арасында күні бүгінге дейін айтылып жүрген көптеген аңыздар да бар.

Фарабидің бұл кітабы музыкалық дыбыстың сипаты мен құрылымынан бастап музыканың поэзиямен байланысына дейінгі

музыкалық ғылымның мәселеріне ғана арналмай, музыканың эстетикалық-теориялық принциптерін шешуге бағытталған. Музыка зерттеу саласындағы еңбектерінде фараби музыканың емдік қасиетін, жағымды әсерін жан-жақты дәлелдеді, сондай-ақ оның тәрбиелік мәні зор екенін баса айтты. Адамның музыка шығарудағы қабілеті дәрежесінің әр түрлі сатысын көрсетіп, адамның жан-дүниесіне жағымды, жағымсыз әсер ететін музыкалық жанрларға талдау жасады.

“Музыканың үлкен кітабы” музыка ғылымына кіріспе; музыка ғылымының негіздері; музыкалық аспаптар; музыкалық композиция деген үлкен-үлкен төрт тараудан тұрады. Фарабидің бұл еңбегі XV ғасырда латын тіліне аударылып, еуропа музыка ғылымы мен өнерінің дамуына үлкен әсерін тигізді.

Қазақстан оқымыстыларының соңғы зерттеулері Әл-Фарабидің жаратылыстану-математика ғылымдары бойынша да аса терең, сындарлы мұра қалдырғанын анықтап отыр. Бұл, әсіресе, оның математика, астрономия, физика, медицина, химия, биология салалары бойынша жазған еңбектерінен айқын көрінеді. Ғұлама “ғылымдардың шығуы туралы” атты трактатында табиғаттану ғылымдарының шығу төркінін, себептерін ашып көрсетуге тырысады. Оның пікірі бойынша, табиғат әуелде жаратқан бір алланың құдыретті күшімен пайда болып, одан былай өз алдына дербес заңдылықтарымен өмір сүрді. Көне бөтен еш нәрсеге тәуелді болмайды. Жаратылыстың, болмыстың түп негізіне субстанция, акциденция жатыр. Оларды танып білу – ғылымдардың қалай шыққанын және өзінше қалай дами бастағанын сипаттайды.

Ғұламаның математикаға қатысты еңбектері: “Евклидке түсініктеме” геометриялық трактат, Птоломей “Алмагестің түсініктеме”, “Музыканың үлкен кітабы” т.б.

Ол математик ретінде өзара бір-бірімен тығыз байланысты үш бағытта зерттеулер жүргізіп, көрнекті жетістіктерге жеткен. Олар: 1. Математиканың әдістемелік мәселелері (математикалық ғылымдардың пәні, негізгі ұғымдарының, әдістерінің шығу тегі, т.б.); 2. Математиканың нақты проблемаларды шешуге қатысуы; 3. Математиканы астрономия, музыка, география, геометрия, т.б. Ғылымдарға қолдану. Әл-Фараби, әсіресе, математика философиясы, геометрия, тригонометрия салалары бойынша ірі жаңалықтар ашқан (алгебраның пәнін анықтау, салу есептерін бір

жүйеге келтіру, синустар теориясы т.б.).

Әл-Фараби астрономиялық еңбектерінде ежелгі гректің ұлы астрономы Клавдий Птоломейдің еңбектерін түсіндіре, кемелдендіре отырып, өз тарапынан да теориялық (математикалық), практикалық мәні зор қорытындылар жасап, соны идеялар, пікірлер айтады. Мысалы, ол тарихта тұңғыш рет шолпан планетасының күннің бетін басып өтуін бақылайды, “астрологиялық болжамдара не дұрыс, не теріс” деп аталатын трактатында ғұлама ғылыми астрономияны, жұлдыздардың орны, түр-түсі, қозғалысы, т.б. Көрінерлік қасиеттеріне сүйеніп, жер бетіндегі оқиғаларды, адам өмірінің болашағын алдын ала болжауға болады дейтін дүдәмал, күмәнді ғылымсымақты астрологиядан бөліп қарайды.

Әл-Фарабиден бізге жеткен ең үлкен ғылыми теориялық еңбек – “музыканың ұлы кітабы” болып табылады. Мұнда музыка теориясы физика-математикалық негізде қорытылап, баяндалған, мәселен, физиканың акустика, механика мәселелрі бойынша кең қамтылып, дыбыстың табиғаты, тараулары, қозғалысы, резонанс, т.б. бойынша көптеген соны пікірлер айтылады.

Физика саласындағы ғұламаның көрнекті еңбегі “Вакум туралы” деп аталады. Мұнда ол табиғатта (бостық) жоқ екенін ежелгі грек оқымыстыларында сирек кездесетін тәжірибеге (экпериментке) сүйенген логикалық қорытындылар арқылы дәлелдеуге тырысады. Бұл еңбегінде ол вакуум проблемасынан басқа да физиканың әр түрлі мәселелрін қарастырып, сол кездегі ғылымның деңгей-дәрежесіне сай шешімдерін тауып беруге тырысады. Олардың ішінде денені жылы ұғымы не кішіреюі, түсірілген кернеу-күшке, қысымға байланысты ауаның көлемінің ұлғаю немесе кішірею құбылыстарының заңдылықтары, ол күштің жан-жақты берілуі және басқалар бар.

“Әлхимия өнерінің қажеттілігі туралы” деп аталатын трактатында ғұлама өз тұсындағы химиялық білім-дағдыларды талдай, сарапқа сала келе, ол химияның жалған қабыршағынан ғылыми дәнін бөліп алып, оны белгілі бір зерттеу пәні бар жаратылыстану ғылымы қатарына қосады.

Әл-Фарабидің медицина, биология ғылымдарына да үлкен мән бергені мәлім болып отыр. Ол, әсіресе, бұл ғылымдарды

теориялық философиялық тұрғыда зерттеуге көп күш жұмсаған. Медицина жөнінде “адам ағзалары жайлы Аристотельмен алшақтығы туралы Галенге қарсы жазылған трактаттар”, “жануарлар ағзалары”, “темпераменттер туралы”, т.б. Еңбектер жазған, бұларда ол негізінен медицина ғылымының пәнін, міндет-мақсатын анықтап беруді көздейді. Бұл еңбектерден ұлы ғұлама медик Әбу-Әли Ибн Сина тәлім алған. Мәселен оны “медицина негізінде” атты әйгілі шығармасы теориялық, әдістемелік жағынан ұстазының аталмыш “адам ағзалары жайлы” трактатында өте жақын келеді. Әл-Фарабидің бұлардан басқа көптеген философиялық және нетурфилософиялық тұжырымдарында да жаратылыстану жайында айтылған бағалы пайымдаулар мен ғылыми қорытындылар кездесіп отырады. Оларды жиыстырып, бір жүйеге келтіру – Фараби танушылардың кезекті міндеттерінің бірі.

Ғұламаның ғылыми-философиялық еңбектерін байыптап қайта қарау барысында оның педагогика тарихындағы ұлы тұлғалардың бірі болғандығын көреміз. Ол – шығыс елдерінде тұңғыш сындарлы педагогикалық жүйе жасаған жасаған ағартушы оқымысты.

Әл-Фараби өзінің “риторика”, “поэзия өнері туралы”, “бақытқа жол сілтеу” туралы трактаттарында этикалық, эстетикалық мәселелерге көңіл бөліп, көркемдік, сұлулық, бақыт, мейірбандық, білім категорияларының бетін ашып, солардың негізін дәлелдеп берді.

Этиканы ол, ең алдымен, жақсылық пен жамандықтың ажыратуға мүмкіндік беретін ғылым деп қарады. Сондықтан оның этика жөніндегі тұжырымдамаларында жақсылық, мейірбандық категориясы басты орын алады. Ғұламаның этикалық ойларынан терең гуманизмнің лебі еседі, ол адам баласын жаратылыстың, бүкіл жан иесі атаулының биік шоқтығы, сондықтан да оны құрметтеу, қастерлеу керек деп түсінеді. Фараби жасаған қорытындының басты түйіні – білім, мейірбандық, сұлулық үшеуінің бірлігінде. Фарабидің гуманистік идеялары әлемге кең тарады. Ол ақыл-ой мен білімнің биік мәнін дәріптеді. Фараби көркемдік, сұлулық хақында былай дейді: оның пікірінше, көркемдік өмір шындығының өзіне тән қасиет, ол болмысты нақты түрде бар құбылыстардың, әлеуметтік өмірдің көкейдегі елесі. Көркемдік – адамның денесі мен рухани жан-дүниесінің

адамгершілік қасиетінің сұлулығын көрсететін белгі деп санайды.

Фараби “бақытқа жол сілтеу” трактатында бақытқа, оған жетуге бастайтын жолға айрықша назар аударады. Әл-Фараби өлгеннен кейінгі баянсыз бақыт туралы емес, тірі адамның бақыты туралы айтады. Оған жету үшін адам өзін-өзі жетілдіре отырып қиын жолдан өтуі керек. Адамның табиғи қабілеті өздігінше жақсы қылықты да, жаман қылықты да істеуге бірдей мүмкіндік береді. Адамның жетілуі мінез-құлықтың жетілуімен үйлес келеді, осыдан келіп бақытқа жету мен мінез-құлықтың жетілуі арасында байланыс туады.

“Бақытқа жол сілтеу” трактатында және басқаларда Әл-Фараби Аристотельдің әрекеттену мен қайырымды істердегі орта шама туралы пікірін дамытады. Фараби ұстамдылықты жақсы құлық деп есептейді, ал ұстамды болу үшін, шамадан тыс молшылық болса, одан жетіспеушілікке қарай ауытқып, ондай молшылықтан арылуымыз керек және керісінше, жетіспеушілік болса, біз молшылық жағына қарай ауытқуымыз керек, сөйтіп, мінез-құлқымызда ұстамдылықты қалыптастырғанша осылай ете беруіміз керек. Жоғарыда айтылғандар Әл-Фарабидің адам өміріндегі “жақсылық” пен “жамандық” “тәңірден” болмай, оларды адамның өзі тандауға болатын жағдайда белсенді әрекет факторына қандай зор маңыз бергенін көрсетеді.

Аристотельдің “нокомахтың этикасында” (1-кітап, параграф 1) келтірген схемасын негізге ала отырып, Әл-Фараби философияны теориялық және практикалық деп екіге бөледі. Теориялық философия өзгермейтін, өткінші емес заттарды, практикалық философия өзгертуге немесе жасауға болатын заттарды зерттейді. Философия, Әл-Фарабидің білуінше, адамға ғана болатын “ең ерекше” игілік, ақыл, парасат арқылы меңгеріледі. Ақыл, парасаттың қызметі қалай болса солай бет алды жүргізілмеуге тиіс, онда мақсаттылық сипат алады. Оның негізін логика өнері қарастыратын ойлаудың дұрыс әдістері құрады. Әл-Фарабидің атап көрсетуінше, адам өзінің бақытқа жету жолын логикадан бастағаны жөн. Бір сөзбен айтқанда, Фараби адамдардың өз көздеген мақсатына жетуі оның өзіне ғана байланысты екенін айтады. Адам рухани жағынан үнемі өзін-өзі жетілдіріп отыруға тиіс, адам тек ақиқатты, айналадағы дүниені



танып білу арқылы жетіледі деп түйін жасайды.

Әл-Фарабидің азаматтық, саяси, адам, қоғам жөніндегі ойлары “Фусул Ал-Мадани” (“мемлекеттік қайраткердің нақыл сөздері”) трактатында қаралады. Бұл трактаттың тақырыптары әр түрлі болса да, негізінен бір мақсатқа – адам мен қоғамны” арақатынасы, оның жетілуіне арналған. Еңбектің өзіне тән бір ерекшелік сипаты – тәндік және рухани құбылыстардың салыстырылып отыратындығы.

Фараби “азаматтық саясатта” қоғамы талдауды қаладан бастаса, “нақыл сөздерде...” ол мұны ең кішкене ұядан, от басынан немесе үйден бастайды. Аристотель сияқты ол үйді бірнеше бөлікке – ері мен әйелі, қожайыны мен қызметшісі, ата-анасы мен баласы, мүлкі және иесі деп бөледі. Үйдің өзіне тән мақсаты болады, бірақ қаланың бір бөлшегі болғандықтан, ол қала белгілейтін ортақ мақсатқа қызмет етуге арналады, сөйтіп, бұл арада адамның өз басының мүдделерін қоғам мүдделеріне бағындыру туралы пікір айтылады. Бұл жерде Фарабидің қала дегенін мемлекет деп түсіне отырып, оның ойларынан үлкен азаматтық гуманизмнің биік көріністерін табамыз. Мұнда тек жеке басының мүдделері ғана емес, қоғам мүдделерін жоғары санауы үлкен бір азаматтықтың, адамгершіліктің қасиетті көріністері де білеміз.

Әл-Фараби адам міндетті түрде адал ниетті болу керек деп есптейді. Өйткені жақсы істер істеп, мұның төлеуін күтсе, адам бұл істерін жамандыққа айналдырады.

Жетік философ теориялық ғылымдарды да білуге, бұл ғылымдарды басқа ғылымдарда да қолдана білуге тиіс. Платон мен Аристотель нағыз философқа әкімінің міндеттері жүктелуге тиіс деп санады, бірақ Платонның пікірінше, философ өзгермейтін ақиқаттарды меңзеп, мемлекетті басқаруды жоғары мақсатқа жетуге бөгет жасайтын ауыртпалық деп есептейді, ал Әл-Фараби, керісінше, тіршілік істерден бойын аулақ салмайды, қайта адамдардың ақиқатқа жету жолына түсінуіне көмектесуге тырысады. Бұл арада Әл-Фараби дін мен философияны салыстырады. Оның пікірінше, дін философияға ұқсас: екеуі де жоғары принциптерге, бар заттардың бастамаларына түсінік береді. Бірақ философия дәлелдеуді, дін сенуді керек етеді. Заң шығарушы өте жақсы пайымдаудың арқасында адамның

мүделеріне сай келуге тиіс заңдарды дұрыс жүзеге асыра алады.

Имам – ең жоғары дәрежеде теориялық білімі және ойшылдық қайырымдылықтары бар адам, мұның өзі оған адамдарға ақылшы, жетекші болып, оларды бақытқа жетуге бағыттап отыруға құқық береді.

Сонымен, “философ”, “заң шығарушы”, “имам” және “бірінші басшы” ұғымдары бір нәрсеге келіп қосылады. Олар бір мақсатқа қызмет етеді, бірақ бұл мақсатты әр түрлі әдістемелермен жүзеге асырады. Адамдар бірлестіктерінің ерекшелік белгілері болып табылатын теориялық және практикалық қайырымдылықтарға тек философияның көмегімен жетуге болады деп тұжырымдайды ұлы ғұлымы. Демек, Әл-Фарабидің мемлекет, ел басқару жөніндегі тұжырымдары, әлеуметтік-этикалық саяси көзқарастары бүгінгі қоғам үшін айрықша маңызды.

*Аль-Кинди* мен *Әл-Фарабидің* ілімдерін одан әрі дамытушы, жалғастырушы *Ибн-Сина* (980-1037) болды.

*Ибн-Сина* (авиценна) дүниетанымының қалыптасуына философ әрі жаратылыстану ғылымдарының озық үлгілі бірлігі ретінде араб мұсылман әлемінде танымал болуына *Аль-Кинди* мен *Әл-Фараби* философиясының тікелей ықпал тигізгені белгілі. Европалықтарға *Авиценна* деген атпен белгілі болған ол, орта азияда, бұқара қаласының маңында дүниеге келеді. Иран мемлекетіндегі *Исфақан* атты қалада философия және медицина саласы бойынша дәріс алып өз білімін жетілдіреді. *Ибн-Сина* жан-жақты терең білімді, философ, дәрігер, ақын әрі саяси қайраткер болған екен. Ол жүзден аса ғылыми кітаптар жазыпты. Олардың ішінде ең әлемге танымал болған атағын шығыс пен батысқа танытқан “сауығу кітабы” деп аталатын медицина жайлы жазған кітабы. Ол ғасырлар бойы шығыс және батыс дәрігерлері үшін баға жетпес білім көзіне айналған еді.

*Ибн-Синаның* философиялық шығармасы он сегіз бөлімнен тұратын “сауығу кітабы” логиканы, физиканы, математиканы және философияны қамтыған. Арабтар әлемінде *Ибн-Синаның* аты керметпен аталатын еді. Оны біресе “философтар патшасы” деп атаса, біресе “дәрігерлер атасы” деп дәріптеген.

## 17-18 дәріс. РЕНЕССАНС КЕЗЕҢДЕРІНІҢ МӘДЕНИЕТІ

1. Қайта өрлеу мәдениетінің қалыптасуының негіздері. Гуманизм
2. Қайта өрлеу кезеңінің мәдени дәстүрі. Дученто, треченто, кватроченто, чинквеченто. Реформация кезеңі
3. Поэзия, сәулет өнерінің ролі
4. Барокко, рококо стильдері
5. Классицизм, реализм бағыттары

Қайта жаңғыру мәдениеті (Ренессанс) деп аталатын алғашқы буржуазиялық мәдениет – XIV ғ. аяғында XV ғ. басында Еуропада, оның ішінде Италияда қалыптасты. Бұл мәдени төңкеріс Венециядан басталып, бүкіл Италияны қамтыды. Қайта жаңғыру дәуірін Еуропаның көптеген мемлекеттері, атап айтқанда: Франция, Испания, Нидерланды, Польша, Чехия, Венгрия, Англия, Балқан елдері және т.б. бастарынан кешірді. Бұл кезеңде итальян қоғамы Грекия мен Римнің көне мәдениетіне ерекше мән беріп, көне мәдени мұраларды жаңғыртумен қызу айналыса бастады. Тұңғыш рет Еуропа діни идеялар негізінде емес, жалпы адамзаттық гуманистік идеялар рухында бірігуге мүмкіндік алды. Бұл дәуір адамзат тарихындағы сындарлы заман болды. Еуропа бастан кешірген бұл өтпелі кезең – қоғамдық-саяси және мәдени өмірде елеулі орын алды: экономика саласында – бұл географиялық ашулар заманы мен капиталдың алғашқы қорлану заманы, отарларды жыртқыштықпен бөліп, басып алынған халықтарды айуандықпен тонау заманы, отаршылдық соғыстар заманы болды. Саясат саласында тәуелсіздік үшін күрес заманы болды. Жаңадан қалыптасып келе жатқан жас буржуазия мүдделері басымдылық танытып «бюргерлік мәдениеттің» барған сайын ұлттық сипатқа ие бола бастау заманы. Талассыз соғыстар, отаршылдардың айуандық әрекеттері және соның нәтижесінде тереңдей түскен таптық қақтығыстар, халыққа қырғидай тиген түрлі аурулар эпидемиясы, талай дарынды еркін ой иелерін отқа жаққан инквизиция оттары, талассыз діни соғыстар – осылардың бәрі Еуропа халықтарының өткен тарихы, дәуір сипаты болды.

«Қайта жаңғыру» термині осы дәуірдің белгілі суретшісі,

сәулетшісі және өнер тарихының асқан білгірі Джордане Базари (1512–1574) өзінің «Жизнеописание наиболее знаменитых живописцев, ваятелей и зодчих» (XVI ғ.) деген еңбегінде алғаш рет қолданған. Демек, бұл терминнің мағынасы – көне заман мәдениетін жаңғырту болып табылады. Ал одан кейін, дәлірек айтқанда, XVIII ғ. бастап Италиялық жаңғыру дәуірі адамның қайта жаңғыруы және гуманизм дәуірі деп сипатталады. XIV–XV ғ. Италия мәдениетін былай сипаттаудың тамыры да осы дәуірде жатқандығын атап өткен дұрыс сияқты, өйткені тұңғыш рет «адам» табиғаты, «адамгершілік» деген ұғымдарды енгізген осы дәуірдің алыптары Леонардо Бруни мен Колуччо Салютати болатын. Тереңірек үңіліп қарайтын болсақ, «гуманизм» латынның «адамгершілік» деген сөзінен шыққан (гомо – «адам» деген ұғымды білдіреді). Бұл терминді «жаңа адамдар» – (гуманистер) енгізген. Олардың ойынша, гуманизм бүкіл адамзат баласы тудырған мол мәдени мұраларды қуана оқып, зерттеп-білуге ұмтылу болып табылады. Олай болса, Қайта жаңғыру заманның басты жаңалығы – ғасырлар қойнауына көз жүгіртіп, өткен замандардағы көне мәдени мұраларды қайта жаңғырту болып табылады. Белгілі ғалым – гуманист, Леонардо Бруни (1370–1444 ж.) «гуманизмді» адамның өмірі мен әдет-ғұрып, салт-дәстүрлеріне қатысты дүниелерді танып-білумен және адамды рухани жағынан жетілдіріп, оны әсемдікке, ізгілікке баулитын жағдайларды ғылыми тұрғыдан зерттеп білу деп түсінді. Оған: поэзия, грамматика, риторика, тарих, философия, музыка және т.б. жатқызды. Сөйтіп, көне мәдениет құндылықтарын игеруде басты рөлді гуманитарлық ғылымдар атқарады деп есептелді. Бұл кезеңде қоғамды мәдени тұрғыдан қайта құруды мақсат еткен білімді, рухани байлығы мол Еуропа интеллигенциясының қалыптасу процесі басталды. Қоғамда алатын орнына, қызмет дәрежесіне, байлығына, тіпті тұрмыс-тіршілігінің әр түрлілігіне қарамастан оларды ортақ мақсат біріктірген болатын. Мысалы, Лоренцо Медичи – ел басшысы болса, Полициано – университет профессоры, Пико делла Мирандоло – граф, ал Лоренцо Вониконтри – офицер болды. Демек, гуманизм – мәдениеттің басты принциптерінің бірі, оның сапалық өлшемі, оның ақиқаттығының айнасы болды.

Осы орайда, қайта жаңғыру мәдениетінің өзіндік сипатына тоқтала кеткенді жөн көрдік. Олар: гуманизм, антропоцентризм, орта ғасырлық христиандық дәстүрлерді нәрселендіру, көне мәдени мұраларды қайта жаңғырту (философия мен өнердің көне туындыларын тірілту) және дүниеге жаңа қозғарас болып табылады.

Ренессанс мәдениетінің жоғарыда көрсетілген өзіндік ерекшеліктері оның дәуірлеріне тікелей байланысты болып келеді, өйткені бұл өзгерістер заман ағымына, дәуір тынысына тікелей тәуелді болғаны ақиқат.

Қайта жаңғыру мәдениеті төрт кезеңге бөлінеді. Жоғарыда көрсетілген белгілер енді ғана біліне бастаған кезең «проторенессанс» (қайта жаңғыру қарсаңы) деп аталады. Екі ғасырға созылған бұл тарихи кезеңнің әр ғасыры (XIII ғ. дученто, XIV ғ. – треченто деп аталады) тамаша дарынды адамдарды өнер сахнасына шығарды. Солардың бірі – Қайта жаңғыру мәдениетінің бастауында болған ұлы Данте Алигьери (1265–1321 ж.) – Ұлы дарынның қыл қаламынан шыққан атақты комедияларының кереметтігі соншалық, оның талантына бас иген ұрпақтары бұл туындыны «Құдіретті комедия» деп атады. Данте, Франческо Петрарка (1304–1374 ж.) және Джованни Бокаччо (1313–1375 ж.) Қайта әрлеу (жаңғыру) дәуірінің дарынды өнер қайраткерлері және италиян тілінің негізін қалаушылар болды. Олардың шығармалары дүниежүзілік әдебиетке қосылған тамаша туындылар қатарынан орын алды. Мысалы, Петрарканың Мадонна Лаураның өмірі мен өліміне арналған сонеттері өзінің тірі кезінде-ақ әлемге әйгілі болды. Оның жолын қуушылардың бірі «Декамеронның» авторы атақты Боккаччоның гуманистік идеяларға толы реалистік новеллалары – дүние жүзілік әдебиет саласындағы соны құбылыс болып саналады.

Қайта жаңғыру кезеңінің мәдени дәстүрлері, оның өзіне ғана тән ерекшеліктері айқындала бастаған кезең – XV ғасыр, яғни «Бастапқы Қайта жаңғыру дәуірі» (кватроченто). Ал Италия мәдениеті идеялары мен принциптерінің гүлденген кезеңі және оның құлдырау қарсаңын – «Кемелденген жаңғыру кезеңі» (Чипквеченто) деп атаймыз. Бұл дәуір XVI ғасырды қамтиды.

Қайта жаңғыру мәдениетінің басты назары адам тұлғасына

аударылды. Адам бойындағы ізгі қасиеттерді жан-жақты көрсету арқылы оны биік дәрежеге көтеру және оның арнамысын, абыройын қорғау – басты орынға қойылды. Міне, сондықтан да болар, шынайы гуманизм адамның бостандық алуға, бақытты болуға, өз қабілетін дамытуға құқығы бар екендігін жариялады, адамдар арасындағы қарым-қатынаста теңдік, әділдік, адамды сүю және адамгершілік принциптерін жақтады. Ерекше атап өтетін бір жайт, Қайта жаңғыру заманының гуманизмі адамды дін бұғауынан босатуға бағытталды, яғни дін мен шіркеу ықпалын әлсіретуге барынша күш салды. Ендеше, бұл дәуірдің гуманистік идеялары – рухани төңкерістің негізі болды, ал өз кезегінде бұл төңкерістер буржуазиялық революциялар толқынымен және жаңа Еуропаның мәдениеттің қалыптасу процесімен тығыз байланысты болды.

Қайта жаңғыру мәдениетінде басты назардың адамға, оның табиғатына аударылу сырын қалай түсіндіруге болады? Қоғамдағы мұндай түбегейлі өзгерістің – әлеуметтік-экономикалық факторларға, оның ішінде тауар-ақша қарым-қатынастарының дамуына тікелей байланысты болды. Адамның тәуелсіздігін сезіне бастауына, енді ғана туындап келе жатқан еркіндікке қол жеткізуіне, ең бірінші кезекте қала мәдениеті себепкер болды. Италия қалаларында тамаша ірі өнеркәсіп орындарының болғаны тарихтан белгілі. Солардың ішінде Қайта жаңғыру мәдениетінің ошағы болған – Флоренцияның мерейі үстем болды. Табиғи байлықтардың тапшылығы және тағы да басқа жағдайларға байланысты Италия басқа мемлекеттермен сауда-саттық жасауға ерекше мән берді. Италия қалалары Батыс елдерімен де, мұсылман елдерімен де сауда-саттық жасады. Мұның өзі ел экономикасының одан әрі дамып, қала мәдениетінің гүлденуіне әкеліп соқты, ал қала мәдениетінің ықпалымен «жаңа адамдар» қалыптасты. Бірақ жаңа адамдардың қалыптасуы әлі де болса орта ғасырлық заман ықпалына байланысты болды, қаншама уақыт өтсе де христиандық дәстүрлердің қаймағы шайқалмаған болатын, сондықтан да болар адамдар орта ғасырлық шырмаудан шыға алмай аласұрды. Міне, осындай тарихи кезеңде көне мәдени мұраларды «тірілтуге» деген жаппай құлшыныс «жаңа адамдардың» қайталанбайтын, ерекше мәдениеттің қайнар бұлағын ашуына мүмкіндік берді.

Бұл мәдени төңкерістің барысында Қайта жаңғыру

даналарының басты назарында Платон сияқты көне заман ойшылдарының ілімдерінің болуын қалай түсіндіруге болады. А.Ф. Лосев осы орайда тамаша ғылыми тұжырым жасап, бұл жағдайды неоплатонизммен байланыстырды. Оның пікірінше, Қайта жаңғыру дәуірінің өкілдері мәдениетті орта ғасырлық догматтан тазартты, оны қайта қарау арқылы қайта жаңғыртып, жаңа мазмұн берді. Ол мәдениет тарихындағы неоплатонизмнің үш түрін атап көрсетті. Олардың біріншісі – көне замандық – космологиялық, екіншісі – орта ғасырлық – теологиялық, үшіншісі – жаңғырған – антропоцентристік неоплатонизм (Г.В. Драч. Культурология. Ростов-на-Дону. 1995, с. 217.). Көне заманның неоплатонизмі Платон ілімін қайта қарай отырып, рухтың табиғатын, заттар қозғалысын, космостық айналыстың ақиқаттығын космологиялық тұрғыдан түсіндіруге әрекет жасаса, орта ғасырлық неоплатонизм табиғат пен дүниеден жоғары өмір сүретін, жоқтан болмас тудыратын абсолюттік жан теориясына негізделді. Жоғарыда атап көрсетілген «антропологиялық жаңғырған неоплатонизм» бір жағынан, көне заман неоплатонизмінің көмегімен материалдық дүниені жоғары көтеріп, орнықтыруға тырысса, екінші жағынан оның ортағасырлық неоплатонизммен ортақ қасиеттері, белгілері бар. Демек, сұлулық пен әсемдікке толы дүниені аңдап-түсіну – «жаңғыртушылық» дүниетанымдық мақсаттардың бірі болып саналады. Құдай жандандырған дүние әр уақытта да адам назарында болған, оны қатты қызықтырған. Жарық дүниенің құпия сырларын танып-білуде адамның сезімдерінен артық не бар, ендеше бұл қағиданы ескере отырып, жаңғыртушылар «адам көзіне» пара-пар келетін бұл дүниеде еш нәрсе жоқ деп есептеді. Сондықтан да Қайта жаңғыру дәуірінде өнер салаларының ішінде сурет салу және т.б. ұдайы даму үстінде болды. Шындығында да, дүниені танып-білумен қатар оны шынайы жеткізе білуде суретшілердің мүмкіндіктері мол, олай болса олардың дүние-танымдық мақсаттарды шешудегі белсенділігінің сыры да осында болса керек. Ал бұл жағдай итальяндық Қайта жаңғыру дәуірінің көркемдік сипатта болуына тікелей әсер етті.

Ерекше атап өтетін бір жайт, итальян тарихшыларының гуманистерге деген көзқарастары әртүрлі болып келеді. Италия-

ның өткен тарихына көз жүгіртетін болсақ, Ренессанс дәуірі бұл елдің өзара қақтығыстар мен соғыстарға толы кезеңімен сайма-сай келеді. Тарихи деректерге жүгінсек, дүние жүзіне атағы шыққан кейбір гуманистер Италияның бостандығын тұншықтырушы мейрімсіз билеушілерге қызмет еткен, тіпті шетел басқыншылығы кезінде патриоттық сезімін көрсете алмай дәрменсіздік танытқан. Бірақ бұл келеңсіз көріністерге қарап біржақты көзқарас тұмауы керек, өйткені дүниежүзілік көлемде гуманистер жаңа қоғамдық күш болды. Олардың табиғат дарыны, үшқыр ойлары текке кеткен жоқ, өйткені осы бір ұлы ойшыл даналардың арқасында ғана Қайта жаңғыру дәуірінің мәдениеті Жаңа заман мәдениетінің жаршысы, бастамасы болды. Қайта жаңғыру дәуірі мәдениетінің өкілдерінің ішінде сол дәуірдің тынысын терең сезінген, сол бір аласапыран кезең мен жарық дүниенің әсемдігін, адамның жандүниесін өнер туындылары арқылы бере білген алып тұлғалар болған. Солардың бірі – өнер алыбы Леонардо да Винчи (1456–1519 ж.). Өз заманында ол айналыспаған ғылым мен білімнің, мәдениет пен өнердің бірде–бір саласы болмаған. Ол – әрі мүсінші, әрі суретші, әрі математик, әрі инженер, әрі геолог, әрі философ, әрі ақын, әрі физик т.б. болған. Сегіз қырлы, бір сырлы Леонардо да Винчи ұшу аппаратының қанатының, токарь станогының жобаларын жасады. Леонардо да Винчи сонымен қатар ғылымның әр саласына байланысты жазылған әр тақырыптағы ғылыми трактаттардың авторы. Леонардоның керемет ұлы туындысы және барлық замандардағы ең ғаламат суреттерінің бірі – «Күпия жиын». Миландағы Санта Мария делла Грацие шіркеуіндегі бұл сурет бізге жартылай бүлінген күйінде жетті. Бұл суретте Христос барлық сезімдер орталығына-айналған, оның ішкі жан-дүниесі, қайғысы мен сабырлылығы – заңды құбылыс. Шығармада көрсетілген драманың терең мәні де осында болар, өйткені мұндағы сатқын, опасыз Иуданың сол бір күпия кештегі келбетінің өзі де үлкен шеберлікпен берілген. Жаугершілік, қиынқыстау заманда салынған бұл сурет екінші жағынан – заман талабынан туған, мәңгі өшпес тақырыпқа арналған патриоттық шығарма болып табылады.

Дүниені дүр сілкіндірген, бұл күндері Париждегі Лувр музейінің інжу-маржаны болып отырған «Мона Лиза – Джоконда»



туындысы ғасырлар бойы көрген адамды таң қалдырып келеді. Леонардо «Джоконданы» салуда ұзақ еңбектенді, қажымай-талмай жетілдіре түсудің нәтижесінде артына баға жетпес асыл мұра қалдырды. Оның көркем мұрасы сан жағынан алғанда онша көп болмаса да, оның бірде-бірін мыңмен айырбастауға болмайды, бәлкім оның қаламының құдіретіде осында болар.

Осы орайда өнер тарихындағы ұлылардың бірі – Рафаэль Санти (1483–1520 ж.) нағыз кемелді шағында – 37 жасында қайтыс болғанына қарамастан артына мәңгілік өшпес мұра қалдырды. Оның атақты туындысы – «Сикстин мадоннасы» Меккедегі қара тас арабтар үшін қандай киелі болса, «Сикст мадоннасы» еуропалықтарға да сондай қасиетті дүние. Рафаэль өзінің әйгілі болған шығармалары «Афины мектебі», «Конестабиле қудай-ана», «Парнас» және басқаларында гуманизм идеяларын кеңінен насихаттап адамның әлі де ашыла қоймаған рухани мүмкіндіктерін ашып көрсетуге тырысады.

Адамзат қоғамына мәңгілік рухани азық болған шығармалардың авторы, тасқа тіл бітірген теңдесі жоқ мүсінші, тамаша қыл қалам шебері, сәулет өнерінің сарбазы, өнердің қай саласының болсын майталманы – атақты Микеланджело еді. Оның өнерінің ішіндегі қай туындысын алсаңыз да алдымен адамды, оның ақыл-парасатын, оның бойындағы ізгілік қасиеттерді аңғарамыз. Микеланджелоның атақты мүсіндері – «Давид», «Моисей», «Бұғаудағы күл», «Өлім халіндегі күл» және т.б. қатар «Құдай – ана – Дони», «Кашино түбіндегі шайқас» сияқты суреттерінде қасірет шеккен халықтың қилы тағдыры., оның азаттық үшін күресі, ана жүрегі, ана махабаты, сәулелі болашақ пен өмірдің сан-салалы көріністері нанымды берілген.

## **19-20 дәріс. ЖАҢА ЗАМАН ЖӘНЕ АҒАРТУШЫЛЫҚ ҒАСЫР МӘДЕНИЕТІ.**

### **КЛАССИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМДАРДЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ**

1. Жаңа кезеңдегі Еуропа мәдениетінің қалыптасуының ерекшеліктері
2. Жаңа заман еуропалық мәдениетінің кезеңдері. Рационализм, ағартушылық, классикалық
3. Ресей, Қазақ жеріндегі Ағартушылық кезең
4. XVIIIғ. өнеркәсіп төңкерісі. Өндірісті техникалық жабдықтау
5. Әлеуметтік өзгерістер. Азаматтық қоғам және демократиялық басқару түрлерінің пайда болуы

### **XIX ғ.-XX ғасыр мәдениеті және оның ерекшеліктері**

Жаңа заман мәдениетінде XIX ғасыр мәдениеті ерекше орын алады. «Классика ғасыры» деп аталатын бұл кезеңде буржуазиялық өркениет кемелдену шағына аяқ басумен қатар, тоқырау кезеңін де басынан кешірді. Мұндай әділ бағаның авторлары заманмыздың ұлы ойшылдары: О. Шпенглер, Й. Хейзинга, Х. Ортега-и-Гассет және т.б. XIX ғасыр, мәдениеті – бүкіл жаңа заман мәдениетінен рухани нәр алып, көне дәуір мәдениетінің негізінде қалыптасты. Олар – рационализм, антропоцентризм, сциентизм, еуроцентризм және т.б. болды. Еуропа мәдениетінің тағдырына дәуірдің үш ұлы уақиғасы: Англиядағы өнеркәсіп төңкерісі, Солтүстік Америка отарларының тәуелсіздік үшін күресі және Ұлы Француз революциясы ерекше ықпал етті. Дәлірек айтқанда, бұл ұлы тарихи уақиғалар еуропалық мәдени бетбұрыстың жүзеге асыру процесін одан әрі жылдамдата түсті. XIX ғасырдың бет-пердесі адамзат тағдырының өзгерістерге ұшырауына тығыз байланысты болды. Өз кезегінде жаңа дүниенің қалыптасуы да негізінен үш факторға байланысты болды. Олар: демократия, тәжірибелік ғылым және индустрияландыру. Екінші және үшінші факторларды бір сөзбен «техника» деп атауға да болады, ал бұл факторлар осыдан екі ғасыр бұрын пайда болды да, XIX ғасырда қоғамдық өмірдің барлық салаларына еркін ене

бастады.

Ерекше атап өтетін бір жайт, XX ғ. етек алған «сауықтық мәдениеттің» алғашқы нышандары дәл осы уақытта біліне бастаған болатын. Өнер туындылары мыңдаған таралыммен жаппай шығарыла бастады. Әрине, өнер туындыларының халық арасына кеңінен тарауы, халықтың жалпы мәдени дәрежесін арттыруға себепкер болатындығын мүлде жоққа шығаруға болмас, бірақ бұл жағдай өнердің дәрежесін төмендетіп, оның құпиялық қасиетін жоюға себепкер болғандығы да естен шығармаған жөн.

Сондықтан да болар, осы бір сындарлы тарихи кезеңде халық көңілінен шығар нағыз өнердің қажеттігі біліне бастады. Философия тіліне айнала бастаған өнер адамгершілік пен ізгіліктің қайнар бұлағы адамның жан-дүниесінің айнасы болды. Өнер – мәдениет саласындағы әрбір өзгерісті терең сезініп, дәуір тынысына сай бейімделе білді. Бұл ой-тұжырымдарымызды дәлелдеу үшін, ең бастысы – «өнердің қоғамның соты» рөлін қалай атқарғандығын толық түсіну үшін тағы да XIX ғ. өнерінің тарихына қысқаша тоқталып өтелік. Бұл ғасырдағы өнердің дамуындағы екі кезеңді ерекше бөліп алып қарастырған жөн сияқты. Бірінші кезең, декаданс («құлдырау» деген мағынаны береді). XIX ғ. 50 ж. бастап бірінші дүниежүзілік соғысқа дейін созылады. Ұлы француз революциясынан қанаттанып, шабыт алған романтизм өз өрісін кеңейте түсті. Романтикалық өнер сол заманның басты идеяларымен байланысты болды. Олардың прогрессивтік идеялары утопиялық социализм идеяларымен де ұштасып жатты. Романтиктер мен утопистердің дәл осындай идеялық бауырластығын қалай түсіндіруге болар екен? Оларды жақындастырған жағдайлар: қоғамдық құрылысты сынау, халық тағдырына ортақтасу, жеңіске жету жолдары мен әдістерінің күңгірттігі және т.б. болды. Тамаша болашақты тіпті болмағанда қиялында жүзеге асыру – романтиктерге тән қасиет екендігін естен шығармаған жөн. Нақты өмір мен қиялдағы өмірді салыстыра қарау да романтикалық өнердің басым жақтарының бірі болды. Романтиктер өздері өмір сүрген қоғамды сынап отырып, бұл ортадан безіне қашады. Мұндай көңілі толмаушылық қасиет пен болмыстан «қашушылықтың» үш бағыты болды. Біріншісі, табиғат аясына кету, өйткені табиғат адамның көңіл-күй

күйзелістерінің емшісі, еркіндік пен ізгіліктің идеалы болып есептеледі. Сондықтан да болар романтиктер қалаларды өткір сынға алып, қарапайым ауыл адамдарын ерекше дәріптеп, олардың рухани байлығын пана ететін халықтық фольклорды жоғары бағалады. Бұрыннан белгілі экзотикалық елдермен қатар, ұлы географиялық ашылымдар барысында ғана белгілі болған елдердің әсем табиғаты – олардың өнер туындыларының басты тақырыптарының біріне айналды (Байронның поэзиясындағы, Делакрудың суреттеріндегі шығыс тақырыптары және т.б.). Ал нақты өмір көріністері болмаған жағдайда романтиктер өздерінің таңғажайып қиялдарына еркіндік берді, оған Гофманның, Гейнениң, Вагнердің фантастикалық шығармалары жатады.

Екінші бағыт, өзі өмір сүрген ортадан алшақтап, басқа дүниені қиялдауға байланысты болды. Ендігі жерде романтиктер өткен заманды, әсіресе орта ғасырлар кезеңін, оның өмір-салты мен салт-дәстүрлерін (В. Скоттың рыцарлық романдары, Вагнердің опералары және т.б.), шаруалардың патриархалдық тұрмыс-тіршілігін (Ж. Санд, Колридж) және т.б., өмірлік жағдайларды өз шығармаларының арқауы етті.

Үшінші бағыт, адамның болмыстан бас тартып, өзінің ішкі жан-дүниесімен арпалысуына байланысты болды. Романтиктер өз шығармаларында бұл дүниенің қарама-қайшылықтарын шындық тұрғысынан көрсетуге баса назар аударды (Гофман мен Гауфтын ертегілері, Т. Жерико мен Э. Делакруаның портреттері және т.б.) – Жоғарыда айтылған пікірлерімізге сүйене отырып, романтизмнің екі басты идеялық мән-мағынасы бар деген қорытынды жасауға болады. Олар: «романтикалық тарихилық» және «индивидуалистік субъектизм».

Ұлттық мәдениеттің қайнар бұлағына зер салу, мәдени құбылыстарды тарихи тұрғыдан алып қарастыру, басқа халықтардың өмірімен танысу кездерінде романтиктер бұл тарихи процестердің қайталанбайтындығына, өте сирек кездесетініне, олардың өздеріне тән ерекшеліктері бар екендігіне көз жеткізді. Олай болса «романтикалық тарихилық» – буырқанған революциялық дәуірдің жемісі болып табылады, Романтиктердің көзқарастары бойынша, ақыл-ой немесе адамның санасы арқылы тарихи болашақты, оның бұралаң жолдарын адам болжай

алмайды, олай болса таным процесінің басты көздерінің бірі – жүректің үні, интуиция (сезіну) болып табылады. Осыдан келіп романтизмнің «индивидуалистік субъектизм» бағыты келіп туындайды. Оның мән-мағынасы – жат дүниеде адамның өзінің жалғыздығын сезінуі, адам санасында өмірден түңілушілік сезімінің пайда болуы. В. Вейдле «Романтизм дегеніміздің өзі – жалғыздық» деп тегіннен-тегін айтпаған сияқты. Романтиктер өздері өмір сүрген қоғамға көңілдері толмаса да, бостандық пен еркіндік жолындағы күрескер – энтузиастар болды. Ең бастысы олар – халықтың ғасырлар бойғы жинақтаған мол мәдени мұраларына сүйенді. Жоғарыда атап көрсеткеніміздей, романтизмнің дамуы әр елдегі қалыптасқан қоғамдық-саяси жағдайларға тығыз байланысты болды. Мысалы, Францияда романтизм буырқанған қоғамдық-саяси өмірдің айнасына айналды. Әсіресе, еркіндікті сүю мен патриотизм – француз романтизміне тән басты қасиеттер болды, Ағылшын романтиктері Байрон мен Шеллидің шығармаларында қоғамдағы жағымсыз қылықтар қатал сынға алынды.

Саяси бытыраңқылық жағдайында қалыптасқан неміс романтизмінің де өзіне тән ерекшеліктері болды. Бұл дәуірде неміс романтиктері музыка, әдебиет және т.б. өнер салаларындағы асқан үздік шығармаларында қоғамдық өмірге сын көзбен қарай отырып, философиялық, эстетикалық тұжырымдар, теориялар жасады.

Романтизммен қатар XIX ғ. ортасына қарай реализм ағымы да өзіндік бет-бейнесін таныта бастады. Реализмнің қалыптасуы капиталистік қарым-қатынастардың белең алуымен тығыз байланысты болды. Мұндай өзара тәуелділікті кездейсоқ жағдай деп қарастыруға болмайды, өйткені капитализм жағдайында әлеуметтік қайшылықтар асқынып, қоғамның бет-бейнесі, әдет, саяси-ғұрыптары айтарлықтай өзгерістерге ұшырады. Қоғамда орын алған мұндай жағдайлар адамның рухани дамуына ерекше ықпал жасады. Өз кезегінде бұл процестер реалистік өнердің туындауына түрткі болды. Ал дәл осы кезеңде қалыптасқан әлеуметтік-тарихи немесе сыншыл реализм Қайта жаңғыру дәуірі мәдениетінің реализмі, Ағартушылық дәуірінің реалистік сияқты өзіне дейінгі тарихи кезеңдердегі реалистік өнердің игі дәстүрлерін өз бойына сіңіре білді. Осы орайда, сыншыл реализмнің тамыры тереңде екендігін, оның революцияшыл

романтизммен де тығыз байланыста болғандығын атап өтуіміз қажет, өйткені бұл ағымдардың өзара тоғысуының басты себебі – буржуазиялық қоғамның келеңсіз керіністерінде жатыр. Реалистер де, романтиктер де адамның рухани дүниесіне ерекше назар аударды, оларға тарихи сана-сезім, халық мүдделері өте жақын болды. Бірақ «болмыстан» қашқан романтиктерге қарағанда «сыншыл реалистер» болмыс сырын ашып-көрсетуге, қоғамдық өзгерістердің себептерін түсіндіруге тырысты. Әлеуметтік тақырыптарды қамтитын романдар жазуға деген әуестенушіліктің сыры осы жағдайға байланысты болса керек. Ұлы қаламгер О. Бальзактың пікірінше, француз әдебиеті дүниежүзілік әдебиетте соны бағыт танытып, алғаш рет «қоғамдық адамның» бет-бейнесін жан-жақты сомдай білді.

Көркем өнер саласында да Франция елі реалистік бағыттағы тамаша туындылар берді. Олардың қатарына: Т. Руссоның пейзаждары, О. Домьенің графикасы, Ж.Ф. Милленің шаруалар өміріне арналған суреттері және т.б. жатқызуға болады.

Англияда реалистік ағымның қалыптасуы өнеркәсіп төңкерісіне тікелей байланысты болды, ал өз кезегінде өнеркәсіп төңкерісі халықтың және ірі өнеркәсіп орындарының ірі қалаларға шоғырлануына және жаратылыстану ғылымдарының дамуына жол ашып берді. Өкінішке орай, ағылшын буржуазиясының консервативтілігі салдарынан Англияда реалистік ағым жан-жақты дами алмады. Оған дәлел ретінде, тарихи және тұрмыс-салт жанрларының кенже қалуын айтсақ та жеткілікті сияқты. Қала мен деревня арасындағы айырмашылықтардың күшеюі мен селолық өмірді денсаулыққа байланысты пейзаждық кескіндеме өнері саласында талай сәтті туындылар өмірге келді (Дж. Констебль және т.б.). Аталған процестерді тереңірек бейнелеумен «викториандық дәуірдің» тұрмыс-тіршілігі мен салт-дәстүрлерін нақты шындық тұрғысынан көрсетуде ағылшынның әлеуметтік тақырыптарға жазылған романдары айрықша үлес қосты (Ч. Диккенс, Д. Голсуорси, У. Теккерей, Т. Гарди және т.б.).

Германияда реалистік бағыт, кейіннен, яғни XIX ғ. аяғында қалыптаса бастады (Менцельдің кескіндемесі және т.б.). Оның басты себебі – елдің экономикалық даму жағынан артта қалуына байланысты буржуазиялық даму жолына өте кеш түсуі еді. Сонымен қатар Германияның саяси бытыраңқыдығы мен романтикалық дәстүрлердің орнықтылығы да өз әсерін тигізбей

қалған жоқ.

Еуропа реализмі (Э. Золя, Ч. Диккенс, У. Теккерей және т.б.) өнер сахнасына іскер адамдарды шығара бастады, сөйтіп кәсіпкерлік пен бизнес дүниесінде жаңа кейіпкер – буржуаның рөлі арта түсті. Бірақ реалистік өнер өкілдері қарапайым адамдардың тағдырын, олардың өміріндегі қилы-қилы кезеңдерді, олардың жан-дүниесін, сезім толқындарын жан-жақты көрсетуді де естен шығармады. Мысалы, Менцель кескіндеме өнері саласында өндіріс тақырыбын қозғай отырып, өнер арқылы жұмысшы мәселесін шешуге әрекет жасады.

Капитализмнің өзіне тән сипаты – заттық тәуелділікке негізделген жеке адамның тәуелсіздігі мәселесі де реалистік ағым назарынан тыс қалмады. Реализм бұл тәуелділік жүйесін әлеуметтік тұрғыдан қарастырды. Мысалы, реалистік тұрғыдан жазылған романдардың мазмұнын алып қарастыратын болсақ, онда буржуазиялық қоғамның жеке адам тағдырына үстемдігі мен оның қыспағынан құтылудың оңай еместігі дәлелденеді. Осы тұрғыдан алып қарастырғанда, реалистік туындылар көне заман трагедияларымен, одан қалды романтизм ағымымен үндес болып келеді.

XIX ғ. 80 ж. реализм негізінде жаңа бағыт – натурализм (ағайынды Гонкур, А. Додэ, Э. Золя және т.б.) пайда болды. Натурализм позитивизммен (Г. Спенсер) және Ч. Дарвин эволюциялық теориясымен тығыз байланыста қалыптасты. Бірақ бұл ағымдардың өздеріне тән ерекшеліктері болды. Реализмде аңсаған арман-мұратқа жету сарыны басым болса, натурализм әлеуметтік рухқа толы болды. Натурализм адамдық мән мен өмір сүрудің мағынасын биологиялық себептермен байланыстыра қарастырып, адам тағдыры мен мінез-құлқының қалыптасу сырларын ашып көрсетуге әрекет жасайды. Натуралистік ағымның өкілдері капиталистік қоғамда дәрекі шындықтың болмай қоймайтындығын, буржуазиялық тұрмыс жағдайында адамның көңіл-күйінің басыңқы күйде болатындығын, атап көрсетті. Мұндай жағдайлар пессимизм мен фатализмге апарып, «бейтараптық» принципі әлеуметтік енжарлықты ақтау құралына айналды.

XIX ғ. 50 ж. Еуропа өнері декаданс дәуірін басынан кешірді. Декаданс («құлдырау» деген мағына береді) өзінің

калыптасу кезеңінде реализмнің түрлі бағыттарымен байланыста болды, сондықтан да болар бұл қарама-қайшылықтарға толы күрделі ағым болып саналады. «Декаданс» термині ХІХ ғ. аяғы мен ХХ ғ. басында пессимистік, селсоқтық көңіл-күйлерге байланысты рухани мәдениет пен өнер саласындағы дағдарысты көрсету мақсатында қолданыла бастады. Мұндай көңіл-күй алғаш рет француз «символизмінде», ағылшын «эстетизмінде», «өнер үшін» концепциясының теоретиктерінің (Д. Рескин, О. Уайльд және т.б.) шығармаларында көрініс тапты. Одан кейінгі уақытта «декаданс» сарықы «модернистерге» де пайда болып, «импрессионизм» ағымында өз жалғасын тапты. «Капитализмнің қарқынды дамуы мен ғылым мен техника саласындағы орасан зор жетістіктер жағдайында рухани мәдениет саласында декаданс құбылысының туындауын қалай түсіндіруге болады және ХІХ-ХХ ғ. аралығында мәдениет дағдарысы болды деп толық сеніммен айта аламыз ба?» – деген орынды сұрақтар туындайды. Бұл сұрақтарға нақты жауап беру үшін сол кезеңдегі қалыптасқан тарихи жағдайларға қысқаша көз салайық. ХІХ ғ. аяғы буржуазиялық революциялардың аяқталып, капитализм тарихында алғаш рет бейбітшілік пен тұрақтылық орнаған заман болды. Бұл уақытта өнеркәсіп төңкерісі де аяқталған болатын. Ғылыми-техникалық прогресс буржуазиялық қоғамның даму қарқынын жеделдете түсті. ХІХ ғасырдың ортасына буржуазиялық революциялар артта қалып, еуропа елдерінің көпшілігінде капитализм өз негізінде жедел қарқынмен дами бастады. Тарихи аренаға жаңа әлеуметтік топтар: буржуазия және жұмысшылар келді. Бұл кезең жас буржуазияның капитал қорын жасау жолында қоғамда қалыптасқан дәстүр, әдет-ғұрып, әдептілік қағидалары сияқты әлеуметтік құбылыстарды мойындамай, байлыққа қалай жетсең де өз еркің деген принципті басшылыққа алған кезең еді. Осындай жүгенсіз байлыққа ұмтылудың салдары – халықтың жағдай күйінің төмендеуіне, осы негізде олар мен буржуазияның арасындағы қайшылықтың шиеленісуіне әкеліп соқты. Күн тәртібінде осы шиеленіскен қарама-қайшылықтарды қайткен күнде де жоюға, тым болмаса бәсеңдетуге болады, оны қандай күш жүзеге асыра алады, жалпы адамзат капитализмге өтуі керек пе еді, әлде онсыз амалдай тұруға болатын ба еді, т.б. Осы сұрақтар



көтерілді.

Өткен кезеңдердің саяси-философиялық көзқарастарының өздеріне қажетті деген ілімдерін әрі қарай дамыта және сол кездегі ғылыми жетістіктерге сүйене отырып, осы қойылған сұрақтарға жауап ретінде ХІХ ғасырдың 30-40 жылдарынан бастап, көптеген саяси-философиялық ілімдер пайда бола бастады, (либерализм, консерватизм, анархизм, ницше ілімі, марксизм т.б.).

Осы тұжырымдардың ішіндегі әлемдік тарихтың дамуына пәрменді әсер етіп, өзіндік із қалдырғаны – маркстік философия болды. Негізгі өкілдері: Карл Маркс (1818-1883 жж.), Фридрих Энгельс (1820-1895 жж.), В.И.Ленин (1870-1924 жж.). Негізгі шығармалары: “капитал”, “1844 жылғы экономикалық-философиялық қолжазбалар” (К.Маркс), “Табиғат диалектикасы”, “Анти-дюринг” (Ф.Энгельс) және “Философиялық дәптерлер”, “Материализм және эмпириокритицизм”, “Мемлекет және революция” т.б. (В.И.Ленин).

Марксизм материяны түйсіктерімізге тәуелсіз бола тұрып, сол түйсіктеріміз арылы көшірмесі, бейнесі түсетін объективтік нақтылық деп тұжырымдады (Ф.Энгельс, В.И. Ленин). Шын болмыс материя ғана. Оның өмір сүру түрлері кеңістік пен уақыт. Кеңістік ұғымы заттардың бір-бірімен қатар және бөлек өмір сүруі, олардың бір-біріне қатысты орналасу тәтібі болса, ақыт-материалдық процестер өрістеуінің жүйелілігін, бір-бір-бірінен бөлек екенін, олардың ұзақтығын және дамуын сипаттатын ұғым. Материяның өмір сүру тәсілі – қозғалыс. Дүниеде қозғалыссыз материяның болмайтыны сияқты, материясыз қозғалыс болмайды. Марксизм қозғалыстың бес түрін атайды: механикалық, физикалық, химиялық, биологиялық және әлеуметтік. Қозғалыстың бұл түрлері бір-бірімен тығыз байланысты. Қозғалыстың жоғары түрлері салыстырмалы алғандағы төменгі түрлерінің негізінде пайда болғанмен де, қалыптасқаннан кейін оларды өзіне қамтиды. Қозғалысқа – өзгеру, орын ауыстыру, даму жатады. Сана жоғары дәрежеде ұйымдасқан материяның – мидың қасиеті. Оның мәні объективті нақтылықты бейнелеуінде. Демек, сананың мазмұны – қоршаған материалдық денелердің сипатымен анықталады. Материалдық денелер қозғалыстың, өзара әрекеттің негізінде диалектикалық даму үстінде, бір-бірімен байланыста,

өзара әрекеттесуде, өзгерісте болып тұрады. Марксизм құбылыстардың ішкі байланысы мен өзара шарттастығын заңдылық деп түсінеді. Заңдылық жалпыға ортақ әмбебап құбылыс. Олардың танып-білудің арқасында біз ұғымдарда алуан түрлі күрделі әлемдік заттар байланысын бірлікте, тұтастықта бейнелейміз.

Марксистер өздерінің дүниетанымдық көзқарастарын тарихты материалистік тұрғыдан түсіндіруің негізі етіп алды.

Маркс “1844 жылғы экономикалық-философиялық қолжазбалар” атты еңбегінде – артынан жалпы марксизмнің өзекті ілімінің бірі болған – адамның жеке меншік үстемдік еткен қоғамдарда өз еңбегінен аластатылуы (шеттетілуі), ал оны коммунистік болашақта жоюға болатындығы туралы идеясын ұсынды.

XIX ғасырда басқа ғылымдармен қатар психологиялық зерттеулер кең өріс алып, оның жетістіктері сол кездегі философиялық концепциялардың қалыптасуына үлкен әсер етті. Сезімдік түйсінуді, немесе ақыл-ойды өз концепцияларының негізі еті алған классикалық философияның орнына жігер, интуиция, инстинкт сияқты психикалық құбылыстарды дәріптеген және оған табынған жаңа философиялық бағыттар пайда болды. Осы ағымдардың көрнекті өкілдерінің бірі – неміс философы Шопенгауэр Артур (1788-1860 жж.). “Әлем жігер және елестету ретінде”, “табиғаттағы жігер туралы”, “афоризмдер мен максималар” т.б. *Шопенгауэрдің* жігер туралы ілімін немістің белгілі философы Ницше Фридрих (1844-1900) ары қарай дамытып, өзінің “билікке ұмтылған жігер” деген концепциясын құрды. Негізгі еңбектері: “Музыка рухынан трагедияның туындауы”, “Заратуштра осылай деген”, “Билікке ұмтылған жігер” т.б.

*Ницшенің* пікірінше, өркениет (цивилизация) пен мәдениетте құлдырау процесі басталды. Бұған кінәлі тек буржуазиялық қоғам ғана емес, жалпы қоғамтану ілімінің қоғамда болып жатқан құбылыстарды дұрыс түсіндіре алмауы басты себептердің бірі. Осы тұрғыда Ницше өз концепциясының негізі етіп дарвинді “Өмір дегеніміз күрес” заңын алды. Бұл идеяны ары қарай дамыта отырып, Ницше өмір дегеніміз күрес арқылы билікке ұмтылу деген тұжырым жасады. Осы концепция негізінде ол жоғарғы дәрежедегі биологиялық тип – “аса күшті адам” идеалын

қалыптастыру керектігін дәлелдеуге тырысты. Оның ойынша, өмірдің қиыншылықтарына, соқпақтарына қарсы тұра алатындай “аса күшті адамдар” басқалардың тәрбиесімен, немесе өзін-өзі тәрбиелеу арқылы емес, өзінде туғаннан бар өмірлік күштің арқасында қалыптасады. Тек осындай “аса күшті адамдар” ғана өмір сүруге, немесе билікке ұмтылуға құқықты, сондықтан олар өздерінің жігерін тежейтін қоғамда қалыптасқан моральдық өлшемдерді мойындамай, жақсылықтан да, жамандықтан да аулақ жүреді. Егер олар қарапайым адамдардан ерекшеленгісі келсе, өздерінің жалқаулықтарынан арылып, ар-ождандарының дауысы тыңдап, өзімен-өзі болуы керек, әйтпесе манекенге айналып, жұртты” ойлағанындай ойлап, соларды” істегенін істейді. Оларды тобырлардан (қарапайым адамдардан) ерекшелендіретін қасиеттер – алғырлық, жан-жақты дамыған әдемілік және билікке ұмтылдыратын өмірлік күш пен жоғары дәрежелі жігер. Билікке жету, өз мақсат-мүдделерін жүзеге асыру үшін, олар қоғамдағы кездесетін алдамшылыққа, қиыншылыққа, өзіне бағытталған қастандыққа қарсы қажымас күрес жүргізулері керек. Осы тұрғыдан Ницше “құлдық мораль” негізінде қалыптасқан дінді де, “жалған” моральды уағыздайтын буржуазияны да, барлық игілікті және құндылықтарды құртатын тобырды да сынға алып, жалпы адамзаттың мақсаты, қоғамның ұлы адамдары – “аса күшті адамдардың дүниеге келтіру болып табылады деген тұжырым жасайды. Нишенің “аса күшті адам” туралы ілімінің философиялық негізі төмендегідей идеяларға саяды. Барлық өмір сүретін денелер мен құбылыстар, соның ішінде адам танымы да, билікке ұмтылған жігерің түрлері ғана. Абсолюттік болмыс жоқ. Болмыс дегеніміз – бұрын болған сансыз қайталанған құбылыстардың “мәңгілік айналымда” болып, қалыптасуы. Осы тұрғыдан Ницше Гегельдің абсолюттік идеясын, таза ақыл-ойын сынға алып, адамның иррационалдық қасиеттеріне зор көңіл бөледі. Олар инстинкт пен жігер. Осы қасиеттердің ең маңыздысы – жігер. Себебі ол әрі әмбебап жалпылық, абсолют, әрі барлық денелердің түпнегізі. Демек, материалдық денелердің өмір сүруі осы түпнегіз бен абсолют жігерінің арқасы. Нишенің идеялары кейінгі кездегі саяси ойлар мен практикаға үлкен әсер етті. Мысалы, Гитлер Нишенің ілімін өзінің іс-әрекеттерінің

теориялық негізі деп есептеді.

Ницшенің ілімімен үндес және сабақтас ілімді австриялық психиатр-невропатолог, философ *З.Фрейд* (1856-1939 ж.) Ұсынды. Негізгі еңбектері: “түсті жору”, “күнделікті өмірді” психопатологиясы”, “психоанализ туралы”, т.б.

Бейсана санадан жеке адамдардың өзінің елестету және жан күйзелісін әр түрлі саналық сатысында түсінуімен ерекшеленеді. Бейсаналық түстерде, гипноздық жағдайда, адамдардың әр түрлі қалыптасқан жағдайда, адамдардың әр түрлі қалыптасқан әдет-қылықтарында көрініс табады. Бұл төменгі сатыдағы бейсаналық. Ал, жоғарғы сатыдағы бейсаналық санадан тыс жатқан инстинктерден, физиологиялық құштарлықтардан, әуестіктерден көрінеді. Осы жоғарғы сатыдағы бейсаналық адамдардың агрессиялық бейімділігінің қайнар көзі. Бірақ, қоғамда бұл бейсаналықты түрі өзін көрсете бермейді, себебі ол “сананы” түкпіріне жасырынады да, “рұқсат” етілмеген іс-әрекет ретінде ұзақ уақыт сақталады.

Фрейд өзінің басты идеясын жеке адамның “психосексуалдық даму” жөніндегі теория төңірегінде өрбітеді. Бұл теория бойынша, бейсаналықтың негізін сексуалдық инстинктер (либидо) қалайды. Олар көп жағдайда адамдардың психикалық іс-әрекеттеріне, сонымен қатар барлық тарихи және қоғамдық оқиғаларға себепші болады. Мысалы, тереңде жатқан адам психикасының өзара жанжалдары моральдың, өнердің, ғылымның, діннің, мемлекеттің, құқықтың, соғыстардың т.б. Себебін және мазмұнын құрайды.

Сексуалдық инстинктер жалпы инстинктермен байланысты сублимация (басып жаныштау) және комплекс (жинақ) ұғымдарымен айқындалады. Сублимация дегеніміз – дейді Фрейд, – тежелген “жасырынған” сексуалдық инстинктің (либидоның) бейсексуалды (әдеби шығармашылық, саяси және қоғамдық іс-әрекеттер т.б.) іс-әрекет түріне ауысуы.

“Комплекс” ұғымы адамдардағы салыстырмалы тұрақты механизмдерді (әдептілік, саяси т.б. қағидалары), олардың психикасының барлық түрлерінің бұзылғандығын көрсетеді. Осы ойын дәлелдеу үшін фрейд “эдип” туралы аңызды мысал ретінде келтіреді. Бұл грек аызы бойынша, эдип білместіктен өз әкесін өлтіріп, туған анасына үйленген. Осы аңыз негізінде Фрейд “эдип

комплексің ұғымын қалыптастырып, оның мәні ретінде баланың анаға деген сүйіспеншілігі мен махаббаты және әкесіне деген қызғанышы мен өшпенділігі сияқты, инстинктердің қабысуы арқасында эдиптің психикасының бұзылғандығын арқау етіп алған. Осы ойын әрі қарай жалғастырып, Фрейд бейсаналық адамдар мен қоғам іс-әрекеттеріне зор әсер етеді деген қорытындыға келеді. Жалпы алғанда, адамдардың барлық іс-әрекеті әлеуметтік, табындық (топтасу) инстинктерінің көрінісі болғандықтан, осы негізде “бұқаралық психология” қалыптасады. Фрейд бұл идеясын өрбіте келіп, “тобырлар” мен “көсемдер” туралы саяси-әлеуметтік концепциясын ұсынды. “тобырлардың” тарихи дамуға тигізер жөнді әсері жоқ. Керісінше, “көсемдер” тобырлардың ең төменгі инстинктеріне әсер ете отырып, олардың соқыр инстинктке негізделген іс-әрекеттерін өздеріне қажетті бағытқа бұрып, тарихты ілгері дамытады. Фрейдтің бұл ілімі соңғы кездегі көптеген саясатшылардың басшылыққа алған теориясына айналды.

XIX ғасырдың аяғы, XX ғасырдың бас кезінде қалыптасып, әрі қарай өміршеңдік көрсеткен философиялық ағымдардың бірі, шопенгауэр мен Ницшенің ілімдерінің негізінде пайда болған “Өмір философиясы” болды. Негізгі өкілдері: Бергсон, Зиммель, Дильтей, т.б. “өмір философиясы” өмірді өзінен түсінуге тырысып, бұл жолда ақыл-ойдың ешқандай пайдасы жоқ, себебі ол тек материалдық денелерді ғана түсінеді де, бізге өмір туарлы дұрыс мағлұмат бермейді. Себебі, ақыл-ой (интеллект) денелерді зерттегенде оларды тұтас күйінде қарамай, бөлшектеп алады да, кейін олар туралы алған мәліметтерін өз ойларымен қайта біріктіріп олардың “зандылықтарын” ашады. Мұндай деректер шын мәнінде ақиқатқа жатпайды. Жалпы денелерді зерттегенде, оларды тұтастық күйінде қарастыру керек, себебі шын “өмірді” басқаша танып-білу мүмкін емес. “Өмірді” тұтастық құрушы күш ретінде (заттардың қалыптасуы және дамуы) зерттеу тек инстинкт пен интуицияның ісі.

Қазіргі кезде “өмір философиясы” экзистенциализмге (өмір сүру философиясына) жол беріп, тек тарихи-философиялық қана маңызы бар құбылысқа айналды.

XX ғасырда барлық елдерге тән экономикалық, саяси-әлеуметтік, рухани өзгерістерге байланысты қоғамдық өмірдің күрделенуі, ғылыми-техникалық және технологиялық

революцияның одан әрі тереңдеп өрістеуі, эмбебаптық (глобальдық) проблемалардың шиеленісуі, көптеген социалистік елдерде тоталитарлық режимдердің қалыптасып-қирауы, бірінші және екінші дүниежүзілік соғыстардың салдары т.б. Осылар сияқты маңызды оқиғалар, жалпыадамзаттық өркениеттің (цивилизация), мәдениеттің және адамдар тағдырының бүгінгісі мен болашағы туралы бұрыннан қалыптасқан концепцияларын басқа методологиялық қағидалар негізінде қайта қарап, кей жағдайда, түбегейлі өзгерген философиялық ой төңірегінде қалыптасқан жүздеген философиялық ағымдар мен мектептер дүниеге келді. Солардың бірі – неопозитивизм еді.

Неопозитивизм философиялық ағым ретінде 1922 жылы құрылған вена үйірмесінің қызметімен байланысты дүниеге келді. Ол өзінің даму сатысында 3 кезеңнен өтті. Біріншісі XIX ғасырдың 30-40 жылдары қалыптасқан Огюст Конт (1798-1857 ж), Джон Стюарт Милль (1806-1873 ж.) және Герберт Спенсердің (1820-1903 ж.). Позитивистік ілімдерімен тікелей байланысты. Олардың ілімдері бойынша, ғылым ешқандай философияға мұқтаж емес, сондықтан ол философияның пайдасыз, өздеріне өздері қайшы келетін идеяларынан арылуы қажет. Ал денелер мен құбылыстардың мәні мен шығу себептерін шешемін деп, шеше алмай, карама-қайшылыққа толған бұрынғы философияның орнына, жаңа позитивистік (шынайы, нағыз, дұрыс деген мағынада) философия жасау керек. Оның негізгі міндеті – сезімдік тәжірибелердің (объективтік нақтылықты емес) деректерін жүйелеу, ғылымдардың нәтижесін тұжырымдап жалпы қорытындылар жасау.

*Неопозитивизмнің* екінші кезеңі XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында қалыптасқан эмпириосыншылдық (Э.Мах, Р.Авенариус, Богданов, Базаров т.б.) Ілімімен байланысты. Эмпириосыншылдар позитивистердің ғылымды философиядан бөліп алу идеясын ары қарай жалғастырып, философияның мақсаты – ғылыми деректерді тұжырымдап қорытындылар жасау емес, таным теориясының ғылыми нұсқасын жасау, себебі материализм мен идеализм негізінде қалыптасқан таным теориясы объективті нақтылықты шынайы түрде танып білуге мүмкіндік бермейді. Сондықтан жаңа таным теориясы мынадай қағидаларға сүйенуі керек: объективті нақтылық дегеніміз “бейтарап”

түйсіктердің, элементтердің (бөлшектерді”) комплексі (жиынтығы). Егер бұл “элементтерді” бір-біріне қатынаста қарастырсақ (мысалы, түр мен бояу), онда олар физиологиялық (физикалық) құбылыс, ал оларды адам түсінуіне байланысты қатынаста қарасақ, онда олар психикалық құбылыстар болады. Оларды адам өз санасына қондырады, осы себептен олар адамны” шын түйсіктері сияқты болып көрінеді.

Неопозитивизмнің үшінші, қазіргі кезеңі сатысында Б.Рассел (1872-1970 ж.), Л. Витгенштейн (1889-1951 ж.), М. Шлик (1882-1936 ж.), Р. Карнап (1891-1970 ж.), А. Айер (1910-1989 ж.),

Осы заманғы философиялық ағымдардың ішіндегі кең тараған философиялық ілімдерінің бірі – *Неотомизм* (Ж.Маритен, Э.Жильсон, И.Бохеньский, М.Грабиан, Г.Мангер, И.Гейзер, Г.Гундлах т.б.) Этикалық мәселелерге тоқтала келе, неотомистер адам үшін шаттану, рахаттану дегеніміз оның “таза және жетілген” болмысқа – құдайға дейін жоғары көтерілуі.

XX ғасырдың 60-70 жылдарында жаңа философиялық ағымдар структурализм, сыни рационализм, сциентизм, герменевтика алдыңғы шепке шықты.

*Структурализм* (К.Леви – Стросс, Ж.Лакан, М.П.Фуко, Л.Альтюсер). Бұл философиялық ағымға әлуметтік нақтылықтың, адамның ойлау жүйесінің әмбебаптық құрылымдарын (структурасын) айқындау арқылы жалпы философиялық тұжырымдар жасау және осы негізде, олардың мәнін түсінуге талпыну. Леви-Стросс әр түрлі халықтардың, тайпалардың аңыз, ертегілерін, мифтерін зерттей келе, кез-келген бір миф жер жүзінің әр аумағында ешқандай айна қатесіз қайталанып жатады, олай болса, мифологиялық ойлау әр халықта белгілі бір логикаға бағынады деп ой қорытады. Ғылыми ойлау да осы сияқты логикалық заңдылыққа бағынады. Структурализмнің ілімінше, құрылымдық тәсілдің негізінде кез-келген зерттеп отырған құбылыстарды өзгерткенде, олардың құрылымының (олардың қатынастарының жиынтығы ретінде) бір қалыпты болатындығын мойындау жатыр. Оның үстіне, құрылым объектінің “скелет” болмайтын кейбір бөлшектерін, т.б. өзгерту арқылы бір объектіден екіншіні, екіншіден үшіншіні т.с.с. Алуға болатын ережелер жиынтығы.

XX ғасырдың 40 жылдарын бастап, структурализм ғылыми тәсіл ретінде лингвистикада (тіл туралы ілім), антропологияда, психологияда, социологияда, кейінгі кезде философиялық әмбебаптық тәсіл ретінде қолданылып жүр.

Сыни рационализм (К. Поппер, И. Лакотос, П. Фейрабенд) ғылыми білімнің даму мәселелерін талдай отырып, қандай болмасын ғылыми білімнің болжамды бағытта болатынын мойындайды (Поппер).

Герменевтика (Э. Бети, Г.Г. Гадамер, М.Ландман) талдау жасау (түсіндіру) және түсіну идеяларымен сабақтасып жатады. Герменевтика көне әдеби ескерткіштерді саналы түрде түсіну негізінде қалыптасқан тіл туралы ғылымның ерекше әдісі ретінде дүниеге келіп, XIX ғасырда Шлейермахердің, Бильтейдің ілімдерінің арқасында рух туралы ғылымның тәсіліне айналды. Хайдеггер герменевтика деп өмір сүру феноменологиясын айтса, қазіргі кезде герменевтика деп рух туралы ғылымның мәселелер өрісін ғылыми тұрғыдан түсінуді айтады.



## 21- 22дәріс. РЕСЕЙ МӘДЕНИЕТІ. СЛАВЯНДАР

1. Ежелгі Русь мәдениеті
2. Русьтегі саяси және экономикалық жағдайға және оның рухани мәдениетіне моңғол шапқыншылығының әсері
3. Киев Русьінің мәдениеті
4. Петр 1-ші кезеңі – Ресей қоғамындағы өзгеріс уақыты
5. Орыс мәдениетіндегі «Алтын ғасыр»
6. «Күміс ғасырдан» жаңа кезеңге өту

### Славяндар

Ежелгі славяндардың мәдениеті – орыс мәдениетінің қайнар бұлағы болып саналады. Оның басты мәдени құндылықтары – қасиетті жырлар, мифология, аңыз-ертегілер. Ғалымдардың пікірінше, олардың көпшілігінің тектері Христиан дінін қабылдағаннан кейін құрып кеткен, Ежелгі славяндар пұтқа табынушылықты бастан кешірген, сондықтан да болар Ресей топырағында пұтқа табынушылық мәдениетінің дамуы жоғары болды.

Ежелгі славяндардың дүниетанымы табиғатты пір тұтумен тығыз байланысты болды. Олар әр орманды, бұлақты, құдықты, тіпті жекелеген ағаштарды да жанды нәрсе деп түсінген. Оларға жапырағы жайқалған ескі емендердің көрінісі ерекше әсер еткен. Ағыны қатты, асау өзендерді қасиетті деп санаған, сондықтан да болар ертегі аңыздарда өзендер кейіпкерлермен адам тілінде сөйлеседі. Ежелгі славяндықтар таулар мен орасан зор тастарды киелі деп санап, оларға құдайдай табынған. Орыс батырлары тағдырының тау-тастардың құпияларына байланысты болуы да осындай түсінікке тікелей байланысты болса керек. Табиғатқа, жер-анаға бауыр басып, өтене жақын болған аңғырт славяндардың табынған құдайлары да табиғаттың құпияларына байланысты болып келеді. Мысалы: Перун-қатерлі найзағай құдайы, құдайдың ішіндегі ең күдіреттісі.

Славяндар күнге табынғандықтан оған да неше түрлі ат қойған (Дажьбог, яғни рақымы күшті құдай) адамға тән қасиеттерді адам еместерге теліп, оларды адамның сана-сезіміне

жақындату дүние жүзінің басқа да халықтарындағыдай славяндарға да тән қасиет болды. Сондықтан да «күдіретті тәңірананың» бейнесін жасау осының айқын айғағы. Тек славяндар ғана емес, басқа да көптеген халықтар құрмет тұтқан жер мен молшылықтың, дүниедегі барлық нәрсенің құдай – «тәңірананы» ежелгі славяндар Бережна (жер, тіршілік анасы, дүниеге әкелуші деген ұғымдарды білдіреді) деп атаған. Қолын көкке көтерген осы бір әйел бейдесі, шығыс христиандарда, оның ішінде ежелгі орыс өнерінде ерекше орын алады. «Жер – ана» қолын жоғары көтерген әйел бейнесіндегі тәңірананы славяндар ерекше қасиет тұтып, табынып өткен.

Ежелгі славяндар жайында өз кезінде де аз жазылған жоқ. Солардың бірі, XVII ғасырдағы византиялық тарихшы Прокопий Кесарийский былай деп баяндайды: «Славяндар мен антыларды бір адам басқармайды, сонау ежелден-ақ, халықтық басқарумен өмір сүріп келеді, сондықтан да олардың бақытты және бақытсыздық істері ақылдасу арқылы шешілген». Ал славяндардың әдет-ғұрпы мен етене таныс византиялық жазушы Маврикий кесімді түрде былай деп жазды: «Славяндар мен антылар тайпалары бірдей өмір сүрді, олардың әдет-ғұрпы бір, бостандық сүйгіш, әсіресе өз жерлерін қорғауға батыл, шыдамды, суық пен ыстыққа төзімді, киім мен тамақ тапшылығына мойымайды» (Л. Любимов. Ежелгі орыс өнері. – Алматы, 1989, 67-бет).

Ежелгі славяндардың дүниетанымы мен әдет ғұрыптары да жан-жақты болып келеді. Олар әрбір үй рухтың жебеуінде деп ойлаған. Рух мал-жанға қамқорлық жасап, ошақ басының отын сөндірмей, түн сайын пештің астынан шығып, өз сыбағасын жейді екен деген ұғым қалыптасқан. Егістікті жыртатын өгіз молшылықтың бейнесі деп танылса, ал Тур (жабайы бұқа) құдайдың құрметіне жастардың көктемгі мерекелері өткізіліп тұратын болған. Сонымен бірге ежелгі славяндар көсемдерін жерлегенде олардың әйелдерін қоса көметін скифтерден қабылдаған тағылық әдет-ғұрпын қолданғанын да атап өткен жөн сияқты.

Дін қай мәдениеттің қай түрі болмасын басты элементі болып саналады. Дін күдіретке жай ғана табыну немесе діни салт-жоралардың жүйесі ғана емес, ол адамның өзін қоршаған орта жөніндегі, ондағы адамзат баласының алатын орны жайындағы

калыптасқан идеяларының, діни наным-сенімдерінің белгілі бір жүйесі және адамның тіршілік бейнесі. Сондықтан да Русьтің Византиядан христиан дінін қабылдауы орыс мәдениетінің тарихындағы бетбұрыс кезең болды. Орыстардың христиан дінінің шығыс тармағы православиені қабылдауы орыс елінің ішкі және сыртқы жағдайларына тікелей байланысты болды. Солардың ішіндегі ең бастысы – Киев Русі мен Константинопольдің арасында қалыптасқан саяси, экономикалық және мәдени байланыстар болатын. Христиан діні орыс мемлекетінің қоғамдық саяси, мәдени өмірінің барлық салаларына ықпал етеді. Жаңа дінді қабылдауына байланысты Киев Русінің христиан дүниесі елдерімен сауда, саяси, мәдени байланыстары тұрақтатып, жаңа арнаға түсті.

Христиан діні 988 ж. Князь Владимирдің басшылығымен қабылданады. Славян халықтарының тарихындағы жаңа тарихи кезең Киев Русі дәуірінде жүзеге асырылған бұл шараның нәтижесінде орыс мәдениеті жаңа сатыға көтеріледі. Шіркеулер Русьте таңғажайып ғимараттардың көптеп салынуына, атап айтқанда, өнердің барлық салаларының жан-жақты өркендеуіне алғашқы мектептердің ашылуына, тарихи шежірелердің жазыла бастауына айрықша ықпал етеді. Осы орайда христиан дінін Руське дейін қабылдаған оңтүстік славяндар, армяндар мен грузиндер византиялық мәдениет мәнерін олардан бұрын сезінгенін атап өтпеске болмайды.

Шығыс славяндарды біріктірудің нәтижесінде пайда болған қуатты, өзінің көлемі мен маңызы жағынан сол кездегі Еуропада алдыңғы орындардың бірінде болған Киев Русі мәдениетінің дамуына дүниежүзінің алдыңғы қатарлы мәдениеттерінің ықпалы орасан зор болды. Олай болса «мұндай ерекше мәдени құбылысты ортағасырлық әлемнің басқа елдерінен кездестіре қою қиын» деген атақты ғалым Л. Любимовтың орынды пікіріне қосылмасқа болмайтын сияқты. Шындығында да географиялық жағынан Русьті Византия, Шығыс пен Кавказ халықтары, Батыс Еуропа мен Скандинавия айнала қоршап жатты, ал өз кезегінде бұл елдердің, мәдени әсері орасан зор болды. Міне, сондықтан да болар Византиялық шіркеулердің ішіндегі ең атақтысы «Әулие Софияның» Киев князі Владимирдің елшілеріне әсер еткені соншалық, олар өздерін шынымен-ақ «о дүниеде» жүр

екенбіз деп сезінген.

Христиан дінін қабылдағаннан кейінгі аз ғана уақыттың ішінде, әсіресе князь Ярослав кезінде ежелгі Русьтің мәдениеті өзінің шарықту шегіне жетті. Киев – Еуропаның ең ірі қалаларының біріне айналды. Шетелдік саяхатшылар Киевті екінші патша қала деп атаса, XI ғасырдағы батыс жазушысы Адам Береманский Киевті «Грецияның арайлы ажары болған Константинопольдың бақталасы» деп өте жоғары бағалады. Князь Ярославтың (XI ғ.) кезінде тұрғызылған киевтік София соборы – таңғажайып ескерткіштердің бірі болды, Киев Русінің ең құдіретті сәулет өнерінің бұл тамаша ескерткішінің он үш мұнарасына ұқсас үлгі сәулетшілердің пікіріне қарағанда, Византия ғана емес, басқа да бірде-бір христиандық елден табылмаған.

Ежелгі Руське христиан дінінің келуіне байланысты шіркеулер мен монастырлар салу, яғни діни құрылыстар кең етек алды. Сондай мәдени ескерткіштердің қатарына XI ғ. Ортасында Антоний (983-1073 ж.) және Феодосий, Печерскийлер негізін қалаған Киев-Печерск монастыры, ежелгі тас ғибадатхана – Киевтің Десятін шіркеуі және т.б. жатады.

Бір жүйеге келтірілген жазудың енгізілуі орыс мәдениетінің аса үлкен жетістігі болды, өйткені тіл қай мәдениеттің болсын басты элементі болып табылады. Славян әліппесін жасаушылар ағайынды гректер Кирилл (827–869 ж.) мен Мифодий (815–885 ж.) болды. Дәл осы бір мәдени бетбұрыс кезеңінде орыс жазуы мен әдебиеті өзінің шарықту шегіне жетті. Киев Русінің ең алғашқы жазба ескерткіштерінің бірі «Орыс шындығы» қарапайым, әрі түсінікті халықтық тілмен жазылса, орыс халқының аса үздік әдеби мұрасы «Игорь жасағы туралы жырдың» тілі де дәуір тынысын жан-жақты бейнеледі.

Византия елімен болған тығыз қарым-қатынастардың арасында Киев Русінде ағартушылық ісі де жолға қойыла бастады. Қала халқы негізінен сауатты болды, сондықтан да болар, Киев Русін «Кітаптар елі» деп атаған. Монастырлардың жанынан мектептер, кітапханалар, архивтер ашылып, шетел әдебиеті аударылып, түрлі шежірелер жазылды. Киев Русі өздері басып шығарған кітаптарын мақтаныш еткен. Олардың бірқатарының бағасының қымбат болғаны соншалық, өрт шыққан жағдайда, ең

алдымен құнды кітаптарды сақтап қалуға тырысқан. Византиядағы сияқты мұнда да кітаптар «Құдайдың жаңалығы» мен «даналық қоймасы» болып саналған. Кітапты безендіру үшін ештеңені де аямаған. Кітаптың бүкіл өрнегін алтындаушы суретшілер жасаған, ал оның күміспен, өсем ою-өрнектермен, қымбат бағалы тастардан және финифтьпен (эмальді осылай атаған) жасалған бейнелері бар алтын қабыршақтармен көмкерілген мұқабаларды дайындау ісін алтындаушы ұста мен эмальшыға тапсырған. Орыс кітаптарының ең үздік ежелгі үлгілерінің бірі ұлы князь Изяславтың жақын серігі Остромирдің тапсырысы бойынша дьякон Григорий 1056–1057 жылдары жазған «Інжілдік дүниетаныш» кітабы. Демек өз заманының деңгейі тұрғысынан алып қарағанда, Киев Русі мәдениетінің жоғары болғандығын аңғаруға болады.

XIII–XIV ғасырларда орыс мәдениетінің орталығы Новгород қаласы болды. Кескіндемелік және сәулетшілік ескерткіштерімен өзін «Ұлы мәртебелі Новгород» деп атаған бұл тарихи қаланы шетелдік бір автор «байлығы жағынан тек Риммен ғана теңесе алады» деп бағалауы тегіннен-тегін емес сияқты. Мұндағы орыс халқының рухы сіңген өнер дүниелерінің бірі Новгород Кремліндегі қасиетті София соборы, Юрий монастырының Георгиев соборы және т.б.

## **23-24 дәріс. ҚАЗАҚ МӘДЕНИЕТІНІҢ БАСТАУЛАРЫ. ҚАЗАҚТАРДЫҢ ДӘСТҮРЛІ МӘДЕНИЕТІ БАТЫРЛЫҚ УАҚЫТ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ МӘДЕНИЕТІНІҢ АРХЕТИПТЕРІ**

1. Қазақ мәдениетінің қалыптасуы мен дамуы
2. Скиф-сақ өркениеті. Көшпенді халықтардың Шығыстан қоныс аударуы. Ұлы Жібек жолы
3. Қазақстан территориясындағы ежелгі қалалар мен қоныстар
4. Номадизм қазақ мәдениетінің архетипі ретінде
5. Көшпенді және жартылай көшпенді халықтардың материалдық мәдениеті
6. Ежелгі түріктердің діні мен сенімі

### **Номадизм мәдениетінің түрі ретінде. Қазақ мәдениетінің бастаулары. Қазақтардың дәстүрлі мәдениеті**

Қазақстан Республикасының негізгі тұрғындары, әлемдегі жалпы саны 13 миллионнан асады, исламдық суперөркениеттің солтүстік шығыс жағын мекендейді, діні жағынан ханифиттік мағынадағы мұсылман сунниттер, Алтай тіл бірлестігінің түрік тобының қыпшақ топтамасына жатады. Бұл мәдениетті түсіну мақсатында алдымен оны кеңістік өрісі мен уақыт ағынында қарастырып, кейін қазақ мәдениетінің типтік ерекшеліктерін айқындайық. Қазақ мәдениеті еуразиялық Ұлы дала көшпелілерінің мұрагері болып табылады. Сондықтан осы ұлттық мәдениетті талдауды номадалық (көшпелілік) өркениет ерекшеліктерінен бастайық.

Әрбір ұлттық мәдениет бос кеңістікте емес, адамдандырылған қоршаған ортада әрекет етеді. Мәдени кеңістік оқшау, мәңгіге берілген енші емес. Ол тарихи ағынның өрісі болып табылады. Мәдени кеңістіктің маңызды қасиеті – оның тылсымдық сипаты. Мысалы, «ата қоныс» ұғымы көшпелілер үшін қасиетті, ол өз жерінің тұтастығының кепілі және көршілес жатқан мекендерге де қол сұғуға болмайтындығын мойындайды. Қауымдық қатынас мекендер егемендігінен туады. Ата қоныстың әрбір жағрафиялық белгілері халық санасында киелі жерлер деп

есептелінеді, яғни қоршаған орта киелі таулардан, өзен-көлдерден, аңғарлар мен төбелерден, аруақтар жататын молалардан т.б. тұрады. Олардың қасиеттілігі аңыз-әнсаналарда, жырлар мен көсемсөздерде болашақ ұрпақтарға мұра ретінде қалдырылған. Белгілі бір парасаттылық, ізгілік, ұстамдылық, интуициялық жоғары қабілеттері жоқ адамдар қатал далада емір сүре алмас еді. Кеңістікке үйлесімді мәдениетте адам мен табиғаттың арасында «қытай қорғаны» тұрған жоқ. Керісінше, мәдениет олардың арасындағы нәзік үндестікті (гармонияны) білдіретін дәнекер қызметін атқарады. Қазақтың төл мәдениетінде экологиялық мәселе әдептіліктік жүйесіндігі обал және сауап деген ұғымдармен тікелей байланыстырылды.

Табиғат аясындағы мәдениетті қатып-семіп қалған, өзгеріссіз әлем дейтін пікірлер де әдебиетте жиі кездеседі. Алайда, бұл осы мәдениетке тынымсыз қозғалыс тән екендігін аңғармаудан туады. Шексіз далада бір орында тоқталып қалу көшпелілік тіршілікке сәйкес келмейді. Ол мезгілдік, вегитациялық заңдылықтарға бағынып, қозғалыс шеңберінен шықпайды. Әрине бұл қозғалыс негізінен қайталанбалы, тұрақты сипатта болады. Қуаң даланы игеру табиғатты өзгертуге емес, қайта оның ажырамас бір бөлігіне айналуға бағытталған. Яғни, адам табиғат құбылыстарына тәуелді болып қалады.

Енді қарастырып отырған өркениеттің кеңістікті игеру құралдарына тоқталып өтейік. Бұл жерде ең алдымен көшпелілер өміріндегі жылқының ерекше бір қызметіне назар аударған жөн. Жылқыны адам еркіне көндіру арқылы адамзат кеңістікті меңгеру ісінде үлкен қадам жасады.

К. Ясперстің пікірі бойынша, тағылықтан өркениетке өтуде жер суару жүйелерін жасаумен, жазудың ашылуымен, этностардың пайда болуымен қатар жылқыны пайдалана білу адамзат үшін өте маңызды болды (Смысл и назначение истории. – Москва, 1991. с. 71-72). Жылқыны пайдалана білу шектелген кеңістіктен бүкіл әлемді игеруге бағытталған қадам еді. Бұл әртүрлі мәдениеттердің сұхбаттасуына мүмкіндік берді. Әрине, бұл сұхбаттасу көптеген жағдайда зорлық-зомбылық арқылы жүзеге асқанын ұмытпаған да жөн.

Сонау көне заманнан халықтар солтүстіктен оңтүстікке,

шығыстан батысқа қарай (немесе керісінше) қозғалыста болған. Белгілі болжам шумерліктердің Қосөзен аңғарына Орталық Азиядан келгенін, үндігерман тайпаларының оңтүстікке жылжып, Үндістан, Иран, Грекияға енгенін, түрік тайпаларының Кіші Азияны жаулап алғанын көрсетеді. Қытай империясы мен Үндіге көшпенді түрік-моңғол тайпалары ылғи қысым жасап отырған. Белгілі ғұлама А. Вебердің пікірі бойынша, көшпелі тайпалардың кеңістікті игеруі «халықтардың Ұлы қоныс аударуы» атты құбылысты әкелді. Бұл қазіргі өркениеттердің қалыптасуында үлкен себебін тигізді. Осы айтылғандардан адамзат тарихында жылқыны пайдалада білудің маңызы зор болғандығын көреміз.

Жылқыны кеңістікті жеңу мақсатында әсіресе, көшпелі халықтар шебер пайдалана білген. Ат пен көшпенді біріккен жан болып көрінеді. Мұны көрші халықтардың миф-аңыздарынан да анық байқаймыз. Мысалы, ежелгі грек мифологиясындағы қанатты тұлпар Пегас бүкіл елді қан қақсатқан жауыз Химераны өлтіруге көмектеседі. Ал салт атты көшпенді скифтің метафорасы – кентавр Хирон өзінің досы атақты Прометейге көмек беру үшін мәңгілік өмірден бас тартады. Бұл сарынды ертедегі шумерлік жырдағы Гильгамеш пен көшпенді Энкидудың достығынан да аңғарамыз.

Атқа мінген адам жерден өзінің босай бастағанын, еріктілік мүмкіндіктерінің модайғанын және ғарышқа жақындай түскенін сезінеді. Жер-Ана оны қаншама босатқысы келмесе де, ол шексіз әлемге өзінің қадамын нық басады. Халық дәстүрінде де тәй-тәй қадам басқан нәрестенің тұсауын кеседі.

Кеңістікті игеруге көшпелілер үшін жылқыдан басқа да себебін тигізген қолға үйретілген жануарлар болған. Себебі далада тек малшылар мен үй малдарынан басқа да тіршілік иелері бар. Олардың ішінде иттің алатын орны бөлек. Қазақ «ит – жеті қазынның бірі» деп бекерден-бекер айтпаған.

Егер қой мен сиырдың өнімдерін қажеттікке жарату үшін оларды бағу жеткілікті болса, онда ит пен жылқыны баулу, үйрету керек. Бұл үлкен шеберлік пен төзімділікті талап етті. Тек сол жағдайда олар адамның көмекшілеріне айнала алады. Кейін осман түріктері бұл тәжірибені өз империясындағы халықтарды ұстап тұруға пайдаланды. «Оттоман падишахтары, – дейді А. Тойнби, – арнайы тәрбиеленген құлдардың көмегімен өз империясын басқарды және бұл олардың империясының қуаттылығын



күшейтті» (Постижение истории, с. 189).

Шексіз даланы игеру оны жай ғана кеңістік, жазықтық деп түсінбей, осы даланы тұтас бір континиум ретінде бағалаумен қатысты. ХХ ғасырда қалыптасқан этникалық аумақтар мен жағрафиялық ұғымдардың және көшпелілер өркениеті шарықтап тұрған кездегі ата-мекен түсінігінің арасында үлкен айырмашылық бар.

Қазақ және басқа да түрік халықтарының мәдени мұраларынан бүкіл еуразиялық Ұлы даланың түріктердің ата қонысы деп есептелінетінін байқаймыз. Мысалы, қазақ эпосында Қырым, Қокан, Ыстамбол, Хиуа, Алтай, Қазан, Ордос т.б. түріктердің өз жері, ал бұлардың сыртындағы Шам, Мысыр қысылғанда арқа сүйейтін тілектес елдер болып есептелген.

Әрине, бұл кеңістіктік, тұтастық уақыт ағынына тәуелді болған. Ішкі қайшылықтар шиеленіскенде жалпытуыстық сезім кейін қарай шегіндіріліп отырған. Тарихтан тек үлкен суперэтностардың (өркениеттердің) ішінде ғана емес, сонымен бірге этностардың құрамында да кескілескен қақтығыстардың; болғанын білеміз. Алайда тарихи өркениеттерге аян болған кеңістіктің шекаралары туралы мәселе тек саясаттанулық емес, бұл туралы мәдениеттану ілімінде де бірнеше қарама-қарсы пікірлер бар.

Батыстық мәдениеттанудың көптеген өкілдері өздерінікінен бөлек өркениеттер болды деген ойдың өзін бекерге шығарған. Олардың пікірі бойынша, тек бір үлкен әріппен жазылған Өркениет (ол, әрине, еуропалық) бар, ал басқа кеңістік «тағыларды мәдениетті адамға айналдырудың полигоны» болып табылады. Батыстық миссионерлер жергілікті тұрғындарды «туземдіктер» деген кемсіту атымен атап келді. Бұрын бұл сөз адамгершілік қасиеті жоқ жабайы адамдар дегенді білдірген. Олар сол территориядағы жануарлар және өсімдіктер дүниесінің бір бөлігі деп қарастырылды. Ал флора мен фаунаға көзқарас екі түрлі: не олар – арамшөптер мен зиянды жануарлар, сондықтан оларды құрту парызға жатады. Егер, «туземдіктер» пайдалы болса, оларды өсіріп, қолда ұстауға болатын жағдайға жеткізу керек. Соның өзінде олар «адамсымақтар» деңгейінен көтеріле алмайды.

Батыстың көптеген ғұламалары осындай көзқарастардың жалғандығын өз шығармаларында көрсете білді. А. Тойнби былай

дейді: «Адамға «туземец» деп немқұрайлы аяусыз қараудан оның белгілі бір нәсілге жататыдығы негізінде адамдық, тұлғалық дамысын аяққа басуға дейін бір-ақ қадам бар. Бұл хайуандықтың ең бір өрескел көрінісі. Біріншіден, ол адамдардың белгілі бір тобында тұлғалық қасиеттердің барлығын, оны дәлелдемей-ақ бекерге шығарады. Екіншіден, адамзаттың нәсілдік дихотомиясы барлық діни, мәдени, саяси-экономикалық дихотомиялардан өзгеше, адамзаттың арасынан өте алмайтын және абсолютті жыра қазады. Үшіншіден, нәсілшілдік өлшем (критерий) ретінде адамдық табиғаттың сыртқы, мәнді емес, қарапайым белгісін қабылдайды» (Постижение истории,"с. 589).

Сонымен, нәсілшілдік пен мәдени империализм батыстық емес мәдениеттердің өзіндік кеңістігін жоққа шығарады, олар жергілікті халықтарды ландшафтың қарапайым бөлігі деп қарастырады. Ұлттық мәдениет пен кеңістік арасындағы байланысты Л. Гумилев өзінше түйіндейді:

Этностар биосфераның бір бөлігі болып табылады. Адамдар ландшафтыны не өздеріне тәуелді түрде өзгертеді, не өздері осы ландшафтыға икемделе бірігеді. Кейбір оқшау қалған (реликтілік) этностардан басқасы мәдени ағында суперэтностар (өркениеттер) болып тұтастанады. Өркениет дегеніміз ортақ мәдени өрісі бар ұлттық мәдениеттердің болмысы. Мысалы, мұсылмандық суперэтнос араб мәдениетінің шеңберінен шыға білген.

Әрбір халықтың кеңістіктік тұтастығы, отаны бар. Адам өз биоценозында, басқалардың емес, өзінің ата-бабаларының тәжірибесіне сүйене отырып өмір сүреді. Ландшафтың өзгеруі ұлттық мәдениеттің өзгеруіне әкеп соғады. Пассионарлықтың (рухани ізденістің) адамзат тағдырындағы қызметі туралы пікір ол үшін жетекші болды.

Еуразия құрылымы 5 этномәдени аймақтан тұрады:

1. Муссондық Қиыр Шығыс – бұл конфуцийлік-буддалық өркениет кеңістігі.
2. Құрғақ Ұлы Дала – көшпелілер мәдениетінің аймағы.
3. Субтропикалық Таяу Шығыс – мұсылмандық әлемі.
4. Орманды Шығыс Еуропа – православиелық мәдениеттің ошағы.

## 5. Батыс Еуропа – католиктік кеңістік.

Ғылым үшін мәдениеттерді континенттер бойынша бөлудің маңызы тым жоғары емес. Мысалы, Жерорта теңізі Еуропа мен Африканы бөліп тұрғанымен, ол эллиндік мәдениет үшін ішкі теңіз болды. Әдетте өркениеттердің кеңістік шегі климаттық және өтуі қиын шекаралармен байланысты. Сөздің тар мағынасында «Еуразия» деп Карпат тауларынан Қытайға дейінгі Ұлы жазықтықты айтады. Ол үш ауданнан тұрады: биік Азия (Моңғолия, Тува, Алтай, Байқал төңірегі), Орталық Азия және Шығыс Еуропа жазығы. Еуразия тек жағрафиялық ұғым емес, сонымен бірге ол мәдени тұтастық болып табылады. Еуразияны оның ландшафты мен ауа райына икемделген автохтонды халықтар: түріктер, славяндар, угро-финндер, моңғолдар т.б. мекендейді. Бұл кеңістікте бірде-бір еуразиялық емес өркениет үстемдік өте алмаған.

### **Батырлық уақыт және қазақ мәдениетінің архетиптері**

Мифтік санада тұлға туралы түсінік жоқ, ол табиғи және қауымдық күштердің тасасында қалған. Тылсым табиғаттың алғашқы еркінжіберілген тұлғасы – Батыр. Бұл шынында да батырлық еді. Табиғи немесе құдайылық қажеттікті жеңіс білген батыр нағыз адамзаттық мәдениеттіліктің (азаттықтың) негізін қалады. Батыс мәдениетінде «варварлар» бастаған батырлық, ғасырлар Рим империясы құлағаннан кейін басталса, Еуразия Ұлы даласында бұл процесс номадалық түрік империяларының шарықтауымен сәйкес еді. Ғалымдар қазақ эпостарының алғашқы нұсқалары түрік қағанаттары кезінде қалыптасқаны туралы көптеген дәлелдер келтіреді. Ең бастысы – батырлық уақытта қазіргі қазақ мәдениетінің архетиптері қалыптасқан.

«Архетип» ұғымын ғылымға енгізген – К.Г. Юнг. Оның пікірі бойынша, мәдени тұлғаның рухани-шығармашыл қазынасын қауымдық тылсым құрастырады. Осы көмескі сананың, тылсымның құрылымдық бөліктерін архетиптер деп атайды. Оларға адамның рухани өмірін априорлы (тәжірибеге дейін) қалыптастыратын және оның іс-әрекетін, мінез-құлық жүйесін жалпылама анықтайтын құндылықтар қисыны жатады. Осының негізінде адамда «мендік» сезім, этноста ортақ уақыттық

кеңістіктік өріс пайда болады.

Архетип ұғымының ең басты белгілеріне уақыт пен кеңістік жатады. Өйткені оның-тікелей хронотоптық сипаты бар және ол – уақыт пен кеңістіктегі мәдени әлемді адамның игеруінің негізгі шарттарының бірі. Әрбір халық өз мәдениетін еркін дамытуға мүмкіндік алған кезде архетиптеріне жиі оралады. Мысалы, соңғы кездегі мәдениет пен өнердің әр саласындағы «ұлттық негіздерді жаңғырту» идеясы осымен ұқсас. Бұл, әсіресе, тәуелсіздікке енді ғана қолы жеткен Қазақстан Республикасында да өтіп жатқан заңды және прогрессивті құбылыс.

Архетиптік уақытты жаңғырту дегеніміз әлемдік мәдениетте кездесетін фундаментализм (түп-тамырларды әсірелеу) және партакуляризмнен (мәдени оқшаулық, ерекше жол) бөлек құбылыс. Бізде жиі айтылатын «еуразиялық идея» мәнісі жағынан алғанда партикуляризмнің бір түрі және ол негізінен Ресей жерінде қалыптасқан. Мәдениеттер диалогы кеңістігінде архетиптік уақытты жаңғырту мәдени әмбебаптылық идеясына қарсы келмейді.

Сонымен белгілі бір мәдениеттің архетипіне оның өзіндік болмысын неғұрлым бойына толығырақ жинаған салт-дәстүрлік және өзіндік сана ерекшеліктерін қалыптастырған және дербес жүйе ретінде өркениеттер сұхбатында орын алған мәдени түп нұсқа жатады.

Қазақ мәдениетінің архетипіне көптеген зерттеушілердің пікірі бойынша орта ғасырларда қалыптасқан еуразиялық мәдени кеңістікті қамтыған түріктік халықтар мен тайпалардың негізінен көшпенді мәдениеті жатады. Енді осы архетиптік уақыт ерекшеліктерін сипаттауға көшейік. Жоғарыда атап көрсетілгендей, архетиптік уақыт мифологиялық дүниетаным қойнауынан шыққанымен, оның өзіндік ерекшеліктері бар.

Архетиптік: уақыт жазусыз мәдениеттен алғашқы жазу-сызу мәдениетінің қалыптасуымен байланысты болған. Оның табиғи кванттары жадылық бітімнен код-текстерге көбірек негізделген. «Пұттар мен киеліжерлер ғана арқау болар ауызша текстің, – дейді Ю. Лотман, – белгілі бір орын мен белгілі бір уақытқа бағышталуы (киелі пұттың қызметі мәдениет аясы тұрғысынан салттық жағынан да, календарлық жағынан да соның

ғана уақыты болатын, әрі жергілікті аңыздардың мәйітіне айналатын белгілі бір уақытта ғана «жанданады») жазба және жазусыз мәдениеттердің жергілікті ландшафта мүлдем әр қилы күй кешулерінен байқалады. Жазба мәдениет Кұдай немесе Табиғат жасаған дүниені текст ретінде қарастыруға, әрі ондағы мәліметті оқуға тырысушылыққа бейім» (Мәдениеттер типологиясы. – Әлем, 251-бет).

Уақыттың жазбаша кодтар арқылы көрсетілуі ақпараттық берілістің кеңістігін және ұзақтығын арттырады. Осы тұрғыдан алғанда объективті мазмұны бар таным жазу арқылы ғана дами алады. Текстер табиғаттың мәнді белгілерін ырымдардан қабылдамайды. Олар көбінесе жаратушының айтқан сөздерінің таңбалары ретінде беріледі.

Осы тұрғыдан қазақ халқының Қазан төңкерісіне дейін жазбаша мәдениеті болған жоқ, олар түгелдей дерлік сауатсыз еді деген тоталитарлық жүйедегі кең тараған пікірдің логикамен де, тарихи деректермен де қисыны жоқ.

Тарихшы Ә. Хасеновтың пікірінше, көне түрік жазуы скиф-сақ дәуірі мәдениетімен үндесіп, астасып жатты. Бұған қарағанда ғұндардың қаһарлы әміршісі Баудүн шаныюдің Қытай императорына қыр көрсете жазған хаттары, Аттиланың Римге жіберген елшілерінің қолына ұстатқан грамоталары, қаңлы патшаларының заңы, жарлықтары көне түрік алфавитімен жазылмады ма деген болжам туады. Қазақтардың арғы ататектерінің түрік тілдес болғандығының және өзіндік өрілтік жазуының бар екендігінің тағы бір айтағы 1982 жылы моңғол археологтары тапқан – Хунну жазуы. Алтыннан шекіп жасалған деңгейде (медальон) көне руниканың 9 әрпінеп тұратын 4 сөз жазылған:

1. Ой-Сеңгір. 2. Елші ыты. Аудармасы: 1. Ой-Сеңгір. 2. Елшінің найзасы. Тарихшы Қ. Сартқожаулының топшылауы бойынша, «Хуннулар дыбыс белгілейтін алфавиттік жазу қолданған».

2. Бұл жазу Хуннулардан бері ұрпақтан-ұрпаққа үзілмей жалғасып, X ғасырға дейін қолданылады.

3. Моңғолия мен Тува, Қазақстан мен Қырғызстан жерінен ұшырасатын жүздеген руникалық айтақты бұдан былай тек VIII–IX ғасырдағы түркілерге ғана тән деп емес, енді Хунну, Тоба, Вэй, Сяньби, Жуанжуан қағанатына да қатысты мұра деп қарастыруға

болады.

4. Хуннулар байырғы түркі (баба түркі) тілінде сөйлеген және мемлекеттік тілі түркі тілі болған» (Хунну жазуы. – Әлем, 455-бет). Жалпы алғанда түрік халықтарының тілімен жазуы туралы ирандық мәдени ықпал ілімі («культуртрегер») әлі күнге дейін кең тарап келгендіктен бұл мәселенің маңыздылығына және арнайы зерттеулердің қажеттігіне назар аударамыз. Осы жазумен қатар түріктің білімді қауымы ескі соғды жазуын да қолдана білген. «Жібек жолы» бойында орналасқан қалаларда соғдылықтар сауда-саттық ісіне тығыз араласып, түрік тайпаларымен ежелден мәдени байланыс жасаған. Шығыс Түркістанда IX ғасырдан бастап көне ұйғыр жазуы пайда болды. Бұл ежелгі ұйғыр әріпімен жазылған туындылар тілінің өзіндік кейбір ерекшеліктері бола тұрып, мұның өзі руналық ескерткіштер тілінің тікелей жалғасы, мұрагері еді.

Сонымен, қазақ мәдениетінің архетиптік уақытында осы мәдениеттің болмыстық тұрақтылығына үлкен әсер еткен жазу қалыптасты. Кейін түрік жазуын араб алфавиті ауыстырғанымен, бұл мәдени қазына өз құндылығын жоғалтқан жоқ.

Ортағасырлық түрік мәдениетінің қазақ мәдениеті үшін архетип болып табылатындығын анық байқаймыз. Қазақтың ата тегінің даму үстіндегі уақыт ұғымы болмыспен тікелей қатысты құбылыстан, сезімдік нақтылықтан, эволюция барысында фенологиялық және циклдік сападағы кезендерге, «тірі хронологияға» және одан әрі ұзақ жыл санау жүйесіне өткеніне қарамастан өз бойларында нақты болмысқа тән қасиетін сақтап қалды. Санасыз инстинктердің немесе сапалы импульстердің, бұлардың екеуі де бірден пайда болады, серпінді формалары түрінде қалады. Мұның өзі оны тарих барысында айтарлықтай өзгертін архетип немесе оның көрінісі ретінде бағалауға негіз болады. Уақытты бұлай түсіну арқасында ол бейнелі және эмоциялы сипатқа ие болады, бұл оның сезімдік нақтылыққа жақын екендігін білдіреді (М. Орынбеков).

Әртүрлі халықтардың көне мәдениеттен алғашқы өркениеттерге өтуі мәдениеттің дамуындағы заңды құбылыс. Егер көне мәдениет генотиптік сипатта болса, онда өркениет уақыты табиғат аясынан әлеуметтік-тарихи заңдылықтар аумағына

жылжиды. Салт-дәстүр, ырымдар мен «табиғи түсініктер» талаптарынан гөрі, өркениеттілік уақытында қоғам бір орталыққа бағындырылған мемлекеттік заңдар жүйесімен, монотейстік діннің, әдептілік талаптарымен және оның қасиетті «текстерімен», ғасырлар бойы қалыптасқан дүние танымның философиялық және ғылыми талпыныстарымен, табиғатты игерудегі техникалық жетістіктерімен ж.т.б. айқындалады. Бұл мағынада алғанда, өркениеттілік – уақыт межесі және бүкілпланеталық мәдениеттің қалыптасуындағы қажетті саты.

Қыпшақ тайпаларынан шыққан атақты жырау, күйші және философ Қорқыттың өмірі мен шығармашылығына байланысты мәселелер сөз етіледі. Ол туралы Ватикан архивінде мынадай дерек сақталған: «Расул пайғамбар (Мұхаммед пайғамбар) заманына жақын кезде (VIII ғасырда) Баят (Сырдария) бойында Қорқыт атты бір ер болыпты. Оғыз ішінде барлық уәләйатты өзіне қаратып, неше түрлі ғажайып сөздер сөйлеуші еді. Қорқыт оғыз қауымының мүшкіл халі туралы сөйлер еді. Әрине, басына іс түскендердің бәрі оның алдына келіп кеңес сұрап, ол нені бұйырса, соны қабыл етер еді» (Қазақтың көне тарихы, 344-бет). Осы кітап жайында Ә. Марғұланның, Ә. Диваевтің, Х. Көрұғлының, Ә. Қоңыратбаевтің т.б. еңбектерінде бірталай қызық деректер келтірілген. «Қорқыт ата кітабы» атақты «Шаһнамаға» ұқсас және сол кездегі түрік мәдениетінің энциклопедиясы деуге болады.

Қазақ аңыздары бойынша, Қорқыт ата өзінің желмаясына мініп алып, халыққа мәңгілік бақыт әкелетін жерұйықты іздеген. Ол философиялық өте маңызды мәселе өлім мен өмірдің мағынасы туралы, шектеулікті жеңіп шығудың жолдары туралы талай тамаша пікірлер айтады. Енді Қорқыттың философиялық ғажайып сөздеріне жүгінейік:

«Қорқыт ата сөйлейді: Ажал уақыты жетпейінше, ешкім де өлмес. Өлген адам тірілмес, шыққан жан кері келмес. Ер жігітке қара таудай мал бітсе, жияр, көбейтер, талап етер, бірақ несібесінен артығын жемес. Гүрілдей шұбыра сулар тасыса теңіз толмас. Тәкаппарлықты тәңірі сүймес. Көңілі пасық ерде дәулет болмас. Жат баланы қанша сақтасаң да ұл болмас. Ол ішіп-жер, киер де кетер, бірақ, көрдім демес. Қар қаншама қалың жауғанмен – жазға бармас. Гүлденіп өскен байшешек – күзге бармас. Тозған

мақта бөз болмас, ежелгі жау ел (дос) болмас. Ат қиналмай жол шалмас. Қайыспас қара балтасыз жау алынбас. Маңғырған мал жиғанмен, адам жомарт атанбас. Анадан өнеге көрмеген қыз жаман, атадан тағылым алмаған ұл жаман. Ондай бала ел басын құрап, үйінен дәм беруге жарамайды. Ананың көңілі балада болар. Жақсы ана үшін бала – екі көздің сыңары. Ұлың өсіп жетілсе, ол отбасың мерейі, бас-көзі. Атадан қалған малы болмаса, баланың күні қараң. Ақылсыз балаға ата дәулетінен қайран жоқ. «Уа, хан ием, сізді тәңірім сондай ісінің соті түспегендерден сақтасын». (Қор-қыт ата кітабы. -Алматы, 8-9 бет). Мәңгі өмір іздеген Қорқыт үнділік Будда сияқты, қайда барса да көр қазып жатқандарға жолығады, көктем-жаздағы жас желек күзде сарғайғаны тәрізді, өмірде де «өлмейтін нәрсе жоқ» екендігі туралы қорытындыға келеді. Енді ол мәңгілік өмірді қобыз сарыпнынан іздейді. Ең ақырында қобыз күйімен көз жұмып, артындағы ұрпақтарға өлмес күйлерін қалдырды.

Қорқыт жайында қазақ халқының жадында талай аңыз - мифтер бар. Олардың бірі «Қазақ мәдениетінің ғарышы» атты кітапта суреттеледі. Авторлар Қорқыт бейнесін шым-шытыра-қайдан пайда болғаны үйлесімділікпен байланыстырады және терминологиялық, талдау арқылы ізгілік пен жамандықтың мәңгілік күресі деп (құт және қор) түсіндіреді.

Қорқыт туралы бір аңыз бойынша, оны анасы үш жыл құрсағында көтеріпті.



## 25-26дәріс. XIX Ғ.-XX ҒАСЫР МӘДЕНИЕТІ ЖӘНЕ ОНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

1. XIX ғасыр «бу және электр ғасыры». Өнеркәсіптік төңкеріс және экономикалық модернизация
2. Техногендік өркениеттің, массалық индустриалдық қоғам мәдениеттің қалыптасуы
3. XX ғасыр мәдениетінің негізгі құндылықтары мен қарама-қайшылықтары. XX ғ. өнері: дәстүрлі және жаңа
4. XX ғ. Рухани мәдениеттің даму ерекшеліктері
5. Неміс классикалық философиясы және романтизм, К. Маркстың «ғылыми» социализм теориясы, Ф. Ницшенің «өмір философиясы»
6. Өнердегі стильдер плюрализмі: О.Бальзак, Г.Флобер, Ч.Диккенс еңбектеріндегі сыни реализм, Д.Байрон, Г.Гейне еңбектеріндегі романтизм, Э.Золның натурализмі, А.Рембо, М.Метерлинк, Ш.Бодлер еңбектеріндегі символизм, суретші-импрессионистердің қылқалам өнері
7. Еуропаға ортақ стильдердің жойыла бастауы, суретшінің субъективті дүниені түйсінуді
8. Тобырлық мәдениет, көріністерімен тенденциялары
9. Модерн және постмодерн
10. Батыстық мәденифилософиялық негізгі идеялар (О.Шпенглер, И.Хейзинга, К.Юнг, М.Вебер, Э.Фромм, Х.Ортега-и-Гасет, А.Тойнби, К.Ясперс)

XIX-XX ғасырдағы көркем мәдениеттің динамикасына тоқталайық. XIX ғасырдың өркениет дамуы тарихындағы, нақтылықты көркемдік игеруден көрінетін бетбұрысты кезең болғандығы белгілі. Бір ғасырдың ішінде Ағартушылық Романтизммен, Реализммен, Декаденттікпен алмасты. Романтизм нақтылықты жоғары идеал тұрғысынан теріске шығаратын мәдениеттің барлық саласын қамтыған көркем мәдениеттегі стильді білдіреді. Романтизмнің өзіндік санасының философиялық формасын (онда декаденттік мотивтердің бар екендігіне қарамастан) жоғары тұлға идеясы түрінде Ф.Ницше жасады.

Декаденттік болса XIX ғасырдың 50-жылдарындағы Батыстың әлеуметтік-мәдени болмысын көркемдік пайымдауды білдіреді. Индустриялық қоғам негіздерінің жүйелік дағдарысы рухани мәдениеттегі құлдырауды, нақтылықтан кетіп, өзге мәдениет негіздерін іздестіруді туғызды. Бұл мәдениеттің негізгі бағыттарына импрессионизм (О.Ренуар, К.Моне, К.Даге және басқалары), постимпрессионизм (П.Сезанн, В.Ван-Гог, П.Гоген және т.б.), символизм (Ш.Бодлер, О.Врубель, Верлен және т.б.), модернизм (Пруст, Кафка, Т.Манн; И.Стравинский және т.б.), акмеизм, экспрессионизм) және т.б. жатады. Бұл бағыттардың барлығы XX ғасыр көркем мәдениетінің өзіндік санасы – постмодерннің қалыптасуына ықпал етті. Постмодерннің әлеуметтік-мәдени парадигмасы эстетикалық ізденістің пәні мен объектінің түбірлі өзгертеді. Эстетиканың объекті тылсымдық нақтылықтармен, сананың өзгерген жағдайымен, аутистік ойлаумен, неомифологизммен және мүмкін болатын әлемнің семантикасымен сипатталатын көркемдік әлемдік әлемнің гиперкеңістігіне, гипермәтініне, гиперәлеміне көшіріледі. Мәдени мәтіндер бұқаралық санаға терең енеді. Эстетика пәнінің өзі символикаландыру мен категорияландыру арқылы көркемдік нақтылықтың кеңістік пен уақытта тәртіпке келтірілуімен, яғни мәдениеттің трансляциялануымен ерекшеленеді. Символдар мен мағыналардың жүйесі ретінде оны зерттеуді эмпирикалық және теориялық талдауға көнетін әлеуметтік-мәдени нақтылықтардан тыс жүргізу қажет, өйткені көркемдік мәдениеттің объекті өзінше өмір сүреді. Мұндай талдау символдардың өзара байланысын, сонымен қатар, мәдени тәртіптің алғышарттары мен принциптерін белгілеуге мүмкіндік береді. Мысалы, “атжалман қасқырдың” символикалық образын Қазақстан Республикасындағы қазіргі социомәдени процестердің контекстінде қарастыруға болады (Альманах “Тамыр” 1999, вып.1). Постмодернизмде мәдени талдаудың пәні мен объекті сананың ағымымен үнемі қиылысып отырады. У.Джеймс былай деп жазады: “Біздің қалыпты сергек саңамыз, ақылды саңамыз – бұл сананың ерекше типінің бірі ғана. Саңаның өзге де формалары бар екендігі туралы білмей-ақ біз өмірден өтуіміз мүмкін, алайда дер кезінде қажетті стимул қолдасақ болғаны ол лезде-ақ пайда болады және бұл көңіл-күйдің

өзге кездері қолдануға бейімді болуы мүмкін”. Эстетикалық талдаудың объекті мүлдем күтпеген формаға ие болуы да мүмкін. Мысалы тіпті, компьютерлік көркем әдебиеттер де бар. Бұл көркем мәтіннің ерекшелігі, оны компьютердің дисплейінен ғана оқуға болады. Ол гипернақтылық ретінде құрылған. Ондағы кнопкалар арқылы сюжеттің қозғалысын өткенге және болашаққа ауыстыруға, эпизодтардың орнын алмастыруға, оның ақырын өзгертуге және т.б. қимылдар жасауға болады.

Француз мәдениеттанушысы Ж.Бодрийяр біз қазірдің өзінде гипернақтылықта өмір сүрудеміз деп тұжырымдайды. Біз дауылды күнгі кеме сияқты гипернақтылықтың бір шетінен екінші шетіне аударылып түсіп жүрміз. Оның ойынша Ирактағы “Құмдағы боран” операциясы (1991 жыл) қарапайым нақтылық болған жоқ. Бұл видеопроектордың экраны мен компьютер дисплейлеріне “отырғызылған” гипермәтіндік соғыс болды. Бұл мистика емес – бұл гипернақтылықтың ерекше метафизикасы. Мұндай жағдайларда адамның өзіндік бірегейлігі (самондентификация) өзгеріп, ол “ойнайтын адамға” айналады.

Ойын ретіндегі мәдениет концепциясын голланд ойшылы Й.Хейзинга ұсынады. Өзінің “*Homo ludens*” еңбегінде ол мәдениеттің мәнін ойын элементтері басым жағдайға ие болатын әлемді көркем қабылдаумен байланыстырады: “Кез-келген тірі, гүлденуші өркениетте поэзия өмірлік, әлеуметтік және литургиялық функция атқарады... Поэзия өзінің ерте мәдениеттің факторы ретіндегі бастапқы функциясында ойын ретіндегі ойында пайда болады. Бұл қасиетті ойын, алайда өзінің осы қасиеттілігінде бұл ойын үнемі құмарлықтың, әзілдің, көңіл көтерудің жиегінде қалып қояды. Әсемдіктің қажеттілігін саңалы түрде өтеу әлі де болса жоқ. Ол экстаз ретінде, мерекелік масайрау, ғажайып ретінде сезілетін және өзін поэтикалық формада іске асыратын қасиетті акттың қайта тірілуінде жасырынған (Самосознание европейской культуры XX века. – М., 1991, 70-72 бет).

Көркемдік мәдениеттің постмодернистік парадигмасында ойын күнделікті өмірді де қамтиды. Адам өзінің кәсібін таңдағанда, ол белгілі дәрежеде өз өмірінің гипернақтылығын да – белгілі бір тілдік ойындарды, коммуникацияның белгілі бір

шеңберін, белгілі бір дүниетанымды таңдайды. Кәсіби әрекеттен тыс кезде ол өзге әлемге кетеді, өзінің “бетпердесін” өзгертіп, иллюзиялар құрастырады. Мұндай ахуалды Г.Гесс өзінің “Бисер ойыны” деген романында сипаттайды. Бисер ойыны – бұл гипермәдени кеңістік-уақыттық континуум. Немесе Т.Маннның “Доктор Фаустус” романының кейіпкері былайша пайымдайды: “Формалармен ойнағанда, олардың қайсысының өмірден кеткенін біле отырып, ойынды жоғары сатыға дейін көтеруге болады”. Постмодернистік эстетикадағы жаңашылдық объект пен қарастыру пәнінің өзгешелігімен ғана емес, көркем ақпаратты алу тәсілдері мен формаларының классикалық емес методологиясын қолданумен де сипатталады. Көрнекілік үшін деконструкция мен мотивті талдауды алайық. Бірінші методтың негізін қалаған постструктурализм мен постмодернизмнің көрнекті өкілі Жак Деррида. Көркемдік мәдениет құбылыстарына бұл тәсілді қолданудың мәні мәдениет мәтініне қатысты зерттеушінің тыс орналасу поэзиясын теріске шығарумен байланыстырылады. Мұны түсіндіру зерттеуші мен мәтін арасындағы сұхбат (диалог) тұрғысында жүргізілуі тиіс. Бұл жағдайда мәтін зерттеушіге ықпал етеді (мысалы, полифониялық роман). Деконструкцияның мақсаты мәдениет көзінің өзінің мәдени потенциалының белсенділігін арттыру болып табылады. Мотивті талдау (Колумбия университеттінің профессоры Б.М.Гаспаров) көркемдік талдаудың бірлігі ретінде дәстүрлі термаларды – сөздер мен сөйлемдерді емес, мәселелердің шым-шытырық түйінін еске түсіретін мотивтерді алады. Мотивтер кросс-деңгейлі бірліктер бола отырып, мәтіндегі өзге мотивтермен қиылысып, қайталанып, оның қайталанбас архитектуроникасын құрайды (мысалы, С.Булгаковтың “Мастер және Маргарита” романының құрылымы).

Біз эстетикалық мәдениеттің мәні туралы көзқарастардың қалыптасу ерекшеліктерін қарастырып, оның негізгі бағыттары мен парадигмаларын анықтадық. Мұнан өнертанудың қазіргі мектептері бүгінгі күнгі мәдени және өркениеттік процестердің феномендерін көп деңгейде және әртүрлі қрынан зерттейді деген тұжырым жасауға болады.

## **27-28 дәріс. КӘЗІРГІ ЗАМАН МӘДЕНИЕТІ БАСТЫ ПРОБЛЕМАЛАРЫ МЕН ДАМУ БАҒЫТТАРЫ. КЕҢЕСТІК ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ МӘДЕНИ ҚҰРЫЛЫС ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

1. Исламның түрік халықтарының рухани мәдениетіндегі орны
2. Қазақ хандықтарының материалдық мәдениеті. XIX ғасырдағы Қазақ Ағартушылығы

### **Орта мен XX ғасырдың басындағы қазақ мәдениеті**

Қазақстанның Ресей құрамына енуі туралы мынадай жалпы бір схема (кесте) көп жылдар бойы «ақиқаттын бірден-бір көрінісі» деп есептелініп келді:

1) Қазақстан Ресейге қосылмаса, жоңғар шапқыншылығынан халық ретінде құрып кететін еді (алайда, XVIII ғасырдың ортасында Абылай хан мемлекеті жоңғарларды түпкілікті жеңген).

2) Қазақ халқы Ресей арқылы Еуропаның озық мәдениетімен танысты (бұл Америкадағы үндістердің «танысуына» тым ұқсас).

3) Ресейге қосылу нәтижесінде Қазақстанда феодализм шайқалып, озық капиталистік өндіріс тәсілі ене бастады (бай мәдени мұрасы бар үнді елінің ағылшын отарына айналғандағы «жетістіктері» сияқты).

4) Қазақ еңбекшілері Ресей пролетариаты мен шаруаларының революциялық күресіне араласты (бұл маркстік догманы талқыламай-ақ қойса болады).

Отарлау саясаты мәдениетке еш жерде де қолайлы болған емес. Орыс отарлауы қалалық және егіншілік мәдениетті шеткі өңірлерде енгізу мақсатында жүргізілген жоқ. Қайта олардағы барды жоқ қылып, мүлдем жойып жіберуді көздеді. Сөзіміз дәлелді болуы үшін дерек келтірілік. Петербургте 1866–1888 жылдары ай сайын шығып тұрған ғылыми-саяси журналы «Дело» өзінің 1869 жылғы 3-санында былай деп жазыпты: «Ресей үшін қазақтар көшпелі ел қалпында астығымыз бен қолөнер бұйымдарымызға кіріптар болып қалғаны тиімді. Олар тері және басқа шикізаттарды өндіруші ретінде қажет. Сондықтан да оларды

жартылай жабайы күйінде ұстау керек». Келесі бір нақ осындай журнал «Отечественные записки» (бұл да Петербургте, 1829–1884 жылдары шығып тұрған): «Қазақтар Ресей мемлекетіне көшпелі күйінде ғана пайдалы, оларды отырықшы ету орыстар үшін қауіпті» (Отечественные записки. – Санкт-Петербург, 1866) – деп кесіп-пішіп айтады. Бұл жай айтыла салған сөз емес еді, сол кездегі өкіметтің саясатын жариялау болатын.

Еуроазия даласын жаулап алған славяндық мәдениет осы даланың байырғы тұрғындарын ноқталап қоюға тырысты. Ресей империясы өз қарауындағы халықтарды ақ патшаға берілгендік идеясында тәрбиелеу мақсатымен әр түрлі миссионерлік тәсілдерді шебер қолдана білді. Осындай ілімдердің бірі Ресейдің басқа халықтар алдындағы тарихи-мәдени миссиясы деген бүркеніш уағыз. Ағылшындардың бай мәдени мұрасы бар үнділерді шырмағаны сияқты, орыстар Орталық Азия мен Қазақстанды отарлау және ассимиляциялау полигоны бейнесінде қарастырды. Тіпті қазіргі күнге дейін осы миссионерлердің таратқан төмендегідей қағидалары қоғамдық санада терең тамыр жайған. Солардың бірі қазақтардың таза мұсылман еместігі туралы ұғым.

Араб алфавитін ығыстыру мақсатымен миссионерлер кириллицаны енгізуге шақырды. Бұл орыстандыру саясатының негізгі құралы еді және олардың түбінде қазақтарды христиан дінін қабылдауға әкелмек ойлары болды. Жас бала өз сауатын туған тілінде ашқанымен, орыс алфавиті арқылы мәдени ассимиляцияға ұшырайтын. Осының салдарынан бұрынғы шығыстық мәдени бағдар батыс мәдениетіне ауды.

Қазақстан мәдениетіне үлкен үлес қосқан қазақтың алғашқы ғалымдарының бірі Шоқан Шыңғысұлы Уәлиханов орыстың әскери мектебінің түлегі еді. Алайда Шоқанды қазақ даласында орыстандыру саясатын жүргізуші деп бағалау үстірт пікір. Арғы атасы Абылайды пір тұтқан Шоқан өз халқының мәдениетін жоғары деңгейге көтеруге тырысты. Бұған негізгі құрал оның ағартушылық әрекеті болды.

Қазақ ағартушылығына Еуропадағы ағылшын, неміс, француздардағы сияқты жалпы ортақ белгілер тән. Ең бастысы – білім мен ғылымды адамдарды бақытқа жеткізетін күш деп ұғыну. Алайда қазақ ағартушылығының өзіндік ерекшеліктері де жеткілікті. Мұның өзі Шығыс Ренессансына, тәуелсіз Қазақ хандығына және Ресей империясы құрамындағы болған халық

тағдырына қатысты.

Ағартушылық мәдениеттегі негізгі тетік – адам. Шоқан сыртқы әлемге «дала адамын» түсіндіргісі келді. Осы мақсатпен ол қазақ және қырғыз халықтарының миф-аңыздарын, салт-дәстүрін, діні мен тілін зерттейді. Шоқан жазған «Үлкен қырғыз-қайсақ ордасының ескі аңыз әңгімелері», «Қазақтардағы шамандықтың іздері», «Қашқария туралы жазбалар», «Сахарадағы мұсылмандық туралы» және т.б. ғылыми еңбектерде қазақ және басқа түрік халықтарының мәдениетіне энциклопедиялық талдау берілген.

Шоқанды тек қазақ ағартушысы деп шектеу жеткіліксіз. Ол шын мәнісінде нағыз ренессанстық тұлға. Не бары 30 жыл ғана өмір сүрген ол өзін дарынды тарихшы, тіл маманы, географ, мәдениеттанушы ретінде Еуропа мен Азияға таныстырып кетті. Шоқан туралы айтқанда, алдымен көзге түсетін мәселе – мәдениеттанулық дихотомия: Батыс пен Шығыстың арақатынасы. Патшалық Ресейде білім алған империя офицері ретінде ол, әрине, Черняев экспедициясына қатысты, басын қатерге тігіп, Қашқарияға жасырын барды. Ф.М. Достоевский, С.Р. Дуров, Н.Г. Чернышевский сияқты орыстың озық ойлы ғұламаларымен достасып, алдыңғы қатарлы Еуропа мәдениетінен нәр алды. Шоқанның бар арманы өз халқының тол мәдениетің, тарихын, тілін жоғары деңгейге көтеріп, жалпы адамзаттық мәдениетке тең етіп қосу болды. Осының негізгі құралы деп кейбір зерттеушілер Ресей мәдениетін қазақ сахарасында таратуды айтады. Омбыда оқып жүрген кезінен бастап Шоқан екі түрлі Ресей бар екендігін сезді: бірі – озық ойлы, адамзатты ардақтаушылар, екіншісі – отаршылар, тонағыштар, итаршыдар. Шоқан патша әкімшілігінің Қазақстан туралы саясатына әр уақытта күдікпен қараған. Мысалы, әуелде «жақсы әскербасы және әділ» болар деп ойлаған М.Г. Черняевті Шоқан өз халқының мүддесіне қолданғысы келіп, оның жорығына қатысты. Алайда, орыс әскерінің жантүршігерлік қылмыстарын байқаған Ш. Уәлиханов патша қызметін тастап, еліне қайтып кетеді. М.Ф. Достоевскийге жазған бір хатында Шоқан, отандастарына пайда тигізу үшін тіпті сұлтан болғым да келді дейді. Алайда, өмір шындығы оның бұл ойының қиял екендігін көрсетті. Даладағы зорлық-зомбылықты жалғыз білімді әкім жеде алмас еді.

Шоқан араласқан тағы бір мәдениеттанулық мәселе мұсылмандық туралы болды. Қазақтарды жылдам христианға айналдыра алмайтынына көзі жеткен патша әкімдері исламның өздеріне қажетті жақтарын нығайту мақсатымен далаға көптеген татар және Бұхар молдаларын жіберді. Шоқан осы саясатқа қарсы шығып, орыс-қазақ мектептерін көбірек ашуды талап етті. Бірақ бұдан Ш. Уәлиханов атейист болды және исламға қарсы күресті деген пікір тумау керек. Шоқан бұрыннан қазақтар арасында кең таралған тәңірілік дін және шамандықтың (бақсылықтың) маңызын көре білді, исламға қарсы шығудан бас тартты; ол: «біз исламды қудалауды ұсынбаймыз, мұндай қадамдар қарама-қарсы нәтиже беруі мүмкін. Бірақ біз үкіметтің қандай да болсын білімге қарсы дінге қамқорлық жасамауын, және далада ұрып-соғу мен қорқытуға негізделген теологиялық заңдарды күштеп енгізебеуін сұраймыз және талап етеміз» (Таңдамалы, 200-бет), – деп жазды. Яғни, Шоқан мұсылмандықтағы мәдени-тұтастық функцияларды көре білді. Ұлы мәдениеттердің тоғысуында дүниежүзілік діндер интеграциялық қызмет атқарады. Қысқаша айтқанда, Шоқанның қазақ мәдениетіне қосқан үлесінің негізінде Батыстың да (орыстың да), Шығыстың да тигізген әсері емес, өз халқының төл мәдениеті жатыр. Шоқанның өзіне жүгінейік: «Далалық орданың тұрғыны – қазақ өзінің моральдық қасиеті, ақыл-ой қабілеті жөнінен отырықшы татар немесе түркі шаруаларына қарағанда әлдеқайда жоғары тұр... Осынау дала көшпелілерінің ақынжанды болып келетіні, ой-қиялының жүйрік болып бітетіні мұнсыз-қамсыз көшпелі тіршіліктің арқасы болу керек немесе ұдайы ашық аспан астында, шет-шегі жоқ шүйгін дала күнбағында ғұмыр кешкен соң табиғат шіркінді Тәңірі тұтқандықтан да болар. Түрік атаулы халықтар арасында өзінің ақындық қабілет-дарыны жөнінен қазақтар бірінші орында болса керек».

Қазақ мәдениетінің кемелденіне үлкен үлес қосқан тұлға – Ыбырай Алтынсарин. Ыбырай халық ағарту ісінің практикалық және дидактикалық мәселелерін шешуге тікелей ат салысты, алғашқы педагогикалық оқулық «Қазақ хрестоматиясын» және қазақ балаларына орыс тілін үйретуге арналған оқу құралдарын жазды. Сонымен бірге Ыбырай қазақтың әдеби тілінің негізін



салушылардың бірі және халықтың ауыз әдебиетін, әдеп-ғұрпын зерттеуші ретінде белгілі; ол жазған қазақтардың құдалық және үйлену рәсімдері туралы, адамдарды жерлеу және еске алу салттары жөніндегі еңбектері жоғары бағаланып, 1874 жылы Ы. Алтынсарин Ресей географиялық қоғамының Орынбор бөлімшесінің мүшесі болып қабылданды. Ыбырай өз қызметі мен шығармашылығында нағыз ағартушы бейнесінде көрінеді.

Ыбырай өзінің ағыртушылық қызметінде миссионерлік орыстандыру саясатын қолдаған жоқ. Ол өз халқын білімге, мәдениеттілікке шақырғанда өркениетті елдер қатарында көтерілуді армандады. Ыбырайдың миссионер еместігінің куәсі – оның атақты «Кел балалар, оқылық!» атты өлеңі. Тоталитарлық жүйе кезінде алынып тасталған бірінші жол мынадай еді:

Бір құдайға сыйынып,  
Кел балалар, оқылық.  
Оқығанды көңілге,  
Ықыласпен тоқылық.

Ыбырай 1884 жылы Қазан қаласында өзінің атақты «Ислам Шариаты» атты кітабын шығарды. Қарапайым халыққа түсінікті тілмен жазылған бұл еңбегінде ол мұсылмандықтың негізгі қағидаларын қазақ мәдениетіне шебер қоса білді. Шығыс Ренессансында қалыптасқан дін мен білімнің арасындағы үйлесімділік идеясын (әл-Фараби, Ибн-Сина т.б.). Ыбырай өз заманына байланысты дамыта білді. Қай дінде болсын, адамдар бір-бірін сыйлау керек делінеді, ал мәдениетсіздіктің негізгі себептеріне надандық, жалқаулық және мақтаншақтық жатқызылады.

«Ендігі жерде мынадай ақылды бұлжытпай ұстаңыз, – дейді Ыбырай Н.А. Мазохинге жазған хатында, – бұл менің айтып отырған ақылым емес, атақты философ-педагог Коменскийдің ақылы. Ол кісі: «Қолындағы барын қанағат ете білетін адам, шын бақытты адам және біз өзіміздің адал еңбегімізбен тіршілік етіп отырмыз дей алатын адам шын бақытты адам», – деген екен; ал тағы бір араб философы бақыттылық пен байлық неде – дегенде – «ынсаптылықта», – деп жауап берген екен; міне осы ақылды алыңыз».

Шын мәнісінде, Шоқан мен Ыбырайдың қызметі мен шығармашылығы кейін XX ғасырдағы Қазақстан жеріндегі больше-

визмге емес, керісінше ұлт-азаттық қозғалысына демеу болды.

Қазіргі қазақтың рухани мәдениетінің негізін салушы – ұлы философ – ақын Абай Құнанбаев. Қазақ мәдениетінің ғасырлар бойы қалыптасуында осы процеске сыншыл көзбен қарап, оны ақыл және жүрек таразысынан өткізетін тұлға тым қажет еді. Абай, міне осындай тұлға болды. Абай өз шығармашылығында қазақ елінің белгілі тарихи тұйыққа тіреліп (бодандыққа түсіп), одан қалай шығуды білмей, болашағы туралы күдіктенген жағдайын суреттеді. Осындай шым-шытыранда ғұлама ақын таза уайым мен зарлау дәстүрінен арылып, халық өмірінің кемкетігіне ашық көзбен қарап, оны емдеудің жолдарын көрсете білді.

Абай туралы көптеген еңбектерде бір-біріне қарама-қарсы пікірлер айтылып жүр. Әсіресе, тоталитарлық жүйе кезінде Абай қазақ арасында орыс мәдениетін насихаттаушы болды, ол жер ауып келген Ресей ғұламаларының ықпалымен дәстүрлі көшпелі мәдениет құқылылықтарынан бас тартты деген пікірлер жиі айтылды.

XX ғасырдағы ең сұмдық қылмыстардың бірі Кеңес Одағында жасалды. Тоталитарлық жүйе өз халқына қырғын салып (геноцид), оның этномәдени тұтастануына орасан зиян келтірді. Адамзаттың бүкіл тарихында ешбір саяси өзгеріс нақ осындай сүргінге әкелген жоқ. XX ғасырдағы екі социалистік эксперимент (фашистік ұлттық-социализм және коммунизм) 100 миллионнан астам адамды қырды. Этнобірігу және мәдени эволюцияны бекерге шығаратын большевиктік идеология мен практика бұрынғы Ресей империясы топырағындағы халықтардың ғасырлар бойы жинақталған мәдени құндылықтарын талан-таражға салды. Бұл әсіресе, қазақ тағдырынан анық керінеді.

Ұлттық-мәдени тұтастануға кеселін тигізген төмендегідей большевиктік тәжірибелерді атап өтейік:

**1. Демографиялық геноцид.** Белгілі демограф Мақаш Тәтімовтың есептеуі бойынша, тоталитарлық жүйе кезінде қазақтар шетелдерге біржолата көшіп кеткендерін қоса санағанда 4,5 миллион адамынан айрылған, яғни бүкіл халқының үштен екісін жоғалтқан. «Проценттік қатынаста, – дейді М. Тәтімов, – Қазақстан қасіреті Батыс Армения қасіретінен, Еуропадағы фашизмнің еврейлерді жоюынан, Камбоджадағы зұлматтан да

асып түсті». (Демографиялық, кескін – Қазақ, 66–67 бет).

**2. Этномәдени экспансия.** Патшалық Ресей империясы бастаған миграциялық саясатты Кеңес өкіметі де дәйекті жүргізді. Геноцид нәтижесінде қаңырап бос қалған кең дала келімсектермен толтырылды. ХІХ ғасырдың ортасында өз жерінде 92%-ін құраған жергілікті ұлт өкілдері 1959 жылғы санақ бойынша 29%-ке дейін төмендеді. Мұның өзі 1916 жылғы қырғынның, азамат соғысының, Ф. Голощекин жүргізген «Кіші Октябрь» саясатының, 30-жылдардағы аштықтың, тың және тыңайған жерлерді игеруге сырттан жүз мыңдаған бөгделердің келуінің салдары екені белгілі.

Қазақ кеңес мәдениеті туралы әңгіме өткенде оның тарихи ерекшеліктері мен өзіндік белгілеріне тоқталып өткен жөн. Егер бұрынғы қазақ мәдениетін дәстүрлік өркениет деп бағаласақ, онда тоталитарлық жүйеде ұлттық негіздерді жойып жіберуге бағытталған большевиктік шараларды ескеру керек. «Тағдыры ортақ жаңа қауым», «тарихта бұрын болмаған адамдардың жоғары бірлестігі – кеңес халқы», сондай-ақ, «мазмұны пролетарлық және түрі ұлттық социалистік мәдениет» ұрандарын басшылыққа алған идеологтар мен саясатшылар рухани мәдениеттің тамырына балта шалты. Ерте заманның өзінде атақты Аристотель мазмұн мен форманың бірлігін дәлелдесе, революционер марксистер мәдениеттегі ұлттық мазмұнды бекерге шығарды.

**29-30 дәріс. ӘЛЕМДІК ӨРКЕНИЕТТІК ҮРДІСТЕР  
АЯСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ МӘДЕНИЕТІ.  
ЕГЕМЕНДІ ҚАЗАҚСТАННЫҢ МӘДЕНИ САЯСАТЫ**

1. Қазақстан Республикасындағы мәдени құрылстардың негізгі бағыттары
2. Ұлттық мәдениет: қайта өрлеу және даму мәселелері
3. Исламның түрік халықтарының рухани мәдениетіндегі орны
4. Қазақ хандықтарының материалдық мәдениеті. ХІХ ғасырдағы Қазақ Ағартушылығы
5. Қазақстандағы модернизация үрдісінің мәдени-әлеуметтік аспектілері
6. Қазақстан халық тарихы

**XX ғасырдағы қазақтың мәдениеті.  
Ұлттық мәдениет: қайта өрлеу мен даму мәселелері**

Шын мәнінде, ең алдымен, мәдени туындының мазмұны ұлттық болып табылады. Өйткені мәдени қайраткерлер өз шығармашылығында нақтылы ұлттық көкейкесті мәселелерді көтереді, қандай абстрактылы шығарма болғанымен, оның тамыры этностық фольклордан, халықтық педагогика, этика, дүниетанымнан нәр алады. Жоғарыдағы «социалистік» мазмұнды көмкерген ұлттық форманы Сталин тек тілге әкеп тіреген. Олай болса, өз ұлтының тарих-талғамын орыс тілінде жазған Ш. Айтматов пен О. Сүлейменовты қалайша ұлттық мәдениеттен аластаймыз.

Әдеби тілден басқа әр этностың өзіндік рәміздері, таңбалары, музыка, театр, көркемөнер тілі бар.

Әр этностың төлтума мәдениетіне үлкен нұқсан келтірген большевиктік «тәжірибелердің» бірі – ұлтаралық некелесуді дәріптеу. Әрине, табиғи-тарихи жағдайларда бұл – прогрессивті процесс, дүниежүзілік мәдени сұхбаттасу ағынының бір бұлағы. Әр түрлі этностардың, тіпті нәсілдердің араласуы нәтижесінде қазіргі әлемде көрнекті рөл атқаратын американдар, бразилиялықтар, мексикандар, үнділер сияқты халықтар қалыптасты. Этнобиологиялық және этноинтеграциялық

тұтастануды окшаулану деп түсінудің ауылы ақиқаттан алыс.

Алайда Кеңес Одағында бұл процесс өктемділікпен жүргізіліп, империядағы басқа халықтарды орыстандыру саясатында өтті. Саяси-идеологиялық ұрандардың желеуімен 200-ден астам этностар араластырылып жіберілді. «Нәтижесінде жүзге тарта төлтума мәдениет мәңгілік жоқ болып, жұмыр жердің мәдени-рухани болмысы солғын тартты. Осынау жойқын да пайдасыз қасіреттің орнында мыңдаған жылдар бойы қалыптасқан төлтума мәдениетін әбден таптап, химералық күйге жеткен 300 миллион тобыр қалды; басқа ұлтпен некелескен 60 миллион дұбара қалды; 60 мың тірі жетім балалар қалды (тіркеуге алынғаны ғана); абақтының тұрақты тұрғындарының саны 20 миллионға жетті» (Тарақты А. Ауызша тарихнама – Қазақ, 36-бет). Шын мәнінде, Кеңес Одағы маргиналдар қоғамына айналды.

Әр ұлттың мәдени архетиптерін шайқалту Кеңес Одағында мемлекеттік саясат дәрежесінде нысаналы түрде жүргізілді. Мысалы, 1951 жылы Орталық мұсылман халықтарының «Деде Қорқыт», «Алпамыс», «Манас», «Ер Сайын», «Шора Батыр», «Қобыланды» сияқты эпостарын діншіл және ақсүйектік деп жариялап, оларға тыйым салды. Халықтық мәдениетті қудалаудың сорақы бір көрінісі – домбыраны феодализмге апарып тіркеу.

Тоталитарлық жүйенің мәдениет саласында жүргізген саясаты тек кеңестік ұлттарды «тазалаумен» шектелген жоқ. «Жаңа коммунистік мәдениетті қалыптастыру» дегенді басшылыққа алған партократия дүниежүзілік озық мәдениет үлгілеріне тосқауыл жасады. Белгілі «темір пердемен» қоршалып қойылған КСРО-да таза пролетарлық мәдениет дәріптелді, бүкіл Батыс – буржуазиялық, ал Шығыс – ескішіл феодалдық деп жарияланды. Мұның бір дәлелі – Отан соғысынан кейін сталинизмнің жүргізген шаралары. «Космополиттік мәдениет», «империализм ықпалдарына түскен» ғылымдар қатарына кибернетика, генетика, тілтану т.б. қойылды.

Қорытып айтқанда, большевиктік «мәдени революция» Жер шарының 1/6 бөлігінде «кеңестік адам» атты, бұрын-сонды болмаған, адамдардың айрықша түрін қалыптастыруға бағытталды. Бұл туралы Шыңғыс Айтматов шеберлікпен сүреттеген мәнгүрт бейнесін еске алайық. Тарихи дәстүрден мүлдем айырылған, тіпті өз анасын өлтіруге дайын мәнгүрттер қаптап кетті. Жас жеткіншектерге үлгі ретінде ұсынылған Павлик

Морозов өз әкесін сатқан адам.

Әрине, ширек ғасырға созылған бүкіл осы кезенді тек қара бояумен суреттеуден аулақпыз. Қазақстанда кеңес өкіметі жылдарында мәдени салада дәуір жетістіктер де болды. Партия саясатын түсіну үшін елге «көзі ашық», сауатты азаматтар керек еді. Ресей сияқты бұрын негізінен сауатсыз империяда халыққа білім беру жүйесі бірталай табыстарға жетті. Әрбір одақтық республика өз Ғылым Академияларына, мемлекеттік университеттеріне, институттарына ие болды. Жоғары басқару жүйелері негізінен орыстарға сүйенгенімен «жергілікті ұлт өкілдеріне» мұқтаж еді. Оларды даярлау Ресейдің орталық аудандарында жүргізілді. Мұның нәтижесінде көптеген ұлт өкілдерінің еуропалық мәдениет және білімге қолдары жетті.

Баспасөз, газет-журналдар шығару, радио хабарларын тарату, теледидар, кезінде «от арба», «сиқырлы машина» деп жүретін ауыл тұрғындарына жете бастады. Қазақстанның мәдени өмірінде ұлттық опера, балет, драма, симфониялар пайда болып, ауқымы кеңі түсті. Қазақ бұлбұлы Күләш Байсейітова, шебер биші Шара, кәсіпқой сахна жұлдыздары Серке Қожамқұлов, Қалибек Қуанышбаев, Шәкен Айманов т.б. өз өнерлерімен халық дәстүрін жаңа заманға лайықты жалғастыра білді.

XIX ғасырдың ортасынан кейін қалыптаса бастаған жазба әдебиетінде кеңес Өкіметі жылдарында біршама табыстарға жетті. Сәкен Сейфуллин, Мұхтар Әуезов, Сәбит Мұқанов, Бейімбет Майлин, Мұқағали Мақатаев сияқты көптеген ақын-жазушылар, социалистік реализм мен тап күресі идеологиясының шеңберінен шығып, өз шығармаларында халықтың көңіл-күйін, арман-тілегін, тыныс-тіршілігін шебер суреттей білді.

Осы жылдары қазақ халқының мәдени тарихын зерттеп-білуге бағытталған біршама әрекеттер жасалды. Бұл ретте қазақ эпосының негізінде көрермендерге ұсынылған «Қыз Жібек», «Айман – Шолпан», «Қозы Көрпеш – Баян сұлу», «Ер Тарғын», «Қалқаман – Мамыр» сияқты опера, көркем фильм, балеттерді атап өтуге болады.

Тарихи ескерткіштерді қорғау, сақтау, Қазақстан тарихын көрсету мақсаттарында республикада көптеген мұражайлар ұйымдастырылды. 80-жылдарда республикада 47 мұражай, оның ішінде 29 өлкетану, 5 тарихи-мемориалдық, 4 әдеби-мемориалдық,

4 өнертану, 1 этнографиялық музей жұмыс істеді.

Алайда тоталитарлық жүйе Қазақстан халықтарының мәдени толысуына ынталы емес еді. Мұны, әсіресе, мәдениеттің өзегі тіл мен дінге байланысты жүргізілген саясаттан көруге болады. «Феодализм мен алғашқы қауымдық құрылыс қалдықтарымен күресуді» желеу еткен Орталық 20-жылдардан бастап мешіт пен медресе мүлкін тәркілеп, діни өкілдерді қуғынға ұшыратты. Ондаған түрік халықтары алдымен латын, кейін славян алфавитіне көшірілді. 1927–1928 жылдары бидер соты жойылып, дәстүрлік заңдар жарамсыз деп жарияланды. Мәдениеттің таза партиялылығын жоғарыдан бақылаушы ұйымдар қатты қадағалап отырды. Баслит (цензура) мен Басрепертком баспасөз бен театрларда социализм идеяларына сәйкес келмейтін шығармаларға тыйым салды. Біріккен Ұлттар Ұйымы (БҰҰ) құрылғаннан кейін адам құқықтары осы ұйым қызметінің негізгі бағыттарының біріне айналды. БҰҰ Жарғысында адам құқықтарына біраз көңіл бөлінген. Мысалы, бұл құжаттың кіріспе бөлімінің өзінде БҰҰ-ң негізгі мақсаттарының бірі ретінде "адамның негізгі құқықтарына, адам баласының абыройы мен қадір-қасиетіне, ерлер мен әйелдердің теңқұқықтығына және үлкен мен шағын ұлттардың теңдігіне сенушілікті қайта бекітуге" белбайлаушылық белгіленген. Осымен бірге, Жарғының 1 бабы БҰҰ-ң басты мақсаттарын айқындай отырып, солардың ішінде нәсіліне, жынысына, тілі мен дініне қарамастан барлығы үшін адам құқықтары мен негізгі бостандықтарын құрметтеуді мадақтау және дамыту бойынша халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асыруды атайды (1 баптың 3 тармағы). Адам құқықтарының негіз қалаушы сипаты Жарғының 55 бабымен де расталады, ол жерде былай делінген – "халықтарды" өзін-өзі билеу және тең құқықтығы қағидасын құрметтеуге негізделген ұлттар арасындағы бейбітшілік және достық қарым-қатынастар үшін қажетті тұрақтылық және тыныштық жағдайын қалыптастыру мақсатында, Біріккен Ұлттар Ұйымы:

а) Халақтың өмір сүру деңгейін, толық еңбек бастылығын көтеруге және экономикалық пен әлеуметтік өрлеу мен даму шарттарына;

б) Экономикалық, әлеуметтік, денсаулық сақтау және осы сияқты салалардағы халықаралық мәселелерді шешуге; мәдениет

пен білім беру саласындағы халықаралық ынтымақтастыққа;

с) Нәсілі, жынысы, тілі мен дініне қарамастан барлығы үшін адам құқықтары мен негізгі бостандықтарын жалпылай құрметтеуге және сақтауға көмектеседі.

55 бапта орнатылған БҰҰ мақсаттары қалай алсақ та адам құқықтарын қамтамасыз ету ісімен байланысты. Оларды ажырататын жалғыз белгі – адам құқықтарын әртүрлі салаларда, әртүрлі деңгейде және әртүрлі бағыттар бойынша қамтамасыз етуге арналуы. Алайда, бұл мақсаттардың негізгі екпіні – ол, адам, оның құқықтары мен бостандықтары.

Сонымен, БҰҰ-ң негізгі қызметінің барлығы қай деңгейде болса да түбінде адам құқықтарын қорғауға бағытталған деп айтуға болады.

Сонымен қатар, адамның құқықтары мен негізгі бостандықтарын қорғау қазіргі халықаралық құқықтың негіз қалаушы қағидаларының бірі болып табылады және мемлекеттердің ішкі құқығының да, халақаралық құқықтың да бірде бір әрекет күшіндегі нормасы осы императивті қағидаға қайшы келе алмайды.

Бұл қағиданың нормативті мазмұны 1975 жылғы Еуропадағы қауіпсіздік пен ынтымақтастық Мәжілісінің (ЕҚЫМ/ОБСЕ) Хельсинкілік Қорытынды актісінің құрамдас бөлігі болып табылатын "Қатысушы-мемлекеттерді" өзара қарым-қатынастарында басшылыққа алатын қағидалар Декларациясында ашылған. Осы құжатқа сәйкес мемлекеттер адам құқықтарының барлық кешені адам баласына тән қадір-қасиеттен туындайды және оның еркін де толық дамуы үшін маңызды болып табылады деп таныды. Сонымен қатар, қатысушы-мемлекеттер барлық елдер арасындағы достық қарым-қатынастар мен ынтымақтастықтың дамуын қамтамасыз ету үшін қажетті бейбітшіліктің, әділдік пен тыныштықтың маңызды факторы болып табылатын адам құқықтары мен негізгі бостандықтарын құрметтеудің жалпылай маңызын таныды. Осының негізінде, мемлекеттер адам құқықтарын құрметтеуге, олардың тиімді жүзеге асуын мадақтауға және дамытуға, осыған көмектесуге, сондай-ақ осы салада БҰҰ Жарғысы мен Адам құқықтарының жалпылай Декларациясының мақсаттары мен қағидаларына сәйкес әрекет етуге, осы саладағы халықаралық келісімдер бойынша өздерінің міндеттерін орындауға міндеттемелер алды және адамдардың өз құқықтары мен міндеттерін білу және соларға сәйкес әрекет ету



құқын растады.

Адам құқықтарын құрметтеу қағидасының құрамында өзінің ар-ожданына сәйкес дінге сенуіне тұлғаның еркіндігін құрметтеу және тану қажеттілігі жөніндегі, сондай-ақ ұлттық азшылықтарға жататын тұлғалардың құқықтарын сыйлау және оларға адам құқықтары мен бостандықтарын іс жүзінде толық қолдану мүмкіндігін беру жөніндегі ережелер бөлек белгіленген.

Сонымен, халықаралық бейбітшілік пен қауіпсіздікті, сондай-ақ мемлекеттер мен мемлекетаралық қатынастардың тұрақтылығы мен тыныштығы адам құқықтарын және негізгі бостандықтарын құрметтеу мен тікелей баланыстырылды.

Осы байланыс БҰҰ қабылданатын әртүрлі құжаттарда әрдайым расталып отырады. Мысалы, 16 желтоқсан 1970 жылғы халықаралық қауіпсіздікті нығайту жөніндегі БҰҰ Декларациясында "адам құқықтары мен негізгі бостандықтарын жалпылай құрметтеу және толық жүзеге асыру және осы құқықтарды бұзушылықты жоқ қылу халықаралық қауіпсіздікті нығайтудың қажетті де кейінге қалдырылмас шарты болып табылады" деп тағы да белгіленді және осыған байланысты "езушілікті", зұлымдық пен кемсітушіліктің барлық нысандары, әсіресе жасалған жеріне қарамастан нәсілшілдік пен нәсілдік кемсіту сөгіске алынды (22 тармақ). Бұл халықаралық қатынастардың қалпы мен дамуына үлкен ықпалын жасаған маңызды жайт.

Адам құқықтарын қорғау қазіргі әлемдегі халықаралық саясаттың негіз қалаушы қырларының біріне айналды.

Адамзаттың прогрессивті күштерінің адам құқықтары үшін күресі өзінің логикалық көрінісін БҰҰ Бас Ассамблеясымен 10 желтоқсан 1948 жылы қабылданған "Адам құқықтарының жалпылай Декларациясынан" тапты. Бұл адамзат тарихындағы адам құқықтары мен негізгі бостандықтарының тізімін бекіткен алғашқы халықаралық құжат. Бұл актінің қабылдану себептерінің бірі – БҰҰ Жарғысы нәсілі, жынысы, тілі мен дініне қарамастан барлығы үшін адам құқықтары мен негізгі бостандықтарын жан-жақты мадақтау және құрметтеу ісіне мемлекеттердің міндеттерін бекіте отырып, бұл құқықтардың тізімін белгілеуінде.

Соңғы екі-үш онжылдықтың ішінде адам құқықтары мен бостандықтарының мәселесі бір қатар себептерге байланысты

саяси күрестің орталығына айналды. Бұл сауал бойынша халықаралық қауымдастық айтарлықтай жетістіктерге қол жеткізді. Осыған қарамастан, әлде де көп елдер адам құқықтары мен бостандықтарын жалпы адамзат құндылықтары ретінде танудан алшақтау. Мәселен, Венада 1993 жылы өткен адам құқықтары жөніндегі Конференцияда тек бірнеше азиялық мемлекет қана, оның ішінде Жапония мен Оңтүстік Корея, адам құқықтарын әмбебап құндылық ретінде қарастыруға шақыратын резолюцияны қолдады.

Бұл ең алдымен азия елдерінің адам құқықтарына бірегей көзқарасының болмауына байланысты. Олардың көпшілігі адамның жеке құқықтары категориясын өз өркениеттері үшін бөтен деп санайды, өйткені көптеген шығыс қоғамдарында адамның жеке құқықтары емес ұжымдық құрылымдардың (отбасы, ру, тайпа және т.б.) құқықтары бірінші орынға қойылады. Ал, Иран сияқты мемлекет Вена конференциясында адам құқықтары және оларды бекіткен халықаралық құжаттар иудалық-христиан өркениеті құндылықтарының көрінісі болғандықтан бұл елдің мұсылман қайымымен қабылдана алмайды деп ашық жариялады. Демек, мәдени релятивизм бұл саладағы ең ауыр мәселелерінің бірі.

Адам құқықтарының толық жүзеге асыру үшін дамушы елдердің сыртқы қарыздары, шектен асқан қайыршылық мәселелерін, нәсілшілдік пен нәсілдік кемсітудің, ксенофобия мен осыларға байланысты төзімсіздіктің әртүрлі нысандарының болу мәселелерін шешудің маңызы зор.

Адам құқықтарының барлық кешенін іс жүзінде жүзеге асыру жан-жақты да кешенді іс болып табылады және оның шешілу деңгейі жеке елдердің де, барлық адамзат өркениетінің де даму деңгейін, өрлеуі мен адамгершілігін сипаттайды. ХХІ ғасыр табалдырығында адам құқықтарын сақтау және құрметтеу ішкі және халықаралық саясаттың адамгершілік өлшемінің маңызды белгісіне айналуда. Адам құқықтарын құрметтеу арқылы жекелеген мемлекеттер мен жалпы әлемде тұлғаның жоғарғы құндылығы орнығады.

Жеке елдердің шеңберінде адам құқықтарын сақтау бекем дамудың қажетті шарты болып табыларды, халықтарды әртүрлі тоталитарлық және өзге де сынақтардан, агрессивті ішкі және

сыртқы саясаттан сақтайды.

Дүниежүзілік деңгейде адам құқықтарын сақтау және құрметтеу халықаралық қатынастарды шынайы адамгершілік қағидалар негізінде құрудың бейбітшілікті сақтау мен нығайтудың кепілі.

Тұлға құқықтарын құрметтеу халықтар арасындағы сенімділікті нығайтуға көмектеседі, адамдар арасындағы жан-жақты байланыстар мен ынтымақтастық үшін қолайлы жағдай жасайды, халықаралық қатынастарға өнегелі негіз енгізеді.

1991 жылдан бастап Қазақстан – тәуелсіз мемлекет. Ата заң бойынша, ол қазақ халқының өзін-өзі билейтін елі және басқа этикалық топтарға тең құқықтықты қамтамасыз етеді. Екі ғасырдан артық қилы заман бұғалығын басынан өткізген ел енді ғана өзіне тән мәдениет пен өркениетті қалыптастыруға мүмкіндік алды.

## ГЛОССАРИЙ

**Абстракционизм** (лат. abstractio – дерексіздік, бөлініс, оқшаулық) – қазіргі заман өнеріндегі қоршаған ортаны бейнелеуде нақты заттарды ескермейтін ағым. Абстрактты өнер шындықты тікелей көрсетпейтіндіктен, оны кейде «затсыздандырылған» деп атайды. Ол үшін бейнеленетін нәрселердің көркемдік бітімдері (кеңістіктегі формалары, аумағы, бояуы, т.б.) маңызды емес, бірінші орынға суреткер – тұлғаның субъектілік көңіл күйі шығады.

**Абстракция** (лат. abstractio – ойша бағамдау) – шынайылықтың бейнесін ойша бағамдау және толтыру арқылы құрастыру. Ойша бағамдау арқылы заттың немесе құбылыстың қарапайым жобасын жасайды, ал толтыру арқылы оны күрделендіріп, түрлі нобайына алаңдамай, танымдық мәні бар ғылыми таңбаға айналдырады. Абай бұл сөзді «ой суреті» деп аударған.

**Авангардизм, авангардшылдық** (франц. avant-gardisme – алғы шептегілер) – қалыптасқан қағидалар мен дәстүрден, өмір бір қалыптылығынан алшақтай отырып, көркем мәдениетті жаңғыртпақ болған мәдени ағым. А. 19 ғ. аяғы мен 20 ғ. 60-70 жж. өрістеді. Ол модернизмнің тым әсірленген бағыты ретінде қалыптасты. А. басты мәнісі – мәдени мирасқорлықтың маңызын кемітіп, «мәңгі құндылықтар» деген ұғымды қайта қарау.

**Автокоммуникация** – өзіндік қарым-қатынас. Ю.М. Лотманның семиотикалық мәдениеттануы шеңберінде қарастырылған ұғым. Коммуникацияда қарым-қатынас Мен – Басқа арнасында жүзеге асады. А. да бұл байланыс Мен – Мен тұрғысында жүреді. Бұл процестегі ең басты ерекшелік – Меннен Менге ауысқан ақпараттың уақыт бойынша үзілмейтіндігінде. Өзіне бағытталған белгілі ақпаратты хабарлау коммуникацияның тылсымдық деңгейінің жоғарылауы нәтижесінде айқындалады.

**Автохтонды мәдениет** (грек. autochthon – жергілікті) – белгілі бір аймақтың ең ежелгі халқының мәдениеті, алғашқы пайда болған жерінен қоныс аудармай, мәдени біртектілікті сақтай алған этномәдениет. А.м.-тің басты қағидалары: этностар биосфераның бір бөлігі болып табылады.; адамдар ландшафты не өздері-

не тәуелді түрде өзгертеді, не өздері осы ландшафтыға икемделе бірігеді; әрбір халықтың кеңістік тұтастығы, Отаны бар; адам өз биоценозында, басқалардың емес, өзінің ата-бабаларының тәжірибесіне сүйене отырып өмір сүреді. Ландшафтың өзгеруі ұлттық мәдениеттің өзгеруіне әкеліп соғады.

**Аккультурация** (лат. *adcultura* – білім, даму) – белгілі бір халықтың мәдениеті жоғары дамыған басқа бір халықтың мәдениетін толық немесе жартылай қабылдауы нәтижесінде болатын мәдени өзара ықпал процесі. А. ассимиляция және этникалық бірегейлік пен тұтастану процестерінің көптүрлілігіне қатысты қарастырылады.

**Аксиология** (грек. *axios* – құнды, *logos* – ілім) – құндылықтардың табиғаты, олардың әлеуметтік шындықта аталған орны және құндылық әлемінің құрылымы туралы философиялық ілім.

**Альтруизм** (франц. *altruisme*, лат. *alter* – басқа) – басқаның мүдделері үшін өзімшілдікті тежеп, оған жан қиярлықпен қызмет етуге дайындықты білдіретін ізгілік принципі.

**Анимизм** (лат. *anima* – рух, жан) – заттық дүние құбылыстарының жандылығын білдіретін термин. А. терминін ғылыми қолданысқа ағылшын этнографы және мәдени антропологы Э.Б. Тайлор (1832-1917) енгізген. Оның пікірі бойынша, А. кейінгі дамыған діндерге апаратын баспалдақ есебінде болады және олардың ментальдық дүниесіне енеді.

**Антропоморфизм** (грек. *anthropos* – адам, *morphe* – форма, пішін) – адамзаттық, халықтық дүниетанымдағы жаратылыс иелерін (құдайды, періштелерді, мал-жан иелерін), табиғаттағы нәрселерді адамға ұқсату құбылысы, өнердегі көркемдік әдіс. А. ежелгі дүниетаным мен ілкі санадан бастау алатын құбылысқа жатады. Ол байырғы мифол. және діни аңыздардан айқын байқалады.

**Архетип** (грек. *arche* – бастау, *tipos* – бейне) – алғашқы үлгі, түпнұсқа. А. Жалпы адамзаттық рәмізділіктің негізіне, шығарым. Жасампаз қиялдың нәр алатын бастауына жатады. А. өнерде ерекше рөл атқарады.

**Ассимиляция** (лат. *assimilation* – ұқсасу, сіңісу, сіңу) – үлкен этникалық ортада саны кем және саяси мәдениеті мен әлеуметтік жағдайы төмен халықтың өзінің ұлттық болмысынан

айрылып, басым халық арасында сіңіп кетуі құбылысы.

**АУРА** (грек. aura – ұшқындау) – 1) жай көзге көрінбейтін адамның биоэнергетикалық қабыршығының сәулелік ұшқындауы; 2) заттар мен тұлғалардың маңайынан ұшқындар шығатын болып көрінетін ерекше бір қалып, көңіл-күй, райлылық; 3) бейнелеу өнерінде – нимб, ореол. А. ұғымы индуизм мен буддизмде қалыптасқан. А.-ның түстері сана бастауларына, адамның көңіл-күйі, сезімі және ойларына қатысты өзгеріп тұрады.

**Аутистік ойлау** (грек. autos – өзім) – тұлға немесе мәдени феноменнің тұйық, терең үгілген типі, А. тұлғаға қатысты «шизоид» термині де қолданылады. Оны «шизофреник» түсінігімен ауыстыруға болмайды. Шизоид – туыскандарының қанында шизофреникалық гендердің болуы мүмкін, бірақ өзі шизофрениямен ауыра алмайды, өйткені бұл орынды оның сипаттамалық типі алып қойған, оның басты белгілері: өзіне-өзі сіңу және материалды өмірмен салыстырғанда рухани өмірді басты деп есептеу. Бұл мағынада А.о. – идеализмнің синонимі.

**Аффект** (лат. affectus- жан толқынысы)- адам көңіл күйінің шұғыл өзгеріп, әсерленуі (үрейлену, масаттану, ызалану). А. Кезінде стрестік жағдайлар туындап, адам өзінің жүйкесін толық бақылай алмайтын ерекше сезімдік кейіпке түседі. Қуаныш кернеген немесе қайғы-қасіретке душар болған ересек адамның да жан толқынысы А. түрінде болуы мүмкін.

**Абсолюттік** – мәні жағынан алғанда шартсыз, сыртқы бөтен құбылыстарға тәуелсіз мазмұнды білдіретін ұғым.

**Авангардизм** – қалыптасқан қағидалар мен дәстүрден, өмір бірқалыптылығынан алшақтай отырып, көркем мәдениетті жанғыртпақ болған мәдени ағым (франц. Алғы шептегілер).

**Адаптация** – организмдердің құрылысы мен іс-әрекетінің тіршілік жағдайларына бейімделуі.

**Алгоритм** – белгілі бір есепті немесе көпке тараған проблеманы шешу үшін белгілі бір ережелер бойынша жүйелі түрде қолданылатын амалдардың ситемасы.

**Анализ** – нәрселер мен құбылыстардың ішкі байланыстары мен қатынастарын алу үшін зерттеу объектісін оның мәнді және мәнсіз қасиеттеріне, белгілеріне ойша жіктеу әдісі. Анализ-өзіне карама-қарсы ойлау әдісі-синтезбен бірлікте қолданылады.

**Антропология** – адамның шығуы мен дамуы туралы

ғылым. Адамның шығуы мен дамуы туралы ғылым.

**Аномия** – (франц. Anomie – заң, ұйымдасудың жоқтығы) – қоғамның құндылықтар жүесіндегі түбегейлі дағдарыстарды білдіретін ұғым.

**Әдеп** – қоғамдағы адамдар мінез-құлқына қойылатын этикалық талаптарды білдіретін ұғым. Ә.-тің қоғамдағы басты қызметі тұлғалық қатынастарды адамгершілік талаптарына сәйкес ретке келтіруімен байланысты. Бұл сипатта Ә. мәдениеттің іргелі бір құрамдас бөлігіне жатады.

**Әдет**, әдет-қоғамдағы адамдардың мінез-құлқына, тұрмыс-тіршілігіне қойылатын бұлжымас қағидаларға айналған моральдық талаптар, жөн-жосық, жол-жоралғы. Ислам дінін тұтынатын халықтарда шарифатқа қосымша ретінде қолданылады. Ә.-тің қоғамдағы басты қызметі тұлғалық қатынастарды адамгершілік нормаларына сәйкес ретке келтіріп отырумен байланысты.

**Әсемдік** – материалдық және рухани дүниенің адамды ләззатқа бөлейтін сипаты, эстетикалық ұғым Ә. әдемілікпен тектес. Бірақ әдемілік объектілердің сыртқы және ішкі қырларын бірдей қамтыса, Ә. құбылыстардың сыртқы көзге түсетін және пішіндік ерекшеліктерін эстетикалық тұрғыдан қабылдауға жатады. Ә., ең алдымен, тепе-теңдік, тұтастық, үйлесімділік, ырғақтылық, мақсатқа сәйкестілік, түс пен жарықтың белгілі бір мөлшері, т.б. табиғи өлшемдермен айқындалады.

**Бақсы** (ежелгі түрік тілінде – бақ, яғни көру, қарау) – емші, сәуегей, дәнекер, тылсым дүниемен сұхбатта болатын – медиум, жыршылық, музыкалық, т.б. ерекше қасиеттері бар шамандық наным өкілі. Бақ – ежелгі түркі сөзі, қазақ тілінде, «бақ», «бақылау», «кесел бағу» сөздерімен төркіндес.

**Барокко** (итал. Barocco – біртүрлі ғажайып) – ақсүйектік мәдениеті дамуына байланысты 15-17 ғғ. Еуропа өнерінде қалыптасқан негізгі стильдік бағыт. Б.-ға мынадай сипаттар тән: ұлылық пен молдыққа ұмтылу, көркемдеу элементтерінің байлығы, динамизм, күрделілік, контрастылық, манументалдылық, өнер синтезі.

**Белгі** сезіммен қабылданатын, басқа бір зат, құбылыс, қатынастың өкілі түрінде көрінетін нәрсе. Б. ақпаратты қабылдау, сақтау, өңдеу және беру үшін қолданылады.

**Буддизм** – ежелгі Үндістанда б.з.д. 6-5 ғғ. пайда болған діни-философиялық ілім. Негізін салушы Сиддхарта Гаутама Шакья-Муни, кшатрийлер варнасына жататын ханзада, өмір

лэззатары мен нәпсіқұмарлықтан бас тартып, Буддаға айналған.

**Вандализм** (лат. vandali – талқандаушылық) – Риммен қатыгездік сипатта соғысқан ежелгі германдық вандал тайпаларының атынан қалған, мәдени қиратушылықты сипаттайтын ұғым.

**Ведалар** (санскр. veda – білім) – үнді әдебиетінің ең көне (2ғ. Соңы - б.з.д. 1 ғ. басындағы мыңжылдықтар) діни және философиялық мұралары. В. әнұрандар мен құрбандық шалу формулаларының, теологиялық трактаттардан тұрады.

**Вестернизация** (ағыл. western – батыстық) – батыс мәдениеті үлгілерін қабылдау, басқа мәдениеттердің батыстандырылуы немесе батыстық донор мәдениеттен реципиент ретінде жеке құндылықтарды қабылдауы.

**Верификация** – ғылымның теориялық қорытындыларын зерттелуші нәрселерді сезім мүшелерімен тікелей қабылдау арқылы тәжірибеде тексеру, эксперимент арқылы негіздеу.

**Видео-Арт** (лат. video – көремін) – постмодернизмнің интерпәндік формаларының бірі. 20ғ. 60 жылдарында қалыптасты. В-а.-тың мақсаты шығыстық мистика мен иррационалистік бастаулармен толықтырылып, батыстық технологиялық рационалдықтан арылу үшін сананы «ұлғайту» және көруші сезімдерін интенсифтендіру.

**Виртуалды шындық** (лат. virtualis – ақиқат) – компьютерлік техниканың негізінде кеңістік – уақыттық континуумды адам тілектеріне сай өзгеріп, жаңа әлемді, шындықты- қолдан жасалған құрылымды қалыптастыру нәтижесі.

**Гармония**, үйлесімділік (грек. harmonia – сәйкестік, келісім, үндестік) – белгілі бір тұтастықтың бөліктері мен элементтерінің бірегейлігі, бірге әрекет етуі, өзара үндестігі. Адамдық сезім және мағыналықпен толықтырылған үйлесімділікті әсемдік деп атайды.

**Гедонизм** (грек. hedone – көңілділік, рахаттану) – Кирен философиялық мектебі мен Эпикурдың дамытқан этикалық ілімі. Г. эвдемонизмнің бір тармағына жатады және лэззат алуды тіршіліктің бастауы мен өмір мағынасы деп жариялайды.

**Гендерлік оппозиция** – жыныстық неізде қалыптасқан мәдени еркек-әйел бастауларын бинарлық қатынастарда қарастыру дәстүрі. Әлемде қалыптасқан бірінші мәдени ажыратушылық Г.о.-



дан басталады.

**Генотип** – органикалық жүйедегі барлық тұқымдық факторлардың жиынтығы, фенотипте көрінетін тұқымқуалаушылық белгілер. Мәдениеттануда гомогендік және архетип ұғымдарына жақын мағынада қолданылады.

**Генофонд** – органикалық жүйелердегі әртүрлі тұқымдық жинақтың сапасы мен түрлік ерекшеліктерінің қосындысы. Мәдени Г. деп нақтылы бір этностық немесе өркениеттің адамзаттың жалпы мәдени қазыналар қорына қосқан құндылықтарының жиынтығы, әлемдік мәдениеттердің көптүрлілігі мен өзіндік ерекшеліктерін атайды.

**Герменивтика** (грек. hermeneutike – түсіндіру өнері) – алғашқы мазмұнында көнелікпен немесе көпмаңыздылықтан түсініксіз мәтіндерді түсіндіру өнері және ілімі.

**Географиялық детерменизм** – қоғам дамуына шешуші әсер ететін географиялық орта деп түсіндіретін ілім.

**Геосаясат** – қоғам өміріндегі бірден-бір шешуші күш географиялық фактор: елдің географиялық ортасы, климат, табиғи байлықтары т.б. деп санайтын теориядан туған саяси-әлеуметтік бағыт.

**Ғылыми революция** – ғылыми білімнің барлық элементтерінің түбірлі өзгерістерінің нәтижесінде дүниенің ғылыми көрінісін өзгертуге алып келетін жаңалықтар.

**Голгофа** (грек. Golgotha – арамейлік гулгута, тікелей мағынасында – бас сүйегі) – Иерусалим маңындағы, христиан аңыздары бойынша, Иисус Христос креске шегеленген төбенің аты. Г. термині кейде рухани жанқиярлық пен адам үшін азап шегудің рәмізі ретінде де қолданылады.

**Готикалық стиль** (итал.gotico – готтық, варварлық) – Еуропада 12-16 ғғ. қалыптасқан діни сәулет, мүсін және қолданбалы өнердегі көркем стиль. Г.с. үшін көкке ұмтылу, әшекейленген мұнаралар, жебеге ұқсас терезелер, күрделі оюнақыш тән болды және жеңілдігі мен әшекейлігіне қарап, оны тоқтап тұрған әуен, «тастағы симфония» деп атады.

**Гумилев** Лев Николаевич (1912-1992) – тарихшы, географ, түркі халықтары мәдениетін терең зерттеушілердің бірі, көрнекті мәдениеттанушы. Ақындар Н.Гумилев пен А.Ахматованың ұлы, 1930- 1950 жж. қуғынға ұшыраған. Еуразиялық тарихқа қатысты

еңбектерінде ол мәдениетті табиғи орта, этнос және мутациялық ғарыштық әсерлердің өзара қатынасынан туатын нәтиже деп алады. Бұл өзара байланыс «пассионарлық» деп аталатын адамдардың қайталанбалы күш серпінділігін және шығармашылығын тудырды.

**Дао** (қыт. Жол) – қытай философиясының ең басты ұғымы. Д. – бүкіл әлемнің, әрбір заттың даму заңдылығы, ғарыштық үйлесімділік пен қуаттың жарқын бейнесі. Бір өзі бар абсолютке тең, бүкіл тірліктің негізі, әрбір бастаманың басы, Д. – әрбір қайталанбас сәттің нәрі.

**Дарвинизм**, дарвиншілдік – тірі табиғаттың эволюциясы туралы 19 ғ. аяғы мен 20 ғ. басында пайда болған ғылыми ағым. Эволюциялық даму туралы ғылымның негізін салушы Ч.Дарвиннің есімімен байланысты аталған.

**Девиация** (көне латын. *deviatio*- ауытқу) – жалпыға ортақ қалыпты нормадан ауытқу, яки жеке адамның немесе топтың осы жалпыға ортақ қалыпты нормадан ауытқып, оның жалпы қоғамға немесе белгілі бір топқа жағымсыз әсері болатын әлеуметтік әрекеті. Бұл термин мәдениеттануда субмәдениетті түсіндіру үшін қолданылады.

**Деградация** (франц. *degradation* – құлдырау) – бірте-бірте төмендеу, құлдырау; жағымды қасиеттердің төмендеуі немесе жоғалуы. Мәдениет деградациясы белгілі бір мәдениеттің тұрақты элементтерінің құлдырауын немесе жоғалып кетуін білдіретін ұғым – термин.

**Дегуманизация**, бейгумандық – қоғамдық өмірдегі рухани, адамгершілік және гумандық құндылықтарды жоғалту немесе мойындамау, қабылдамау, адамдарды сыйламау, оның адамгершілік қасиетіне менмендік таныту. өнердегі Д. ұғымын ғылыми айналымға енгізген – Ортега-и-Гассет.

**Декаданс** (франц. *decadence* – түңілу) – 19 ғ. екінші жартысы мен 20 ғ. басындағы өмірден түңілу, келекшектен үмітсіздікке бой алдыру сарындары, дара тұлғалардың жекеленуі байқалғанын білдіретін, Еуропа мәдениетінде көрініс тапқан тоқырау құбылысының жалпы атауы.

**Дифференциация** – ғылыми танымда бір ғылымның бірнеше жеке салаларға бөліну процесі, мәселен, биология ғылымының тірі организмдердің түрлі салаларын зерттейтін жеке пәндерге бөлінуі.

**Жүйе** – іштей өзара заңды байланысқан көптеген

элементтердің біртұтас жүйесі.

**Идол** (грек. eidolon – бейне) – материалды зат, діни табынуға қызмет ететін жер (объект). И.-ға табыну көне дәуірде қалыптасты. Қазіргі кезеңдегі діндер де сақталған. Мысалы, икона түрінде.

**Импрессионизм** (франц. impressionnisme – әсерлену) – өнерде 19 ғ. 2- жартысы мен 20 ғ. басында пайда болған бағыт. Тарихта И. Терминінің ғылыми айналымға енуін 1874 ж. француз суретшісі К.Моненің «Таңның атуымен әсерлену» атты шығармасының көрмеге қойылуымен байланыстырады.

**Инициация** (лат. initiation – құпия жасау, арнау) – бозбала мен бойжеткен есейіп, балиғатқа толуына байланысты дәстүрлі мәдениетке кеңінен тараған әмбебап әдет-ғұрып жүйесі. И. Мақсаты- жастарды отбасылық, қоғамдық және өндірістік өмірге дайындау.

**Интерпретация** – қайсы бір белгілер жүйесінің мәнін түсіндіру.

**Католицизм** (грек. katholikos – жалпыға ортақ) – христиан діндегі үш бағыттың бірі. К. Үшбірлік Құдайды мойындай отырып, қасиетті рухты тек қана әке Құдайдан ғана емес, бала – Құдайдан да беріледі деп таниды. Православиедегідей К.-де де жеті құпия бар. К.-дегі діни нанымның бастауы – Библия және діни дәстүр.

**Культ**, ғибадат (лат. cultus – күтім, құрметтеу) – ерекше тылсым күшке сену бағытында жасалатын қимыл, әдет-ғұрып, салт-жоралар жиынтығы. Көп жағдайда көркем шығармашылықтың классикалық үлгісі де К.-тік қызмет атқарады.

**Күлкі мәдениеті** – адамның шынайы өмірге комедиялық баға бере алар дарынын, мәдени-психологиялық феноменін айқындайтын термин. К.М.-нің элементтері гротексте, иронияда, юморда, пародияда, сатирада т.б. көрініс тапқан.

**Концепция** – қайсы бір құбылыстарды түсіндірудің белгілі бір тәсілі, олар жайлы көзқарастар жүйесі.

**Қоршаған орта** – географиялық ортаға қарағанда әлдеқайда кеңірек ұғым; оған Жердің сыртқы беті және кен байлығымен қоса Күн жүйесінің адам қызметімен байланысты бөлігі және сондай-ақ адам жасаған материалдық дүние де кіреді.

**Минимализм** – (ағыл. *minimal art* – минимальды өнер) – шығармашылық процесінде пайдаланатын материалдарды мейлінше аз ауыстырып – өзгертуден қарапайымдылық пен формалардың біркелкілігіне шығатын көркемдік ағым.

**Натурализм** – (лат. *natura* – табиғат) – позитивизм философияның әсерімен пайда болған көркемдік әдіс. өнер табиғаты жаратылыстанудан алынған ұғымдармен түсіндіріледі. Суреткер өз шығармаларында детальдың сыртқы ұқсастығына, шынайылығына ұмтылуға, жекелеген құбылыстарды айна – қатесіз баяндау мен бейнелеуге тырысуға міндетті болды.

**Ноосфера** – Адамның ақыл-ой қызметі биосфераның дамуында шешуші факторға айналуына байланысты биосфераның жаңа эволюциялық күйі.

**Палеолит** – көне тас дәуірі. Адам мәдениеті дамуындағы ең ұзақ және мейлінше біртектес кезең. Жоғарғы Палеолиттің басында ақыл-есті адам пайда болуымен мәдени және әлеум. – экономикалық даму желдейді.

**Парадигма** – үлгі немесе модель. Қазіргі философиялық ғылымның негізгі ұғымдарының бірі. Т.Кун енгізген ғылыми қауымдастық қабылдаған және ғылыми дәстүрдің өмір сүруін қамтамасыз ететін сенімдер, құндылықтар және техникалық дәстүрлердің жиынтығы мағынасын білдіреді.

**Пассионарлық** (лат. күштарлық, сезімдік) – қимыл – әрекет, іс - әрекетті аңсаған күштарлық, жекелеген адамдарда да, топтарда да болуы мүмкін шектен тыс күш-қуатқа қабілеттілік. П.-Гумилевтің этногенез теориясында негізгі термин болып табылады.

**Персонализм** – мәдениеттің басты құндылығы ме шындығы адам болып табылады деген түсінікті басшылыққа алатын 20 ғ. философиялық- мәдениеттанушылық бағыт. П.тұлғаны абсолют ретінде түсінеді. Бұл түсінік тұлғаның еркіндігі идеясына жетелейді. П.тұрғыдағы тұлға үш негізгі белгімен сипатталады: экстериоризация, интероризация және трансценденция.

**Петроглифтер** – жар тастарға қашалып салынған суреттер. олардың ішіндегі ең көнелері неолит дәуіріне жатады. Басты тақырыбы – әртүрлі жан-жануарларды бейнелеу. Ұл бейнелер аңшылардың шаруашылық магиясында маңызды рөл атқарады

және тотемистік сенімдерде басты орын алды.

**Пиктограмма** (тектографиялық жазу) – белгілі бір тілге тәуелсіз- ақ ақпарат бере алатын күрделі суреттен немесе суреттер тізбегінен тұратын ең көне жазу түрі. П.-нің идеограммадан айырмашылығы- ол сөздер арқылы айтылатын ойды жеткізеді. Таңба заттың өзін тікелей бейнелейді.

**Постмодернизм** – дәл мағынасында модерннен кейінгі, қазіргі заман дегенді білдіреді. «Қазіргі заман» ұғымының нақты бір қатаң анықтамасы жоқ.. жаңа дәуір рационализмі, ағартушылық дәуірінің ағымы, сондай- ақ 19 ғ. екінші жартысы әдебиет, 20 ғ. басындағы авангардта қазіргі заман ретінде қаралуы мүмкін. Сол себепті осы дәуірлерден кейінгінің бәрін П. деп атайды.

**Постструктурализм** – структурализмнің екінші толқыны, структурализмді сынаумен байланысты және оның алдыңғы шектеушіліктеріне арылуға бағытталған ағым. П.-нің өкілдері: Ж..Деррида, Ж..Делез, Ж..Бодрийар, Ж.Лиотар, Ю.Кристева, М.Фуко, т.б. П. Басты міндеттерінің бірі – логоорталықтық метафизиканы сынау және мәдениеттегі тіл билігін және билік тілін айқындау.

**Психоанализ** – 20ғ. мәдениетіне зор әсер еткен австриялық ғалым. З.Фрейд қалыптастырған психологиялық ілім. Фрейд адам психикасының үш құрылымнан: ол, Мен, Жоғарғы Меннен тұратыны туралы идеяны ұсынды. көмескі сана өткеннен мұраланған психиканың терең қабаты ретінде көрініс табады. Оның қайнауларында адамның жасырын жан сезімдері, құмарлықтары мен ынта-назары ұялаған. Бұл құрылым «лэззаттану принципін» басшылыққа алады. Фрейд оларды «қайнаған құмарлықтардың қазаны» деп атайды.

**Риторика**, шешендік өнер (грек. rhetorike – шешендік өнері) – дәстүрлі ұғымда Р. Деп шешендік өнерді, сөзбен сендіру өнерін атайды.

**Ритуал** – әлеуметтік реттелген, рәмізделген жүріс-тұрыстың тарихи қалыптасқан бітімі. «Әдет-ғұрып», «салт-дәстүр» ұғымдары Р. ұғымымен тығыз байланысты.

**Рококо** (франц.gocaille – қабыршақ) тастар мен қабыршақтардан жасалған өрнек. Францияда 18 ғ. 20- 40 жж. аксүйек дворяндар арасындағы көркем стиль, эстетикалық лэззат

алу бұйымы. 19 ғ. ортасына дейін бұл стильді «Людовик 15-нің стилі» деп атап келді, ал Р. Терминін алғаш рет швейцариялық мәдениеттанушы Я.Буроскардт пен оның шәкірттері қолданды. Р.стилі архитектурада, мүсін өнерінде, живописьте, зергерлік бұйымдарда, керамикада кең таралды. Р.архитектурасы – жасыл бақ арасындағы аристократияның әсем жеке үйі. Архитектура комфорттылық принципіне сәйкес келеді.

**Романдық стиль** (лат. romanus – римдік) – 10-12 ғғ. батыс-еуропалық өнердегі стильдік бағыт. Ол шіркеу мен ортағасырлық Еуропадағы биліктің Рим мәдениетінің жетістіктеріне арқа сүйеуге талпынысының салдары және біртұтас христиан діни дүниетанымның нәтижесі болды. Бұл стильге архитектура мен мүсіндегі және живописьтегі монументальдық тән.

**Сансара** (санскр.sansara – айналып оралу, иірім) – үнді философиясы мен дінінің негізгі концепцияларының бірі. С. бойынша, тіршіліктің түрлерінің бәрі бір-бірімен тығыз байланысты және бір-біріне айналу мүмкіншілігіне ие. С.-ны мәңгілік қайта айналып келіп отыру идеясын жеткізетін ұғым деуге болады. Үнемі өзгеріске ұшырап отыратын әлемде заттардың негізі, мәні ешқашан жойылмайды, тек бір түрден екінші түрге ұдайы өтіп отырады. С.концепциясы бойынша, өлім өмірге қарсы қойылған зауал емес, өлім - өмірдің басқа түрлеріне өту жолы.

**Санскрит** (санскр.sanskrita – өңделген, тазаланған) – көне үнділердің әдеби тілі. Бастапқыда ол қарапайым халықтың ауызекі күнделікті сөз қолданысында болған тіл, кейіннен барып брахмандардың киелі тіліне айналды. Бұл тілде үнде мәдениетінің көптеген діни- көркем шығармалары жазылған. Мысалы, «Махабхрата», «Рамайна», «Ригведа», «Самаведа», «Атхарваведа», «Яджурведа», т.б. С.-те Еуропаның көп тілдерінің тегі, бастауы жатыр.

**Семиотика** (греч.semeion – белгі) – белгілер жүйесінің қасиеттерін зерттейтін филос. – теориялық ғылыми бағыт. С.20ғ дүниеге келген кибернетика, құрылымдық поэтика, мәдениеттану, виртуалистика сынды пәнаралық күрделі ғылымдарға жатады.

**Синкретизм** (грек. synkretismos – біріктіру) – «жігі ашылмаған», «біте қайнасқан» деген сөз тіркестерінің синонимі болып табылатын бұл ұғым қандай да болсын құбылыстың жетілмеген, дамымаған, өзара жіктеле қоймаған бастапқы күйін

білдіреді. Бұл ұғым көбінде алғашқы қауымдық немесе архаикалық мәдени кезеңге байланысты көп қолданылады. Өйткені дәл сол мәдени кезеңде мәдениет салаларының жіктелінбегенін, дербестелінбегендігін байқаймыз. С.-нің мәнін миф, мифологиялық сана өте жақсы анықтайды.

**Синтез** - Заттың, құбылыстың мәнді белгілері мен қасиеттерін ойша біріктіріп, біртұтас нәрсе деп зерттеу әдісі.

**Структурализм** (лат.structura – құрылым, байланыс, рет) – 20 ғ. 20 ж. бастап гуманитарлық білімдер саласында қалыптасып келе жатқан бағыт. Бұл бағыттың ерекшелігі оның құрылымдық тәсілді, модельдеуді, семиотика элементтерін пайдалануында жатыр.

**Сублимация** (лат. sublimare – көкке көтеру, биіктету, жоғары қою) – мәдениеттануға психологиядан З.Фрейд еңбектері ықпалының нәтижесінде енген термин. Психологияда С.деп инстинктивті энергия түрлерінің қоғам мен жеке тұлғаның қажеттіліктеріне жарамды процеске айналуы арқылы қақтығысты, жанжалды болдырмайтын психологиялық қалқан механизмін айтады.

**Талисман** (грек.telesma – арнаулы, арбаулы) – көне сенім, көне ырымшылдық бойынша иесіне бақ- дәулет әкеліп, жолын ашады, бәлекеттен қорғайды деп сенетін зат, бұйым. Т.-ға деген сенім ежелгі сиқыр-дуа, фетишизммен тығыз байланысты.

**Талмуд** (көне еврей. – кітап) – Иудейлер дініндегі киелі кітап. Т. Көне өсиеттің 5 кітабынан және дінге сенушілердің «с-әрекетін құқықтық нормалар тұрғысынан реттеуші трактаттардан тұрады.

**Табиғи орта** – адамның тірі және өлі табиғаттағы тіршілік ететін ортасы.

**Теория** – шындық дүниенің белгілі бір саласының даму заңдылықтарын бейнелендіруші ғылыми білімдердің бір жүйеге келтірілген жоғарғы формасы. Дамыған теория дүниені танып білуде түсіндіру, болашақты болжау, жүйелендіруші т.б. міндеттерді іске асырады.

**Техносфера** – техниканың табиғатқа, бүкіл адамды қоршаған дүниеге әсер ету аумағы.

**Табу** – тыйым салу. Қазақ мәдениетіндегі кездесетін ата-ене, қайынаға, қайын, қайын сіңілілердің атын атамау, отты,

ошақты аттамау, белгілі киелі жануар түрлерін қорғау т.б.

**Технофобия** (грек.techne – техника, fobia – қорқыныш) – техникалық прогресті теріс қабылдау, техника – қорқыныш) – техникалық прогресті теріс қабылдау, техникаға үміт артудан гөрі оның әкелер қаупі-қатерінен үрку, техниканы адамның жауы деп санау. Т.идеологиясы адамзатты жөн- жосықсыз тұтынушылық жолында техниканың құлы болып, соның бір тетігіне айналып кетуден сақтандырудан сақтайды.

**Тинейджер** (ағылш.teen – ағер – онға басталатын жастағылар) – 10-19 жас арасындағы жасөспірімдердің атауы.

**Унификация** (лат.unus – бір) – мәдениеттануда мәдени біртектілікке, бір жүйелікке келтіру дегенді білдіретін ұғым.

**Урбанизация** (лат.urbanus – пайда) – қалалардың және қала тұрғындарының көбею процесі. У. тұрғындардың белгілі бір кеңістікте шоғырлануына, ғылым мен мәдениет институттарының бір орында жинақталуына әкеледі.

**Утилитаризм** (лат.utilitas – пайда) – этикалық, мәдениеттанулық, дүниетанымдық принцип. У.бойынша, әрбір феномен әкелер пайдасы тұрғысынан бағалануы және қарастырылуы тиіс. У.-нің негізін қалаған ағылшын моралисі И.Бентам болды.

**Феминизм** (лат. femina - әйел, ұрғашы) – қоғамдағы әйел рөлі және құқығын кеңейту, сөйтіп, оған ерлермен тепе- тең деңгейдегі жағдайлар жасауды талап ететін қоғамдық қозғалыс және рухани ағым. Ұғымды француз тіліне 1840 ж. шамасында фрнацуз экономист- философы Ш. Фурье өз еңбектері арқылы енгізген.

**Фольклор** (лат. folk – халық, lore – ілім, ғылым) – халық арасында кең таралған, белгілі әр халықтың өзі туындатқан шығармалар Ф.ұғымын ғылыми айналымға ағылшын археологы Д.Томс енгізген болатын.

**Футурология** (лат.futurum – болашақ, грек.logos – білім) – адамзаттың болашағы туралы мағлұмат беретін білім саласы. Бұл терминді 1943 ж. неміс социологы О.Флехтхейм ұсынған болатын. Оның ойынша, Ф.- «болашақ философиясы». Содан бастап Ф. Болашақты болжайтын ғылым рет інде қарастырылып келеді. 60 ж. «постиндустриалдық қоғам» теориясы – Ф.-ның жаңа көрінісі.



**Хит** (ағылш. Hit – соққы, сәті түскен) – көпшілік сауықтық мәдениетінің айқын құбылысы. Көп жағдайда Х. поп немесе рок әуездің өтімді, коммерциялық тұрғыдан табысты өнімі ретінде қарастырылады. Х.-ті анықтайтын танымалдық кестесі – чарт. Х. «біркүндік», «классикалық» болып бөлінеді. Х. өте танымал өлең, спектакль, фильм, кітап болуы да мүмкін.

**Хобби** (ағыл. Hobby – әуестену, құштар болу, қатты қызығу) – әрбір адамның бос уақытын өткізудің ең қызық, лайық жолы деп танитын өзіне ғана тән іс-әрекет әуестігі. Біреулер пошта маркаларын жинаса, екіншілері автомобильдер тарихын қызықтайды. Келесілері – су түбіне сүңгумен айналысады. т.б.

**Шаманизм** – қазақша баламасы бақсылық, бақсыға табыну. дәстүрлі ой машығының ең көне түрлерінің бірі. Тотемизмнен кейінгі, монотеистік діндерден бұрынғы ритуалды-магикалық дүниетаным. Ш-дегі ең басты нәрсе – бақсы мен бақсы жүргізетін ритуал. Бақсы әрекеттерінің бәрі де магикалық ойлау тәсіліне құрылған. Магия дегеніміз – нақты дүниеге ықпал ету.

**Эрос** (грек.eros) – ежелгі грек нанымында махаббат құдайды, Платон философиясында екі мағынаға ие. Біріншіден, Э.- тәңірлік махаббатқа жетелейтін рухани ұмтылыс, екіншіден, жыныс сезімі.

**Этноцентризм** (грек.ethnos – топ, тайпа, халық, лат. centrum – жиын орны, орталық) – біртұтас этникалық сана-сезімдегі тұлғалардың, әлеуметтік топтардың, қауымдардың дүниені тек этникалық көзқараспен қабылдауы. Э.ұғымын Самнер мен Гумплович енгізген.

**Эволюция** – Табиғат пен қоғам өмірінде болып жататын өзгеріс, қозғалыс формаларының бірі; үздіксіз, біртіндеп өзгеру мен дамуды білдіреді. Тірі және өлі материяның барлық формаларының эволюциясы туралы түсінік «универсалдық эволюционизм ұғымымен беріледі.

**Ян Мен Инь** – дәстүрлі қытай мифологиясының һәм философиясының басты космологиялық түсініктері. Бұлардың ең жалпы мағынасы: Я. – аспани дүниеге сілтесе, И. –жердегі әлем. Бұлардың қосарланған болмысы және жұп жазбауы бүкіләлемдік процестердің, адам өмірінің, таза танымның және есті әрекеттердің мәнісін

түсіндіреді. Я.мен И.-ге дүниені тәртіптеуші күш ретінде көрінеді.

## **БЕЛГІЛЕР ҮШІН**

КҚУ тематикалық жоспары, 2010 ж.

Әлімқұлова Салтанат Бектемір қызы  
сеньор-лектор

## **МӘДЕНИЕТТАНУ**

Дәрістер курсы

*Редакторы Шүтшибаева Н.С.*

*Техникалық редакторы Сансызбаева Г.З.*

ҰСЫНЫЛҒАН: КҚУ оқу-әдістемелік кеңесі

КЕЛІСІЛГЕН: Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер  
кафедрасының меңгерушісі,  
э.ғ.к., профессор Жалимбетова Р.Б.

*Басуға қол қойылды 6.10.2010 ж.*

*Таралымы 50 дана. Пішімі 60x84/16. №1 баспаханалық қағаз.  
Көлемі 13,25 баспа табақ. Тапсырысы № 2308*

*Каспий қоғамдық университетінің басылымы  
КҚУ-ның ғылыми баспа орталығы баспаханасында басылған  
Алматы қ., Сейфуллин даңғылы, 521. тел. 250-69-34, 250-69-35*